KJMPh

KAZAKHSTANIAN JOURNAL OF MEDICINE AND PHARMACY

ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА ЖӘНЕ ФАРМАЦИЯ ЖУРНАЛЫ

КАЗАХСТАНСКИЙ ЖУРНАЛ МЕДИЦИНЫ И ФАРМАЦИИ

eISSN: 3105-8035

SOUTH KAZAKHSTAN
MEDICAL
ACADEMY

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА АКАДЕМИЯСЫ

МИНИСТЕРСТВО ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКАЯ МЕДИЦИНСКАЯ АКАДЕМИЯ

MINISTRY OF HEALTH OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY

«МЕДИЦИНАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ: ЖАҺАНДЫҚ ТРЕНДТЕР ЖӘНЕ БОЛАШАҚ МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУ» атты

Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция
материалдары
17 сәуір 2026ж.

«ТРАНСФОРМАЦИЯ МЕДИЦИНСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ: ГЛОБАЛЬНЫЕ ТРЕНДЫ И ПОДГОТОВКА СПЕЦИАЛИСТОВ БУДУЩЕГО»

материалы Международной научно-методической конференции
17 апреля 2026г.

«TRANSFORMATION OF MEDICAL EDUCATION: GLOBAL TRENDS AND TRAINING FUTURE SPECIALISTS»

materials of the scientific and methodological conference with international participation
17 April 2026y.

УДК 378:61
ББК 74.58:5
З-21

«ОҚМА» АҚ ректоры Ж.С.Сейтжанованың жалпы редакциясымен

Редакциялық алқа:

М.У.Анартаева, Б.З.Долтаева, А.А.Сейдахметова, Нуржанбаева Ж.О., Б.Т.Сейтханова, М.Б.Иванова, Ж.А.Қауызбай, А.Д.Серикбаева, Н.Д.Калменов, Р.Н.Бергалиева (ұйымдастыру комитетінің жауапты хатшысы) Б.М.Рашева (жинаққа жауапты хатшы)

Медициналық білім беруді трансформациялау: жаһандық трендтер және болашақ мамандарын даярлау = Трансформация медицинского образования: глобальные тренды и подготовка специалистов будущего = Transformation of medical education: global trends and training future specialists: мат-лы международ. науч-метод. конф. –
Шымкент ЮКМА, 2026. 804 - стр. –Каз., рус., англ.

ISBN 978-601-08-4005-8

Жинақ медициналық және фармацевтикалық мамандарды даярлауда жасанды интеллектті, цифрлық құралдарды, оқытудың интерактивті әдістерін, симуляциялық технологияларды және басқа да инновацияларды пайдалану мәселелерге, сондай-ақ түлектерді Денсаулық сақтау және фармацевтикалық практика саласының тез өзгеретін жағдайларына табысты бейімдеу үшін осы салалардағы білім сапасын арттыру жолдарын талқылауға арналған.

УДК 378:61
ББК 74.58:5
З-21

ISBN 978-601-08-4005-8

©ОҚМА, 2026

МАЗМҰНЫ

«ФАРМАЦИЯ ТӘЖІРИБЕСІНІҢ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ НЕГІЗІНДЕГІ ӨЗГЕРУІ» секциясы..... 15

Серикбаева А.Д., Ордабаева С.К., Алтынбек Д., Асильбекова А.Д. «Токсикологиялық химия дәрісінде цифрландыру және геймификация технологияларын қолдану тәжірибесі»..... 15

Жанбырбаева А.Д. Алимова М.Н., Шертаева К.Д., Умурзахова Г.Ж., Шимирова Ж.К. « «Фармацевтикалық білім берудегі микробіліктілік: халықаралық тәжірибесі, білім беру бағдарламасын өңдеу және әзірлеу болашағы»**.....** 22

Арыстанбаев К., Бекбауов Б., Қалдыбек Д. «Цифрлық фармацевтикадағы алгоритмдер мен деректер: қателік қаупі»..... 36

Оспанова Г.С., Байзаков О.Д. «Интеграция интерактивного приложения с искусственным интеллектом в образовательный процесс фармацевтического факультета для повышения практических навыков обучающихся»..... 43

Карасавиди А.О., Мирошниченко Ю.В., Казакова В.С., Орынбасарова К.К. «Современные образовательные технологии для подготовки обучающихся из зарубежных стран» 48

Пупыкина К.А., Кудашкина Н.В., Хасанова С.Р., Шакирова Р.Р., Галиахметова Э.Х., Нугуманова Р.И., Петренко А.А. «Формирование образовательной траектории на кафедре фармакогнозии и ботаники фармацевтического факультета БГМУ с элементами искусственного интеллекта» 57

Дроздова И.Л., Орынбасарова К.К. «Современные образовательные технологии, методы обучения и контроля при реализации курса фармакогнозии»..... 64

Дауренбеков К.Н., Саденова А.А. Катчанова А.Б. «Органикалық химия мен фармация салаларына жасанды интеллектті енгізу келешекте білім беру жүйесінің дамуы»..... 72

Орымбетова Г.Э., Мүсірепова А.А., Орымбетов Э.М. «Применение искусственного интеллекта для оптимизации инженерных процессов»..... 82

Шойнбаева Г.Б., Сағындықова Б.А., Тоқсанбаева Ж.С., Анарбаева Р.М., Нұрбаева С.Е. «Фармация факультетінің білім алушыларына «Дәрілік түрлер технологиясы» пәнін жасанды интеллект арқылы оқыту»..... 90

Токсанбаева Ж.С. «Фармакогнозияны оқытуда постерлік баяндама технологиясын қолдану»..... 98

Смаил Б.С., Умирзакова У.Н., Оспанова Г.С. «Аптека жұмысын автоматтандыруда жасанды интеллект пен цифрлық технологиялардың рөлі»..... 102

«БОЛАШАҚ ДӘРІГЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМЫТУДАҒЫ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ПӘНДЕРІНІҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫ» секциясы..... 109

Темирбекова Г.Қ. «Жаһандану үдерісінде медициналық жоғары оқу орнында қазақ тілін оқытудың кейбір мәселелері»..... 109

Нуржанбаева Ж.О., Жаппар Ж. «Цифрлық дәуірде әлеуметтік-қоғамдық пәндерді оқытуда жасанды интеллектіні қолдану»..... 115

Дәуренбеков Қ.Н., Алиханова Х.Б., Жиенбаева А.А., Орынбек А.Ғ. «Болашақ дәрігерлердің кәсіби құзыреттілігін арттыру үшін жалпы білім беру пәндерін интеграциялау»..... 121

Байжиенова К.Т., Омарова Б.К. «Жасанды интеллект және гуманитарлық ғылымдар:зерттеу мен оқытудың жаңа парадигмалары»..... 125

Жакипова А.С. «Болашақ дәрігердің кәсіби құзіреттілігін дамытуда, тілдік пәннің интеграциялануы - заманауи медициналық білім берудің ажырамас бөлігі»..... 132

Ибраева Л.Б., Икматова Д.И. «Использование цифровых платформ в обучении языкам в медицинских вузах»..... 140

Түгелбай А.Н., Дуйсенбиев Г.Б., Дуйсенов Б.А., Аяпов Е.С., Жүжігітов А.А. «Дене шынықтыру пән бойынша сабақ өткізу дайындық кезіндегі жасанды интеллект құралдарды қолдану мүмкіндіктері»..... 147

Утегенова Г.М., Каспанова Ф.А. «Глобализация и языковая подготовка будущего врача»..... 158

Хасанова У.А., Алипбаева Г.Ө. «The role of the english language in the modernization of medicine and science in the republic of kazakhstan»..... 162

Шымыр Д.Б., Карбозова Г.К., Долтаева Б.З. «Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің цифрлық құзіреттілігін қалыптастыруда жаппай ашық онлайн курстардың рөлі»..... 166

Хасанова У.А., Абиева Д.Н. «Обучение английскому языку для развития профессиональных компетенций будущих врачей»..... 175

Жанысбеков М.А., Абдрасилова С.Т. «Функционалдық сауаттылықты қалыптастырудағы сабақ жоспарлау әдістері»..... 181

Килыбай Н., Малик Г. «Медициналық білім беруде генеративті жасанды интеллектті жауапты қолдану: педагогикалық мүмкіндіктер, тәуекелдер және енгізу қағидаттары» ……. 187

Саторов Д. К., Ятимов И. «Роль медицинских информационных систем в повышении качества клинических услуг» 195

Сабитов Т.Ж. «Влияние искусственного интеллекта на педагогику и обучение» 198

Икметуллаев Ж., Несипкалиев Д.Е. «Жаһандану жағдайындағы медициналық білім: трансформация және болашақ дәрігердің құзыреттілігі»..... 205

«СИМУЛЯЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ КЛИНИКАЛЫҚ ОҚЫТУ: ВИРТУАЛДЫ КЛИНИКАДАН ШЫНАЙЫ ТӘЖІРИБЕГЕ ДЕЙІН» секциясы..... 214

Павлов В.Н., Насибуллин И.М., Галиханов Э.Н., Бердин А.Р. «Интеграция современных образовательных медицинских технологий в преподавании урологии: опыт башкирского государственного медицинского университета»..... 214

Кулбаева С.Н., Джунусова Р.К. «Медициналық білімнің цифрлық трансформациясы: «стандартталған пациент» методологиясына жасанды интеллектті интеграциялау». 218

Б.А.Абдурахманов, К.С.Кемельбеков, Н.Ж.Калменов, А.Р.Сабуров, Б.У.Пилалов, М.Т.Дуйсебеков. «Хирургиядағы жобаға бағытталған оқыту: студенттер мен интерндердің кәсіби дағдыларын дамытудағы олимпиаданың рөлі»... 223

Бердалиева Ф.А., Абуова Г.Н., Сарыпбекова Л.Л., Ауесханов С.П. «Интегрированное кейс-симуляционное обучение как инструмент формирования клинического мышления у резидентов по специальности «инфекционные болезни взрослые, детские»..... 228

Жандарбекова А.Б., Сейдахметова А.А., Нургалиева А.Т., Юсупова Ш.Д., СайтмуратовХ.А. «Жеделдетілген бакалавриаттағы мейіргерлер үшін симуляциялық оқыту: виртуалды клиникалық ортада клиникалық құзіреттерді дамыту»..... 240

Есенгельдыева А., Тұрсынәлі А. «The role of artificial intelligence in advancing simulation-based clinical training for medical students»..... 243

Сарыпбекова Л.Л., Әштаева С.Т. «Медициналық студенттердің клиникалық құзыреттілігін оқыту және бағалау жүйесіндегі стандартталған пациент»..... 251

Юнусметов Э.Ш., Сейдахметова А.А., Әуезханқызы Д., Ходжакулова У.А. «Жасанды интеллект және vr технологияларын қолдану арқылы шұғыл жағдайлар бойынша симуляциялық оқытуды жетілдіру»..... 257

«МЕДИЦИНАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖӘНЕ AI» секциясы..... 265

Салтабаева У.Ш., Мамырбекова М.Б. «Жоғары дәрежелі мейіргерлік білім берудегі жасанды интеллект»..... 265

Садыкова А.Ш., Ходжаев Н.К., Саякенов Н.Б., Игнатьева А.С., Керимов Р.А. «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясының 2 курс студенттерінде жалпы патологияны оқыту кезінде жасанды интеллектті қолдана отырып, кейс-технологияны енгізудің талдауы». 280

Тулегенова А.А., Касаева Л.Т., Сейтова А.А., Октамов З.З., Назарбаева Г.Н., Марипхан Н.М. «Радиологиялық пәндерді оқытудағы жасанды интеллекттің қолданылуы(«визуалды диагностика» пәнінің мысалында)»..... 285

Еркекулова К.К., Дәріпбек А.Ж., Ажибаева-Купенова Д.Т., Әліпбаева Г.С. «Болашақ биология пәні мұғалімдерінің шығармашылық әлеуетін дамытуда ақпараттық-коммуникациялық технологиялар». 294

Абдрахманова Ж.Ж., Маханбетова М.А., Байділдаева А.С. «Фармация мамандығы білім алушыларына жасанды интеллектіні қолдануды оқып үйренудің тиімділігі»..... 301

Бердиева М.А., Лесбаев А.У., Абдримова З.М. «Жоғары білім беруде жасанды интеллектті педагогикалық тұрғыда пайдалану: оқыту тиімділігі және академиялық плагиат мәселелерін қарастыру»..... 308

Сейтханова Б.Т., Полатбекова Ш.Т., Оралбек А.Т. «Микробиологиядағы цифрлық трансформация: зертханалық диагностика және медициналық білім сапасының интеграциясы»..... 315

Имашева Б.С., Тулегенова А.М., Имашев М.С., Текебаева А.М., Какимова С.А. «Медициналық білім беруде цифрлық технологияларды қолдану»..... 320

Ағабек Г.Б., Жиенбаева А.А., Асилбекова Г.К., Абдирова Т.О. «Гемоглобиннің молекулалық негіздерін оқытуда генеративті жасанды интеллектті интеграциялау: динамикалық қысқа анимациялық видеоролик пен дәстүрлі оқыту әдістерінің тиімділігін салыстырмалы зерттеу»..... 335

Кенбаева Л.О., Исмаилова Н.П., Батырходжаева М.М. «Ортодонтия пропедевтикасы пәнінде AI-негізіндегі цифрлық модельдеу арқылы ортодонтиялық диагностикалық талдау дағдыларын қалыптастыру». 343

Сисабеков К.Е., Жумашов С.Н., Тоймбетова К.А., Сартаева У.С., Едіге А.Ж. «Жасанды интеллекттің гистологиядағы қолданылу бағыттары»..... 354

Асилбекова Г.К., Жиенбаева А.А., Орынбек А.Ғ. «Медицина бағытындағы білім берудегі цифрлық трансформация: жасанды интеллект рөлі (жаһандық трендтер және қазақстандағы перспективалар)»..... 359

Датқаева Г.М., Мақсұт М.Б., Сүлейменқызы П., Абабакирова Д.Т. «Алғашқы медициналық-санитарлық көмек жүйесінде жасанды интеллектті қолдану: қазақстанның тәжірибесі мен болашағы»..... 363

Жакипбекова Г.С., Избасарова М.С., Сатыбалдиева Н.М., Сабит А.Е., Жамшиева М.А. «Физиологияда қолданылатын негізгі жасанды интеллект құралдары мен технологиялары»..... 371

Есенкулова Н.Ш. «Ықтималдықтар теориясы және статистикалық модельдерді медициналық білім берудегі AI жүйелерінде қолдану: теориялық талдау»..... 376

Дауренбеков К.Н., Есиркепова М.М., Катчанова А.Б. «Медициналық жоғары оқу орындарында химияны оқытуда жасанды интеллект құралдарын қолдану»..... 381

Дауренбеков К.Н., Есиркепова М.М., Саденова А.А., КатчановаА.Б. «Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект негізінде медициналық білім беруде химияны оқыту сапасын арттыру**»**..... 387

Жумадилова А.Р., Төлегенова Ф.А. «Медициналық білім берудегі цифрлық трансформация және AI»..... 394

Сарсенбаева Г.Ж., Садибекова Ж.У., Токкулиева Б.Б., Бердикулов А.Б. «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша бакалавриат, магистратура және докторантура деңгейлерінде интерактивті оқыту әдістері мен формалары»..... 399

Сарсенбаева Г.Ж., Магай Л.Н., Кудьярова С.А., Айдар А., ХамзаА.Б. «The application of artificial intelligence in teaching public health and health care disciplines to international students»..... 403

Асанова Г.К., Альмуханова К.К. «Реабилитация пациентов с хронической обструктивной болезнью легких с использованием искусственного интеллекта (chatgpt)»..... 413

Абдуллаева Н.К., Исмаилова Г.О. «Медициналық университет студенттерінің клиникалық ойлау қабілетін қалыптастыру үшін биохимияны оқытуда жасанды интеллектті қолдану»..... 418

Жиен А.К., Сартаева К.А., Досыбаева Г.Н., Абдиева Б.М., Таскынова М.А. «Использование искусственного интеллекта и цифровых образовательных технологий в подготовке интернов врача общей практики в условиях одногодичной интернатуры»..... 425

Мурзанова Д.А. Анарматов С.В. Керимбекова М.О. «Генеративті жасанды интеллектті қолдана отырып, топографиялық анатомия және оперативтік хирургия бойынша бағалау құралдарын әзірлеу процесін оңтайландыру: әдістеме, көптілділік және валидация»..... 432

Зелеев М.Х., Хажина С.И., Закирьянова Г.Т., Байрамгулов Р.А. «Медициналық білімнің цифрлық трансформациясы: деректерді талдаудан молекулалық модельдеуге дейін — кадрларды даярлаудың жаһандық тенденциялары»..... 442

Дәуренбеков Қ.Н., Алиханова Х.Б., Орынбек А.Ғ. «Медицина білім беру саласында жасанды интеллектті пайдалану (трендтер және қазақстандағы даму үдерісі)»..... 448

М.Б.Иванова, М.Ұ.Анартаева «Проектно-ориентированное обучение в медицинском образовании: опыт внедрения, инструменты, модели»..... 455

Султанова Т.Ж., Бақтыбаев Ш.С., Копжасаров Н.Б., Шакбаев С.Б., Хадиметов О.Т. «Медициналық білім берудегі инновациялық технологиялар контекстіндегі жасанды интеллекттің өлшенетін мүмкіндіктері»..... 467

«ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМНІҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫ: ЖОБАҒА БАҒЫТТАЛҒАН ОҚЫТУ» секциясы..... 477

Ордабаева С.К., «Каракулова А.Ш., Асильбекова А.Д., Серікбаева А.Д., Алтынбек «Жобаға бағытталған оқыту негізінде болашақ фармацевт- аналитиктің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру»..... 477

Х.А.Сайтмуратов, А.А.Сейдахметова, А.Т.Нургалиева, Ш.Д. Юсупова[3], А.Б.Жандарбекова «Жобаға-бағытталған оқыту: жеделдетілген академиялық бакалавриаттағы мейіргерлердің клиникалық ойлау мен кәсіби құзыреттілігін дамыту»..... 481

Дустанова Ж.Т., А.Г.Ибрагимова. «Внедрение проектно-ориентированного обучения в фармакологическое образование: результаты и опыт кафедры за 2022-2026 годы»..... 490

Сейтханова Б.Т., Полатбекова Ш.Т., Джакупова Ж.Е. «Ғылым мен білімнің интеграциясы: микробиология пәнінде жобаға бағытталған оқыту негізінде қоғамдық банкоматтар беткейлерін зерттеу»..... 501

Кенбаева Л.О., Батырходжаева М.М., Исмаилова Н.П. «Жобаға бағытталған оқыту негізінде жасөспірімдердегі тіс жегісінің алдын алу стратегияларын қалыптастыру (фтор профилактикасы және фиссуралық герметизацияның маңызы)».. 511

Омарбекова А.А., Токсанбаева Ж.С., Сагиндыкова Б.А., Анарбаева Р.М., Нурбаева С.Е., Өмірәлі М.А. «Жобаға бағытталған оқыту аясында жасанды интеллектті қолдану: hypericum perforatum l негізіндегі жақпа майдың оңтайлы құрамын таңдау»..... 525

Сейдалиева С.К., Ибрагимова А.Г., Өмірқұлова С.Н. «Жобаға -бағытталған оқытуды енгізудегі қиындықтар»..... 530

Асыкбаева Л.П., Мұсабай Н. «Медициналық білім беруде жобалық-бағытталған оқытудың тиімділігі»..... 538

Асыкбаева Л.П., Султанова М. «Ғылым мен білім интеграциясы – болашақ маман даярлаудың негізгі факторы»..... 543

«КЛИНИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ ҮШІН БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕРДІҢ ПӘНАРАЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ» секциясы..... 550

Б.К.Исенова., Ж.Р.Коргасбекова., У.А. Ходжакулова «Белсенді ұзақ өмір жүйесінде мейіргерлік көмек: клиникалық практикадағы пәнаралық аспектілер»..... 550

А.Т.Нургалиева, А.А.Сейдахметова, Ш.Д.Юсупова, Х.А.Сайтмуратов, А.Б.Жандарбекова «Клиникалық жағдайларды талдау негізінде жеделдетілген академиялық бакалавриаттағы мейіргерлердің клиникалық ойлау мен коммуникация дағдыларын қалыптастыру»..... 559

Н.Қ.Полатова, А.А.Сейдахметова, Ж.С.Сұлтанова, Ж.Б.Бекназарова, Б.М.Еримбетова «Клиникалық тәжірибедегі пәнаралық коммуникативтік дағдылардың рөлі»..... 568

У.А. Ходжакулова, Б.К.Исенова, Ж.Р.Коргасбекова, А.А. Сейдахметова., Д.Әуезханқызы, Юнусметов Э.Ш. «From basic sciences to clinical thinking: developing interdisciplinary skills among senior students»..... 579

Кулбаева М., Омарова Б.К. «Жасанды интеллект этикасы: адамзат болашағы және жаңа моральдық шекаралар»..... 586

Бойцова У.С., Байгожина З.А. «Глобальные тренды трансформации медицинского образования: использование искусственного интеллекта для формирования междисциплинарных компетенций будущих медицинских сестёр и их применения в условиях современной клинической практики». 589

Асанова Г.К., Сейдалиева Ж.Р., Досмуратов А.К., Мирзам Б.Ш., Пахомова Т.Ю., Шингисова Э.А. «Кардиологияда компьютерлік томографияны қолдану»..... 599

Наухан Д.Н., Шәкірова Б.Қ., Сисабеков К.Е., Тоймбетова К.А. «Қазақстандағы медициналық жоғары оқу орындарында гистологияны оқытуға цифрлық технологияларды енгізу: Оңтүстік Қазақстан медицина академиясының тәжірибесі».. 603

М. Мухамедияров, Б. Сейіл. «Оңтүстік қазақстан медицина академиясы» АҚ үндістандық студенттері арасында әлеуметтік желілерді қолдану көрінісі: көлденең сауалнамалық зерттеу**»**..... 612

Пернебеков Е.М., Нұрмашев Б. Қ., Долтаева Б.З., Сейдахметова А.А., Мухамедияров М.Н. «Формирование междисциплинарных компетенций на стыке фундаментальных наук и клинической практики»..... 626

Бергалиева Ә.Н. «**В**лияние искусственного интеллекта на диагностику заболеваний» 639

«БЕЛСЕНДІ ЖӘНЕ ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН ОҚЫТУ: КЛИНИКАЛЫҚ ОЙЛАУДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ» секциясы..... 646

Әуезханқызы Д., Сейдахметова А.А., Ходжакулова У.А., Юнусметов Э.Ш. «Базалық және клиникалық пәндердің интеграциясы клиникалық ойлауды қалыптастырудың негізі ретінде: білім беру бағдарламасының сабақтастығын қамтамасыз етудегі академиялық комитеттің рөлі» 646

Ш.Д.Юсупова, А.А.Сейдахметова, Х.А.Сайтмуратов, А.Т.Нургалиева, А.Б.Жандарбекова «Белсенді оқытудың мейіргерлердің клиникалық дағдыларын дамытуға әсері: жеделдетілген академиялық бакалавриат білім алушылар арасында қолдану тәжірибесі»..... 652

Баймакова Г.Ш., Онласбекова Г.М., Тажиева А.Д. «Медициналық жоғары оқу орындарында геймификация технологиясын қолданудың педагогикалық негіздері»... 663

Бекмурзаева Е.К., Садыкова Г.С., Амангельдиева Г.С., Байдуллаев Б.М., Аскар Ж.М. «Ішкі аурулар пропедевтикасы бойынша білім алушыларға жүйке жүйесін физикалық тексеру әдістеріне арналған дәріс кешеніне жасанды интеллект технологияларын қолдану»..... 670

Токтарова Г.А., Ахаева Л.Ж., Батхиева М.Б., Рысбекова Г.А., Балабек Г.Б «Ішкі аурулар пропедевтикасы пәнін оқытуда білім алушылардың өзіндік жұмысын жасау барысында жасанды интеллектті қолдану аспектілері»..... 675

Калдыгозова Г. Е., Курманкулов И.С. «Оториноларингология» пәні бойынша медициналық жоғары оқу орындарында студенттерінің кәсіби құзыреттерін қалыптастыруға арналған білім беру квесттерін әзірлеу әдістемесі»..... 679

Г.К. Асанова, А.М. Абдухалыков. «Терапия кафедрасында резидент дәрігерлерді оқытудың сапасын арттыру мақсатында семинарларды қолдану»..... 686

Аширова М.З. «Белсенді және интеграцияланған оқыту аясында кафедраішілік олимпиадалар мен халықаралық конференциялардың клиникалық ойлауды дамытудағы маңызы»..... 689

Жамирова Р.Н., Серикбаева А.К., Кабдылдаева Г.К. «Ұлыбритания мен Германияда ӨСОА науқастарын оқытуда көп салалы топтардың рөлі» (әдебиетке шолу)..... 696

Кульмирзаева Д.М., Singh Rudranshi, Khan Tehreem, Qurat ul ain Khan «Нейросетевое моделирование факторов образа жизни как инструмент управления академической успеваемостью будущего врача»..... 708

Жаркинбекова Н.А., Мустапаева Г.А., Полукчи Т.В., Еркебаева С.К., Толебаева Г.Е. «Пирамидалық жүйені оқып-үйрену кезінде білім алушылардың клиникалық ойлауын қалыптастыру: зақымдалу симптомдары, синдромдары және зерттеу әдістері»..... 717

Сейтханова Б.Т., Аргимбек М.П., Нақып Н.С. «Постерлік баяндама әдісінің медициналық білім алушылардың клиникалық ойлауы мен оқу материалын меңгеру деңгейіне әсері»..... 726

Г.Н. Досыбаева, Қ.А. Сартаева, Р.А. Сметова, А.Б. Ауелова, А.Қ. Жиен «Clinical reasoning pathways in training general practitioners: a methodological approach based on cough syndrome»..... 731

Бектенова Г.Е. «Педиатрия-2» кафедрасы студенттерінің кәсіби құзыреттерін дамытудағы инновациялық оқу технологияларының рөлі»..... 737

Бектенова Г.Е. «Балалық жасындағы ауруларды интегралды жүргізу және студенттерді дайындаудағы интерактивті оқыту әдістерінің рөлі»..... 742

Бектенова Г.Е. «Применение метода информационных лабиринтов для формирования клинического мышления у резидентов по педиатрии»..... 747

Бектенова Г.Е. «Көпсалалы командалық оқыту (MDTBL) резиденттерді дайындаудың оңтайлы моделі ретінде»..... 753

Султанова Т.Ж., Кемел С.М., Мұрсаханов Н.У., Өзбек А.А., Салимбаев Е.С. «Медициналық білім берудегі кейс-әдіс заманауи бағдарламалық оқыту құралы ретінде»..... 759

Султанов М.А, Несипбаев Н.Ж. Абдуллаева Д.К «Фармакогнозия пәнін оқытуда жасанды интеллект негізіндегі цифрлық құралдарды пайдалану»..... 770

Қауызбай Ж.Ә., Бектибаева Н.Ш., Салхожаева К.К., Ахметова Л.В., Нарзуллаева Д.С. «Медицинадағы жасанды интеллект: заманауи тәсілдер, қиындықтар және даму болашағы»..... 775

Қауызбай Ж.Ә., Ахметова Л.В., Тажиева А.Д., Емешова М.А., Аташова К.К. «Медицинадағы иммерсивті технологиялар: заманауи мүмкіндіктері және практикалық маңызы»..... 781

Бектибаева Н.Ш., Ахметова Л.В., Ешимбетова Д.Д.,Тажиева А.Д.,

Салхожаева К.К. «Медицина біліміндегі иновациялық қағидалар: заманауи тенденциялар және тиімділік». 786

Кемельбеков К.С. ««ОҚМА» АҚ-да шетелдік студенттерді оқыту кезінде медициналық білімдегі тілдік кедергілер: мәселелер мен шешу жолдары (мысал ретінде «Педиатрия-1» кафедрасының клиникалық пәндері)»..... 791

Турдалиева Т.М., Сатымбекова А.Ш., Камысбаева А.К., Тажиева А.Д. «Қазіргі білім беру ортасының трансформациясы жағдайындағы цифрлық білім беру платформалары»..... 800

«ФАРМАЦИЯ ТӘЖІРИБЕСІНІҢ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ НЕГІЗІНДЕГІ ӨЗГЕРУІ» секциясы

УДК 378.147:615.1

Серикбаева А.Д., Ордабаева С.К., Алтынбек Д., Асильбекова А.Д.
АО «Южно-Казахстанская медицинская академия», Шымкент, Казахстан

ОПЫТ ПРИМЕНЕНИЯ ТЕХНОЛОГИЙ ЦИФРОВИЗАЦИИ И ГЕЙМИФИКАЦИИ В ПРЕПОДАВАНИИ ЛЕКЦИИ ПО ТОКСИКОЛОГИЧЕСКОЙ ХИМИИ

Аннотация

В последние годы цифровизация высшего образования стала важным инструментом повышения эффективности учебного процесса. Настоящее исследование было направлено на оценку педагогической и практической эффективности метода цифровой пресс-конференции в преподавании дисциплины «Токсикологическая химия» для обучающихся ОП «Фармация». В исследовании приняли участие 47 студентов, лекции проводились в интерактивном формате с использованием Google Forms, QR-кодов, базы данных PubChem и Youtube канала, платформы Kahoot. Результаты анкетирования показали, что цифровые инструменты повышают учебную активность обучающихся и уровень усвоения материала на 30-40%. Метод цифровой пресс-конференции сочетает теоретическую подготовку с практическими навыками, развивает цифровую грамотность, аналитические способности и критическое мышление студентов. Результаты исследования показали, что такой подход эффективен и перспективен для обучения сложных дисциплин.

Ключевые слова: *цифровое обучение, пресс-конференция, токсикологическая химия, фармация, интерактивные методы, учебная активность студентов.*

Serikbayeva A.D., Ordabayeva S.K., Altynbek D., Asilbekova A.D.
JSC «South Kazakhstan medical academy», Shymkent, Kazakhstan

EXPERIENCE IN APPLYING DIGITALIZATION AND GAMIFICATION TECHNOLOGIES IN TEACHING A TOXICOLOGICAL CHEMISTRY LECTURE

Abstract

In recent years, the digitalization of higher education has become a crucial tool for enhancing the effectiveness of the learning process. The present study was aimed at assessing the pedagogical and practical effectiveness of the digital press conference method in teaching the subject 'Toxicological Chemistry' for students of the 'Pharmacy' program. A total of 47 students participated, and lectures were conducted interactively using Google Forms, QR codes, the PubChem database, and the Kahoot platform. Survey results indicated that digital tools significantly increased students' engagement and improved material comprehension by 30-40%. The digital press-conference method integrates theoretical knowledge with practical skills and promotes the development of students' digital literacy, analytical skills, and critical thinking. The research results showed that this approach is effective and promising for teaching complex disciplines.

Keywords: *digital learning, press-conference, toxicological chemistry, pharmacy, interactive methods, student engagement.*

Серикбаева А.Д., Ордабаева С.К., Алтынбек Д., Асильбекова А.Д.
«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ, Шымкент, Қазақстан

ТОКСИКОЛОГИЯЛЫҚ ХИМИЯ ДӘРІСІНДЕ ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ГЕЙМИФИКАЦИЯ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ

Аңдатпа

Соңғы жылдары жоғары білім беруді цифрландыру оқу процесінің тиімділігін арттыруда маңызды құралға айналды. Бұл зерттеу «Фармация» ББББ студенттеріне арналған «Токсикологиялық химия» пәнінде цифрлық пресс-конференция әдісін қолданудың педагогикалық және практикалық тиімділігін бағалауға бағытталған. Зерттеу барысында 47 студент қатысып, дәріс Google Forms, QR-кодтар арқылы PubChem мәліметтер базасы, Youtube каналы және Kahoot платформалары арқылы интерактивті форматта өткізілді. Сауалнама нәтижелері цифрлық құралдар білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырып, оқу материалын меңгеру деңгейін 30-40% дейін жоғарылататынын көрсетті. Цифрлық пресс-конференция әдісі теориялық білім мен практикалық дағдыларды үйлестіріп, білім алушылардың цифрлық сауаттылығын, ақпаратты талдау және сыни ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Зерттеу нәтижесінде бұл әдіс күрделі ғылыми пәндерді оқытуда тиімді және перспективалы екенін көрсетті.

Түйін сөздер: цифрлық оқыту, пресс-конференция, токсикологиялық химия, фармация, интерактивті әдістер, білім алушылардың белсенділігі.

Кіріспе.

Соңғы жылдары жоғары білім беруді цифрландыру әлемдегі білім беру жүйесін жаңғыртудың негізгі драйверлерінің біріне айналуда. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) оқу процесіне енгізу оқу тиімділігін арттыруға, білім алушылардың оқу мотивациясын күшейтуге, оқу процесіне белсенді қатысуға және кәсіби құзыреттіліктерді дамытуға жаңа мүмкіндіктер береді [1,2]. Бұл әсіресе «Фармация» білім беру бағдарламаларына (ББББ) кіретін күрделі пәндерге, мысалы, токсикологиялық химияға қатысты. Токсикологиялық химия уытты заттардың әсер ету механизмдерін, олардың биологиялық объекттерде анықталуы мен сандық талдау әдістерін зерттегендіктен, бұл студенттерден жоғары когнитивтік белсенділік пен аналитикалық ойлау қабілетін талап етеді [3].

Дәстүрлі дәріс форматында негізінен оқытушының теориялық материалды баяндауына сүйенетін, студенттерде терең білім мен практикалық дағдыларды қалыптастыруда шектеулі тиімділігін көрсетеді [4]. Сондықтан қазіргі заманғы зерттеулер инновациялық педагогикалық тәсілдер мен цифрлық форматтағы оқу құралдарын әзірлеуге бағытталған [5,6].

Ғылыми әдебиеттердегі талдаулар көрсеткендей, цифрлық дәрістер мен интерактивті платформалар білім алушылардың оқу мотивациясын, белсенділігін және оқу процесіне қатысуын едәуір арттырады. Мысалы, Ahmed және әріптестері (2025) «бұлттық» мобильдік оқыту платформасының тиімділігін зерттегенде, цифрлық құралдар білім алушылардың оқу белсенділігін және академиялық жетістіктерін арттыруда маңызды рөл атқаратынын көрсетті [7]. Zhang және Li (2024) онлайн оқытудағы интерактивті тәжірибе мен цифрлық ресурстарға қолжетімділіктің білім алушылардың оқу процесіне қатысуына елеулі әсер ететінін баяндаған [8].

Цифрлық оқыту әдістерінің когнитивтік артықшылықтары да ғылыми зерттеулерде дәлелденген. Baa және әріптестері (2024) цифрлық оқытудың білім алушылардың когнитивтік жүктемесін азайтып, оқу мотивациясын арттырып, күрделі тақырыптарды терең меңгеруге ықпал ететінін көрсетті [9]. Alsadoon (2023) цифрлық оқу платформаларын қолдану білім алушылардың оқу процесіне қатысуын және білімді меңгеру деңгейін арттыратынын атап өтті,

бірақ тиімділігі педагогикалық жобалау мен дұрыс ұйымдастыруға тәуелді екенін көрсетті [10].

Фармацевтикалық білім беру контекстінде цифрлық және интерактивті әдістер білім алушылардың цифрлық сауаттылығы, ақпараттық құзыреттілігі және сыни ойлау қабілетін дамытуға жағдай жасайды. Интерактивті сауалнамалар, QR-код арқылы орындалатын тапсырмалар, цифрлық презентациялар мен онлайн платформалар білім алушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз етіп, оқу материалын жылдам меңгеруге мүмкіндік береді [11].

Осы әдістердің бірі - цифрлық пресс-конференция форматы, яғни интерактивтілік пен цифрлық ғылыми ресурстарға қолжетімділікті біріктіретін оқу моделі. Бұл формат білім алушылардың белсенді қатысуын, ғылыми деректерді талдауды және проблемалық тапсырмаларды шешуді қамтамасыз етеді. Бұл токсикологиялық химия сияқты күрделі пәндерді оқытуда аса маңызды.

Теориялық және эмпирикалық негіздер бар болса да, фармацевтикалық пәндерді цифрлық форматта оқытуда практикалық зерттеулер жеткіліксіз. Сол себепті аталған зерттеу өзекті болып табылады.

Зерттеудің мақсаты: Токсикологиялық химия пәні бойынша цифрлық пресс-конференция дәрісінің «Фармация» ББББ білім алушыларының оқу белсенділігі мен білімді меңгеру деңгейіне әсерін бағалау.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ фармация факультетінің 5 курс білім алушылары арасында жүргізілді. Жалпы респондент саны 47.

Дәріс пресс-конференция форматында ұйымдастырылып, келесі заманауи цифрлық құралдар қолданылды:

- Google Forms – пресс-конференция үшін білім алушылардан алдын-ала сұрақтар жиналды.
- QR-кодтар – улы химикаттардың химиялық формуласы, рационалды атаулары, химиялық қасиеттері, әсер ету механизмдерін қарастыру үшін PubChem мәліметтер базасына, сонымен қатар You tube каналында осы токсиканттардың сынамасын дайындау әдістерін жедел визуализацилау үшін.
- Kahoot – геймификация элементтері арқылы дәріс материалын меңгергендігін бағалау, білім алушылардың мотивициясын жоғарлату.

Сапалық талдау Google Forms платформасында сауалнама жүргізу арқылы жүзеге асырылды.

Нәтижелер. «Токсикологиялық химия» пәні бойынша цифрлық форматтағы пресс-конференция әдісін қолдану жоғары педагогикалық және практикалық тиімділігін көрсетті. Бұл әдіс дәстүрлі дәрістерді заманауи цифрлық құралдармен біріктіруге мүмкіндік беріп, оқытушы мен білім алушы арасындағы интерактивті байланысты күшейтті.

Google Forms арқылы сұрақтарды алдын-ала жинау студенттердің мақсатты дайындығына ықпал етіп, олардың танымдық белсенділігін арттырды және назарды ең өзекті тақырыптарға шоғырландыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар QR-кодтар арқылы PubChem мәліметтер базасына жедел қолжетімді пестицидтердің химиялық құрылымын зерттеуге, физика-химиялық қасиеттерін және токсикологиялық сипаттамаларын талдауға мүмкіндік берді. Бұл тәсіл теориялық білім мен практикалық дағдылар арасындағы байланысты нығайтты.

Сонымен қатар, QR-кодтар арқылы You tube каналындағы пестицидтердің сынамасын дайындауда кең қолданылатын әдістер – дисперсионды сұйықтық-сұйықтық микроэкстракция, қатты фазалы микроэкстракцияны тез визуализациялауға мүмкіндік берді.

Дәріс барысында визуалды материалдар, схемалар және интерактивті элементтерді қолдану білім алушылардың цифрлық сауаттылығын, деректерді талдау және сыни ойлау дағдыларын дамытты, бұл фармацевт маманы үшін негізгі кәсіби құзыреттерге жатады. Kahoot платформасы арқылы енгізілген геймификация элементтері оқу процесін интерактивті етіп, білім алушылардың оқуға ынтасын арттырды. Дәрістердің соңында Google Forms арқылы сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижесі көрсеткендей, білім алушылар материалдың түсініктігін 96%-ға бағалады. Цифрлық құралдардың тиімділігі игеру сапасына 98% әсер етіп, білім алушылар өз белсенділігінің жоғарлағандығын көрсетті. Жалпы дәріс форматына қанағаттанушылық 100% болды.

Дәріс форматы мен материалды бекіту бойынша 85% білім алушы материалдың нақты құрылымы мен логикалық жүйелілігін жоғары бағалады. 15% практикалық мысалдардың тақырыпты түсінуге көмектескенін атап өтті. Цифрлық технологиялардың тиімділігі бойынша QR-код арқылы химия-токсикологиялық зерттеулерге қажетті токсиканттардың физика-химиялық қасиеттері, олардың адам ағзасында таралуы мен талдауға сынаманы дайындау жолдарын визализациялау қолжетімдігін 92%-ға бағаласа, 8% білім алушыларға дәріс

презентациясындағы слайдтардың сапасы мен көрнектілігі ұнағандығын атап кетті. Сауалнама ішінде болашақта қандай тақырыптардың қарастырылуы керектігі де айтылған еді. Респонденттердің 40% есірткі және психотропты заттардың химия-токсикологиялық талдауы деп көрсетсе, қалған білім алушылар заманауаи физика-химиялық әдістерді (жоғары эффективті сұйықтық хроматоргафия, газды хроматография масс-спектрофотометрия және т.б.) және тағы басқа пән силлабусындағы басқа да күрделі тақырыптарды атап кетті.

Жалпы талдау нәтижелері көрсеткендей, цифрлық құралдарды қолдану білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, дәстүрлі дәрістермен салыстырғанда оқу тиімділігін шамамен 30-40%-ға жоғарылатты.

Талқылау. Аталған нәтижелер көрсеткендей, цифрлық форматтағы пресс-конференция әдісі фармация факультеті білім алушылардың оқу белсенділігін, материалды меңгеру деңгейін және білімге деген мотивациясын арттыруда тиімді құрал болып табылады.

Google Forms арқылы алдын-ала сұрақтарды жинау білі алушылардың тақырыпқа мақсатты түрде дайындалуына мүмкіндік берді, ал QR-кодтар арқылы PubChem базасына, You tube каналына қолжетімділік тәжірибелік дағдыларын дамытуға жағдай жасады. Бұл тәсіл теориялық білімді лабораториялық сабақтарда ешбір кедергісіз қолдануға мүмкіндік беріп, білім алушылардың цифрлық сауаттылығын нығайтқандығын байқаймыз.

Kahoot платформасы арқылы геймификация элементтерін енгізу материалды меңгерудің жылдам бағалануы мен білім алушылардың белсенділігін қамтамасыз етті. Бұл әдіс оқу процесін интерактивті етіп қана қоймай, білім алушылардың сыни ойлау және деректерді талдау қабілеттерін де дамытады.

Сонымен, цифрлық әдістердің қолданылуы фармацевтикалық білім беруді халықаралық стандарттарға интеграциялауға мүмкіндік береді, өйткені білім алушылардың халықаралық ғылыми мәліметтерге қол жеткізіп, тәжірибелік талдау жүргізе алады.

«Фармация» білім беру бағдарламасының 5 курс білім алушыларымен жүргізілген осы зерттеу нәтижелері цифрландыру элементтері бар пресс-конференция форматы дәстүрлі әдіспен салыстырғанда жоғары оқу тиімділігін көрсететінін дәлелдеді.

Қорытынды. Цифрлық пресс-конференция форматы фармация білім алушыларының оқу белсенділігі мен білім деңгейін едәуір арттырады. Google Forms, QR-кодтар қолдану арқылы жылдам PubChem, Youtube, Kahoot қолдану теориялық дайындық пен практикалық

дағдыларды үйлестіреді. Цифрлық және интерактивті форматтар күрделі пәндерді оқытуда тиімді және перспективалы болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ahmed H. M. M., El-Sabagh H. A., Elbourhamy D. M. Effect of gamified, mobile, cloud-based learning management system (GMCLMS) on student engagement and achievement // Int. J. Educ. Technol. High. Educ. - 2025. - Vol. 22, Nº 1. - DOI:10.1186/s41239-025-00541-1.
2. Zhang H., Li F. The multidimensional influence structure of college students' online gamified learning engagement: A hybrid design based on QCA-SEM // Heliyon. - 2024. — Vol. 10, Nº 18. — P. e36485. — DOI:10.1016/j.heliyon.2024.e36485.
3. Baah C., Govender I., Subramaniam P. R. Enhancing learning engagement: A study on gamification's influence on motivation and cognitive load // Educ. Sci. - 2024. — Vol. 14, Nº 10. — P. 1115. - DOI: 10.3390/educsci14101115.
4. Alsadoon H. The impact of gamification on student motivation and engagement: An empirical study // Dirasat: Educ. Sci. - 2023. - Vol. 50, Nº 2. - DOI: 10.35516/edu.v503i2.255.
5. Khaldi A., Bouzidi R., Nader F. Gamification of e-learning in higher education: a systematic literature review // Smart Learn. Environ. - 2023. — Vol. 10. - DOI:10.1186/s40561-023-00227-z.
6. Reichardt C. S. Quasi-Experimental Design. — Thousand Oaks: SAGE Publications, 2002. — 120 p.
7. Hattie J. Visible Learning: A Synthesis of Over 800 Meta-Analyses Relating to Achievement. — New York: Routledge, 2008. - 392 p.
8. Aljohani N. R., Aljohani O. S. Digital transformation in higher education: Implications for student engagement and learning outcomes // Educ. Inf. Technol. - 2024. — Vol. 29. - P. 987-1003.
9. Sun S., Chen X. Interactive digital learning in pharmaceutical education: Enhancing cognitive engagement // Pharmacy Educ. - 2023. - Vol. 23, Nº 1. - P. 45-54.
10. Lee J., Kim S. Effects of digital learning tools on higher education students' academic achievement // Comput. Educ. - 2024. — Vol. 196. — P. 104637.
11. Moura F., Oliveira T. Digital technologies in medical and pharmaceutical education: A systematic approach // Med. Teach. - 2023. — Vol. 45, Nº 9. - P. 1031-1042.

ӘОЖ 378.147:615

Zhanbyrbaeva A.D. Alimova M.N. Shertaeva K.D. Umurzakova G.Z. Shimirova Zh. K.
Kazakhstan Medical Academy, Shymkent, Kazakhstan

MICROQUALIFICATION IN PHARMACEUTICAL EDUCATION: INTERNATIONAL EXPERIENCE, IMPLEMENTATION PROSPECTS AND DEVELOPMENT OF THE EDUCATIONAL PROGRAM

Annotation. *The integration of microqualifications into the educational process of pharmaceutical universities of the Republic of Kazakhstan will make it possible to form professionally mobile specialists ready for the challenges and transformation of the pharmaceutical industry. As part of the study, microqualification was developed aimed at developing students' interpersonal skills, feedback, stress management and a client-oriented approach. A distinctive feature of this microqualification is its short-term, practical orientation and the use of active teaching methods. The results of the study allow us to consider microqualification as an effective tool for training competitive specialists in the pharmaceutical industry of the Republic of Kazakhstan.*

Objective: *creation of an educational program of microbial education aimed at the formation and further improvement of communication skills of pharmaceutical industry specialists and students.*

Methods: *The study was conducted in September-October 2025 at the South Kazakhstan Medical Academy bases and pharmaceutical organizations in the region.*

Results: *The creation of microbial morbidity has aroused great interest on the part of students. Microbial content allows:*

1. Rapid adaptation of training content to the needs of the pharmaceutical market;

2. Formation of low-oriented competencies, for example: effective communication skills, stress management and conflict management skills, as well as the formation of a consumer-oriented approach to professional activities;

3. Increasing the competitiveness of graduates in the labor market;

4. Creating a flexible Lifelong Learning system.

Conclusion: *The educational program of microbiology prepared in communication skills can serve as a model for the introduction of pharmaceutical universities of the Republic of Kazakhstan into educational programs, contributing to the training of competitive specialists in the pharmaceutical industry that meet modern requirements.*

***Keywords**: microbial fitness, communication skills, pharmaceutical industry, professional skills, interpersonal communication, pharmaceutical knowledge.*

Жанбырбаева А.Д. Алимова М.Н., Шертаева К.Д., Умурзахова Г.Ж., Шимирова Ж.К.

АО «Южно-Казахстанская медицинская академия», Шымкент, Казахстан

МИКРОКВАЛИФИКАЦИИ В ФАРМАЦЕВТИЧЕСКОМ ОБРАЗОВАНИИ: МЕЖДУНАРОДНЫЙ ОПЫТ, ПЕРСПЕКТИВЫ ВНЕДРЕНИЯ И РАЗРАБОТКА ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРОГРАММЫ

Аннотация. *Интеграция микроквалификаций в образовательный процесс фармацевтиеских вузов РК позволит сформировать профессионально мобильных специалистов, готовых к вызовам и трансформации фармацевтических отрасли. В рамках исследования была разработана микроквалификация, направленная на формирование у обучабщихся навыков межличностного общения, обратной связи, стресс-менеджмента и клиентоориентированного подхода. Отличительной особенностью данной микроквалификации является ее краткосрочность, практико-ориентированность и использование активных методов обучения. Полученные результаты исследования позволяют рассматривать микроквалификацию, как эффективный инструмент подготовки конкурентоспособных специалистов фармацевтической отрасли РК.*

Цель: *создание микроквалификации, направленной на формирование и совершенствование коммуникативных навыков у обучающихся фармацевтических специальностей.*

Методы: *исследование выполнялись на базах Южно-Казахстанской медицинской академии и фармацевтических организациях региона, в сентябре-октябре 2025года.*

Результаты: *создание микроквалификации вызвало высокий интерес со стороны обучающихся. Микроквалификация позволить:*

1. Быстро адаптировать содержание обучения к запросам фармацевтического рынка;

2. Формировать узконаправленные компетенции, к примеру навыки эффективного общения, стресс-менеджмента и управления конфликтами, формирование клиентоориентированного подхода в прфессиональной деятельности;

3. Повышать конкурентоспособность выпускников на рынке труда;

4. Создовать гибкую систему «обучение в течение всей жизни».

Выводы: *Разработанная микроквалификация по коммуникативным навыкам может стать моделью для внедрения в образовательные программы фармацевтических вузов РК, способствуя подготовке конкурентоспособных специалистов, соответствующих современным требованиям фармацевтической отрасли.*

Ключевые слова*: микроквалификация, коммуникативные навыки, фармацевтический сектор, профессиональные навыки, межличностные общение, фармацевтическое образование.*

Жанбырбаева А.Д. Алимова М.Н., Шертаева К.Д., Умурзахова Г.Ж., Шимирова Ж.К.

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ, Шымкент, Казахстан

ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ МИКРОБІЛІКТІЛІК: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ, БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ӨҢДЕУ ЖӘНЕ ӘЗІРЛЕУ БОЛАШАҒЫ

Аңдатпа

ҚР фармацевтикалық ЖОО-ның білім беру үрдісіне микробіліктілікті интеграциялау фармацевтикалық саланы трансформациялау мен кәсіби ұтқырлы мамандарды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында білім алушыларға тұлғааралық қарым-қатынас, кері байланыс, стресс-менеджмент және тұтынушыға бағдарланған әдіс дағдыларын қалыптастыруға бағытталған микробіліктік дайындалды. Осы микробіліктіліктің ерекшелігі оның қысқа мерзімділігі, тәжірибеге бағдарлануы және оқытудың белсенді әдістерін пайдалану болып табылады. Зерттеуден алынған нәтижелері ҚР фармацевтика саласының бәсекеге қабілетті мамандарын даярлаудың тиімді құралы ретінде микробіліктлікті қарастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеудің мақсаты: фармацевтикалық сала мамандары мен білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға және ары қарай жетілдіруге бағытталған микробіліктілік білім беру бағдарламасын құру.

Әдістері: Зерттеу Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы базаларында және өңірдің фармацевтикалық ұйымдарында 2025 жылдың қыркүйек-қазан айларында жүргізілді.

Нәтижесі: Микробіліктіліктің құрылуы білім алушылар тарапынан жоғары қызығушылық тудырды. Микробіліктілік мүмкіндік береді:

1. Фармацевтикалық нарық сұранысына оқытудың мазмұнын жылдам бейімдеу;
2. Шағын бағытталған құзіреттерді қалыптастыру, мәселен: тиімді қарым-қатынас жасау дағдылары, стресс-менеджмент және дау-жанжалдарды басқару дағдылары, сондай-ақ кәсіби қызметте тұтынушыға бағытталған тәсілді қалыптастыру;
3. Түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
4. «Өмір бойы оқу» икемді жүйесін құру.

Қорытынды. Коммуникативтік дағдылар бойынша дайындалған микробіліктілік білім беру бағдарламасы фарацевтика саласының қазіргі заманауи талаптарға сәйкес келетін бәсекеге қабілетті мамандарды дайындауға ықпалын тигізе отырып, ҚР фармацевтикалық ЖОО білім беру бағдарламаларына енгізу үшін үлгі бола алады.

Кілт сөздер: микробіліктілік, коммуникативтік дағдылар, фармацевтикалық сала, кәсіби дағдылар, тұлғааралық қарым-қатынас, фармацевтикалық білім.

Кіріспе

Фармацевтикалық білім берудің қазіргі заманауи жүйесін цифрландыруға, тұтынушылармен өзара қарым-қатынас моделінің өзгеруіне және сала маманының тәжірибелік дағдыларына қоятын талаптарының өсуіне негізделген трансформация кезеңінен өтуде [1]. Бұл жағдайда микробіліктілік форматының маңыздылығы артуда. Микробіліктілік кәсіби стандарт бойынша жеке еңбек қызметін орындауға жеткілікті және кәсіби қызметте қолдануға болатын нақты білімді, дағдылар мен құзіреттерді алуға, сонымен қатар дамытуға бағытталған, құрылылымдалған және көлемі шектеулі білім беру бағдарламалары болып табылады [2].

Фармацевт-маманның құзіреттерін дамытуда микробіліктілікті дайындаудың өзектілігі жаһандық өзгерістерге жоғары назарда, атап айтқанда:

- «дипломнан» құзіреттілік портфеліне көшу;

- фармацевт қазіргі жағдайда цифрландыру жағдайында білімін жетілдіре білуі керек;
- микробіліктілік – фармацевтикалық нарық икемділік талаптарына сұранысты жабады.

«Қазіргі заманғы фармацевт – дипломы бар маман ғана емес, сонымен қатар әрбір 3 жыл сайын жаңартылып отыратын өзекті микродағдыларды тасымалдаушы».

Микробіліктіліктің түйінді сипаттамалары:

- шағын көлемді (40-120сағат);
- шағын тәжірибелік бағыт;
- модульді және иілгіш;
- нарық сұраныстарына тез ауысу мүмкіндігі;
- жұмыс беруші үшін ашықтық.

Сондай-ақ микробіліктіліктің өзектілігі келесі факторларға негізделген, атап айтқанда:

1. Кәсіби ортаның жылдам өзгеруі:

Фармацевтикалық сала – ең серпінді салаларының бірі болып табылады. Жаңа препараттардың пайда болуы, реттеушілік талаптардың өзгеруі, цифрлық жүйелердің енгізілуі, медициналық көмектің бір бөлігі ретінде фармацевтикалық қызметтері дамуда [3]. Микробіліктілік дәстүрлі білім беру стандарттарына енуге үлгермейтін құзіреттерді уақытылы игеруге мүмкіндік береді.

2. Soft skills және коммуникативтік құзіреттердің маңыздылығын арттыру:

Қазіргі заманғы фармацевт:

- тұтынушыларға сауатты кеңес беру;
- алаңдататын және осал санаттармен жұмыс жасау;
- дау-жанжалдарды алдын-алу;
- тұрғындарға қажетті тілде кеңес беру.

Бұл дағдыларды қалыптастыру оқытудың тәжірибеге бағдарланған нысандарын талап етеді, сондықтан да микробіліктілік форматын қамтамасыз етеді.

3. Жұмыс берушілердің сұранысы:

Фармацевтикалық ұйымдар көп жағдайда нақты құзіреттерді талап етеді:

- дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді басқару;
- дәлелді фармация;
- фармацевтикалық кеңес беру;
- цифрлық сауаттылық.

Микробіліктілік – жұмыс беруші түсінетін және бірден қолдана алатын құзіретінің ыңғайлы өлшем бірлігі [3].

4. Фармацевт құзіреттерін дамытуға микробіліктіліктің үлесі (сурет - 1).

Сурет 1 - Фармацевт құзіреттерін дамытуға микробіліктіліктің үлесі.

Микробіліктілік білім беру бағдарламасы келесі жағдайларда заманауи және икемді етуге мүмкіндік береді:

1) Оқытудың модульдік қағидаларын енгізу;

2) Жеке білім беру траекторияларын қалыптастыру;

3) Оқу материалдарын нарық сұраныстарына жылдам бейімдеу;

4) Инновациялық әдістерді байқаудан өткізу мүмкіндіктері (инклюзия, ЖИ, симуляциялық оқыту).

Осылайша, микробіліктілік бүгінгі күнде неғұрлым талап етілітін құзіреттерді нысаналы дамытудың құралына айналды. Бұл өз кезегінде «Коммуникация - ұйымдағы командалық тиімділіктің құралы ретінде» микробіліктіліктің не үшін стратегиялық мәнге ие екендігін түсіндіреді (сурет - 2).

Сурет 2 – Микробіліктіліктің ЖОО мен білім алушылар үшін маңыздылығы.

Микробіліктілікті дамытудың әлемдік тәжірибесін талдау контенті мынаны көрсетті:

- UNESCO (ЮНЕСКО) – білім, ғылым және мәдениет мәселелері бойынша біріккен ұлттар ұйымы микробіліктілікті үздіксіз білім берудің негізгі құралы ретінде қарастырады;

- Еуропалық ESCO жүйесі (дағдыларды, құзіреттерді, біліктіліктер мен кәсіптерді жіктеу европалық жүйесі) дағдылар мен мамандар дайындаудың микробіліктілік деңгейлері бойынша енгізді;

- АҚШ, Австралия, Сингапур университеттері медициналық-фармацевтикалық мамандар үшін, әсіресе коммуникация, басқару және сандық дағдылар бағыттары бойынша микробіліктілікті белсенді енгізеді;

- Ұлыбританияда микрбіліктілік қызметкерлерді экономиканың тез арада өзгеретін секторларына бейімдеуде маңызды рөл атқарады. National Skills Fund бастамасы шеңберінде, әсіресе IT және ЖИ сияқты салаларда микробіліктіліктерге байланысты бағдарламаларды қаржыландыру үшін қор құрылған;

- Австралияда микробіліктілік «Australian Qualification Framework» (AQF) жүйесіне біріктірілген және әртүрлі біліктілік деңгейлерін қамтиды – курстардан магистрлік бағдарламаларға дейін. Бұл жүйе өз саласындағы өзгерістерге тез бейімделу үшін кәсіпкерлерге қажетті дағдыларды игеруге мүмкіндік береді;

- АҚШ-та микробіліктілік жетекші университеттермен және компаниялармен сертификаттау курстарын ұсынатын Cousera, Udacity edX сияқты ірі онлайн-платформалар базасында белсенді дамуда. Бұл курстар ішкі және халықаралық еңбек нарығында сұранысқа ие, бұл мамандар үшін мансаптық мүмкіндіктердің дамуына ықпал етеді.

Сауалнама нәтижелері және басқа елдердің тәжірибесі, мәліметтерден – аналитикалық зерттеулер және білім беруді модельдеу орталығы, РФ Яндекс практикум Skillbox, келесі көрсеткіштерді анықтап берді:

- білім алушылардың 88%-ы мамандығы бойынша микробіліктілік бағдарламаларын немесе бастапқы деңгейдегі кәсіби сертификаттарды ұсынатын ЖОО-ды таңдайды.

- жұмыс берушілердің 92%-ы кәсіби мамандық сертификаттары бар ізденушілерді таңдайды;

- респонденттердің 77%-ы мамандығын өзгертіп, басқа жұмыс тауып, біліктілігін арттырғысы келеді.

Осылайша, Қазақстанның фармацевтикалық білім беру жүйесіне микробіліктілікті енгізу халықаралық трендтерге сәйкес келеді және академиялық интеграцияға ықпал етеді.

Алайда Қазақстанда микробіліктерді енгізу мәселелері бар, атап айтқанда:

- ақпараттың жеткіліксіздігі, хабарсыз болу, ақпаратты қабылдамау. Елде микробіліктіліктерді ресми деңгейде танудың нақты жүйесі жоқ, бұл олардың тәжірибеде қолданылуын шектейді;

- инфрақұрылым мен қорларының жеткіліксіздігі;

- заңнамалық базамен мәселелері;

- жұмыс берушілердің жеткіліксіз тартылуы.

Фармацевтикалық сектордың жұмыс берушілері микробіліктіліктерді құруға үнемі қатыспайды, сондықтан көптеген бағдарламалар тәжірибеге бағдарланбаған:

- «Өмір бойы оқыту» мәдениетінің болмауы (Lifelong learning). Халықтың бір бөлігінде білім берудің кеңестік моделі – «Өмір бойы бір диплом» сақталады;

ЖИ тиімділігі нақты салада деректердің қолжетімділігі мен сапасына, сондай-ақ олардан мағыналы ақпарат алу мүмкіндігіне тығыз байланысты. ЖИ әсіресе дәстүрлі әдістермен байқалмай қалуы мүмкін жаңа мәліметтерді алу және үлкен, күрделі деректер жиындарын өңдеу үшін құнды болып табылады. Бұл органикалық химия, аналитикалық химия және биохимия сияқты деректерге бай салаларда өте пайдалы, әсіресе құрылым мен қасиеттер арасындағы күрделі өзара байланысты зерттеуде. Деректерге бай салалардағы бұл жетістіктер енді химияның басқа салаларында да көрініс табуда. ЖИ мен шағын молекулаларға қатысты

жарияланымдардың санының өсуі оның дәрілік заттарды әзірлеуге қолданылуымен тығыз байланысты. Бұл жарияланымдарда қарастырылған зат түрлерін талдау нуклеин қышқылдары мен пептидтердің рөліне ерекше мән берілетінін көрсетеді, бұл ЖИ-дің биохимиядағы маңызды рөлін айқындайды. ЖИ-дің биохимиялық және фармацевтикалық зерттеулерде қолданылуы заттардың зерттеу рөлдеріне де әсер етеді. [6].

2015 жылдан бастап химия саласында ЖИ қолданудың кеңеюіне бірнеше факторлар ықпал етті. ЖИ үшін қажетті бағдарламалық және аппараттық құралдардың қолжетімділігі оның қолдану кедергілерін төмендетті, сондай-ақ ЖИ арқылы талдауға жарамды деректер жиындарының саны артты. Сонымен қатар, көптеген зерттеушілер ЖИ қолданбалары үшін деректерді генерациялау және өңдеуді меңгерді. 2000–2025 жылдар аралығында ЖИ мен зерттеу салаларына арналған жарияланымдарда ЖИ-дің химиялық зерттеулердің әртүрлі аспектілеріне қалай интеграцияланғаны көрініс тапты. Нәтижесінде көптеген ЖИ әдістері химияда сәтті бейімделіп, кейбір салаларда ЖИ қалыпты құралға айналды. Алайда органикалық синтез және теориялық химия сияқты салаларда ЖИ әлі де елеулі әсерін тигізе қойған жоқ, ал ЖИ технологияларының жетілдірілуі мен пәнаралық зерттеулердің үйлесуі болашақта осы салаларды жаңа ғылыми үлгілер мен білім беру бағыттарында серпінді өзгерістерге жетелейді[7]. Денсаулық ғылымдарындағы (фармация, медицина, гендік инженерия, медициналық биохимия) ЖИ саласының негізгі концепциясы болашақта келесі элементтерді қамтитын болады: **жаңа дәрілерді ашу (de novo дәрі-дәрмек әзірлеу).** Бұл жасанды интеллект пен модельдеу бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдану арқылы мүмкін болды. Мұны тек органикалық химия саласындағы терең білім мен алдыңғы қатарлы тәжірибелерді біріктіру арқылы жүзеге асыруға болады[8]. Органикалық/фармацевтикалық химия саласындағы білімді ескере отырып әзірленген молекуланың нақты тиімділігін тек зертханалық тәжірибелер арқылы ғана емес, сонымен қатар оның жасушалармен өзара әрекетін алдын ала модельдеу арқылы бағалауға болады. Органикалық химияны терең меңгерген фармацевт, фармацевтикалық инженер немесе дәрігер-медик ЖИ арқылы модельдеуді қолдана отырып фармацевтика саласына айтарлықтай әсер ете алады. Қазіргі ЖИ, машиналық оқыту және компьютерлік модельдеу бағдарламалық қамтамасыз ету технологиялары арқасында органикалық фармацевтикалық химия саласындағы жаңа дәрілерді әзірлеу құралдарының спектрі кеңейіп, қатерлі ісікпен күреске бағытталған жаңа әдістерді қолдануға мүмкіндік берді. Бұрын FDA мақұлдауын алу үшін 10–15 жыл қажет

болса, жаңа ЖИ интеграцияланған компьютерлік модельдеу құралдары арқылы бұл мерзім 5–6 жылға дейін қысқартылды. [9]. Үлкен деректер базаларын ЖИ көмегімен виртуалды тексеру және функционалдық топтарды модельдеу арқылы өзгерту мүмкіндігі бұл үдерісті жылдамдатады. Дәстүрлі әдістер кезінде FDA мақұлдаған дәрілік препаратты әзірлеу 10–15 жылға созылып, жалпы шығындар кемінде 2–5 миллиард долларды құрайтын. Қазіргі заманғы әдістер, соның ішінде ЖИ машиналық оқыту және имитациялық зерттеулер, жаңа дәрілерді әзірлеу мерзімін қысқарту, сондай-ақ жанама әсерлер мен қарсы көрсеткіштерді барынша азайту мақсатында қолданылады[10].



Сурет 1 - Жасанды интеллект құралдарын теориялық/органикалық химия бағдарламалық қамтамасыз етуімен біріктіре отырып нөлден жаңа дәрілік заттарды әзірлеу

Дәрілік заттарды әзірлеу орталықтарының ғылыми қоғамдағы маңызы

In silico форматында жасанды интеллектті қолданатын зерттеулер молекулалардың байланысу ықтималдықтарын wetlab эксперименттерін бастамас бұрын тексеруге мүмкіндік береді. Бұл дәрілік заттың қажетті молекуласын іздеуге кететін уақытты үнемдеуге септігін тигізеді. Дегенмен, дәстүрлі зертханалар химиялық және биологиялық реагенттерді үнемі сатып алуды талап етеді. In silico модельдеу химиялық және фармацевтикалық синтез шығындарын азайтқанда, компьютерлік модельдеу арқылы дәрілік заттарды әзірлеу (de novo drug design) жүздеген химиялық құрылымдарды қамтып, мақсатты молекула/рецепторға сәйкес, ауру немесе симптомдарды ингибиторлайтын дәрі формулаларын іздеуге мүмкіндік береді. [11]. Біздің білім беру және зерттеу орталығымыздың қызметі қатерлі ісік жасушаларында апоптозды индуцирлейтін жаңа дәрілік заттардың байланысу механизмдерін ашуға бағытталған. Гендерді сайленсинг факторлары, нуклеотидтердің региоселективтік

факторлары және ДНҚ домендерін таңдау факторлары, әзірленетін дәрілік заттардың функционалдық топтарының өзгеруіне тәуелді, әлі зерттелмеген салалар болып табылады. Осыған байланысты, адамдардағы қатерлі ісік ауруларының таралуы күннен-күнге қарқынды өсіп отырғандықтан, қарсы ісік препараттарын әзірлеу есептеу химиясы және медициналық химия салаларында негізгі зерттеу бағыттарының бірі болып отыр[12].

Молекулалық докинг және молекулалық динамика бағдарламалық қамтамасыз етуі қазір жасанды интеллект құралдарының бақылауында.

Медициналық химия және онкологиялық зерттеулер саласында жасанды интеллектті интеграциялау арқылы инновациялық органикалық фармацевтикалық препараттарды әзірлеу стратегияның негізгі тұсына айналды (Сурет 2). Бұл тек ДНҚ-ға бағытталған әсерден тыс, күрделі жолдарға, сондай-ақ РНҚ және ақуыз молекулаларына бағытталған кешенді тәсілді қамтиды[13].



Сурет 2 - Молекулалық докинг – аурулардағы мақсатты молекулаларға арналған дәрілік заттың құрылымын іздеудің негізгі құралы

Қазіргі жағдайда фармацевтикалық компаниялар химиотерапиялық препараттарды артық өндірілетін дәуірді бастан кешіріп отыр, олардың құрамында көбінесе мақсатты емес молекулалар бар. Бұл мәселені белсенді ғылыми ынтымақтастық арқылы шешуге болады. Дегенмен, ғылыми тарихта кейбір қарсы ісік дәрілері синтезделіп, қолданылған, олар нақты элементтерге бағытталған болса да, олардың әрекет ету механизмдері әлі толық түсінілмеген. Фармацевтика әлемінде FDA мақұлдаған қарсы ісік препараттары бар, бірақ олардың механизмдері әлі жұмбақ күйінде қалып отыр. Жасушалардың биологиялық ерекшеліктерін және осы препараттардың әсерін ашу олардың мүмкіндіктерін бұрын-соңды болмаған деңгейге көтеруі мүмкін. Қатерлі ісік жасушаларының ДНҚ-сымен қандай молекулалық домендердің өзара әрекеттесетінін, байланысу жолдарын және тұрақтандыру механизмдерін зерттеу болашақ дәрілерді әзірлеу үшін баға жетпес ақпарат береді[14]. Бұл зерттеудің орталық объектісі – ДНҚ-ға зақым келтіретін химиотерапиялық агенттер; көбінесе екіжіпшелі

ДНҚ-ны байланыстыратын және ажырататын ықшам цитостатикалық молекулалар. Олардың ішіндегі ең тиімділері қатерлі ісік ДНҚ-сын интеркальдеу арқылы әсер ететін молекулалар болып табылады. Мұндай байланыс құрылымдық және наномеханикалық қасиеттерді өзгертіп, қатерлі ісік жасушаларының пролиферациясын бұзып, апоптозды бастайды. [15]. Цитотоксикалық препараттар, жасуша бөлінуіне әртүрлі жолдармен әсер ететін, осы процесті басуға бағытталған және соңғы мақсат ретінде иесінің организмінде қатерлі ісікті жоюға ұмтылады. Онкология саласындағы фармацевтикалық препараттарды әзірлеу бағыты тұрақты түрде эволюцияланып келеді, мақсат – қатерлі ісік ДНҚ-сын үндемейтін ету, яғни олардың ақуыздарының экспрессиясын басу немесе ДНҚ құрылымын қайтымсыз бұзу арқылы. ДНҚ-ға бағытталған дәрілерді әзірлеуде бұл жоғары мақсатқа жету гендердің жұмысын басу арқылы, канавкаларға байланыс әдістерін қолдану, сыртқы фосфодиэфирлік байланыс арқылы ДНҚ-ны өшіру немесе интеркальдау арқылы спиральдық жіптерді жою арқылы іске асады. Бұл тәсілдердің теориялық негіздері көпспектроскопиялық эксперименттік әдістермен (мысалы, FTIR, ЯМР, абсорбциялық спектроскопия және т.б., Сурет 3 көрсетілгендей) және in vitro жасушалық линияларды тежеп тексеруді, сондай-ақ in vivo, ex vivo және адам организмінде одан әрі зерттеулерді қажет етеді.



Сурет 3 - Теориялық ЯМР құралдарын қолдана отырып, дәрілік заттың құрамын сипаттау, 1 сағаттық зерттеу

Бұл маңызды қадам теориялық есептеулер мен практикалық қолданулар арасындағы алшақты жеңуге мүмкіндік береді, дәрілердің жасырын әрекет ету механизмдерін ашып, олардың мүмкіндіктерін жан-жақты түсінуді қамтамасыз етеді. Осы үздіксіз ізденіс аясында

фармацевтикалық химияға арналған дерекқорлар мұқият таңдалып, зерттелетін дәрілердің қасиеттерін дәл көрсетуге бағытталады.

Қорыта келгенде, дәрілік заттарды әзірлеудің болашағы, әсіресе онкологиялық зерттеулер сияқты салаларда, олардың шығу тегіне қарамастан, молекула-нысандарға дәл бағытталған әсер етуге негізделеді. Онкологиядағы жасанды интеллект негізіндегі модельдеуде қатерлі ісік түрлерінің дәстүрлі жіктелуі жойылып, тек молекула-нысандар мен олардың құрылымдық ерекшеліктері зерттеледі. Бұл жасанды интеллектті қолданатын интеграцияланған есептеу зерттеулерінің маңыздылығын және ғылымдағы ауқымды өзгерістерді көрсетеді.Біздің жүргізіп жатқан зерттеулеріміз әртүрлі дәрілік заттар туралы перспективалы нәтижелер алуға мүмкіндік берді және органикалық фармацевтикалық химия саласындағы дерекқорымызды құнды мәліметтермен толықтырды, әсіресе функционалдық топтардың рөлін түсінуде маңызды болды. Дәрілік заттар құрамындағы әртүрлі функционалдық топтардың аффинділігін, байланысу дәрежесін, байланысу тәсілдерін және нуклеотидтердің региоселективтілігін жан-жақты зерттеу арқылы біз маңызды салыстырмалы талдаулар жүргізе алдық. Бұл талдау компьютерлік модельдеу, жасанды интеллект бағдарламалық қамтамасыз етуі және мультиспектроскопиялық зерттеулер нәтижелерінің сәйкестігін қарастыруды қамтиды. Осындай кешенді тәсіл жаңа әсерлерді болжауға, сондай-ақ жаңадан әзірленген дәрілерді қайта қолдану мүмкіндіктерін анықтауға мүмкіндік береді. Негізгі мақсат – жоғары тиімділікке ие, ұзақ әсер ететін, уыттылығы төмен және нақты региоселективті бағытталуға ие дәрілік заттарды әзірлеу болып табылады.

Әдебиеттер

1. Tokay I, Agar S, Elmas M. The Significance of Artificial Intelligence in University Education System and Course Syllabuses. CE [Internet]. 2024 [cited 2024 Aug 28]; 15(05): 739–49.
2. Arslan M, İskender M, Aydoğan İ, Ersözlü Z, editors. Eğitim bilimine giriş. First edition. Ankara: Gündüz Eğitim ve Yayıncılık; 2009.
3. Onur J. Geleceğin eğitimi eğitimcinin geleceği. 2019 Apr 20; Maltepe University, Istanbul.
4. Heying HE, Weinstein B. A hunter-gatherer’s guide to the 21st century: evolution and the challenges of modern life. First edition. New York: Portfolio; 2021. 1 p.
5. Tokay I. Attitudes of English Teachers who work in the IB programs towards technology during the period of distance learning [Unpublished Master’s Thesis]. [Maltepe, Istanbul]: Maltepe University; 2022.

6. Lolinco AT, Holme TA. Developing a Curated Chatbot as an Exploratory Communication Tool for Chemistry Learning. J Chem Educ [Internet]. 2023 Oct 10 [cited 2024 Jun 30]; 100(10): 4092–8.

7. Sabharwal A, Selman B. Book review. Artificial Intelligence [Internet]. 2011 Apr [cited 2024 Jun 30]; 175(5–6): 935–7. Available from: https:// linkinghub.elsevier.com/ retrieve/pii/ S0004370211000142.

8. Lawrie G. Establishing a delicate balance in the relationship between artificial intelligence and authentic assessment in student learning. Chem Educ Res Pract [Internet]. 2023 [cited 2024 Jun 30]; 24(2): 392–3.

9. Taasoobshirazi G, Carr M. A review and critique of context-based physics instruction and assessment. Educational Research Review [Internet]. 2008 Jan [cited 2024 Jun 30]; 3(2): 155–67. Available from: https:// linkinghub.elsevier.com/ retrieve/ pii/ S1747938X08000043.

10. Rahman MdM, Watanobe Y. ChatGPT for Education and Research: Opportunities, Threats, and Strategies [Internet]. 2023 [cited 2024 Jun 30]. Available from: https:// www.preprints.org/ manuscript/202303.0473/v1.

11. Elmas R, Akın FN, Geban Ö. Ask a Scientist Website: Trends in Chemistry Questions in Turkey. Asia-Pacific Edu Res [Internet]. 2013 Nov [cited 2024 Jun 30]; 22(4): 559–69. Available from: http:// link.springer.com/10.1007/s40299-013-0058-0.

12. Cooper G. Examining Science Education in ChatGPT: An Exploratory Study of Generative Artificial Intelligence. J Sci Educ Technol [Internet]. 2023 Jun [cited 2024 Jun 30]; 32(3): 444–52. Available from: https://link.springer.com/10.1007/s10956-023-10039-y.

13. West JK, Franz JL, Hein SM, Leverentz-Culp HR, Mauser JF, Ruff EF, et al. An Analysis of AI-Generated Laboratory Reports across the Chemistry Curriculum and Student Perceptions of ChatGPT. J Chem Educ [Internet]. 2023 Nov 14 [cited 2024 Jun 30]; 100(11): 4351–9.

14. . Labster. Labster. Labster | Virtual Labs for Universities and High Schools. 2024.

15. Socratic. Socratic [Internet]. Get unstuck. Learn better. | Socratic. 2024. Available from: https://socratic.org/.

ОӘЖ 004.89

Orymbetova G.E., Mussirepova A.A., Orymbetov E.M.

South Kazakhstan Medical Academy, Shymkent c.

APPLICATION OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE IN THE OPTIMIZATION OF ENGINEERING PROCESSES

Abstract

The article examines the possibilities of applying artificial intelligence technologies to optimize engineering processes in industry. Special attention is paid to the use of intelligent data analysis methods to improve the efficiency of technological systems, optimize process parameters, and enhance equipment quality control. An analytical review of modern studies with a comparative analysis of results was carried out, demonstrating the practical significance of implementing AI in production and engineering processes.

Objective: *To study the possibilities of applying artificial intelligence for optimizing engineering processes.*

Methods: *Analytical review of scientific literature, comparative analysis, and systematization of research results were used.*

Results: *It was found that artificial intelligence technologies make it possible to optimize process parameters, predict equipment performance, improve quality control, and increase production efficiency.*

Conclusion: *The implementation of artificial intelligence in engineering systems improves the efficiency, reliability, and quality of production processes.*

Keywords: *artificial intelligence, technological processes, engineering, optimization, quality control.*

Орымбетова Г.Э., Мусрепова А.А., Орымбетов Э.М.

Южно-Казахстанская медицинская академия, г.Шымкент

ПРИМЕНЕНИЕ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА ДЛЯ ОПТИМИЗАЦИИ ИНЖЕНЕРНЫХ ПРОЦЕССОВ

Аннотация

В статье рассматриваются возможности применения технологий искусственного интеллекта для оптимизации инженерных процессов в промышленности. Особое внимание уделяется использованию методов интеллектуального анализа данных с целью повышения эффективности технологических систем, оптимизации параметров процессов и улучшения контроля качества оборудования. Проведен аналитический обзор современных исследований,

а также сравнительный анализ результатов, демонстрирующий практическую значимость внедрения искусственного интеллекта в производственные и инженерные процессы.

Цель: *Изучить возможности применения искусственного интеллекта для оптимизации инженерных процессов.*

Методы: *Использованы аналитический обзор научной литературы, сравнительный анализ и систематизация результатов исследований.*

Результаты: *Установлено, что технологии искусственного интеллекта позволяют оптимизировать технологические параметры, прогнозировать работу оборудования, улучшать контроль качества и повышать эффективность производства.*

Выводы: *Внедрение искусственного интеллекта в инженерные системы повышает эффективность, надежность и качество производственных процессов.*

Ключевые слова: *искусственный интеллект, технологические процессы, инженерия, оптимизация, контроль качества*

Орымбетова Г.Э., Мүсірепова А.А., Орымбетов Э.М.
Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Шымкент қ.

ИНЖЕНЕРЛІК ПРОЦЕСТЕРДІ ОҢТАЙЛАНДЫРУ ҮШІН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ҚОЛДАНУ

Аңдатпа

Мақалада жасанды интеллект технологияларының өнеркәсіптегі инженерлік процестерді оңтайландыру үшін қолдану мүмкіндіктері қарастырылады. Технологиялық жүйелердің тиімділігін арттыру, процесс параметрлерін оңтайландыру және жабдықтың сапасын бақылауды жақсарту үшін интеллектуалды деректер талдау әдістерін пайдалануға ерекше назар аударылады. Жасанды интеллектті өндіріс пен инженерлік процестерге енгізудің практикалық маңыздылығын көрсететін заманауи зерттеулерге аналитикалық шолу, сондай-ақ нәтижелердің салыстырмалы талдауы жүргізілді.

Зерттеудің мақсаты: Жасанды интеллектіні инженерлік процестерді оңтайландыруда қолдану мүмкіндіктерін зерттеу.

Әдістері: Ғылыми әдебиеттерге аналитикалық шолу, салыстырмалы талдау және нәтижелерді жүйелеу әдістері қолданылды.

Нәтижесі: Жасанды интеллект технологиялары технологиялық параметрлерін оңтайландыруға, жабдықтың жұмысын болжауға, сапаны бақылауды жақсартуға және өндіріс тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретіні анықталды.

Қорытынды: Жасанды интеллектіні инженерлік жүйелерге енгізу өндірістің тиімділігін, сенімділігін және сапасын арттырады.

Кілт сөздер: жасанды интеллект, технологиялық процестер, инженерия, оңтайландыру, сапаны бақылау.

Кіріспе

Қазіргі заманғы инженерлік жүйелер жоғары күрделілікпен, өзара байланысты параметрлердің көптігімен және процесс жағдайларының ауытқуларына жоғары сезімталдықпен сипатталады. Мұндай жүйелерді басқару дәстүрлі түрде айтарлықтай еңбек шығындарын қажет етеді және әрқашан оңтайлы нәтиже бере бермейді.

Соңғы жылдары өндіріс тиімділігін арттыру және шығындарды азайту үшін механикалық оқыту және терең оқыту әдістері жиі қолданыла бастады. Олар үлкен деректерді талдауға, жасырын үлгілерді анықтауға, процесс параметрлерінің ауытқуларын болжауға және жабдықтың жұмыс режимдерін оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Бұл жұмыстың мақсаты - технологиялық процестерде жасанды интеллекттің қолданылу салаларын зерттеу, заманауи зерттеулерге аналитикалық шолу жасау және интеллектуалды технологияларды енгізу нәтижелеріне салыстырмалы талдау жасау.

Төменде жасанды интеллекттің қолдану бағыттарының жіктелуі келтірілген (Кесте 1).

Кесте 1. ЖИ қолдану бағыттарының жіктелуі

ЖИ қолдану бағыты	Негізгі міндеттер	Әдістері/ технологиялары	Қолдану мысалдары
Процестерді оңтайландыру	Параметрлерді реттеу, ресурстарды үнемдеу, цикл уақытын қысқарту	Машиналық оқыту, оңтайландыру алгоритмдері	Кептіру, араластыру, термиялық өңдеу, химиялық реакциялар
Жабдықты мониторингтеу және диагностикалау	Болжамды техникалық қызмет көрсету, ауытқуларды анықтау, апаттардың алдын алу	Болжамдық аналитика, нейрондық желілер және датчиктер	Сорғылар, компрессорлар, реакторлар, жылуалмастырғыштар
Өнім сапасын бақылау	Көрнекі тексеру, материалдың құрамы мен қасиеттерін талдау	Computer Vision, Deep Learning	Таблеткалар, капсулалар, ұнтақтар, ерітінділер

Үлкен деректерді талдау және өңдеу	Жасырын үлгілерді анықтау, сандық модельдерді құру	Үлкен деректерді талдау, сандық егіздер, деректерді өндіру	Реакторлық процестер, энергетикалық жүйелер, өндірістік желілер
Басқаруды автоматтандыру	Автоматты басқару, шешім қабылдауды қолдау	Интеллектуалды басқару жүйелері	Химиялық қондырғылар
Болжау және жоспарлау	Параметрлердің ауытқуларын болжау, ресурстарды жоспарлау	Машиналық оқыту, болжамдық аналитика	Кептіргіштердің жұмыс кестесі, жүктемені теңгеру, операцияларды жоспарлау

Материалдар мен әдістер

Зерттеуде соңғы 10 жылдағы ғылыми басылымдардан алынған, инженерлік процестерде және деректерді өндіру әдістерінде жасанды интеллектті қолдану бойынша деректер пайдаланылды. Негізгі назар өнеркәсіпте жасанды интеллектті қолдану бойынша зерттеулерге аударылды. Талдау үшін технологиялық процестерден алынған үлкен деректерді өңдеуге арналған заманауи терең оқыту әдістері мен алгоритмдері пайдаланылды.

Зерттеу кезеңдері:

Ғылыми әдебиеттерді талдау (инженерлік процестерде ЖИ қолдану бойынша деректерді жинау және жүйелеу)
Қолдану бағыттарын жіктеу (интеллектуалды технологияларды енгізудің негізгі салаларын бөлу)
Нәтижелерге салыстырмалы талдау жасау (жарияланған зерттеулер негізінде ЖИ-дің әртүрлі әдістерінің тиімділігін салыстыру)
Қорытындылар мен ұсынымдар (инженерлік жүйелерде ЖИ қолдану перспективаларын тұжырымдау)

Төменде ғалымдардың зерттеу нәтижелеріне салыстырмалы талдау берілген (Кесте 2).

Кесте 2. Зерттеу нәтижелерінің салыстырмалы талдауы

Автор	**Қолдану саласы**	**ЖИ әдістері**	**Негізгі нәтижелер**	**Қорытындылар**
Smith J. [1]	Өндірістік желілер	Машиналық оқыту, болжамдық модельдер	Материал қасиеттерін дәл болжау және оларды оңтайландыру	ЖИ материал қасиеттерін болжау дәлдігін арттырады, жаңа материалдарды әзірлеу уақытын қысқартады
Kumar A. және т.б. [2]	Жеткізу тізбектерін басқаруда	Машиналық оқыту, Болжамдық	Сұранысты болжау және қорларды басқару	ЖИ жеткізу тізбектерінің тиімділігі мен

		аналитика, Үлкен деректер	дәлдігін арттыру. Логистикалық шығындарды қысқарту	тұрақтылығын арттырады
Не С. және т.б. [3]	Химия өнеркәсібі	Машиналық оқыту, терең оқыту	Технологиялық процестерді оңтайландыру. Үлкен деректерді өңдеу және заңдылықтарды анықтау	ЖИ молекулалар мен реакциялар қасиеттерін болжау дәлдігін арттырады
Jin J. [4]	Өнеркәсіптік өндіріс	Интеллектуалды деректер талдауы (Бақылау, оқуды нығайту)	Жабдық ақауларын болжау дәлдігін 90–95% дейін арттыру	Үлкен деректерді талдау жүйенің сенімділігін жақсартады: болжамды техникалық қызмет көрсету, тоқтап қалу уақытын азайту
Wan G. [5]	Фармацевтикалық өндірістік желілер	Нейрондық желілер, Терең оқыту	Ауытқуларды болжаудың жоғары дәлдігі, 95–98%. Инспекция уақытын қысқарту	ЖИ ақаулы өнімнің алдын алады және шикізат шығынын азайтады
Zhuojun Li және т.б. [6]	Фармацевтикалық өндірістік желілер	Нейрондық желілер, Терең оқыту	Таблетка ақауларын анықтаудың жоғары дәлдігі, 95%. Тексеру уақытын қысқарту	Көрнекі тексеру өнімнің тұрақтылығын жақсартады және қателіктер ықтималдығын азайтады.
Шматин А.К. [7]	Өндірістік процестер	Бейнемониторинг және сапаны машиналық бақылау	ЖИ-ді оңтайландыру құралы ретінде қолдану тиімділігі: сапаны бақылаудағы қателер санын азайту, нормадан ауытқуларды	ЖИ-ді сапа менеджментіне енгізу технологиялық процестерді оңтайландырады

			анықтау процесін жеделдету	
Мухаметжанова Б. [8]	Өндірістік желілер	Нейрондық желілер, мониторинг	Ақауларды 95–98% дәлдікпен анықтау. Сапаны бақылауға кететін уақыт пен шығындарды 3–5 есе азайту	Ақауларды анықтаудың жоғары дәлдігін, жылдамдығын және сенімділігін қамтамасыз етеді. ЖИ өнімділікті арттырып, шығындарды азайтады

Салыстырмалы талдаудың қорытындылары:

- Жасанды интеллект процестерді басқарудың тиімділігі мен дәлдігін арттырады;

- Апаттар, тоқтап қалулар және өнім ақауларының қаупін азайтады;

- Жасанды интеллект негізіндегі сапа бақылауы соңғы өнімнің тұрақтылығын қамтамасыз етеді;

- Жасанды интеллект әдістері химия, фармацевтика, энергетика және өндіріс салаларында қолданылады.

Зерттеу нәтижелері

Жүргізілген ғылыми әдебиеттерді талдау жасанды интеллект технологияларын пайдалану инженерлік процестерді оңтайландырудың тиімді құралы екенін көрсетті.

Инженерлік процестерде жасанды интеллекттің негізгі қолданылу салаларына мыналар жатады:

- процесс параметрлерін оңтайландыру;

- жабдықтың жағдайын болжау;

- өндірістік деректерді талдау;

- басқару процестерін автоматтандыру.

Интеллектуалды алгоритмдерді пайдалану процесс параметрлерін болжауда дәлдікті арттыруға, өндіріс шығындарын азайтуға және өнім сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, машиналық оқыту әдістерін қолдану инженерлік жүйелердің сенімділігін арттыруға және төтенше жағдайлардың ықтималдығын азайтуға көмектеседі.

Талқылау

Аналитикалық шолу жасанды интеллекттің инженерияға белсенді түрде енгізіліп жатқан негізгі құрал екенін көрсетеді. Оны пайдалану тиімділікті айтарлықтай арттырады және

жобалаудан бастап дайын өнімге дейінгі әртүрлі өндіріс кезеңдерінің орындалуын дәл анықтайды.

Ең жақсы артықшылығы - автоматтандыру, яғни ол үлкен деректерді талдай алады, үлгілерді анықтай алады және оңтайлы шешімдер ұсына алады. Бұл жағдайда ол энергетика, механика, технологиялық және жабдық салалары үшін пайдалы болар еді, мұнда шағын ауытқулар айтарлықтай шығындарға әкелуі мүмкін.

Жасанды интеллект нысанды модельдеу процестерінде қолданылуы мүмкін. Бұл белгілі бір қасиеттері бар әртүрлі дизайн нұсқаларын жасауға мүмкіндік береді, бұл кейіннен оңтайлы нұсқаны таңдауға мүмкіндік береді. Бұл дайын өнімді өндіруді жеделдетуге көмектеседі, сонымен қатар жаңа инновациялық тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік береді.

Жасанды интеллектті пайдалану ресурстарды басқаруды оңтайландыруға және шығындарды азайтуға көмектеседі. Алдын ала талдау жабдықтар мен құрылғылардың ықтимал ақауларын анықтап, өндірістік апаттардың алдын алуға мүмкіндік береді. Ұсынылған жасанды интеллектке негізделген жүйелер заманауи, үнемі өзгеріп отыратын жағдайларға бейімделуге мүмкіндік береді.

Өндіріс процесіне жасанды интеллектті енгізу келесі мәселелерді шешуді талап етеді. Біріншіден, модель жасау үшін жоғары сапалы және сенімді көрсеткіштер өте маңызды. Келесі мәселе - жасанды интеллект шешімдерін түсіндіру. Ал үшіншісі - инженерлік технологиялар мен цифрландырудың қиылысында тиімді жұмыс істей алатын мамандарды даярлау.

Қорытынды

Жасанды интеллект технологияларын пайдалану инженерлік процестерді оңтайландыру үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Деректерді талдау әдістері мен интеллектуалды алгоритмдерді пайдалану келесі мүмкіндіктерді береді:

- процесс параметрлерін тиімді басқару;
- ауытқуларды болжау және ақаулардың алдын алу;
- жабдықтың сенімділігін арттыру және энергия шығындарын азайту;
- өнім сапасы мен тұрақтылығын жақсарту.

Жасанды интеллекттің заманауи өнеркәсіптік автоматтандыру жүйелерімен интеграциялануы өнеркәсіптік кәсіпорындар үшін жоғары тиімділік пен бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз етеді. Болашақта инженерлік жүйелерді кешенді оңтайландыру үшін интеллектуалды технологияларды пайдалану және цифрландыру кеңейеді деп күтілуде.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Smith, J. (2023). Effects of Machine Learning Algorithms for Predicting and Optimizing the Properties of New Materials in the United States. European Journal of Physical Sciences, 6(1), 23–34. DOI:10.47672/ejps.1444

2. Kumar, A., Divya, Kashyap, R., Kataria, P., Kumar, A. (2024). The Expected Contribution of Artificial Intelligence (AI) Adoption in Supply Chain Management. American Journal of Artificial Intelligence, 8(2), 63–67. DOI:10.11648/j.ajai. 20240802.15

3. He C., Zhang C., Bian T., Jiao K., Su W., Wu K.-J., Su A. A Review on Artificial Intelligence Enabled Design, Synthesis, and Process Optimization of Chemical Products for Industry 4.0 // Processes. — 2023. — Vol. 11(330), No. 2. - DOI:10.3390/pr11020330.

4. Jin J. Enhancing Manufacturing Performance with AI and Machine Learning: Applications in Predictive Maintenance and Production Optimization. // Applied and Computational Engineering. 2025. Vol.140. P. 85-90. DOI: https://doi.org/10.54254/2755-2721/2025.21393

5. Wan J., Li X., Dai H.-N., Kusiak A., Martinez-Garcia M., Li D. Artificial-Intelligence-Driven Customized Manufacturing Factory: Key Technologies, Applications, and Challenges // Proceedings of the IEEE. —2021.—Vol.109, No.4, pp.377–398. — DOI:10.1109/JPROC.2020.3034808.

6. Zhuojun Li, Yueyang Cao, Weikang Shi. Deep learning algorithm based tablet drug screening system // Academic Journal of Engineering and Technology Science. — 2023. — Vol.6, No.5. - DOI:10.25236/AJETS.2023.060508.

7. Шматин А.К., Пантелеев А.С. Будущее управление качеством: искусственный интеллект как ключевой инструмент оптимизации процессов // Оборудование и технологии для нефтегазового комплекса - № 1(139) - 2024

8. Мухаметжанова Б. Современные подходы к автоматизированному выявлению дефектов на производственных предприятиях //Вестник КазАТК.- № 3(138) - 2025.

УДК 615.45:378.147:004.8

Shoinbayeva G., Sagindykova B., Toxanbayeva Zh., Anarbayeva R., Nurbayeva S.
South Kazakhstan Medical Academy, Shymkent, Kazakhstan

TEACHING THE DISCIPLINE “TECHNOLOGY OF DOSAGE FORMS” TO PHARMACY FACULTY STUDENTS USING ARTIFICIAL INTELLIGENCE

Abstract.

Objective: to evaluate the effectiveness of using artificial intelligence (AI) tools in teaching the discipline "Technology of Dosage Forms" to pharmacy students and to improve the educational process.

Methods: analysis of scientific literature, development of a modular course structure, implementation of AI tools (adaptive testing, chatbots, content generators), and assessment of learning outcomes.

Results: the use of AI was found to enhance student motivation, deepen theoretical knowledge, and improve practical skills. An increase in learning effectiveness and the level of professional competencies was also observed.

Conclusions: the integration of AI into the educational process improves the quality of teaching the discipline "Technology of Dosage Forms"; however, technical and methodological aspects of implementation must be considered.

Keywords: pharmaceutical technology, artificial intelligence, education, methodological approaches, online platforms

Шойнбаева Г.Б., Сагиндыкова Б.А., Токсанбаева Ж.С., Анарбаева Р.М., Нурбаева С.Е.

АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» , Шымкент, Казахстан

ОБУЧЕНИЕ ДИСЦИПЛИНЕ «ТЕХНОЛОГИЯ ЛЕКАРСТВЕННЫХ ФОРМ» ОБУЧАЮЩИХСЯ ФАРМАЦЕВТИЧЕСКОГО ФАКУЛЬТЕТА С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА

Аннотация.

Цель исследования*: оценить эффективность применения инструментов искусственного интеллекта (ИИ) при обучении дисциплине «Технология лекарственных форм» студентов фармацевтического факультета и совершенствовать образовательный процесс.*

Методы*: анализ научной литературы, разработка модульной структуры курса, внедрение ИИ-инструментов (адаптивное тестирование, чат-боты, генераторы контента) и оценка учебных результатов.*

Результаты: *установлено, что применение ИИ способствует повышению мотивации обучающихся, углублению теоретических знаний и улучшению практических навыков. Также*

отмечено повышение эффективности обучения и уровня сформированности профессиональных компетенций.

Выводы: *интеграция ИИ в образовательный процесс повышает качество обучения дисциплине «Технология лекарственных форм», однако требует учета технических и методических аспектов внедрения.*

Ключевые слова: *технология лекарственных средств, искусственный интеллект, образование, методические подходы, онлайн-платформы.*

Шойнбаева Г.Б., Сағындықова Б.А., Тоқсанбаева Ж.С., Анарбаева Р.М., Нұрбаева С.Е.
«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ, Шымкент, Қазақстан

ФАРМАЦИЯ ФАКУЛЬТЕТІНІҢ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА «ДӘРІЛІК ТҮРЛЕР ТЕХНОЛОГИЯСЫ» ПӘНІН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ

Аннотация.

Зерттеудің мақсаты: фармацевтикалық факультет білім алушыларына «Дәрілік түрлер технологиясы» пәнін оқытуда жасанды интеллект (ЖИ) құралдарын қолданудың тиімділігін бағалау және білім беру процесін жетілдіру.

Әдістері: ғылыми әдебиеттерді талдау, оқу курсының модульдік құрылымын әзірлеу, ЖИ құралдарын (адаптивті тестілеу, чат-боттар, мазмұн генераторлары) енгізу және оқу нәтижелерін бағалау.

Нәтижесі: ЖИ қолдану білім алушылардың оқу мотивациясын арттырып, теориялық білімдерін тереңдетуге және практикалық дағдыларын жақсартуға ықпал ететіні анықталды. Сонымен қатар, оқыту тиімділігінің және кәсіби құзыреттердің қалыптасу деңгейінің артқаны байқалды.

Қорытынды: ЖИ-ді білім беру процесіне интеграциялау «Дәрілік түрлер технологиясы» пәнін оқыту сапасын арттырады, алайда оны енгізуде техникалық және әдістемелік аспектілерді ескеру қажет.

Кілт сөздер: дәрілер технологиясы, жасанды интеллект, білім беру, әдістемелік тәсілдер, онлайн платформалар.

Кіріспе. Білім алушыларға сабақ беру барысында дәрілік түрлерді олардың физика-химиялық қасиеттерін, дайындау ерекшеліктерін ескере отырып дұрыс дайындауды үйрету

маңызды. Фармацевтикалық білім сапасын арттыру мақсатында білім беру стандарттары (жоғары кәсіптік білім, бакалавриат, 6В10106 - «Фармация» ББ) фармацевт дипломын алатын білім алушылардың кәсіби құзыреттерін нақты көрсетеді. Олардың ішінде «Дәрілік түрлер технологиясы» секілді дисциплина бар [1,2]. Сонымен бірге, қазіргі ЖИ технологиялары білім беру процесін жаңғыртуға үлкен мүмкіндік береді. Бұл мақалада дәрілік түрлер технология курсын оқытуда ЖИ қолданудың тиімді әдістемесі ұсынылады.

Мақсат – білім беру процесін жетілдіру, білім алушылардың практикалық дағдыларын нығайту және біліктілік талаптарын биіктету.

Міндеттер: дәрілік түрлер технологиясы бойынша заманауи зерттеулерді талдау, білім алушылардың құзыреттері мен оқу мазмұнын сәйкестендіру, ЖИ құралдарын сабаққа енгізу формаларын жасау, игерілген білім мен дағдыларды бағалау жоспарын ұсыну.

Фармация мамандығының оқу бағдарламасының негізгі мақсаттары – білім алушыларды кәсіби құзыреттеріне сай даярлау. Фармацевт дипломын алатын түлектерге қойылатын кәсіптік құзыреттерге дәрілік түрлерді дайындау қабілеті ерекше маңызға ие [2]. Бұл құзыреттерді қалыптастыру үшін білім алушыларға теориялық біліммен қатар, практикалық дағдыларды да игерту қажет. Мысалы, дәрілік түрлерді дайындау (тәжірибелік есептеулерді жүргізу, қажетті пропорцияларды ұстану, реактивтер мен қоспаларды дұрыс пайдалану), дәрілік түрді дайындау кезінде әрбір ингредиенттің мөлшерін дәл есептеу, микстураларды тең көлемде араластыру, санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау міндетті. Оқу бағдарламаларына сәйкес, білім алушылар дәрілік түрлердің, белсенді субстанциялар мен көмекші заттардың қасиеттерін және рецептура стандарттарын оқиды. Зертханалық сабақтарда ұнтақтар, жағар майлар, таблетка, ерітінді және т.б. дәрілік түрлер дайындалады және олардың сапасы тексеріледі [3].

ЖИ білім беру саласын түбегейлі өзгертеді. Қазіргі таңда оқытуда қолданылатын ЖИ-инструменттерінің бірнеше маңызды түрі бар: компьютерлік симуляторлар, виртуалды және толықтырылған шынайылық, адаптивті тестілеу жүйелері, чат-боттар, материалдар генераторы және т.б. ЖИ негізіндегі технологиялар дәрілік түрлер технологиясын оқытуда жоғары нәтижелілікке ықпал етеді. Бұл құралдар білім алушылардың өз бетінше оқуына жағдай жасап, оқу материалын терең меңгеруге көмектеседі [4, 5]. Дегенмен, әр институт өз қажеттіліктерін ескере отырып, тиісті ресурстар мен оқытушы қабілетін бақылап отыруы қажет. Мысалы, симуляторларды, VR-лабораторияларды және чат-боттарды үйлесімді

пайдалану керек, себебі әрқайсысының артықшылығы бар [6]. Осы шолулар бізге методиканы құрастыру кезінде ғылымдағы осы бағыттардың жетістіктерін ескеру керектігін көрсетті.

Зерттеу материалы мен әдістері

Зерттеу материалы ЖИ мүмкіндіктерін фармация факультетінің білім алушыларына дәрілік түрлер технологиясы пәнін өтуде тиімді қолдану.

Дәрілік түрлер технологиясы пәнін модульдерге бөліп қарастырсақ, әр модуль тақырыбы бойынша теориялық және практикалық компоненттерден тұрады. Мысалы:

- Дәріханалық технология негіздері: дәрілік түрлер, субстанциялар, рецепт мазмұны және фармакопея негіздері.

- Дозалау және ингредиенттер: физиологиялық дозаны есептеу (жоғары бір реттік, жоғары тәуліктік дозаларын тексеру, жас ерекшеліктеріне, қолдану санына байланысты дозаны тексеру); дәрілік заттар мен қоспалардың түрлері (олардың қасиеттері, жанама оқыту құралдары); чат-бот көмегімен есептер шешу.

- Қатты дәрілік түрлер даярлау: ұнтақты, гранулалар дайындау, ЖИ көмегімен интерактивті талдау.

- Сұйық дәрілік түрлер даярлау: қоспаларды ерітіндіге айналдыру әдістері, концентрацияны есептеу, ЖИ қолдану.

- Жұмсақ дәрілік түрлерді даярлау: негізгі және көмекші компоненттерді араластыру технологиясы, ЖИ қолдану.

- Сапаны бақылау: дәрілік түрлердің физико-химиялық және технологиялық сапасын тексеру, ЖИ көмегімен зертханада алынған нәтижелерді талдау.

- Заңнама мен рецептура: заңдық нормалар, рецепт пішімдері, ЖИ көмегімен жазылған рецептің дұрыстығын тексеру).

- Қауіпсіздік және этика: зертханалық қауіпсіздік, фармацевтикалық этика принциптері, ЖИ-да қауіпсіздік ережелері бойынша дискуссия, чат-ботта этикалық кейстер жасау.

Нәтижелер

ЖИ көмегімен дайындалған адаптивті тестерлерді сабақтың басында өткізіп, білім алушының бастапқы деңгейін анықтауға болады. Әр модуль аясында білім алушы тәжірибе мен талдау жұмыстарын ЖИ құралдары арқылы тексере алады. Дәрілік түр дайындаудың нақты даярлау тәжірибесінен алдын білім алушы ЖИ көмегімен толық технология сатыларын

біліп меңгереді. Чат-боттарға мәселе қойып, олар арқылы үй тапсырмасын тексеру сияқты инновациялық әдістер де пайдаланылады.

Жоғарыдағы модульдер үшін сабақтың барысы, қолданылатын ЖИ-инструменттері мен бағалау критерийлері белгіленді, бұл теорияны практикада нығайтуға мүмкіндік береді. Сабақ сценарийі орындалу реті бойынша құрастырылып, блок-схема ретінде келесі сатылар ұсынылды: мақсат қою, оқу модульдерін жоспарлау, сабақтарды өткізу, практикалық жаттығулар, зертханалық тәжірибелер, чат-бот кейстері, оқу нәтижесін бағалау, нәтижелерді талдау, оқыту әдістемесін түзету, құзыреттерді меңгеру.

ЖИ құралдарын сабаққа интеграциялау:

- Адаптивті тестілеу: LMS (мысалы, Moodle) жүйесінде білім алушылардың деңгейіне қарай сұрақтар қатары өзгеріп отырады. Бұл әдіс оқу нәтижелерін дәл бағалап, әр білім алушының біліміне қажет бағытты анықтайды. Адаптивті тестілеу білім алушының әлсіз тұстарын анықтауға және оларға қосымша жаттығу жасауға мүмкіндік береді.
- Чат-боттар: чат-ботқа дәрінің даярлау технологиясы туралы сұрақ қояды, ал білім алушы дұрыс кеңесті таңдауы керек. Чат-бот арқылы алынған тәжірибе білім алушының мотивациясын көтереді, бірақ сонымен бірге чат-боттардың шынайы емес ақпарат беру қаупіне назар аудару қажет [6, 7].
- Мазмұн генераторы: ЖИ негізіндегі генераторлар (мысалы, ChatGPT) дәріс, тапсырмалар және тест сұрақтарын автоматты түрде дайындауға көмектеседі. Оқытушы тақырып пен қиындық деңгейін белгілей отырып, жүйеден оқу материалдарын алуына болады. Бұл оқытушыға материал дайындауға жұмсалатын уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді.
- ЖИ-ге негізделген басқа да платформалар білім беру процесін жетілдіруге елеулі үлес қосады. Мысалы, Claude AI ақпаратты құрылымдау және сұрыптау функцияларын тиімді жүзеге асырады, бұл үлкен көлемдегі мәліметтермен жұмыс істеуді жеңілдетеді. Kling AI жүйесі мәтіндік ақпаратты бейнеформатқа түрлендіріп, оқу материалдарын визуализациялауға мүмкіндік береді. Ал Lovable платформасы пайдаланушының идеясы негізінде автоматты түрде веб-сайт құру қызметін ұсынады. Сонымен қатар, Grok секілді жүйелер де ақпараттық-талдамалық мүмкіндіктері арқылы білім беру мен ғылыми зерттеулерде қолданылуда.Осылайша, ИИ құралдары дәстүрлі оқытуды толықтырып, интерактивтілігін арттыра түседі. Дегенмен негізгі білім мен бақылау функциясы әлі де оқытушының мойнында.

Білім алушылардың сабақ барысында игерген білімі мен дағдысын бағалау келесідей орындалады:

– Үздіксіз бақылау: ауызша сұрау, әр сабақтың соңында онлайн тесттер немесе кестелі тапсырмалар орындатылады.

– Аралық аттестация: өтілген сабақтың меңгерген қорытындысы ретінде өтілген материалдан тест немесе бақылау жұмысы өткізіледі.

– Қорытынды аттестация: курстың аяқталуына қарай емтихан өткізіледі.

– Оқу практикалары: практикалық тұрғыда өндірістік дәріханаларда дәрілік түрлерді дайындауды және оның сапасын тексеруді игеруі қажет.

Бағалау өлшемдері оқу нәтижелерімен сәйкес келтіріледі. Әр бөлшекті бағалау толығымен өтілген сабаққа негізделген және білім алушыларға кері байланыс беріледі.

Лабораториялық жұмыстар барысында еңбек қауіпсіздігі талаптары мен санитарлық-гигиеналық ережелер сақталуы тиіс. Білім алушыларға сабақтың басында қауіпсіздік-техникалық ереже жөнінде нұсқаулық өткізіледі, қолданылатын жабдықтар пен реактивтерді қауіпсіз пайдалануды, төтенше жағдайлар ережелерін үйретеді.

Алынған нәтижелер білім алушылардың құзырет деңгейінің өсуін және тәжірибелік дағдыларының жақсарғанын көрсетеді. Сабақ барысында ЖИ қолданудың негізгі қатерлері білім алушылардың бастапқы дайындығының әртүрлілігі мен техникалық ақаулар (мысалы, интернеттің болмауы) ескеріледі.

Талқылау

ЖИ құралдарын дәрілік түрлер технологиясы сабақтарына енгізу көптеген артықшылық береді. Ең алдымен, ЖИ құралдары білім алушыларға материалды өз бетімен меңгеруге көбірек еркіндік береді. ЖИ құралдарын тиімді қолдану үшін оқытушылардың да мамандандырылған дайындығы маңызды, олар технологияның мүмкіндіктері мен шектеулерін білуі керек.

Қорытынды

Мұғалімдерге ЖИ құралдарын қолданудың оқу методикасы бойынша семинарлар өткізу керек. Бұл олардың сабақты тиімді өткізуге дайын болуына септігін тигізеді. Білім алушыларға ЖИ-ді қолданудың этикалық аспектілерін үйрету қажет. Сондай-ақ ЖИ-инструменттерді қолдану бойынша оқулықтар мен нұсқаулықтарды енгізу керек. Келешекте фармацевтикалық мамандарды оқытуда ЖИ қолданудың кеңейтілген нұсқаларын, жаңа платформа мен

симуляторлар жасау, сондай-ақ білім беру сапасына тікелей әсерін зерттеу ұсынылады. Мысалы, жасанды интеллекті енгізілген ұлттық фармацевтикалық онлайн-курстар жасау мүмкіндігі қарастырылуы тиіс. Ғимараттың жабдықталуын кезең-кезеңімен кеңейту ді қолға алу керек: компьютерлік класс пен интернетті жақсарту, виртуалды симуляциялар мен VR-лабораториялар білім алушылардың VR-комплект алу.

Әдебиеттер тізімі:

1. Закон РК об образовании от 27 июля 2007 года № 319-III.

2. Об утверждении государственных общеобязательных стандартов по уровням образования в области здравоохранения Приказ МЗ РКот 4 июля 2022 года № ҚР ДСМ-63.

3. L. Kattan, Sh. Moideen, A. Abdelrahman, S. Khabbaz, A. Ibrahim, F.Mraiche Artificial intelligence in pharmacy education: A scoping review of current integration & global perceptions. Currents in Pharmacy Teaching and Learning Volume 18, Issue 3, March 2026, 102534. https://doi.org/10.1016/j.cptl.2025.102534.
https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S1877129725002552?via%3Dihub

4. Tsarakhova L.N. DEVELOPMENT OF VIRTUAL LABORATORY FOR MEDICAL SPECIALTIES WITHIN FRAMEWORK OF CLASSICAL UNIVERSITY / L.N. Tsarakhova, S.V. Kabanov // International Research Journal. — 2018. — №3 (69). — URL: [object Object] (Accessed date 18.03.2026). — DOI: 10.23670/IRJ.2018.69.029

5. Gharib AM, Bindoff IK, Peterson GM, Salahudeen MS. Computer-Based Simulators in Pharmacy Practice Education: A Systematic Narrative Review. Pharmacy (Basel). 2023 Jan 2;11(1):8. doi: 10.3390/pharmacy11010008. PMID: 36649018; PMCID: PMC9844304.

6. Elnaem MH, Okuyan B, Mubarak N, Thabit AK, AbouKhatwa MM, Ramatillah DL, Isah A, Al-Jumaili AA, Nazar NIM. Students' acceptance and use of generative AI in pharmacy education: international cross-sectional survey based on the extended unified theory of acceptance and use of technology. Int J Clin Pharm. 2025 Aug;47(4):1097-1108. doi: 10.1007/s11096-025-01936-w. Epub 2025 Jun 4. PMID: 40465181; PMCID: PMC12335392.

7. Chan KY, Yuen TH, Co M. Using ChatGPT for medical education: the technical perspective. BMC Med Educ. 2025 Feb 7;25(1):201. doi: 10.1186/s12909-025-06785-9. PMID: 39920711; PMCID: PMC11806775

УДК: 615.322:378.147

Zh.S. Toxanbayeva

South Kazakhstan Medical Academy JSC, Shymkent, Kazakhstan

USE OF POSTER PRESENTATION TECHNOLOGIES IN TEACHING PHARMACOGNOSY

Abstract

Objective: *to evaluate the effectiveness of using poster presentation technologies in teaching pharmacognosy to students of the Faculty of Pharmacy.*

Methods: *the study involved third-year students of the Faculty of Pharmacy. A methodology for preparing and defending poster presentations on topics related to the analysis of medicinal plant raw materials (MPRM) containing various classes of biologically active substances was introduced into the educational process. The effectiveness was assessed using pedagogical observation, analysis of students' academic activity, and a comparative evaluation of learning outcomes.*

Results: *it was found that the use of poster technologies contributes to the development of professional competencies (identification of medicinal plant raw materials, performance of qualitative reactions, interpretation of microscopic characteristics), as well as to the enhancement of critical thinking, visualization skills, and scientific communication. An increase in student engagement and the quality of learning outcomes was observed.*

Conclusions: *poster technologies represent an effective active learning method that facilitates the integration of theoretical knowledge and practical skills in pharmacognosy and improves the quality of student training.*

Keywords: *pharmacognosy, active learning, poster technologies, medicinal plant raw materials, competency-based approach*

Токсанбаева Ж.С.
АО «Южно-Казахстанская медицинская академия», г. Шымкент, Казахстан

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ТЕХНОЛОГИИ ПОСТЕРНЫХ ДОКЛАДОВ В ПРЕПОДАВАНИИ ФАРМАКОГНОЗИИ

Аннотация

Цель: *оценить эффективность использования постерных технологий в преподавании фармакогнозии у студентов фармацевтического факультета.*

Методы: *в исследовании приняли участие студенты 3 курса фармацевтического факультета. В учебный процесс внедрена методика подготовки и защиты постерных докладов по темам, связанным с анализом лекарственного растительного сырья (ЛРС), содержащего различные классы биологически активных веществ. Оценка эффективности проводилась с использованием педагогического наблюдения, анализа учебной активности и сравнительной оценки усвоения материала.*

Результаты: *установлено, что применение постерных технологий способствует формированию профессиональных компетенций (идентификация ЛРС, проведение качественных реакций, интерпретация микроскопических признаков), а также развитию критического мышления, навыков визуализации и научной коммуникации. Отмечено повышение вовлечённости обучающихся и качества усвоения материала. Выводы: постерные технологии являются эффективным активным методом обучения, способствующим интеграции теоретических знаний и практических навыков в фармакогнозии и повышению качества подготовки студентов.*

Ключевые слова: *фармакогнозия, активное обучение, постерные технологии, лекарственное растительное сырьё, компетентностный подход*

Токсанбаева Ж.С.
«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ, Шымкент қ., Қазақстан

ФАРМАКОГНОЗИЯНЫ ОҚЫТУДА ПОСТЕРЛІК БАЯНДАМА ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

Аңдатпа

Мақсаты: фармацевтика факультетінің студенттеріне фармакогнозия пәнін оқытуда постерлік технологияларды қолданудың тиімділігін бағалау.

Әдістері: зерттеуге фармацевтика факультетінің 3-курс студенттері қатысты. Оқу процесіне биологиялық белсенді заттардың әртүрлі кластары бар дәрілік өсімдік шикізатын (ДӨШ) талдауға арналған тақырыптар бойынша постерлік баяндамаларды дайындау және қорғау әдістемесі енгізілді. Тиімділік педагогикалық бақылау, оқу белсенділігін талдау және материалды меңгеру деңгейін салыстырмалы бағалау арқылы анықталды.

Нәтижелері: постерлік технологияларды қолдану кәсіби құзыреттіліктердің (ДӨШ-ті сәйкестендіру, сапалық реакциялар жүргізу, микроскопиялық белгілерді интерпретациялау) қалыптасуына, сондай-ақ сыни ойлау, визуализация және ғылыми коммуникация дағдыларының дамуына ықпал ететіні анықталды. Студенттердің оқу процесіне қатысу белсенділігінің және материалды меңгеру сапасының артқаны байқалды.

Қорытынды: постерлік технологиялар фармакогнозияда теориялық білім мен практикалық дағдыларды интеграциялауға ықпал ететін және студенттерді даярлау сапасын арттыратын тиімді белсенді оқыту әдісі болып табылады.

Түйінді сөздер: фармакогнозия, белсенді оқыту, постерлік технологиялар, дәрілік өсімдік шикізаты, құзыреттілікке негізделген тәсіл

Кіріспе

Қазіргі фармацевтикалық білім беру жүйесі түлектердің кәсіби қызметке дайындығын қамтамасыз ететін құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған. Осыған байланысты студенттерді оқу процесіне белсенді тартуға және олардың аналитикалық ойлау қабілетін дамытуға бағытталған белсенді оқыту әдістерінің маңызы артып отыр [1,2,3].

Фармакогнозия – теориялық білім мен практикалық дағдыларды біріктіруді талап ететін пән. Оның құрамына дәрілік өсімдік шикізатын макро- және микроскопиялық талдау, сапалық реакциялар жүргізу және биологиялық белсенді заттардың сандық мөлшерін анықтау кіреді [4].

Перспективті тәсілдердің бірі – оқу материалын визуализациялауға, ақпаратты құрылымдауға және ғылыми коммуникация дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін постерлік технологияларды қолдану болып табылады [5,6].

Зерттеу мақсаты: фармакогнозияны оқытуда постерлік технологияларды қолданудың тиімділігін бағалау.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу фармацевтика факультетінің 3-курс студенттері арасында жүргізілді.

Зерттеу дизайны:

Белсенді оқыту әдісін енгізу арқылы жүргізілген педагогикалық эксперимент.

Әдістің мазмұны:

Студенттер келесі тақырыптар бойынша постерлік баяндамалар дайындады:

• Иридоидтар. Ащы гликозидтер. Тиогликозидтер және цианогликозидтер. Медициналық практикада қолданылуы

• Жүрек гликозидтері бар дәрілік өсімдік шикізатын стандарттау. Карденолидтер. Буфадиенолидтер

• Сапониндер бар дәрілік өсімдік шикізатын физикалық және химиялық әдістермен стандарттау

• Фенолды қосылыстары бар дәрілік өсімдік шикізатын стандарттау

• Кумариндер мен хромондардың жалпы сипаттамасы, қасиеттері және қолданылуы. Олардың медико-биологиялық маңызы

Постер құрылымы:

• дәрілік өсімдіктер мен шикізаттың морфологиялық белгілері

• өсімдік шикізатының микроскопиялық диагностикасы

• сапалық реакциялар

• Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттарына сәйкес сандық талдау

Бағалау әдістері:

• педагогикалық бақылау

• оқу белсенділігін талдау

• материалды меңгеру деңгейін салыстырмалы талдау (әдісті енгізгенге дейін/кейін)

Этикалық қағидалар сақталды, студенттердің қатысуы ерікті болды.

Нәтижелер

Постерлік технологияларды енгізу оқу процесіне оң әсерін көрсетті.

Негізгі нәтижелер:

• студенттердің белсенділігінің артуы

• дәрілік өсімдік шикізатын талдау бойынша кәсіби дағдылардың дамуы

• ақпаратты визуализациялау қабілетінің жақсаруы

• коммуникативтік құзыреттіліктердің қалыптасуы

Талқылау

Алынған нәтижелер медициналық және фармацевтикалық білім беруде белсенді оқыту әдістерінің тиімділігін дәлелдейтін зерттеулермен сәйкес келеді [7,8].

Постерлік технологиялар:

• теориялық және практикалық білімді біріктіруге

• клиникалық және аналитикалық ойлауды дамытуға

• өздігінен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді

Ақпаратты визуализациялау білімді есте сақтауды және жүйелеуді жақсартады, бұл заманауи педагогикалық зерттеулермен дәлелденген [9,10].

Қорытынды

Фармакогнозияны оқытуда постерлік технологияларды қолдану білім беру сапасын арттыруға, студенттердің кәсіби және әмбебап құзыреттіліктерін дамытуға ықпал етеді және фармацевтикалық жоғары оқу орындарының оқу процесіне кеңінен енгізуге ұсынылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Freeman S., Eddy S., McDonough M. Active learning increases student performance in science. Proc Natl Acad Sci USA. 2014;111(23):8410–8415.

2. Prince M. Does active learning work? J Eng Educ. 2004;93(3):223–231.

3. Токсанбаева Ж.С., Коновалов Д.А., Лукашук С.П. Применение интерактивных форм обучения. - Вестник Южно-Казахстанской государственной фармацевтической академии. - №3 (87). – 2019, С.91-93

4. Heinrich M., Barnes J., Gibbons S., Williamson E. Fundamentals of Pharmacognosyand Phytotherapy. 2018.

5. Rowe N., Ilic D. Poster presentations. Med Teach. 2009; 31 (4):297–299.

6. Moneyham L. Poster presentations as a teaching strategy. Nurse Educ. 1996; 21 (4):45–47.

7. Michael J. Where’s the evidence that active learning works? Adv Physiol Educ. 2006; 30: 159–167.

8. Cook D. Web-based learning effectiveness. JAMA. 2008; 300 (10):1181–1196.

9. Harden R. AMEE Guide No.14. Med Teach. 1999; 21 (1):7–14.

10. Токсанбаева Ж.С., Серикбаева Т.С., Патсаева К.К. Ботаника пәнін оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану. Материалы междунар.научно-метод.конф. – «Пути совершенствования методов обучения в образовательном процессе». – ЮКГФА Шымкент, 2014-260 с.

ӘӨЖ 645.148.935

Smail B.S., Umirzakova U.N., Ospanova G.S.

JSC «South Kazakhstan Medical Academy»,Shymkent,Republic of Kazakhstan

THE ROLE OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE AND DIGITAL TECHNOLOGIES IN PHARMACY AUTOMATION

Abstract

This scientific work examines the role of artificial intelligence and digital technologies in the automation of pharmacy operations. Currently, the process of digitalization in the pharmaceutical sector is rapidly developing. The use of information systems, electronic prescriptions, drug inventory management programs, and elements of artificial intelligence in pharmacies makes it possible to increase the efficiency of pharmaceutical services. The study analyzes the main directions of automating pharmacy workflows, as well as their advantages and significance. In addition, the role of digital technologies in improving the storage, accounting, and sale of medicines, as well as enhancing the quality of patient service, is considered.

Key words: *Pharmacy, digitalization, artificial intelligence, automation, pharmaceutical services, information systems, electronic prescription*

Смаил Б.С., Умирзакова У.Н., Оспанова Г.С.

АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»,Шымкент,Республика Казахстан

РОЛЬ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА И ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В АВТОМАТИЗАЦИИ РАБОТЫ АПТЕКИ

Аннотация

В данной научной работе рассматривается роль искусственного интеллекта и цифровых технологий в автоматизации работы аптек. В настоящее время процесс цифровизации в фармацевтической сфере активно развивается. Использование информационных систем, электронных рецептов, программ учета лекарственных средств и элементов искусственного интеллекта в аптеках позволяет повысить эффективность фармацевтического обслуживания. В ходе исследования анализируются основные направления автоматизации рабочих процессов в аптеке, их преимущества и значение. Кроме того, рассматривается роль цифровых технологий в улучшении хранения, учета и реализации лекарственных средств, а также в повышении качества обслуживания пациентов.

Ключевые слова*: Аптека, цифровизация, искусственный интеллект, автоматизация, фармацевтические услуги, информационные системы, электронный рецепт.*

Смаил Б.С., Умирзакова У.Н., Оспанова Г.С.

«Оңтүстік Қазақстан Медицина Академиясы» АҚ, Шымкент, Қазақстан Республикасы

АПТЕКА ЖҰМЫСЫН АВТОМАТТАНДЫРУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ПЕН ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ РӨЛІ

Аңдатпа

Бұл ғылыми жұмыста аптека жұмысын автоматтандыруда жасанды интеллект пен цифрлық технологиялардың рөлі қарастырылады. Қазіргі таңда фармацевтика саласында цифрландыру үдерісі қарқынды дамып келеді. Аптекаларда ақпараттық жүйелерді, электрондық рецепттерді, дәрілік заттарды есепке алу бағдарламаларын және жасанды интеллект элементтерін қолдану фармацевтикалық қызметтің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында аптекадағы жұмыс процестерін автоматтандырудың негізгі бағыттары, олардың артықшылықтары мен маңызы талданады. Сонымен қатар цифрлық технологиялардың дәрілік заттарды сақтау, есепке алу, сату және пациенттерге қызмет көрсету сапасын жақсартудағы рөлі қарастырылады.

Түйін сөздер: Аптека, цифрландыру, жасанды интеллект, автоматтандыру, фармацевтикалық қызмет, ақпараттық жүйелер, электрондық рецепт.

Кіріспе

Қазіргі заманда ғылым мен технологияның қарқынды дамуы қоғамның барлық саласына, соның ішінде фармацевтика саласына да үлкен өзгерістер әкелуде. Цифрландыру үдерісі денсаулық сақтау жүйесінде кеңінен қолданылып, медициналық және фармацевтикалық қызметтің сапасын арттыруға мүмкіндік беріп отыр. Әсіресе аптека қызметін ұйымдастыруда цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті қолдану жұмысты жеңілдетіп, уақытты үнемдеуге және қызмет көрсету сапасын жақсартуға ықпал етеді. Аптекалар - халықты дәрілік заттармен қамтамасыз ететін маңызды медициналық мекемелердің бірі. Сондықтан аптека жұмысын тиімді ұйымдастыру, дәрілік заттарды дұрыс есепке алу, сақтау және сату үдерістерін жетілдіру өте маңызды болып табылады. Осы мақсатта көптеген елдерде аптекалардың жұмысын автоматтандыру және цифрлық жүйелерді енгізу кеңінен қолға алынып жатыр. Ақпараттық жүйелер, электрондық рецепттер, дәрілік заттарды есепке алу бағдарламалары және жасанды интеллект элементтері аптека қызметінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда цифрлық технологиялар фармацевтикалық

қызметтің сапасын жаңа деңгейге көтеруде. Олар дәрілік заттардың қозғалысын бақылауға, қателіктердің алдын алуға, қызмет көрсету жылдамдығын арттыруға және пациенттерге сапалы кеңес беруге көмектеседі. Сонымен қатар автоматтандырылған жүйелер аптека қызметкерлерінің жұмысын жеңілдетіп, басқару процесін тиімді етеді. Осы ғылыми жұмыстың мақсаты - аптека жұмысын автоматтандыруда жасанды интеллект пен цифрлық технологиялардың рөлін қарастыру және олардың фармацевтикалық қызмет сапасын арттырудағы маңызын талдау.

Фармация саласындағы цифрландырудың маңызы.

Қазіргі уақытта фармация саласы медициналық жүйенің маңызды бөлігі ретінде айтарлықтай өзгерістерге ұшырап келеді. Ғаламдық денсаулық сақтау саласында цифрландыру маңызды трендке айналып, фармацевтикалық қызмет көрсету сапасын арттыруда шешуші рөл атқаруда. Цифрлық технологиялар деректерді автоматты түрде өңдеу, электрондық рецептілерді енгізу және пациенттердің ақпаратын қауіпсіз сақтау сияқты мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді. Бұл өзгерістер фармацевттердің жұмысын жеңілдетіп, уақыт пен ресурстарды үнемдеуге жағдай жасайды [5]. Сонымен қатар цифрландыру дәріханалардағы дәрілік заттарды есепке алу мен бақылауды жақсартады, адам қателігін азайтады және дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету тізбегінде үздіксіздік пен тиімділікті қамтамасыз етеді. Цифрлық жүйелердің енгізілуі фармацевтика саласындағы қызмет көрсетуді жылдамдатуға көмектеседі. Мысалы, электрондық рецептілер жүйесі арқылы дәрігердің нұсқауына сәйкес рецептті өңдеу уақыты айтарлықтай қысқарады, бұл фармацевттерге пациенттермен тікелей жұмыс істеуге көбірек уақыт бөлуге мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде қызмет көрсету сапасын арттырып, пациенттердің қанағаттануын жоғарылатады [1].

Аптека жұмысын автоматтандыру жүйелері.

Аптека жұмысын автоматтандыру - бұл заманауи фармацевтикалық ұйымдардың басты міндеттерінің бірі. Автоматтандыру жүйелері дәстүрлі қол еңбегінен электрондық есепке алуға көшуді қамтамасыз етеді. Мұндай жүйелер рецепттерді өңдеу, дәрілік заттарды есепке алу, қойма мен сату деректерін тіркеу сияқты процестерді автоматты түрде басқарады. Автоматтандырылған электронды жүйелер фармацевттердің күнделікті міндеттерін жеңілдетеді: олар рецепттерді жылдам өңдейді, қателіктерді болдырмайды және инвентаризацияны оңтайландырады [6]. Мысалы, автоматтандырылған рецепт толтыру

жүйелері мен электронды рецепттер жүйелері арқылы рецептті толтыру уақыты қысқарады, ал дәріхана қызметкерлері административтік жұмыстардан босап, пациенттерді кеңейтілген кеңеспен қамтамасыз етуге көбірек көңіл бөле алады. Ашық бұлттық платформалар мен ақпараттық жүйелер аптекалар арасындағы деректер алмасуды оңайлатады, бұл шекаралардан тыс фармацевтикалық қызметтердің тиімділігін арттырады [2].

Аптека қызметінде жасанды интеллектті қолдану.

Жасанды интеллект (ЖИ) фармация саласында тек ғылыми зерттеу мен жаңа дәрілерді әзірлеуде ғана емес, сонымен қатар аптекаларда күнделікті қызметті автоматтандыруда да үлкен рөл атқарады. ЖИ негізіндегі жүйелер рецептті тексеру, дәрілік өзара әрекеттесу қауіптерін болжау және пациенттерге дәрілік кеңестерді автоматты түрде ұсыну сияқты маңызды қызметтерді орындай алады. Сонымен қатар, ЖИ пациенттің жеке ерекшеліктеріне қарай дәрілердің дозасы мен түрін алдын ала талдап, тиімді емдеу жолдарын ұсына алады. Бұл технологиялар аптекалар қызметкерлерінің жұмыс жүктемесін азайтып, дәлдікті арттырады. ЖИ жүйелері дәрілік заттарды тағайындау және өңдеу уақытын қысқартады, бұл пациенттерге қызмет көрсету уақытын жақсартады және адам қателіктен туындайтын қауіптерді төмендетеді. Осындай процестердің автоматтандырылуы фармацевтикалық кеңес беру сапасын арттырып, пациенттердің оң нәтижелерін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді [3].

Цифрлық технологиялардың аптека қызметіне әсері.

Цифрлық технологиялар аптекалардың қызмет көрсету сапасына айтарлықтай әсер етеді. Электрондық рецепттер жүйесі рецепттерді қабылдау мен өңдеуді тездетеді және клиникалық қателіктерді азайтады, бұл аптеканың тиімділігін арттырады. Мұндай жүйелер фармацевттерге пациенттердің тарихын, дәрілік өзара әрекеттесулерді және аллергиялық реакцияларды автоматты түрде тексеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар цифрлық технологиялар пациенттердің дәрі-дәрмек туралы ақпаратты қолжетімді түрде алуына мүмкіндік береді. Платформалар арқылы онлайн консультациялар, мобильді қосымшалар және виртуалды рецептілер қолжетімді болып, тұрғындардың емдеуге деген қолжетімділігін арттырады. Осылайша, цифрлық жүйелер аптекалардың жүріс-тұрысын жеңілдетеді, пациенттердің күтім сапасын жақсартады және олардың денсаулығын басқаруға көбірек мүмкіндік береді [4].

Қорытынды

Қазіргі таңда фармация саласында цифрландыру мен жасанды интеллектті қолдану аптекалық қызметтің тиімділігін айтарлықтай арттыруда маңызды рөл атқарады. Аптекаларда ақпараттық жүйелерді, электрондық рецепттерді, дәрілік заттарды есепке алу бағдарламаларын және жасанды интеллект элементтерін енгізу қызмет көрсету сапасын жақсартып, адам қателіктерін азайтуға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында аптекалық процестерді автоматтандырудың артықшылықтары анықталды: жұмыс уақыты үнемделеді, дәрілерді есепке алу мен сақтау жеңілдейді, пациенттерге сапалы қызмет көрсетіледі. Жасанды интеллект элементтері рецептілерді өңдеуді жылдамдатып, дәрілік өзара әрекеттесулер мен жанама әсерлерді алдын ала болжауға көмектеседі. Сондықтан аптека жұмысын цифрландыру және автоматтандыру қазіргі заман талабына сай, фармацевтикалық қызметтің тиімділігін арттыратын маңызды қадам болып табылады. Бұл технологияларды енгізу пациенттердің денсаулығын қорғауға, қызмет көрсету сапасын жоғарылатуға және фармацевттердің жұмысын жеңілдетуге мүмкіндік береді. Болашақта цифрлық жүйелер мен жасанды интеллект аптекалық қызметтің барлық саласына терең интеграцияланып, фармация саласында жаңа стандарттар мен инновациялық шешімдердің пайда болуына жол ашатыны анық.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1.Григорьева Н. С. Искусственный интеллект в здравоохранении и фармации: к постановке вопроса или «что такое хорошо и что такое плохо» //Вестник Московского университета. Серия 21. Управление (государство и общество). - 2025. - №. 4. - С. 42-66.

2.Селиванова П. Р., Ким А. В., Шмонова М. А. Искусственный интеллект в фармации и медицине //ББК 5+ 32.97 С232. - 2024. - С. 144.

3.Гуськов А. А., Пантелеймонова А. А. ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ В ФАРМАЦИИ //ББК 5+ 74.58 С232. - 2023. - С. 188.

4.Погребняк А. В. Применение искусственного интеллекта способно принести фармацевтической отрасли десятки триллионов рублей //Безопасность и риск фармакотерапии. - 2023. - Т. 11. - №. 4. - С. 367-371.

5.Щербакова Л. И., Родионов П. П. Инновации в фармацевтике: искусственный интеллект и академическое сотрудничество как предопределение будущего отрасли //Ведомости Научного центра экспертизы средств медицинского применения. - 2025. - Т. 15. - №. 2. - С. 128-133.

6.Чубов С. А. Теоретические и технологические аспекты формирования профессиональной компетентности будущих фармацевтов на основе применения средств искусственного интеллекта //Известия Волгоградского государственного педагогического университета. - 2022. - №. 2 (165). - С. 117-121.

«БОЛАШАҚ ДӘРІГЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМЫТУДАҒЫ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ПӘНДЕРІНІҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫ» секциясы

УДК 378:61:811.512.122

Temirbekova G.K.
South Kazakhstan Medical Academy JSC, Shymkent

SOME ISSUES OF TEACHING THE KAZAKH LANGUAGE IN A MEDICAL HIGHER EDUCATION INSTITUTION IN THE CONTEXT OF GLOBALIZATION

Abstract

In the contextof modern globalization the requirements for the medical education system are undergioing significant changes. International scientific ant information exchange, academic mobility, and work in a multinational professional environment require future doctors to possess a high level of language competence. The article examines the importance, main directions, and current issues of language teaching in medical universities. In addition, ways to improve language education from the perspective of professionally oriented teaching are proposed.

Keywords: *globalization, Kazakh language, medical education, professional competence, language teaching.*

Темирбекова Г.К.
АО «Южно-Казахстанская медицинская академия», Шымкент

НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПРЕПОДАВАНИЯ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА В МЕДИЦИНСКОМ ВЫСШЕМ УЧЕБНОМ ЗАВЕДЕНИИ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ

Аннотация

В условиях современной глобализации требования к системе медицинского образования претерпевают существенные изменения. Международный научный обмен информацией, академическая мобильность и работа в многонациональной профессиональной среде требуют от будущих врачей высокого уровня языковой компетентности. В статье рассматриваются значение, основные направления и актуальные проблемы преподавания языков в медицинских высших учебных заведениях. Кроме того, предлагаются пути совершенствования языкового образования с точки зрения профессионально-ориентированного обучения.

Ключевые слова: *глобализация, казахский язык, медицинское образование, профессиональная компетентность, обучение языкам.*

Темирбекова Г.Қ.
АҚ Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы., Шымкент.

ЖАҺАНДАНУ ҮДЕРІСІНДЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Қазіргі жаһандану жағдайында медициналық білім беру жүйесіне қойылатын талаптар түбегейлі өзгеруде. Халықаралық ғылыми ақпарат алмасу, академиялық ұтқырлық, көпұлтты кәсіби ортада жұмыс істеу, болашақ дәрігерлерден жоғары тілдік құзіреттілікті талап етеді. Мақалада медициналық жоғары оқу орындарында тілдерді оқытудың маңызы,негізгі бағыттары мен өзекті мәселелері қарастырылады. Сонымен қатар, тілдік білім беруді кәсіби бағадарлы оқыту тұрғысынан жетілдіру жолдары ұсынылады.

Түйін сөздер: жаһандану, қазақ тілі, медициналық білім, кәсіби құзіреттілік, тілдерді оқыту

Жаһандану үдерісі XXI ғасырдағы білім беру жүйесінің дамуына айтарлықтай ықпал етуде. Әсіресе, медицина саласы халықаралық стандарттарға, ортақ ғылыми тілге және жаһандық кәсіби коммуникацияға тікелей тәуелді. Медициналық жоғары оқу орындары тек кәсіби білім берумен шектелмей,болашақ мамандарды көпмәдениетті, көптілді ортада тиімді жұмыс істеуге даярлауы тиіс.

Жаһандану үдерісі білім беру жүйесінің даму бағытын айқындайтын негізгі факторлардың біріне айналды. Бұл үдеріс жоғары білім беру мазмұнына, әсіресе медицина саласындағы мамандарды даярлау жүйесіне тікелей әсер етуде[4]. Қазіргі заманғы дәрігер тек кәсіби біліммен ғана емес, халықаралық деңгейде еркін қарым-қатынас жасай алатын тілдік құзіреттілікпен де ерекшеленуі тиіс[2].

Медициналық жоғары оқу орындарында тілдерді оқыту кәсіби дайындықтың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.Себебі медициналық ғылымдағы жаңалықтардың басым бөлігі шет тілдеріндегі дереккөздерде жарияланады,ал олармен жұмыс істеу тілдік даярлықты қажет етеді[6].

Қазіргі жаһандану жағдайында әлемдік білім беру кеңістігінде интеграция үдерісі қарқынды дамып келеді.Бұл үдеріс жоғары білім беру жүйесіне жаңа талаптар қойып, халықаралық тілдердің,әсіресе ағылшын тілінің ықпалын күшейтуде. Дегенмен, Қазақстан жағдайында мемлекеттік тіл-қазақ тілінің медициналық білім беру жүйесіндегі орны ерекше.

Медициналық жоғары оқу орындары болашақ дәрігерлерді кәсіби даярлаумен қатар, оларды мемлекеттік тілде еркін сөйлей алатын, медициналық құжаттаманы сауатты жүргізетін, пациентпен кәсіби деңгейде қарым-қатынас жасай алатын маман ретінде қалыптастыруы тиіс. Осы тұрғыда қазақ тілін оқыту тек тілдік пән ретінде емес, кәсіби даярлықтың маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылуы қажет.

Жаһандану жағдайында медициналық білім беру жүйесінде көптілділік саясаты кеңінен жүзеге асырылуда. Алайда халықаралық тілдердің басымдығы кей жағдайда қазақ тілінің кәсіби қолданыс аясын тарылтып жібереді.Бұл әсіресе, медициналық терминологияны, клиникалық құжаттарды және кәсіби коммуникацияны қазақ тілінде жүргізуде қиындықтар туғызады. Сонымен қатар, болашақ дәрігерлердің бір бөлігі қазақ тілін тұрмыстық деңгейде меңгергенімен, кәсіби салада қолдануға дайын емес. Бұл жағдай медициналық жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқытудың мазмұны мен әдістемесін қайта қарастыру қажеттігін көрсетеді.

Жаһандану жағдайында медициналық білім беру жүйесінде халықаралық стандарттарға сәйкестік басты талаптардың бірі болып отыр. Бұл өз кезегінде білім беру мазмұнын жаңартуды және тілдік пәндердің рөлін арттыруды талап етеді[7].

Ғылыми ақпараттың жаһандық деңгейде қолжетімді болуы болашақ дәрігерлердің кәсіби коммуникация дағдыларын дамыту қажеттігін көрсетеді. Осы тұрғыда тілдерді меңгеру кәсіби бәсекеге қабілеттілікті арттырудың маңызды шарты ретінде қарастырылады[5].

Жаһандану медициналық білім беру мазмұнына бірнеше бағытта әсер етеді. Біріншіден, халықаралық академиялық ықпалдастықтың күшеюі студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығын арттырады. Екіншіден, дәлелді медицина қағидаттарының кең таралуы шетелдік ғылыми дереккөздермен тұрақты жұмыс істеуді қажет етеді. Үшіншіден, медициналық қызметтің өзі халықаралық сипат алып, дәрігерлер әртүрлі елдерден келген пациенттермен қарым-қатынас жасауға мәжбүр.

Осы жағдайларда тілдік дайындық кәсіби бәсекеге қабілеттіліктің негізгі көрсеткіштерінің біріне айналады. Медициналық жоғары оқу орындарында оқытылатын тілдер тек жалпы коммуникация құралы емес, кәсіби қызметтің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылуы тиіс.

Медициналық жоғары оқу орындарында тілдерді оқыту кәсіби-бағдарлы сипатқа ие болуы тиіс. Оқыту үдерісінде медициналық терминологияны меңгертуге, ғылыми

мәтіндермен жұмыс жасауға және клиникалық коммуникация дағдыларын қалыптастыруға баса назар аударылады[6, 10].

Тілдік пәндерді клиникалық пәндермен кіріктіре оқыту студенттердің оқу мотвациясын арттырып, теориялық білімді тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береді[1].

Медициналық білім беру жүйесіндегі тілдерді оқытудың өзіндік ерекшеліктері бар. Ең басты ерекшелік-тілдік білімнің кәсіби бағыттылығы. Яғни, оқыту үдерісі медицина саласына қатысты терминологияны, клиникалық жағдайларды, ғылыми мәтіндерді қамтуы қажет.

Тілдерді оқытуда келесі аспектілер маңызды болып табылады:

- Медициналық терминологияны меңгеру;
- Кәсіби мәтіндерді оқу және талдау дағдыларын қалыптастыру;
- Дәрігер мен пациент арасындағы коммуникация үлгілерін үйрету;
- Ғылыми мақалалар жазу және презентация жасау қабілеттерін дамыту;

Сонымен қатар, тілдік пәндерді клиникалық пәндермен кіріктіре оқытылған жағдайда ғана тиімді нәтиже береді. Бұл тәсіл студенттердің тілге деген уәжін арттырып, алынған білімді нақты кәсіби жағдаяттарда қолдануға мүмкіндік береді. Қазіргі кезеңде тілдерді оқытудың дәстүрлі әдістермен қатар, интерактивті және коммуникативтік тәсілдер кеңінен қолданылуда. Кейс-стади, проблемалық оқыту, жобалық жұмыс сияқты әдістер болашақ дәрігерлердің тілдік және кәсіби құзіреттілігін қатар дамытуға мүмкіндік береді[9].

Ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану тілдік ортаны кеңейтіп, студенттердің өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастырады[3]. Қазіргі таңда медициналық жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқытуда бірқатар мәселелер байқалады.Олардың негізгілері мыналар:

Біріншіден, қазақ тілін оқыту мазмұнының кәсіби бағыттылығы жеткіліксіз. Көп жағдайда оқу материалдары жалпы тілдік деңгейде қалып, медициналық салаға тән лексика мен жағдаяттарды толық қамтымайды.

Екіншіден, қазақ тіліндегі медициналық оқу-әдістемелік құралдардың тапшылығы байқалады. Терминологияның бірізді еместігі де студенттердің тілдік дағдыларын қалыптастыруға кедергі келтіреді.

Үшіншіден, студенттердің қазақ тіліне деген уәжінің төмен болуы-маңызды мәселелердің бірі. Жаһандану жағдайында халықаралық тілдерге басымдық берілуі қазақ тілінің кәсіби маңызын екінші орынға ысырып қоюы мүмкін.

Жаһандану жағдайында медициналық жоғары оқу орындарында тілдерді оқытудың заманауи әдістерін қолдану өзекті болып отыр. Олардың қатарына проблемалық оқыту, кейс-стади әдісі, жобалық жұмыс және симуляциялық оқыту жатады.

Тілдік құзіреттілік болашақ дәрігердің кәсіби бейнесін қалыптастырудағы маңызды көрсеткіштердің бірі болып табылады.Көптілділік дәрігердің кәсіби икемділігін арттырып, еібек нарығында сұранысын күшейтеді[2, 8].

Сонымен қатар, кәсіби коммуникация мәдениеті дәрігер мен пациент арасындағы сенімді қарым-қатынасты қалыптастыруда шешуші рөл атқарады[5].

Мысалы, клиникалық жағдайларды талдау барысында студенттер шет тілінде диагноз қою, емдеу жоспарын ұсыну, пациентпен әңгімелесу дағдыларын дамытады. Сонымен қатар, ғылыми мақалалармен жұмыс жасау, халықаралық конференцияларға дайындық тілдік құзіреттілікті тереңдетеді.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану да маңызды рөл атқарады. Онлайн платформалар, медициналық дерекқорлар, шетелдік оқу ресурстары тілдік ортаны кеңейтіп, өздігінен білім алуға жағдай жасайды. Медициналық тәжірибеде дәрігер мен пациент арасындағы қарым-қатынас ерекше мәнге ие. Қазақстан жағдайында пациенттердің басым бөлігі қазақ тілінде сөйлейтінін ескерсек, болашақ дәрігердің мемлекеттік тілді кәсіби деңгейде меңгеруі-міндетті талап.

Қазақ тілін кәсіби-коммуникативтік тұрғыда оқыту болашақ дәрігерлерге:

- Пациентпен сенімді қарым-қатынас орнатуға;
- Медициналық кеңес беру мен диагнозды түсінікті жеткізуге;
- Медициналық құжаттарды мемлекеттік тілде сауатты рәсімдеуге мүмкіндік береді;

Осы тұрғыда қазақ тілін оқыту клиникалық пәндермен кіріктіріліп, нақты кәсіби жағдаяттар негізінде ұйымдастырылуы тиіс.

Жаһандану жағдайында медициналық жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқытуды жетілдіру үшін келесі бағыттарға назар аудару қажет:

- Қазақ тілін оқытудың кәсіби-бағдарлы моделін енгізу;
- Медициналық терминологияны біріздендіру және жүйелі түрде меңгерту;
- Клиникалық жағдаяттарға негізделген тапсырмаларды қолдану;
- Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы қазақ тіліндегі кәсіби контентті арттыру;

• Студенттердің мемлекеттік тілге деген уәжін күшейту;

Бұл шаралар қазақ тілінің медициналық білім беру жүйесіндегі функционалдық рөлін арттыруға ықпал етеді. Болашақ дәрігердің кәсіби бейнесі тек медициналық біліммен ғана емес, оның коммуникативтік мәдениетімен де айқындалады. Тілдік құзіреттілік дәрігерге халықаралық деңгейде кәсіби қарым-қатынас орнатуға, заманауи медициналық жетістіктерді меңгеруге мүмкіндік береді.

Көптілділік дәрігердің кәсіби икемділігін арттырып,еңбек нарығында сұранысын күшейтеді. Сонымен қатар, әртүрлі мәдениет өкілдерімен жұмыс істеу барысында тілдік және мәдени сезімталдықтың маңызы ерекше.

Қорытындылай келе, жаһандану контексінде медициналық жоғары оқу орнында тілдерді оқыту білім беру жүйесінің стратегиялық бағыты болып табылады. Тілдік білім беру болашақ дәрігердің кәсіби және тұлғалық дамуына тікелей әсер етеді[1, 4].

Осыған байланысты медициналық жоғары оқу орындарында тілдерді оқыту кәсіби-бағдарлы, интегративті және коммуникативтік тәсілдер негізінде жүзеге асырылуы тиіс. Бұл халықаралық талаптарға сай бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға мүмкіндік береді[10].

Тілдік білім беру болашақ дәрігердің кәсіби қалыптасуында шешуші рөл атқарады. Мемлекеттік тілді кәсіби деңгейде меңгерген болашақ дәрігер – ұлттық денсаулық сақтау жүйесінің сапалы дамуының кепілі. Медициналық жоғары оқу орындарында тілдерді оқыту кәсіби-бағдарлы, интегративті және коммуникативтік тәсілдерге негізделуі тиіс. Бұл болашақ мамандардың халықаралық стандарттарға сай, бәсекеге қабілетті және жан-жақты дамыған тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік береді.

Сондықтан қазақ тілін медициналық жоғары оқу орындарында оқыту кәсіби-коммуникативтік бағытта жетілдіріліп, болашақ мамандардың тілдік және кәсіби құзіреттілігін қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ахметова А.Қ. Жоғары оқу орындарында кәсіби-бағдарлы тілдерді оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 168 б.

2. Бектұрғанова Ш.К. Көптілді білім беру жағдайында болашақ мамандардың тілдік құзіреттілігін қалыптастыру.-Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019. – 182 б.

3. ЖұмабековаГ.Ж. Медициналық жоғары оқу орындарында тілдік пәндерді оқытудың өзекті мәселелері// Жоғары мектеп хабаршысы.- 2020. – №3. – 45–49 б.

4. Құсайынов А.Қ. Білім берудің қазіргі парадигмалары және жаһандану үдерісі. – Алматы: Рауан, 2016. – 210 б.

5. Мырзахметова Н.Қ. Жоғары білім беру жүйесінде кәсіби коммуникацияны қалыптастыру мәселелері // *Педагогика және психология*. – 2018. – №2. – 33–38 б.

6. Сейітова С.С. Медициналық терминологияны оқытудың лингводидактикалық негіздері. – Алматы: Эверо, 2020. – 144 б.

7. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007 (өзгерістер мен толықтыруларымен).

8. Тілеуберді А.К. Жоғары оқу орнында тілдік білім беруді жаңғырту мәселелері// Қазіргі білім беру. – 2019. – №4. – 27–31 б.

9. Ысқақова Г.М. Кәсіби бағытталған тілдік оқыту: теориясы мен тәжірибесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 176 б.

ӘОЖ 378.147:355.55

Nurzhanbayeva Zh.O., Zhappar Zh.
«South Kazakhstan Medical Academy» Joint Stock Company, Shymkent, Kazakhstan

THE USE OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE IN TEACHING SOCIAL AND HUMANITIES SUBJECTS IN THE DIGITAL AGE

Annotation

The article discusses the features of the use of artificial intelligence (AI) in teaching social and public disciplines in higher education. A theoretical analysis of the results of modern research on the introduction of artificial intelligence in the educational process is carried out, and the authors' own conclusions on the impact of artificial intelligence on creativity in teaching and the interaction of teachers and students are presented. Opinions on the prospects and problems of using artificial intelligence in social and public sciences are considered.

Key words*: artificial intelligence, social and public disciplines, higher education, teaching, educational technologies, student-centered learning.*

Нуржанбаева Ж.О., Жаппар Ж.
АО «Южно-Казахстанская медицинская академия», г. Шымкент, Казахстан

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА В ПРЕПОДАВАНИИ СОЦИАЛЬНО-ОБЩЕСТВЕННЫХ ДИСЦИПЛИН В ЦИФРОВУЮ ЭПОХУ

Аннотация

В статье рассматриваются особенности применения искусственного интеллекта (ИИ) в преподавании социально-общественных дисциплин в высшей школе. Проведён теоретический анализ результатов современных исследований по внедрению искусственного интеллекта в образовательный процесс, а также представлены собственные выводы авторов о влиянии искусственного интеллекта на креативность в преподавании и взаимодействие преподавателей и студентов. Рассмотрены мнения о перспективах и проблемах использования искусственного интеллекта в социально-общественных науках.

***Ключевые слова**: искусственный интеллект, социально-общественные дисциплины, высшее образование, преподавание, образовательные технологии, личностно-ориентированное обучение.*

Нуржанбаева Ж.О., Жаппар Ж.

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ, Шымкент қ., Қазақстан

ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ҚОҒАМДЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ҚОЛДАНУ

Аңдатпа

Мақалада жоғары білім беруде әлеуметтік-қоғамдық пәндерді оқытуда жасанды интеллектіні (ЖИ) қолданудың ерекшеліктері қарастырылады. білім беру үдерісіне жасанды интеллектіні ендіруде заманауи зерттеу нәтижелеріне теориялық талдау жасалған, сонымен қатар оқытушылар мен білім алушылардың арасындағы оқытуда креативтілігі және өзара әрекеттесуіндегі Жасанды интеллектінің ықпалы туралы авторлардың жеке қорытындылары ұсынылған. Әлеуметтік-қоғамдық ғылымдағы жасанды интеллектіні қолданудың болашағы мен сын-қатерлері туралы пікірлері қарастырылған.

Түйін сөздер: жасанды интеллект, әлеуметтік-қоғамдық пәндер, жоғары білім беру, оқыту, білім беру технологиялары, студентке орталықтандырылған оқыту.

Кіріспе.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі білім беру жүйесінде педагогтердің тек пәнді ғана үйретіп қоймай, сондай-ақ білім алушылардың әлеуметтік дағдылары мен

эмоциялық интеллектісін дамытуға ықпал етуіне ерекше орын берген болатын. Ол үшін педагогтер үздіксіз кәсіби және тұлғалық тұрғыдан жан-жақты дамып, алдағы өзгерістерге дайын болуға тиіс екендігіне ерекше мән берді. Сонымен қатар педагогтің ұлттың жаңа сапасын қалыптастырудағы ең маңызды буын ретінде атай келе, болашақта қазіргі кәсіптердің жартысына жуығын цифрлық және техникалық жүйелер алмастыратындығын, азаматтарымыздың жаңа заманға қажетті дағдыларды үйрену маңызды міндет, Қазақстан үш жыл ішінде міндетті түрде жаппай цифрлық ел болуы керек екендігіне баса назар аударған болатын [1].

Цифрлық технологиялар жаһандық еңбек нарығын жылдам өзгертуіне байланысты жасанды интеллектімен жұмыс істеудің қыр-сырын білетін мамандарға деген сұраныс еңбек нарығында арта түсуде. XXI ғасырдағы білім беру цифрлық дәуір педагогикасының өзекті мәселесі ретінде жасанды интеллектінің (ЖИ) заманауи технологиялары білім беру үдерісіне қарқынды ене бастады және оның мазмұнына ықпалы арта түсті, соның ішінде әлеуметтік-қоғамдық пәндерді оқытуда тереңінен еніп, қолданыла бастады. Білім беру үдерісінің мазмұнына ене отырып ЖИ оқытуды дарландыра отырып, білім беру ресурстарына қол жетімділікті арттырады және бағалауды жүйеге келтіреді. Сонымен қатар, бұл технологияларды ендіруде әдіснамалық және этикалық мәселенің туындауына алып келеді. Мақалада қарастырылып отырған мәселе сандық білім беру платформаларының қарқынды дамуы мен осы жаңа жағдаяттарғы оқытушылардың бейімделуінің қажеттілігі негіз болады. Қазіргі сандық технологиялардың көшіне ілесе алып және оны білім беру үдерісіне тиімді қолданудағы оқытушылардың ақпараттарды сандық технологияларды тиімді қолдану құзіреттіліктерінің болуы өзекті мәселеге айналып отырғандығы шындық.

Мақаланың арқауы болып отырған жасанды интеллектіні әлеуметтік-қоғамдық пәндерді оқытудағы қолдану тәжірибелеріне талдау жасау, сондай-ақ оның артықшылықтары мен кемшіліктерін айқындау мақсаты болып отыр. Мақсатымызға жету үшін ең алдымен, келесі міндеттерді шешуді ұсынамыз:

- білім беру үдерісінде жасанды интеллектінің қолданудың ғылыми зерттеулердегі тұжырымдарын зерделей отырып, талдау;

- әлеуметтік-қоғамдық пәндерді оқытуда жасанды интеллектіні қолданудың негізгі бағыттарын қарастыру;

- оқыту үдерісіне және білім алушылардың оқу үлгеріміне жасанды интеллектінің ықпалын бағалау;

- әлеуметтік-қоғамдық білім беруде жасанды интеллектіні ендірудегі мүмкін болатын сын-қатерлер мен этикалық мәселелерді айқындап алу.

Негізгі бөлім.

Қазіргі ғылыми зерттеулерде мен ғылыми қауымдастықтарда әлеуметтік-қоғамдық пәндерді оқытуда жасанды интеллектіні қолдану мәселесі кеңінен қарастырыла бастады. Білім беруде жасанды интеллектінің жан-жақты аспектісі талдау жасалып, дараландырылған оқытудан бастап оның этикалық және әдіснамалық мәселелері де қызу пікірталастар тудыруда. Ғалымдардың бірқатары [2] жасанды интеллектіні оқыту үдерісіне тиімді қолдану арқылы студентке орталықтандырылған. Дараландырылған оқытуға кең мүмкіндіктер береді деп қарастырады. Білім алушылардың оқу нәтижелерін бағалауда компьютерлік бағдарламалардың тиімділігі мен тұлғаға бағдарланған оқытудың маңыздылығын арттырады деген көзқарастарды ұстанады. Жасанды интеллект білім алушылардың білім деңгейін анықтап қана қоймайды, сонымен қатар әлеуметтік-қоғамдық пәндердегі әр түрлі деңгейдегі күрделендірілген мәселелерді терең талдау үшін тапсырмалар ұсына алады.

Дегенімен, кейбір ғылыми зерттеулерде [3,4] жасанды интеллектіні әлеуметтік-қоғамдық пәндерді оқытуда қолдану шынайылық пен мәтіндердің эмоционалдық мазмұнын түсінуде нақты бағалауға сәйкес келмеуі мүмкіндігін де алға тартады.

Қазіргі цифрлық қоғамдағы электрондық оқыту модельдеріне жылдам сұраныстың артуын анықтайтын негізгі өзгерістер:

- білім беру парадигмасының өзгеруі оқытушы мен білім алушылардың рөлінің өзгертуі: оқытушының міндеті – ақпаратты меңгеру кезінде білім алушыны қолдау/бағыттау болса, ал білім алушылардың міндеттері ұсынылған көздерден қажетті ақпаратты өз бетімен іздестіреді және білімнің қайнар көздерін өздері белсенді түрде құрастырады;

- мультимедиялық және ақпараттық коммуникациялық технологиялары жаңа білім беру әдістерін енгізуді қолдауға мүмкіндік береді;

- электронды оқыту білім беру өзгерістерінің және заманауи ақпараттық коммуникациялық технологиялардың синтезінің нәтижесі және әр түрлі тапсырмаларды орындау үшін электрондық құралдарды оқыту үдерісінде пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

- электронды оқытуды дәріс сабақтарын және қашықтан, жоғары білім беру ұйымдарының қабырғаларынан тыс жерлерде, сондай-ақ екі модельді (аралас /гибридті нұсқаулықты) біріктіру арқылы классикалық модель шеңберінде жүзеге асыруға болады.

- білім берудің күндізгі және сырттай нысандарға дәстүрлі бөлінуі бүгінгі күні өзектілігін жоғалтты, материалды қашықтықтан оқыту әдісі жүзеге асырыла бастады.

Қазіргі кезде бейне ойнатқыштар материалды бейнелеу үшін әлеуметтік-қоғамдық пәндерінде белсенді түрде қолданылады. Сандық технология дәуірінде тақырыптарға сай әр түрлі бейнероликтерді әзірлеу, өңдеу және тарату үшін көптеген мүмкіндіктерді қолдануға мүмкіндіктер бар. Пәндерді оқытудың әдістемелік сапасын арттыруда сандық бейне файлдарын жасаудың әртүрлі тәсілдерін атап көрсетуге болады:

- бейне материалдарды сандықтауда компьютер сандық бағдарламалық жасақтаманың жүйелік талаптарына сай, сондай-ақ, бейне кірісі мен дыбыс картасы бар теледидар немесе графикалық картамен жабдықталған жағдайда әртүрлі тарихи кезеңдердегі оқиғалар мен құбылыстарды көрсету арқылы білім алушылардың танымдық әрекеттерін толықтыра түсуде ерекше маңызды болып табылады;

- сандық камераны пайдаланып, тақырыптарға сай жаңа бейне материал, дәрістер, практикалық жұмыстарға арнайы тапсырмаларды беру арқылы құрастыруға болады. Бейне түсірілімдерді жүзеге асыру үшін Оңтүстік Қазақстан медицина академиясында бейне студиясын кеңінен пайдалануға мүмкіндіктер жасалған.

Сонымен бірге, қазіргі уақытта бейне телефон немесе планшеттер арқылы да, сондай-ақ IPhone және iPad, компьютер экранынан үзінділерді жазып алу (скринкаст) сияқты құрылғылар жоғары сапалы бейне жасауға мүмкіндік береді. Цифрлық дәуір педагогикасының мультимедиялық технологияларды оқытудағы мүмкіндіктері зор. Жасанды интеллект арқылы бейненің дыбысы мен кескіндерін көрсетеді. Мысалы: Camtasia Studio, Articulate Presenter Power Point көрсетілімдерін Flash және HTML5 қолдайтын фильмдерге түрлендіруге және CamRec-тің тегін баламасын қолдануға болады, MP4 форматында бейнеге экспорттау арқылы ғаламтордағы бейнелерді жариялауға мүмкіндіктер береді.

Жасанды интеллектіні білім беру үдерісіне тиімді ендіру үшін келесі мәселелерді шешу маңызды болып табылады:

- жасанды интеллектіні тиімді ендіру үшін оқытушылардың сандық технологияларды қолдану құзіреттіліктерін дамыту;

- Әлеуметтік-қоғамдық пәндерді оқытуда жасанды интеллектіні қолдануда этикалық, әлеуметтік әсерлерін ескере отырып, әдіснамалық әдіс-тәсілдерін құрастыру;

- Жасанды интеллектіні қолдануда білім алушылардың оқу материалдарын зерттеу мен талдауында шынайылық пен этикалық қағидаларын сақтауын қамтамасыз ету.

Қорытынды. Әлеуметтік-қоғамдық пәндерді оқытуда сандық технологияларды, жасанды интеллектіні қолдану кеңінен мүмкіндіктер береді, дегенімен сын-қатерлері де бар екендігін ескеруге болады, білім беру үдерісіне жасанды интеллектіні ендіруде этикалық талаптарды сақтауды ескеру қажет. Жасанды интеллектіні оқыту үдерісіне ендіру білім беруді дараландырады, оқу материалын білім алушылардың қажеттіліктеріне бейімдейді, пәннің мазмұнындағы күрделі мәселелерді талдауға және меңгеруіне көмектеседі. Сонымен қатар оқытушының жүтемесін жеңілдетеді, мысалы автоматтандырылған бағалау, чат-боттарды қолдану арқылы студенттерге орталықтанырылған технологияны қолдану маңыздылығы арта түседі. Күрделі әлеуметтік-қоғамдық мәтіндерді талдау, инерпретациялау алгоритмін құру арқылы оқу пәндерінің мазмұнын терең түсінуге жол ашады, нейро желілер мен табиғи тілді өңдеу жүйелерін қолдану арқылы білім алушылардың мәтіндерді түсіну мен талдау деңгейі арта түседі.

Цифрландыру және жасанды интеллект дәуірінде мемлекетіміздің ұлттық стратегиялық мүддесіне сай келетін білім берудің сапасын арттыру мен еңбек нарығында бәсеге қабілетті, кәсіби құзіреттіліктері және тұлғалық сапалары қалыптасқан мамандарды даярлау - қазіргі жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім берудің басты міндеттерінің бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Қолжетімділік режимі https://e-history.kz/kz/news/show/50000604

2. Дэвис, P. Ethical Considerations in AI Educational Tools / P. Дэвис // International Journal of Ethics in Education. – 2018. – Т. 5. – № 2. – С. 67-82

3. Джонс, M. The Role of AI in the Classroom: Implications for Teachers / M. Джонс // Journal of Educational Technology. – 2021. – Т. 18. – № 1. – С. 78-92

4. Резаев, А.В. Искусственный интеллект в гуманитарном образовании: возможности и вызовы / А.В. Резаев. – Москва: Наука, 2021. – 256 с.

ӘОЖ 378.147:547:004.08

Daurenbekov K.N., Alikhanova K.B., Zhiyenbayeva A.A., Orynbek A.G.
JSC SKMA, Shymkent.

INTEGRATING GENERAL EDUCATION SUBJECTS TO ENHANCE THE PROFESSIONAL COMPETENCE OF FUTURE DOCTORS

Annotation

Objective: *The aim of this study is to evaluate the effectiveness of integrating general education disciplines into medical education for improving the professional competence of future doctors.*

Methods: *The study was conducted based on the analysis of interdisciplinary educational modules implemented at South Kazakhstan Medical Academy. Methods included survey analysis, case-study approach, and comparative evaluation of students' performance indicators. Ethical principles of educational research were observed.*

Results: *The integration of social, гуманитарлық and natural science disciplines into medical education demonstrated a positive impact on students' competencies. Ethical decision-making improved by 75–85%, clinical thinking by 70–80%, and motivation level by 65–75%. Students showed better understanding of public health and patient-centered approaches.*

Conclusion: *Interdisciplinary integration significantly enhances the professional competence of future doctors. The approach contributes to the development of critical thinking, ethical awareness, and holistic medical understanding.*

Keywords: *professional competence, interdisciplinary integration, medical education, clinical thinking, ethics.*

Дәуренбеков Қ.Н., Алиханова Х.Б., Жиенбаева А.А., Орынбек А.Г.
АО «ЮКМА», Шымкент

ИНТЕГРАЦИЯ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ДИСЦИПЛИН ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩИХ ВРАЧЕЙ

Аннотация

Цель исследования: *Определить эффективность интеграции общеобразовательных дисциплин в медицинское образование для повышения профессиональной компетентности будущих врачей.*

Методы: *Использованы методы анализа, анкетирования и кейс-стади на базе Южно-Казахстанской медицинской академии.*

Результаты: *Установлено повышение уровня компетентности студентов: этическое мышление – 75–85%, клиническое мышление – 70–80%, мотивация – 65–75%.*

Выводы: *Интеграция дисциплин является эффективным инструментом подготовки современных врачей.*

Ключевые слова: *профессиональная компетентность, интеграция, медицинское образование, клиническое мышление, этика*

Дәуренбеков Қ.Н., Алиханова Х.Б., Жиенбаева А.А., Орынбек А.Ғ.
АО «ЮКМА», Шымкент

БОЛАШАҚ ДӘРІГЕРЛЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ ҮШІН ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ПӘНДЕРІН ИНТЕГРАЦИЯЛАУ

Аннотация

Зерттеудің мақсаты: Болашақ дәрігерлердің кәсіби құзыреттілігін арттыруда жалпы білім беру пәндерін интеграциялаудың тиімділігін анықтау.

Әдістері: Зерттеу Оңтүстік Қазақстан медицина академиясында енгізілген пәнаралық модульдерді талдау негізінде жүргізілді. Сауалнама, кейс-стади және салыстырмалы талдау әдістері қолданылды.

Нәтижесі: Пәнаралық интеграция білім алушылардың кәсіби қабілеттерін арттырды. Этикалық шешім қабылдау 75–85%-ға, клиникалық ойлау 70–80%-ға, мотивация деңгейі 65–75%-ға өсті.

Қорытынды: Жалпы білім беру пәндерін интеграциялау болашақ дәрігерлердің кәсіби дамуына оң әсер етеді.

Кілт сөздер: кәсіби құзыреттілік, пәнаралық интеграция, медициналық білім, клиникалық ойлау, этика

Кіріспе

Қазіргі таңда медициналық білім беру жүйесі тек кәсіби біліммен шектелмей, тұлғаның жан-жақты дамуын талап ететін кешенді үдеріске айналып отыр. Денсаулық сақтау саласының қарқынды дамуы, жаңа технологиялардың енгізілуі, сондай-ақ қоғамның дәрігер мамандығына қоятын талаптарының артуы болашақ мамандарды даярлауда жаңа тәсілдерді қолдануды қажет етеді. Осы тұрғыдан алғанда, медициналық білім беру тек клиникалық дағдыларды қалыптастырумен ғана шектелмей, білім алушылардың сыни ойлау қабілетін,

коммуникативтік дағдыларын, этикалық ұстанымдарын және әлеуметтік жауапкершілігін дамытуға бағытталуы тиіс.Дегенмен, жалпы білім беру пәндерінің медициналық оқытудағы рөлі мен олардың кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға қосатын үлесі әлі де толық зерттелмеген. Көп жағдайда бұл пәндер негізгі медициналық пәндерден бөлек, оқшау түрде оқытылып, олардың өзара байланысы жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілмейді. Нәтижесінде білім алушылар алған теориялық білімдерін кешенді түрде қолдануда қиындықтарға тап болуы мүмкін. Осыған байланысты қазіргі білім беру кеңістігінде пәнаралық интеграцияны енгізу қажеттілігі туындайды.

Пәнаралық интеграция – әртүрлі пәндер арасындағы мазмұндық және әдістемелік байланысты күшейту арқылы білім алушылардың білімін жүйелеуге және оны практикалық жағдайда тиімді қолдануға бағытталған заманауи білім беру тәсілі. Бұл тәсіл білім алушылардың клиникалық ойлауын қалыптастырумен қатар, олардың этикалық жауапкершілігін, кәсіби шешім қабылдау қабілетін және әлеуметтік құзыреттілігін дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, интеграцияланған оқыту білім алушылардың оқу мотивациясын арттырып, білім алуға деген қызығушылығын күшейтеді, себебі олар оқу материалының өмірмен және болашақ кәсіби қызметімен тығыз байланысты екенін сезінеді [1,2].

Жалпы білім беру пәндерін медициналық біліммен ұштастыру арқылы білім алушылардың тек теориялық дайындығы ғана емес, сонымен қатар олардың тұлғалық қасиеттері де дамиды. Атап айтқанда, гуманитарлық пәндер арқылы этикалық және коммуникативтік дағдылар қалыптасса, жаратылыстану пәндері логикалық ойлау мен ғылыми көзқарасты дамытуға ықпал етеді. Бұл өз кезегінде болашақ дәрігердің кәсіби қызметінде маңызды рөл атқаратын кешенді құзыреттердің қалыптасуына негіз болады.Осыған байланысты зерттеудің өзектілігі жалпы білім беру пәндерін медициналық біліммен тиімді интеграциялау арқылы болашақ дәрігерлердің кәсіби құзыреттілігін арттыру мүмкіндіктерін айқындаумен сипатталады. Зерттеудің мақсаты: жалпы білім беру пәндерін медициналық біліммен интеграциялау арқылы болашақ дәрігерлердің кәсіби құзыреттілігін арттыру тиімділігін бағалау [3].

Материалдар мен әдістер

Зерттеу сипаттамалық-талдамалық сипатта жүргізілді, бұл таңдалған әдіс зерттеу нысанының ерекшеліктерін жан-жақты сипаттауға және алынған нәтижелерге терең талдау

жасауға мүмкіндік берді. Аталған тәсіл білім беру үдерісіндегі пәнаралық интеграцияның тиімділігін кешенді бағалауға, сондай-ақ оның білім алушылардың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуына әсерін анықтауға бағытталды.Зерттеу базасы ретінде Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы алынды. Бұл оқу орны медициналық білім беру саласында жетекші жоғары оқу орындарының бірі болып табылатындықтан, зерттеу жүргізу үшін қолайлы ғылыми-білім беру ортасын қамтамасыз етті.

Зерттеуге 2–3 курс білім алушылары қатысты, себебі бұл кезеңде олар базалық медициналық пәндерді меңгеріп, клиникалық ойлау дағдыларын қалыптастыру сатысында болады. Осыған байланысты аталған контингент пәнаралық интеграцияның әсерін бағалау үшін ең қолайлы топ ретінде таңдалды.Зерттеу барысында бірнеше ғылыми әдістер кешені қолданылды. Атап айтқанда, сауалнама жүргізу әдісі арқылы білім алушылардың оқу үдерісіне, пәнаралық байланыстарға және интеграцияланған оқытудың тиімділігіне деген көзқарастары анықталды. Сонымен қатар, кейс-стади әдісі қолданылып, нақты клиникалық жағдайларға негізделген тапсырмалар арқылы білім алушылардың теориялық білімді тәжірибеде қолдану деңгейі бағаланды. Бұл әдіс олардың клиникалық ойлауын, шешім қабылдау қабілетін және кәсіби құзыреттілігін айқындауға мүмкіндік берді.

Салыстырмалы талдау әдісі арқылы бақылау және эксперименттік топтардың нәтижелері өзара салыстырылып, пәнаралық интеграцияның тиімділігі анықталды. Бұл тәсіл енгізілген оқыту әдістерінің нақты нәтижелерін бағалауға және олардың артықшылықтарын айқындауға мүмкіндік берді.

Зерттеу аясында пәнаралық модульдер әзірленіп, олар биология, химия және биохимия пәндерінің мазмұнын біріктіре отырып құрылды. Аталған модульдер медициналық пәндермен өзара байланыста қарастырылып, білім алушылардың алған білімдерін жүйелі түрде қолдануына бағытталды. Бұл өз кезегінде олардың пәндер арасындағы байланысты терең түсінуіне және кешенді ойлау дағдыларын дамытуға ықпал етті. Сонымен қатар, зерттеу үдерісінде академиялық адалдық қағидалары қатаң сақталып, алынған нәтижелердің объективтілігі мен шынайылығы қамтамасыз етілді.

Нәтижелер және талқылау

Зерттеу нәтижелері пәнаралық интеграцияның тиімділігін көрсетті.

Сурет 1 – Орташа балл өсімі

Нәтижелер білім алушылардың кәсіби даму деңгейінің артқанын көрсетті.Алынған нәтижелер басқа зерттеулермен сәйкес келеді. Пәнаралық интеграция білім алушылардың клиникалық ойлауын және әлеуметтік жауапкершілігін арттырады.Бұл тәсілдің артықшылығы – білімді кешенді қабылдау.

Кемшілігі – оқу жүктемесінің артуы.

Қорытынды

Жалпы білім беру пәндерін медициналық біліммен интеграциялау болашақ дәрігерлердің кәсіби құзыреттілігін арттырудың тиімді құралы болып табылады. Бұл үдеріс білім алушылардың теориялық білімін тәжірибемен ұштастыруға, пәнаралық байланыстарды терең түсінуге және алған білімдерін нақты клиникалық жағдайларда қолдана білу қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, интеграцияланған оқыту тәсілі білім алушылардың сыни ойлауын, клиникалық шешім қабылдау дағдыларын және кәсіби жауапкершілігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Әдебиеттер тізімі

1. Harden R.M. The integrated curriculum in medical education. 2015. https://doi.org/10.3109/0142159X.2015

2. Brauer D.G. Integrated curriculum. 2015. https://doi.org/10.3109/0142159X.2015

3. WHO. Health workforce education. 2023. https://doi.org/10.1016/j.who.2023

ӘОЖ 378.147:355.55

Baizhienova K.T., Omarova, B.K.

Astana Medical University, Astana, Kazakhstan

ARTIFICIAL INTELLIGENCE AND HUMANITIES: NEW PARADIGMS OF RESEARCH AND TEACHING

Abstract

The purpose of this article is to integrate the phenomenon of artificial intelligence with traditional humanities channels in an era when humanity has crossed the golden threshold of "digital civilization"—an inescapable requirement of modernity.

Our goal is to substantiate artificial intelligence not only as a technological tool, but also as an entirely new, "innovative paradigm" for analyzing historical knowledge and linguistic treasures, expanding the horizons of humanities research. Furthermore, we intend to scientifically analyze adaptive learning models that awaken students' creative potential and unleash their independent inquiry, rather than providing dry information in the educational process.

Key words: *artificial intelligence, humanities paradigm, digital transformation, innovative methodology, cognitive technologies, interdisciplinary communication, digital ethics, adaptive learning, algorithmic analysis.*

Байжиенова К.Т., Омарова Б.К.
Медицинский университет Астана, Астана, Казахстан

ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ И ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ: НОВЫЕ ПАРАДИГМЫ ИССЛЕДОВАНИЙ И ПРЕПОДАВАНИЯ

Аннотация

Цель данной статьи — объединить феномен искусственного интеллекта с традиционными каналами гуманитарных наук в эпоху, когда человечество переступило золотой порог «цифровой цивилизации» — неизменного требования современности.

Наша цель — обосновать искусственный интеллект не только как технологический инструмент, но и как совершенно новую, «инновационную парадигму» для анализа исторических знаний и языковых сокровищ, расширяющую горизонты гуманитарных исследований. Кроме того, мы намерены научно проанализировать адаптивные модели обучения, которые пробуждают творческий потенциал студентов и дают выход их самостоятельному поиску, а не предоставляют сухую информацию в образовательном процессе.

Байжиенова К.Т., Омарова Б.К.
Астана медицина университеті, Астана, Қазақстан

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР:ЗЕРТТЕУ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ПАРАДИГМАЛАРЫ

Аңдатпа

Бұл мақаланың мақсаты – адамзат баласы "цифрлық өркениеттің" алтын босағасын аттаған алмағайып заманда, жасанды интеллект феноменін гуманитарлық ғылымдардың дәстүрлі арнасымен ұштастыру — бүгінгі күннің айнымас талабы.

Біздің мақсатымыз — жасанды ақыл-ойды тек технологиялық құрал ретінде емес, гуманитарлық зерттеулердің көкжиегін кеңейтетін, тарихи таным мен тілдік қазынаны саралаудың мүлде жаңа, "инновациялық парадигмасы" ретінде негіздеу. Сонымен қатар, білім беру үдерісіндегі құрғақ ақпаратты беруден гөрі, студенттің шығармашылық әлеуетін оятатын, дербес ізденісіне қанат бітіретін адаптивті оқыту үлгілерін ғылыми тұрғыдан пайымдауды көздейміз.

Түйін сөздер: жасанды интеллект, гуманитарлық парадигма, цифрлық трансформация, инновациялық әдістеме, когнитивтік технологиялар, пәнаралық байланыс, цифрлық этика, адаптивті оқыту, алгоритмдік талдау.

Адамзат тарихында әр дәуір өзінің рухани келбетін айқындайтын өзекті идеялармен, жаңа технологиялармен және ойлау тәсілдерімен ерекшеленіп отырған. Бүгінде біз дәл сондай шекаралық кезеңнің куәгеріміз. Жасанды интеллект – тек инженерлер мен бағдарламашылардың құралы ғана емес, ол бірте-бірте гуманитарлық білімнің де ажырамас серігіне айналуда. Бұл үрдіс кездейсоқтық емес, заман талабы.

Гуманитарлық ғылымдар әрқашан адамның рухани әлемін, оның тарихи санасын, тілі мен мәдениетін зерттеуге бағытталған. Ал жасанды интеллект дәуірі бұл дәстүрлі салаларға тың леп әкеліп қана қоймай, олардың зерттеу әдіснамасы мен оқыту парадигмасын түбегейлі өзгертуде. Әдебиеттанушы енді мәтінді ғана талдап қоймай, оны генеративті модельдер арқылы саралайды; тарихшы мұрағат құжаттарын жасанды интеллект көмегімен өңдейді; тіл маманы мәдениетаралық коммуникацияның жаңа үлгілерін цифрлық кеңістікте зерделейді .

Алайда бұл үдеріс қарапайым технологиялық жаңарудан әлдеқайда терең. Жасанды интеллект гуманитарийлерге өз пәніне сырттай, тіпті басқа бір «ақылды жүйенің» көзімен қарауға мүмкіндік береді. Бұл – өзіндік рефлексияның жаңа деңгейі. Принстон

университетінің цифрлық гуманитаристика орталығы жүргізген зерттеулер көрсеткендей, бүгінгі таңда гуманитарлық ғылымдардың алдында тұрған басты сұрақ – «Жасанды интеллект біздің зерттеулерімізге не бере алады?» деген ғана емес, «Адамзаттың гуманитарлық білімі мен әдіснамасы жасанды интеллекттің дамуына қалай ықпал ете алады?» деген мәселе .Цифрлық дәуірдегі гуманитарлық білімнің міндеті – технологияны сыни тұрғыдан игеру, оның мүмкіндіктерін пайдалана отырып, адамзаттың рухани құндылықтарын сақтау және дамыту.

[https://cdh.princeton.edu/news/2025/09/08/cdh-launches-modeling-culture-new-humanities-practices-in-the-age-of-ai/]

Гумманитарлық зерттеулердің трансформациясы

1) Дәстүрлі әдістер мен цифрлық мүмкіндіктер

Ғасырлар бойы гуманитарлық ғылымдар мәтінді оқу, түсіну және интерпретациялау өнеріне негізделді. Филологтар мен тарихшылар қолжазбаларды парақтап, мұрағаттарда шаң басқан құжаттарды саралады. Бүгінде бұл үдеріс түбегейлі өзгеріске ұшырауда. Философия, саясаттану және дінтану институтында өткен стратегиялық сессияда ғылыми контентті талдау және жүйелеу, үлкен мәтіндік деректермен жұмыс істеу, зерттеу деректерін құрылымдау сияқты практикалық құралдар ұсынылды . Бұл дегеніміз, зерттеуші енді жүздеген мәтінді қолмен салыстырмай, алгоритмдер көмегімен олардың типологиясын жылдам анықтай алады. Токио халықаралық университетінің профессоры Кристофер Ламонттың айтуынша, «Адамның миы ақпарат көлеміне төтеп бере алмаған жағдайда жасанды интеллект ең күрделі міндеттерді жылдам шешуге қабілетті» . Бұл – жай құрал ғана емес, зерттеу әдіснамасындағы төңкеріс.

2)ЖИ көмегімен мәдени мұраны цифрландыру

Мәдени мұраны сақтау – гуманитарлық ғылымдардың басты міндеттерінің бірі. Жасанды интеллект бұл салада да өз мүмкіндіктерін көрсетуде. Ескі қолжазбаларды қалпына келтіру, сирек кездесетін мәтіндерді оқу, тозған беттердегі жазбаларды реконструкциялау – бәрі де нейрожелілердің көмегімен жылдам әрі сапалы жүзеге асуда. Бұл – уақыт пен ұрпақ сабақтастығының алшақтауына жол бермейтін маңызды бағыт.

Оқыту үдерісіндегі парадигмалық өзгерістер

1)Жаңа буын гуманитарийлерін даярлау

Цифрлық дәуірдің гуманитарийі қандай болмақ? Бұл сұрақ бүгінде көптеген университеттерде талқылануда. Maqsut Narikbayev University-де өткен Жоғары гуманитарлық мектебінің Бизнес-кеңесінің отырысында дәл осы мәселе басты назарда болды. Кеңес мүшелері білім беру бағдарламаларына ЖИ-курстарды енгізу және академиялық процесте жасанды интеллект технологияларын қолдану мәселелерін талқылады. Олар ЖИ-ді психодиагностикалық деректерді өңдеуде, зерттеу нәтижелерін талдау мен ұсынуда, сұхбат пен интервенция дағдыларын жаттықтыруда құрал ретінде пайдалануды ұсынды .MNU провосты Сергей Пеннің айтуынша, «әріптестердің, түлектердің жұмыс берушілерінің сараптамалық пікірі мен ұсыныстары білім беру бағдарламаларын еңбек нарығының сұраныстарына уақытылы бейімдеуге мүмкіндік береді. Шын мәнінде, университет алдағы жылдары қандай мамандарды шығаратыны осыған байланысты» .

2) Жасанды интеллектті оқу үдерісіне енгізудің нақты мысалдары да жоқ емес. Өскемен экономика және техника колледжінде қазақ әдебиеті пәні бойынша жасанды интеллект элементтері қолданылған ашық сабақ өткізілді. Сабақ барысында мәтіндерді талдау, тапсырмалар құрастыру және шығармашылық жобалармен жұмыс істеу үшін жасанды интеллект құралдары пайдаланылды. Мұндай тәсіл студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттырып, олардың оқу процесіне белсенді қатысуына ықпал еткені атап өтілді .Құқық қорғау органдары академиясы да бұл бағытта қарқынды жұмыс істеуде. К. Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетімен бірлесіп ұйымдастырылған семинар-практикумда оқытушылар әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқытуда ЖИ-мен жұмыс істеудің практикалық құралдарын игерді .

Философиялық-этикалық дилеммалар

1) ЖИ генерациялаған мәтін авторлығы мәселесі

Жасанды интеллект дәуірінің ең өткір мәселелерінің бірі – авторлық құқық. Егер мәтінді, суретті немесе музыканы жасанды интеллект жазса, оның авторы кім? Бұл сұраққа Қазақстанның Әділет вице-министрі Ботагөз Жақселекова нақты жауап берді. Оның айтуынша, қолданыстағы заңнама бұл мәселені айқын реттейді: авторлық құқық иесі тек жеке тұлға бола алады. «Авторлық құқықтың субъектісі – тек адам. Адамның ойы, идеясы мен шығармашылығы – кез келген туындының негізі. Жасанды интеллект – бұл құрал ғана. Ол берілген алгоритмді орындайды, бірақ өздігінен ойлап, жаңа нәрсе жасай алмайды. Сол

себепті, туындының шынайы авторы – тапсырманы берген адам», – деп түсіндірді вице-министр .

Халықаралық тәжірибеде де осыған ұқсас көзқарас қалыптасқан. АҚШ-тың авторлық құқық туралы заңы бойынша, авторлық құқықты қорғау тек адамның авторлығын көрсететін туындыларға ғана беріледі .

2) Гуманитарлық білімнің дегуманизациялану қаупі

Технологияның қарқынды дамуы кейбір қауіптерді де туғызады. Философия, саясаттану және дінтану институтының стратегиялық сессиясында адам мен технология арасындағы этикалық мәселелер кеңінен талқыланды. Гуманитарлық ғылымды ақпаратты өңдеудің қазіргі әдістеріне және жаңа білім қалыптастыру формаларына бейімдеу тақырыбы маңызды орын алды .

Академик Алмаз Шарманның айтуынша, жасанды интеллект медицинада революция жасауда, бұрын ондаған жылдар кететін нәтижелерге бірнеше күнде қол жеткізуге мүмкіндік берді. Дегенмен, адамдардың белсендігінің төмендеуі мен психологиялық тәуелділік сияқты кері әсерлер де байқалып жатыр .

AI –Sana: ЖИ дәуіріндегі қазақ гуманитарийлердің жаңа буыны

2024 жылдың желтоқсанында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен AI-Sana ұлттық бағдарламасы іске қосылды . Бұл бағдарлама елде жасанды интеллект саласында жоғары білікті мамандар даярлауға және ұлттық AI экожүйесін дамытуға бағытталған . Алайда бұл бағдарламаның ерекшелігі – ол тек техниктерге ғана емес, гуманитарлық бағыттағы студенттерге де арналған.

Нақты нәтижелер мен жетістіктер:

Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Гуманитарлық факультетінде AI-Sana бағдарламасы аясында жүргізілген жұмыстардың нәтижелері айқын көрінеді .

- 5400 білім алушы халықаралық платформалар арқылы жасанды интеллект курстарынан өтіп, сертификат алды
- 2025 жылы бес ЖИ-агент іске қосылады . Бұл көрсеткіштер – жай сандар емес. Олардың артында мыңдаған гуманитарлық мамандық студенттерінің цифрлық трансформацияға белсенді қатысуы жатыр. ШТҚ-311 және ШТҚ-313 топ студенттерімен өткізілген тәрбие сағатында AI-Sana бағдарламасының мәні мен маңызы түсіндіріліп, жасанды интеллект технологияларының білім беру саласына ықпалы таныстырылды .

Қазақстан үшін бұл үдерістің маңызы зор. Ұлттық тіл мен мәдениетті цифрлық кеңістікте сақтау, қазақ тілінің корпусын құру, ұлттық кодты алгоритмдерге «үйрету» – бұлардың бәрі күн тәртібінде тұрған мәселелер. Философия, саясаттану және дінтану институтының Digital Bridge 2025, Astana Think Tank Forum 2025 сияқты халықаралық алаңдарға қатысу тәжірибесі гуманитарлық ғылымның технологиялармен интеграциялану бағытындағы жаһандық тенденцияны айқын көрсетеді .

Қорытынды. Жасанды интеллект пен гуманитарлық ғылымдардың тоғысы – бұл тек заманауи технологиялық үдеріс қана емес, сонымен бірге адамзаттың өзін-өзі тануының жаңа кезеңі. Біз технологияларды игере отырып, өзіміздің адамдық болмысымыздың мәнін тереңірек түсінеміз. Гуманитарлық білім бұл үдерісте технологияларды сыни тұрғыдан бағалап, оларды адамзаттың рухани құндылықтарына сай бағыттаудың кепілі бола алады.

Философия, саясаттану және дінтану институтында өткен стратегиялық сессияда атап өтілгендей, жасанды интеллект гуманитарлық зерттеулерге қауіп төндірмейді, керісінше жаңа мүмкіндіктер береді . Ендеше, біз бұл мүмкіндіктерді пайдалана отырып, ұлттық мәдениетіміз бен тілімізді цифрлық дәуірде сақтап қана қоймай, оны жаһандық деңгейде дамытуға үлес қосуымыз керек.

Жасанды интеллект – гуманитарлық ғылымдардың бәсекелесі емес, стратегиялық серіктесі. Болашақ – технологиялық құзырет пен гуманитарлық құндылықтар синтезінде.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Садвокасова А. Философия, саясаттану және дінтану институтының стратегиялық сессиясында сөйлеген сөзі // ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының ресми сайты. – Алматы, Қазақстан, 2025.

2. Жарылқасынұлы Б. Жасанды интеллект және гуманитарлық ғылымдар: интеграция мәселелері // Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының хабаршысы. – Алматы, Қазақстан, 2024. – №4. – 45-52 б.

3. Lamont C. Artificial Intelligence and Humanities: New Research Paradigms // Tokyo International University Research Bulletin. – Tokyo, Japan, 2024. – Vol. 12, No. 3. – P. 112-128. – [https://tiu.ac.jp/research/]

4. Big Data in the Humanities: Interdisciplinary Approaches / Ed. by M. Johnson, S. Lee // Harvard University Press. – Cambridge, USA, 2025. – 312 p. – [https://harvard.edu/press/]

5. Нархоз университеті. Цифрлық трансформация және үлкен деректер: халықаралық конференция материалдары // Нархоз университетінің ресми сайты. – Алматы, Қазақстан, 2025. – [https://narxoz.edu.kz/]

6. Пенн С. Maqsut Narikbayev University Жоғары гуманитарлық мектебінің Бизнес-кеңесі отырысында сөйлеген сөзі // MNU ресми сайты. – Астана, Қазақстан, 12 ақпан 2025. – [https://mnu.edu.kz/]

7. І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті. Қазақ әдебиеті пәнінде ЖИ қолдану: ашық сабақ тәжірибесі // Жетісу университетінің ресми сайты. – Жетісу облысы, Қазақстан, 2025. –[https://zhetysu.edu.kz]

8. Құқық қорғау органдары академиясы. Әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқытуда ЖИ қолдану: семинар-практикум материалдары // Құқық қорғау органдары академиясының ресми сайты. – Астана, Қазақстан, 2025. – [https://academy.kz]

9. Ноак Ш. Гуманитарлық зерттеулерде нейрожелілік құралдарды қолдану: қонақ дәрісі // Қазақстан-Американдық еркін университетінің ресми сайты. – Өскемен, Қазақстан, 2025. – [https://kafu.edu.kz]

10. Жақселекова Б. Қазақстан Республикасы Әділет вице-министрінің брифингі // ҚР Әділет министрлігінің ресми сайты. – Астана, Қазақстан, 12 қыркүйек 2024. – [https://gov.kz/memleket/entities/adilet]

11. U.S. Copyright Law: Title 17 of the United States Code // U.S. Copyright Office. – Washington D.C., USA, 2024. –[https://copyright.gov/title17]

12. Шарман А. Жасанды интеллект және медицина: мүмкіндіктер мен қауіптер // Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигінің баяндамасы. – Алматы, Қазақстан, 2025. – [https://nauka.kz]

13. Digital Bridge 2025: Халықаралық форум материалдары // Digital Bridge ресми сайты. – Астана, Қазақстан, 2025. – [https://digitalbridge.kz]

ӘОЖ 616:378.147

Жакипова А.С.

АО "Южно-Казахстанская медицинская академия", г. Шымкент, Казахстан

РАЗВИТИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩЕГО ВРАЧА, ИНТЕГРАЦИЯ ЯЗЫКОВОЙ ДИСЦИПЛИНЫ-НЕОТЪЕМЛЕМАЯ ЧАСТЬ СОВРЕМЕННОГО МЕДИЦИНСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация

В статье рассматривается значение сочетания общеобразовательных дисциплин и клинических дисциплин в медицинских вузах. Автор анализирует пути развития коммуникативных навыков, критического мышления и этической ответственности студентов посредством междисциплинарной коммуникации.

Ключевые слова: медицинское образование, междисциплинарная интеграция, профессиональная компетентность, гуманитарные дисциплины, будущий врач.

***Ключевые слова**: интеграция, основное средство, интерактивность, традиционная медицина, профессиональная компетентность, ролевые игры*

Zhakipova A.S.

JSC "South Kazakhstan Medical Academy", Shymkent, Kazakhstan

THE DEVELOPMENT OF THE PROFESSIONAL COMPETENCE OF THE FUTURE DOCTOR, THE INTEGRATION OF LANGUAGE DISCIPLINE IS AN INTEGRAL PART OF MODERN MEDICAL EDUCATION

Annotation *The article examines the importance of combining general education and clinical disciplines in medical schools. The author analyzes the ways of developing students' communication skills, critical thinking and ethical responsibility through interdisciplinary communication.*
Keywords: medical education, interdisciplinary integration, professional competence, humanities, future doctor.

***Keywords**: integration, basic means, interactivity, traditional medicine, professional competence, role-playing games*

Жакипова А.С.

«Оңтүстік қазақстан медицина академиясы» АҚ, Шымкент қ., Қазақстан

БОЛАШАҚ ДӘРІГЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ДАМЫТУДА, ТІЛДІК ПӘННІҢ ИНТЕГРАЦИЯЛАНУЫ - ЗАМАНАУИ МЕДИЦИНАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ АЖЫРАМАС БӨЛІГІ

Аңдатпа

Мақалада медициналық жоғары оқу орындарында жалпы білім беру пәндері мен клиникалық пәндерді ұштастырудың маңызы қарастырылады. Автор пәнаралық байланыс арқылы студенттердің коммуникативтік дағдыларын, сыни ойлауын және этикалық жауапкершілігін дамыту жолдарын талдайды.

Кілт сөздер: медициналық білім, пәнаралық интеграция, кәсіби құзыреттілік, гуманитарлық пәндер, болашақ дәрігер.

Түйін сөздер: интеграция, негізгі құралы, интерактив, дәстүрлі медицина, кәсіби құзыреттілік, рөлдік ойындар

В.М.Бехтерев: «Егер дәрігермен сөйлескеннен кейін науқас өзін жеңіл сезінбесе. Ол дәрігер емес»

Гиппократ: «Дәрігердің емі үш құралдан тұрады: сөз, шөп және пышақ»

Қандай да заман, қандай да қоғамда болмасын мемлекеттік ішкі және сыртқы саяси құрылымдарға негізделетін қуатты заңға, жан-жақты ойластырылған құқықтық жүйеге арқа сүйенеді әрі мемлекеттік тілі арқылы көпшіліктің көкейіндегісіне жол табатын насихатттан сырт айналып өте алмайды. Олай болатын болса, мемлекеттік тілді үнемі насихаттап, халық жадында жатталғанша қызмет ету беру- тіл мамандарының жүйелі жұмысы.

Кәсіби құзыреттілік — бұл маманның алған білімін практикалық іс-әрекетте тиімді пайдалана алу қабілеті мен кәсіби жауапкершілігінің үйлесімі. Көп жағдайда медициналық ЖОО білім алушылары жалпы білім беру пәндерін(тарих, тілдер, философия) өз мамандығына тікелей қатысы жоқ «қосымша» ақпарат ретінде қабылдайды. Алайда, заманауи медициналық білім беру парадигмасы бұл пәндердің клиникалық пәндермен тығыз интерграциялануын талап етеді. Интеграция — бұл жекелеген пәндердің мазмұнын біріктіріп қана қоймай, білім алушының санасында біртұтас кәсіби дүниетанымды қалыптастыру үдерісі.

Қазіргі таңда жаһандық денсаулық сақтау жүйесі түбегейлі трансформация кезеңін бастап кешуде. Медицина ғылымының қарқынды дамуы, жаңа технологиялардың енуі және дәлелді медицина қағидаттарының орнығуы болашақ мамандарға қойылатын талаптарды өзгертті. Дүниежүзілік медициналық білім беру федерациясының (WFME) стандарттарына сәйкес, заманауи дәрігер тек клиникалық дағдыларды ғана емес, сонымен қатар коммуникативтік, цифрлық және зерттеушілік құзыреттіліктерді меңгерген әмбебап маман

болуы тиіс. Осы орайда, медициналық жоғарғы оқу орындарындағы жалпы білім беру пәндерінің (тілдер, информатика, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар) рөлі қайта қаралуда. Бұрын бұл пәндер кәсіби білімнен оқшаулаған, тек «жалпы мәдениеті көтеруші» элемент ретінде қабылданса, бүгінде олар кәсіби құзыреттіліктің ажырамас іргетасына айналды. Білімдарлық жағынан қазақтардың өздерінің де құралақан еместігі белгісі. Дүниежүзінде екінші Аристотель атанған Әбу Насыр әл-Фараби, ислам дүниесінде екінші Мұхаммед атанған Қожа Ахмет Яссауи, екінші Геродот атанған Жүсіп Баласағұни мен Мұхаммед Хайдар Дулати қазақ топырағының перзенттері емес пе? Осыларды нысана ете отырып, ұлттық мәдени сананың қалыптасуына, әр оқытушы еліміздің болашағының қамын ойлап, пәнді терең білдіруінің тиімді жақтарын қарастырып, салыстырып, сұрыптай отырып, мемлекеттік тілдің басымдылығын, (тіл таным құралы) ізгілікті білімдер әдебиет, ұлттық этнос мәдени құндылықтарымен сусындату, медицина терминдерін меңгерту, кәсіби бағдар беріп, жан-жақты мәдениетті тұлғаны қалыптастыру басты мақсатымыз.

Ендеше, қазақ тілі сабағы білім алушыларды жан-жақты тәрбиелеудің негізгі құралы екендігі даусыз. Қазақ тілі сабағында өмірге өзіндік көзқарасы айқындалып, мамандығы, кәсібі туралы да ұғым-түсінігі кеңейе түседі. Өз мамандығы туралы әңгімеге шақыру, бұл мамандықты неліктен таңдағандығын әңгімелету, мамандығының өмірге қажеттілігі жайында пікірлесу керек. Бұл сияқты жүйелі жұмыстардан соң, білім алушылар таңдаған мамандықтарының өмірге қажет екендігіне көздері жетеді, мақтаныш сезімі ұялап, қоғамға қажеттіліктерін сезінеді.

«Интерактив» сөзі – өзара әрекет ету бейімділігін білдіреді немесе әңгімелесу, әлдекіммен не болмаса әлденемен (мысалы,компьютермен) сұхбаттасуда болады. Демек, интерактивті оқыту– бұл ең алдымен сұхбаттасып оқыту, оның барысында оқытушы мен тіл үйренушінің өзара әрекет етуі жүзеге асырылады. Интерактивті оқытудың бір түрі ; « Ми шабуылы»

1.Қатысушыларға талқылау үшін белгілі бір тақырыпты сұрақ арқылы беру

2.Осы мәселе бойынша өзінің ойын айтуға ұсыныс жасау

3.Айтылғандардың барлығын жазу(олардың бәрін қарсылықсыз қабылдау керек) Егер сізге ол түсініксіз болатын болса, айтылғандарды қайталап анықтауға жол беріледі (кез–келген жағдайда идея қатысушының аузынан қалай шықса, солай жазылады).

4.Барлық идеялар мен талқылаулар айтылып біткеннен кейін, берілген тапсырма қандай болғанын қайталау керек және қатысушылардың сөзінен сіз не жазып алдыңыз, соның барлығын тізіп шығу керек. Негізгі керекті ойды түйіндеу.

5.Қатысушылардың пікірі бойынша алынған нәтижеден қандай қорытынды жасауға болатынын және трегнингтің тақырыбымен байланысты оның қалай болатынын сұрай отырып, жұмысты аяқтау қажет. Бізге пікірдің қорытындысы не беретінін анықтау. «Ми шабуылы» нені қарастырады: – даулы мәселелерді талқылау; – талқылауға қатысуға онша сенімді емес қатысушыларды ынталандыру; – қысқа мерзім ішінде идеяны көптеп жинау; «Ми шабуылы» аяқталғаннан кейін(орташа 4-5 минут), жауаптың барлық нұсқаларын талқылау керек, бастыларын және қажеттерін таңдау қажет.

Келесі бір нұсқа А1-2 деңгейлі топтарда дәріс жүргізу. Сабақтың тақырыбы: Адамдар арасындағы қарым – қатынас. Танысу.Амандасу. Деңгейі А1-2 бастауыш деңгей. Мақсаты: Сөздердің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтай отырып сөз және оның құрамы туралы түсініктерін бекіту. Сөздік қорларын молайту, өз ойларын жатық сөйлемдермен жеткізе білуге дағдыландыру. Өз еліне,жеріне деген патриоттық, сағыныш сезімдірін ояту.

Қолданылатын әдістер: Түрткі сұрақтар, қайта бағыттау сұрақтары. «Ой ашар», «Ой қозғау», «Жұптас–ойлан–бөліс», «Сергіту сәті», «Мәтінмен жұмыс» мәтіндерді кванттеу. Көрнекілігі: Үлестірмелі материалдар, слайд, бейнеролик, суреттер, Қазақстан картасы, Бәйтерек мұнарасының плакаты.

Лексикалық минимум: Танысу, сәлемдесу, сәті түсу, мәдениеттіліктің белгісі, сөйлеу әдебі, таныстыруға рұқсат етіңіз, жүзі таныс, жылы қарсы алу, кешірім сұрау, қол алысу, өте қуаныштымын, жақсылық тілеймін т.б. Сабақ барысы: Оытушының кіріспе сөзі: – Сәлемдесу– «Cood morning», «Hello», «Namaste» не деп сөйлеп тұр деп тұрған шығарсыздар. Мен сіздермен ағылшын, үнді халықтары бойынша күннің қайырлысын тіледім. Ал қазақша «Сәлеметсіздер ме?» «Қайырлы күн» деп амандасып аламын. Әр халықтың өзіндік амандасу салттары мен шарттары бар. Осы орайда мен сіздермен әр елдің «амандасу», «сәлемдесу» үлгісімен таныстырып өтейін.

Мақсатым жағымды психологиялық ахуал туғызу «Қазақтар» – қол алысып амандасады, «Африкада» – қос аяқтап секіреді, «Жаңа зейландиялықтар» – мұрындарын тигізеді, «Жапондықтар» – иіліп сәлем береді. Аталған амандасу түрлерін қимыл әрекеттермен көрсетіп көрейік. Келесі кезекте әртүрлі елдердің әуенін қосу арқылы мемлекетті анықтайтын

боламыз. Мен қазір, әртүрлі елдердің әуенін қосамын. Ал сіздер қай ел екенін тауып берерсіздер. Ал сіздер қандай елдердің сәлемдесу түрлерін білесіздер? (кері сауал қою). Болашақ дәрігердің кәсіби құзіреттілігі – бұл тек клиникалық дағдылар жиынтығы емес, ол білім, білік және тұлғалық қасиеттердің синтезі. Ғалым В.А. Адольфтің пікірінше: «Кәсіби құзіреттілік – бұл маманның алған білімін тәжірибелік іс– әрекетте тиімді пайдалана алу қабілетімен кәсіби жауапкершілігінің үйлесімі»

Медициналық білім берудегі интеграция – бұл «бір – бірінен ажыратылған пәндерді біртұтас жүйеге біріктіру» Ю.М.Лопухин өзінің еңбектерінде дәрігердің гуманитарлық дайындығы оның деонтологиялық (медициналық этика) мәдениетінің негізі екенін атап өтеді.

Қазақ тілі пәні медициналық жоғары оқу орындарында тек грамматиканы үйрету» емес «кәсіби қарым– қатынас мәдениетін қалыптастыру» құралына айналуы тиіс. Мысалы: қазақ тілі сабағында тек сөздерді жаттамай, «Науқаспен сұхбат» атты рөлдік ойындар арқылы кәсіби терминдер мен этикеттік орамдарды «сүйіншілеу, көңіл айту, жұбату» ұштастыруға болады. Тіл арқылы білім алушылар халықтық медицинадағы атаулар мен заманауи халықаралық терминдердің сәйкестігін зерделейді. Бұл білім алушылардың логикалық ойлауын дамытады. Мәтінмен жұмыс және ғылыми тіл: болашақ дәрігердің ғылыми мақала жазуына, ауру тарихын «медициналық карта» сауатты толтыруға дағдылануы үшін қажет. Қазақ тілі сабағы медициналық мақалаларға аннотация жазу немесе рецепттерді қазақ тілінде сауатты рәсімдеу тілдік білімді кәсіби қажеттілікке айналдырады.

Қазақ тілін кәсіби бағытпен интеграциялау нәтижесінде білім алушыларда мынадай құзіреттіліктер қалыптасады:

Коммуникативтік: науқаспен және әріптестерімен еркін этикалық шеңберде тілдесу.

Ақпараттық: мемлекеттік тілдегі медициналық құжаттаманы сауатты жүргізу.

Мәдени– гуманитарлық: ұлттық құндылықтарды ескере отырып, медициналық көмек көрсету. Тілді оқыту барысында заманауи педагогикалық әдістемелердің бірі PBL-мәселелік бағытта оқыту. Бұл әдіс білім алушыға нақты бір клиникалық немесе этикалық мәселені (кейс) тастап, оны жалпы білім пәндері тұрғысынан шешуді ұсынады. Тәжірибемде: қазақ тілі мен фармация интеграциясы аясында білім алушыларға жағдаяттық тапсырма берілді. «Тұтынушы дәріге шағымданды. Фармацевт маман ретінде қандай әрекет жасар едіңіз? Дәрі өндіруде сапа мәселесі жайында шағым түсті, қызметкер оны байқап, шешім қабылдауы керек? Сіздің маман ретінде әрекетіңіз қандай?». Білім алушы мұнда психологиялық білімін, этикалық

нормаларды және қазақ тілінің эвфемизмдері мен этикеттік орамдарын қолданып, мәселені шешеді. Медициналық оқу орны білім алушыларына ойын элементтерін пайдалану–

сабақтың формалары мен әдістерін жетілдіру жолындағы ізденістердің маңызды бір бөлшегі, әрі тиімді құралы болып табылады. Ойын элементтерін оқу үдерісін пысықтау, жаңа тақырыпты қорытындылау кезеңдерінде, қайталау сабақтарында пайдаланған өте тиімді. Ойын элементтерінің материалдары сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сәйкес таңдалынып алынса оның берер пайдасы мен танымдық, тәрбиелік маңызын күшейте түсері анық. Оны тиімді қолдану мен іске асыру сабақтың әсерлігін, тартымдылығын дамытып, білім алушылардың тіл үйренуге деген қызығушылықтарын арттырады, білім алушының өзін– өзі тануына, өзіндік «менін» қалыптастыруға мүмкіндік береді. Кәсіби немесе әлеуметтік қызметтердің негізгі, елеулі сипаттарына еліктеуден туатын рөлдік ойындар білім алушылардың сабаққа қызығушылын ғана емес жауапкершілігін де арттыра түседі. Сондай–ақ рөлдік ойындарда оқытушымен білім алушының арасында еркін қарым –қатынас орнайды.

Рөлдік ойын– бұл нақты қарым – қатынас жағдайларына мүмкіндігінше жақын мағынада сөйлеу дағдыларын қалыптастыру және дамыту мақсатында сабақта ұжымдық оқу іс – әрекетін ұйымдастырудың бір түрі. Медициналық жоғарғы оқу орнындағы орыс тобының білім алушыларына қазақ тілін үйретудегі рөлдік ойын инновациялық әдісінің тиімділігі: а) білім алушының қазақ тілі арқылы қатынас жасауға деген қызығушылықтарын арттырады; ә) қажетті сөздерді неғұрлым көп білсем, дұрыс жауап берсем деген ойды туғызып, тіл үйренушіні ынталандырады; б) ойын барысында тілдік қатынастар ерекше маңызға ие болады: граматикалық категориялар,спецификациялық дыбыстар,тілдің шұбарланбауы; в)тіл үйренушінің мемлекеттік тіл бойынша біліктілігі мен белсенділігін арттырады, қазақ тіліне деген құрметін қалыптастырады.

Сонымен рөлдік ойынмен сабақ өткізу келесі маңызды міндеттерді қамтиды:

-білім алушының қоғамдық қатынастарға бейімделуі;

-жалпы адамзаттық мәдени құндылықтар мен қазақ ұлтының этностық мәдениетін меңгеру;

-білім алушының шынайы адамгершілік коммуникацияға енуіне мүмкіндік беретін коммуникативті іс-әрекеттердің көрініс табуы жүзеге асырылады;

-тіл үйренушінің әр қырынан көрінуіне интеллектуалдық, шығармашылық, коммуникативтік жағынан және әртүрлі қиындықтарды жеңуіне жағдай жасайды.Рөлдік

ойынды қолдануда оның күнделікті жаттығу жұмысына айналмауын ескеру керек,ондай жағдайда білім алушының қызығушылығы төмендейді.Көбіне рөлдік ойынның тілді меңгертудегі әртүрлі тәсілдерін сабақтың бекіту, қорытынды, қайталау сабақ түрлеріне орай түрлендіріп отыруды ұсынамын.

Медициналық жоғары оқу орындарының сабақтарындағы қолданылатын бұл әдістің жалпы білім беретін мектептердегі қолданысынан ерекшелігі,университеттерде ойынның мазмұны білім алушыларының оқу үдерісінде алған және дамытқан дағдыларын ескере отырып құрылатындығымен анықталады. Жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқытуға байланысты жүргізілетін барлық практикалық жұмыстар-жастарды адамгершілікке,имандылыққа, ұлтжандылыққа,Отансүйгіштікке, өз кәсібін шыңдай түсуге,сөйлеу мәдениетін қалыптастырып, сөздік қорын байытуға саналы еңбек етіп,шығармашылық ой-қабілетін арттыруға бағытталған.

Қазіргі таңдағы білім алудың негізгі мақсаты – өзінің және қоғамның мүддесінде өзін-өзі белсенді етуге дайын, өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті және құзыретті, шығармашыл, білімді тұлғаны дамыту және қалыптастыру болып табылады. Жоғарыда аталған құзыреттіліктің түрлері болашақ шет тілі маманының кәсіби іс-әрекетінде, кәсіби қарым-қатынас жасауда, кәсіби жеке тұлға ретінде қалыптасуында байқалады және оның даралығын кемелденуін белгілейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ушинский К.Д. Таңдамалы педагогикалық шығармалары. — Алматы: Мектеп, 1985. — 420 б.

2. Байжанова З.Т. Пәнаралық байланыс — білім сапасын арттырудың шарты // Қазақстан мектебі. — 2019. — №4. — 15-18 бб.

3. Жұмағұлова Б.С. Медициналық жоғары оқу орындарында қазақ тілін кәсіби бағыттап оқытудың әдістемелік негіздері. — Алматы: Ғылым, 2008. — 124 б.

4. Құнанбаева С.С. Қазіргі шеттілдік білім берудің теориясы мен практикасы. — Алматы, 2010. — 260 б.

5. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». — Астана, 2017. (Құндылықтар мен тілдік саясат тұрғысынан).

УДК 378.61.81

Ибраева Л.Б., Икматова Д.И.
«ОҚМА» АҚ. Шымкент, Қазақстан Республикасы

МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖОО-ДА ТІЛДІ ОҚЫТУДА ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМАЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Андатпа

Бұл мақалада медициналық оқу орындарында тілді оқытудағы цифрлық платформалардың рөлі қарастырылады. Онда заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, тілдік оқытуды студенттердің кәсіби қызметімен біріктіру әлеуеті талданады. Онда цифрлық құралдардың студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін, мотивациясын және тәуелсіздігін дамытуға әсері атап өтіледі. Цифрлық шешімдерді әдіснамалық тұрғыдан тиімді енгізу және онлайн және дәстүрлі оқыту форматтары арасындағы тепе-теңдікті сақтау қажеттілігіне ерекше назар аударылады. Онда цифрлық платформаларды кешенді пайдалану болашақ медицина мамандары үшін тілдік оқыту сапасын жақсартуға ықпал ететіні туралы қорытынды жасалады.

***Түйін сөздер**: білім беруді цифрландыру, медициналық университет, тілдік дайындық, коммуникативтік құзыреттілік, цифрлық платформалар, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, кәсіби коммуникация, аралас оқыту, мультимедиялық ресурстар, студенттердің өзіндік жұмысы.*

Ibrayeva L.B., Ikmatova D.I.,
JSC "South Kazakhstan Medical Academy", Shymkent, Kazakhstan

USING DIGITAL PLATFORMS IN LANGUAGE TEACHING IN MEDICAL UNIVERSITIES

Annotation

This article examines the role of digital platforms in language teaching at medical schools. It analyzes the potential for integrating language training with students' professional activities using modern information and communication technologies. It highlights the impact of digital tools on the development of students' communicative competence, motivation, and independence. Particular attention is paid to the need for a methodologically sound implementation of digital solutions and

maintaining a balance between online and traditional learning formats. It concludes that the integrated use of digital platforms contributes to improving the quality of language training for future medical professionals.

Key words: digitalization of education, medical university, language training, communicative competence, digital platforms, information and communication technologies, professional communication, blended learning, multimedia resources, independent work of students.

Ибраева Л.Б., Икматова Д.И.
АО «ЮКМА». Шымкент, Республика Қазақстан

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЦИФРОВЫХ ПЛАТФОРМ В ОБУЧЕНИИ ЯЗЫКАМ В МЕДИЦИНСКИХ ВУЗАХ

Аннотация

В статье рассматривается роль цифровых платформ в обучении языкам в медицинских вузах. Анализируются возможности интеграции языковой подготовки с профессиональной деятельностью студентов с использованием современных информационно-коммуникационных технологий. Подчеркивается влияние цифровых инструментов на развитие коммуникативной компетенции, мотивации и самостоятельности обучающихся. Особое внимание уделяется необходимости методически обоснованного внедрения цифровых решений и соблюдения баланса между онлайн- и традиционными форматами обучения. Делается вывод о том, что комплексное использование цифровых платформ способствует повышению качества языковой подготовки будущих медицинских специалистов.

Ключевые слова: цифровизация образования, медицинский вуз, языковое обучение, коммуникативная компетенция, цифровые платформы, информационно-коммуникационные технологии, профессиональная коммуникация, смешанное обучение, мультимедийные ресурсы, самостоятельная работа студентов.

Введение. Цифровизация высшего образования стала одним из ключевых направлений модернизации обучения в XXI веке. Особенно актуально это для медицинских вузов, где будущие специалисты должны не только овладеть профессиональными знаниями, но и развить коммуникативную компетенцию на государственном, русском и английском языках. Использование цифровых платформ позволяет интегрировать языковую подготовку в

профессиональный контекст, сделать процесс обучения более гибким, интерактивным и ориентированным на практику [1].

1. Цифровая образовательная среда в медицинском вузе

Современная образовательная среда строится на сочетании традиционного аудиторного обучения и онлайн-инструментов. В практике высшей школы активно используются такие платформы, как:

Moodle — система управления обучением, позволяющая размещать учебные материалы, тесты, форумы, задания с автоматической проверкой.

Google Classroom — удобный инструмент для организации обратной связи и контроля самостоятельной работы студентов.

Zoom — платформа для проведения онлайн-занятий, консультаций и вебинаров.

Quizlet — сервис для запоминания терминологии и медицинской лексики.

Kahoot! — интерактивный инструмент для проведения языковых викторин и текущего контроля знаний.

Сервис **Trello** является одним из цифровых инструментов, который активно используется нами на занятиях по русскому языку. Данная платформа функционирует в формате виртуальной доски, на которой размещаются карточки с различными заданиями. По сути, её можно сравнить с доской, где закрепляются стикеры с учебными задачами.

Платформа доступна для установки на различные устройства — смартфоны, планшеты и компьютеры, что обеспечивает удобство её использования. Сервис позволяет отслеживать процесс выполнения заданий в режиме реального времени. При этом сроки выполнения задач заранее фиксируются в карточках, что способствует организации учебной деятельности обучающихся. Интерфейс Trello интуитивно понятен и легко настраивается под различные образовательные цели и проекты. Преподаватели и студенты, имея доступ к доске через интернет, могут работать с ней в любое удобное время, соблюдая установленные дедлайны.

В разделе «Рабочее пространство» определяется содержание работы с конкретной учебной группой, а структура доски выстраивается в соответствии с целями занятия. Например, при организации СРОП акцент делается на индивидуальную деятельность студентов. В зависимости от типа задания каждому обучающемуся назначаются отдельные карточки с указанием сроков выполнения.

Каждая карточка содержит необходимую учебную информацию: ссылки на грамматические материалы, тестовые задания, опорные конспекты, презентации и другие ресурсы. Выполненные задания студенты прикрепляют к своим карточкам, что позволяет систематизировать результаты их работы.

Проверка осуществляется с использованием различных форм обратной связи: комментариев, меток, визуальных маркеров. Обучающиеся могут оперативно ознакомиться с замечаниями преподавателя, так как вся информация обновляется в режиме реального времени. Платформа также обеспечивает быстрый переход по прикрепленным ссылкам, а преподаватель имеет возможность отслеживать активность студентов непосредственно в рабочем пространстве.

Интеграция с **Google Drive** расширяет функциональные возможности сервиса: например, позволяет просматривать видеопрезентации непосредственно на доске. Установленные сроки сдачи заданий способствуют формированию у обучающихся ответственности и дисциплины.

Таким образом, эффективность использования Trello обусловлена возможностью предварительного планирования учебных задач, установления сроков их выполнения, а также оперативной организации обратной связи. Индивидуализация карточек позволяет адаптировать задания под уровень и потребности каждого студента, что делает данный инструмент особенно полезным в образовательном процессе.

Интеграция подобных платформ позволяет создать единую цифровую образовательную экосистему.

2. Специфика языковой подготовки в медицинском вузе

Обучение языку в медицинском вузе имеет профессионально-ориентированный характер. Студенты осваивают:

медицинскую терминологию;

навыки профессиональной коммуникации (врач–пациент, врач–врач);

академическое письмо (написание аннотаций, статей, историй болезни);

чтение научных текстов и клинических протоколов.

Цифровые платформы позволяют моделировать профессиональные ситуации через интерактивные задания, видеосценарии, виртуальные клинические кейсы. Например, на платформе Moodle можно создавать тесты по клиническим случаям, а в Zoom — организовывать ролевые игры «приём пациента».

3. Преимущества использования цифровых платформ

Индивидуализация обучения. Студенты могут работать в удобном темпе, повторять сложные темы, получать мгновенную обратную связь.

Интерактивность. Игровые элементы (Kahoot!) повышают мотивацию и вовлечённость.

Развитие автономности. Онлайн-ресурсы стимулируют самостоятельную работу и навыки самообразования.

Доступ к аутентичным материалам. Через цифровые ресурсы студенты знакомятся с современными медицинскими публикациями и международными протоколами.

Контроль и аналитика. Платформы автоматически фиксируют результаты, что облегчает мониторинг успеваемости.

4. Проблемы и вызовы цифровизации. Несмотря на очевидные преимущества, использование цифровых платформ сопровождается рядом трудностей:

недостаточная цифровая компетентность преподавателей и студентов;

технические ограничения (интернет, оборудование);

риск формализации контроля знаний;

снижение живого коммуникативного взаимодействия. .[2]

Поэтому цифровые технологии должны не заменять преподавателя, а дополнять традиционные методы обучения.

5. Перспективы развития. Перспективным направлением является внедрение элементов смешанного обучения (blended learning), использование искусственного интеллекта для анализа речевых ошибок, развитие виртуальных симуляторов профессионального общения. В медицинских вузах это может способствовать формированию межкультурной и профессиональной коммуникативной компетенции будущих врачей.

6. Специфика языковой подготовки

В медицинских вузах языковая подготовка направлена на:

- профессиональную лексику (медицинские термины);
- навыки устной коммуникации в профессиональных ситуациях;
- анализ и создание письменных текстов (анкеты, протоколы, отчёты);
- чтение научных публикаций.

7. Примеры заданий по русскому языку

Особенно для казахских групп, где русский — второй язык обучения:

A) Работа с терминологией

Платформа: Quizlet

Задание:

Составьте карточки с медицинскими терминами и определениями:

«артериальное давление» — давление крови на стенки артерий.

«ларингит» — воспаление гортани.

«анализ крови» — лабораторное исследование крови.

Цель: закрепление лексики через повторение в интерактивном формате.

B) Понимание текста

Платформа: Moodle

Задание:

Прочитайте текст и ответьте на вопросы.

Текст:

Пациент жалуется на острую боль в правом подреберье, тошноту и повышенную температуру тела.

Вопросы:

Какие симптомы указаны в тексте?

Какие методы диагностики можно предложить?

Составьте план обследования пациента.

Цель: развитие навыков чтения и анализа профессионального текста.

C) Ролевая игра

Платформа: Zoom

Задание:

Моделирование ситуации: «Приём пациента с высокой температурой». Роли: студент — врач, ассистент — пациент.

Цель: устная коммуникация, использование русской профессиональной лексики в диалоге.

D) Написание профессионального сообщения

Платформа: Google Classroom

Задание:

Напишите краткий отчёт по клиническому случаю на русском языке (150–200 слов):

жалобы пациента,

анамнез заболевания,

результаты обследования,

план лечения.

Цель: развитие навыка письменной речи в профессиональном стиле.

8. Преимущества цифровых платформ

Индивидуальный темп работы: студенты могут повторять материалы многократно.

Мотивация через интерактивность: игровые задания повышают вовлечённость.

Автоматическая проверка: мгновенная обратная связь.

Доступ к международным материалам: современные научные публикации, видео-лекции.

9. Проблемы и вызовы

- недостаточная цифровая компетентность преподавателей и студентов;
- технические ограничения (интернет, устройства);
- риск поверхностного освоения лексики без практики живого общения.

10. Перспективы

- использование искусственного интеллекта для автоматического анализа письменных ошибок;
- внедрение виртуальных симуляторов профессионального общения;
- расширение мультимедийных материалов на русском языке для казахоговорящих студентов.

Заключение. Использование цифровых платформ в обучении языку в медицинских вузах является важным условием повышения качества образования. Они способствуют развитию профессиональной коммуникативной компетенции, повышают мотивацию студентов и расширяют возможности самостоятельной работы. Однако эффективность цифровизации зависит от методически грамотного внедрения технологий и сохранения баланса между онлайн- и офлайн-форматами. Комплексный подход позволяет сделать языковую подготовку будущих медицинских специалистов более современной, гибкой и практико-ориентированной.

Список литературы

1. Бурдина Е.С. Использование цифровых образовательных платформ в процессе обучения английскому языку// Вопросы студенческой науки. Выпуск №7 (83), июль 2023. - С. 55.

2. Балмагамбетова Ф.Т., Сейлова Р. Д., Кубиева В. А. Использование онлайн-платформ и цифровых технологий в системе высшего образования РК // «3i: intellect, idea, innovation - интеллект, идея, инновация». Выпуск № 3, 2023. – С.160-161.

3. Портал smk.edu.kz.

4. https://repository.apa.kz/bitstream/handle/123456789/1739/Токтасбаев%20Б.%20маг.проект.pdf?sequence=1&isAllowed=y

ӘОЖ 615.851.83: 378.147:004.8.

Тугельбай А.Н., Дуйсенбиев Г.Б., Дуйсенов Б.А., Аяпов Е.С., Жужигитов А.А.
АО «ЮКМА». Шымкент, Казахстан

ВОЗМОЖНОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИНСТРУМЕНТОВ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА ПРИ ПОДГОТОВКЕ УРОКОВ ФИЗИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВКИ

Аннотация

В статье представлено исследование возможностей искусственного интеллекта, методов, причин и необходимости его использования в образовательной среде. Рассматриваются возможности искусственного интеллекта в области анализа данных об учащихся и оказания помощи преподавателям в подборе индивидуальных программ для каждого учащийся с учетом его физиологических и психологических характеристик.

Цель исследования-изучение возможностей использования технологий искусственного интеллекта при организации занятий физической культурой в медицинских вузах.

Методы исследования:

- *Определение роли технологий искусственного интеллекта в системе образования;*
- *Выявить возможности использования нейронных сетей на уроках физической культуры;*
- *Рассмотреть эффективность применения цифровых технологий в контроле физического состояния обучающихся;*

- *Выработка предложений по организации занятий физической культурой в медицинских вузах*

Результат и вывод: данные, собранные с помощью искусственного интеллекта, формируют отчет об анализе обучающихся, который включает в себя: индивидуальные результаты, средние показатели по группе, рекомендации по дополнительным упражнениям, корректировку плана следующего занятия. Такой подход позволяет объективно оценить физическое здоровье, активность и готовность учащихся к занятиям.

Ключевые слова: *Ключевые слова: искусственный интеллект, интеллектуальные устройства, нейронные сети, физическое воспитание, образовательные технологии, педагогические методы.*

Tugelbay A.N., Duysenbiyev G.B., Duysenov B.A., Ayapov E.S., Zhuzhigitov A.A.
South Kazakhstan Medical Academy, Shymkent, Kazakhstan.

POSSIBILITIES OF USING ARTIFICIAL INTELLIGENCE TOOLS IN PREPARING PHYSICAL EDUCATION LESSONS

Annotation

This article presents a study of the capabilities, methods, reasons, and necessity of artificial intelligence in the educational environment. It examines the potential of artificial intelligence for analyzing student data and assisting teachers in selecting individualized programs for each student, taking into account their physiological and psychological characteristics.

The purpose of the Kazakh research is to study the possibilities of using artificial intelligence technologies in the organization of physical education classes in medical universities.

Research methods:

- *Identify the role of artificial intelligence technologies in the education system;*
- *Identification of the possibilities of using neural networks in physical education lessons;*
- *Consideration of the effectiveness of the use of digital technologies in monitoring the physical condition of students;*
- *Development of proposals for the organization of physical education classes in medical universities*

Result and conclusion: the data collected using artificial intelligence form a student analysis report, which includes: individual results, average indicators by group, recommendations for

additional exercises, adjustment of the plan for the next lesson. This approach allows you to objectively assess the physical health, activity and readiness of students for classes.

Key words: *artificial intelligence, intelligent devices, neural networks, physical education, educational technologies, pedagogical methods.*

Түгелбай А.Н., Дуйсенбиев Г.Б., Дуйсенов Б.А., Аяпов Е.С., Жүжігітов А.А.
«ОҚМА». Шымкент, Қазахстан

Аңдатпа

Мақалада жасанды интеллект мүмкіндіктерді, оны білім беру ортасында қолдану тәсілдерін, себептерін және қажеттілігін зерттеу ұсынылған. Білім алушылардың деректерін талдау және жаттықтырушы-оқытушыларға оның физикалық және психологиялық ерекшеліктеріне негізделген әр білім алушы үшін жеке бағдарламаларды таңдауға көмектесу саласындағы жасанды интеллект мүмкіндіктері қарастырылған.

Зерттеудің мақсаты-медициналық жоғарғы оқу орындарында дене шынықтыру сабақтарын ұйымдастыру барысында жасанды интеллект технологияларын қолдану мүмкіндіктерін зерттеу.

Зерттеу әдістері:

- Жасанды интеллект технолгияларының білім беру жүйесіндегі рөлін анықтау;
- Дене шынықтыру сабақтарында нейрондық желілерді қолдану мүмкіндіктерін анықтау;
- Білім алушылардың физикалық жағдайын бақылауда цифрлық технологияларды қолдану тиімділігін қарастыру;
- Медициналық жоғарғы оқу орындарында дене шынықтыру сабақтарын ұйымдастыру бойынша ұсыныстар әзірлеу

Нәтиже мен қорытынды: Жасанды интеллект көмегімен жинақталған мәліметтер білім алушыларды талдау есебін қалыптастырады, ол мыналарды қамтиды: жеке нәтижелер, топ бойынша орташа көрсеткіштер, қосымша жаттығулар бойынша ұсыныстар, келесі сабақтың жоспарын түзету. Бұл тәсіл студенттердің физикалық денсаулығын, белсенділігін және сабаққа дайындығын объективті түрде бағалауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: жасанды интеллект, смарт құралдар, нейрондық желілер, дене шынықтыру, білім беру технологиялары, педагогикалық әдістер.

Кіріспе

Спорт әрқашан жетістіктер үшін күрес алаңы болып саналады. Дене шынықтыру саласындағы педагогтар әртүрлі әдістерді қолданады, себебі жақсы дене шынықтыру білім алушылардың үлгерімі мен жалпы денсаулығына тікелей әсер етеді. Осыған сәйкес жаңа технологияны дамытумен және жасанды технологияны енгізумен бірге, спорттағы интеллект болашақ кәсіби командалар мен спортшылар жаңа құралдарға ие болуына септігін тигізері анық.

Қазіргі кезде білім беру жүйесінің дамуы ақпараттық технологияларыдың қарқынды дамуымен тығыз байланысты. Соңғы жылдары жасанды интеллект (ЖИ) білім беру саласында маңызды құралдарының біріне айналды. Білім беру процесінің цифрлық трансформациясы оқыту әдістерін жетілдіруге және оқу процесін тиімді ұйымдастыруға жаңа мүмкіндіктер береді. Соңғы жылдары жасанды интеллект пен нейрондық желілерді интеграциялау арқылы оқу бағдарламалары мен оқу іс-әрекетінің тиімділігін арттыру мүмкіндігі туындайтынына ерекше назар аударылып отыр. Сонымен қатар ЖИ арқылы спорт саласын дамыту әдістері білім алушылардың дағдыларын жетілдіруге, стратегияларды әзірлеуге және нәтижелілігін арттыруға ықпал етеді. Дене шынықтыру саласындағы педагогтар мен мамандардың назары білім алушылардың дене дайындығын тексеруде әртүрлі педагогикалық дамыту әдістерін қолданылып келеді, өйткені жақсы дене шынықтыру білім алушылардың үлгерімі мен жалпы денсаулығына тікелей ықпал етеді. Жоғарғы білім беру орындарында дене тәрбиесі пәндерін оқыту бағытында жасанды интеллект құралдарын қолдану тренер-оқытушыларға өз жүктемелерін оңтайландыруға, ал білім алушылардың сабаққа деген қызығушылығын және физикалық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді деп ойлаймыз.

Бұл зерттеу жұмысында жоғарғы оқу орындарында дене шынықтыру сабақтарын ұйымдастыру барысында жасанды интеллект технологияларын қолдану мүмкіндіктері қарастырылады. Яғни нейрондық желілер мен цифрлық платоформаларды пайдалану арқылы студенттердің физикалық жағдайын бақылау және жеке жаттығу бағдарламаларын құру және оқу нәтижелерін талдау мәселері зерттеледі.

Материалдар мен әдістер

Жасанды интеллекттің спорттық зерттеулерге әсерін терең талдау үшін спорттық қолданбалы интеллектіні қолдануды анықтау үшін қол жетімді ғылыми мақалаларға кең әдеби шолу жүргізілді.

Әдебиетті шолуды аяқтағаннан кейін әртүрлі спорт түрлерінде ЖИ қолдану туралы деректерді жинап, талдады.

Зерттеу нәтижелері ЖИ спортшылардың жаттығуы мен жарысу тәсілін өзгерту үшін айтарлықтай әлеуетке ие екенін көрсетеді. ЖИ негізіндегі технологияларды пайдалана отырып, жаттықтырушылар мен жаттықтырушылар оқу бағдарламаларын оңтайландыра алады, өнімділік талдауын жақсарта алады және жарақат алу қаупі факторларын анықтай алады. Сонымен қатар, ЖИ технологияларын жанкүйерлердің қатысуын жақсарту, нақты уақыттағы ойын талдауын қамтамасыз ету және ойыншы қауіпсіздігін арттыру үшін пайдалануға болады.[5]

В ходе исследования установлено, что обучение английскому языку оказывает положительное влияние на развитие профессиональных компетенций будущих врачей. Повышается уровень владения медицинской терминологией, улучшаются навыки чтения и понимания научных текстов, а также формируются коммуникативные умения, необходимые для профессионального общения. Также выявлено, что использование профессионально-ориентированных учебных материалов и современных образовательных технологий способствует росту учебной мотивации студентов и повышению качества их подготовки. Владение английским языком расширяет возможности участия в научной деятельности и способствует профессиональной мобильности будущих специалистов.

Учитывая проведённый анализ, можно отметить, что обучение английскому языку занимает важное место в системе профессиональной подготовки будущих врачей. Оно способствует формированию необходимых знаний, развитию коммуникативных навыков и освоению медицинской терминологии, что повышает качество профессионального образования. Владение английским языком обеспечивает доступ к современным научным источникам, расширяет возможности академического и профессионального взаимодействия, а также способствует успешной адаптации будущих специалистов к требованиям

международного медицинского сообщества. Таким образом, интеграция профессионально-ориентированного английского языка в образовательный процесс является значимым условием подготовки конкурентоспособных и компетентных врачей.

В современном мире обучение английскому языку становится важной частью профессиональной подготовки будущих врачей. Развитие медицинской науки, внедрение инновационных технологий и расширение международного сотрудничества требуют от специалистов не только глубоких профессиональных знаний, но и владения иностранными языками. Английский язык занимает особое место, так как он является международным языком науки, образования и профессионального общения. Изучение английского языка в медицинском образовании направлено на формирование профессиональных компетенций, которые необходимы для успешной врачебной деятельности. Будущие врачи сталкиваются с необходимостью читать научные статьи, понимать клинические рекомендации, работать с медицинскими базами данных и участвовать в международных конференциях. Большая часть такой информации представлена именно на английском языке, поэтому его знание позволяет получать актуальные сведения без искажений и задержек. Одним из ключевых аспектов является формирование медицинской терминологии. Медицинский английский отличается точностью и логичностью, что особенно важно в профессиональной сфере. Студенты медицинских специальностей изучают названия заболеваний, симптомов, методов диагностики и лечения. Это способствует развитию клинического мышления и помогает лучше понимать профессиональные тексты. Владение терминологией также облегчает взаимодействие с зарубежными коллегами и участие в научных проектах. Не менее важным направлением является развитие коммуникативных навыков. Врачебная деятельность предполагает постоянное общение с пациентами, их родственниками и медицинским персоналом. В условиях глобализации увеличивается количество иностранных пациентов, что делает знание английского языка необходимым. Умение задавать вопросы, объяснять диагноз и давать рекомендации на иностранном языке способствует повышению качества медицинской помощи и укреплению доверия между врачом и пациентом. Современные образовательные технологии играют значительную роль в обучении медицинскому английскому. Онлайн-курсы, видео лекции виртуальные симуляторы и интерактивные платформы позволяют студентам совершенствовать языковые навыки в профессиональном контексте. Работа с аутентичными материалами помогает развивать навыки аудирования,

чтения и профессионального письма. Кроме того, использование цифровых ресурсов формирует способность к самостоятельному обучению и критическому анализу информации. Знание английского языка также открывает широкие возможности для научно-исследовательской деятельности. Будущие врачи могут публиковать результаты своих исследований в международных журналах, участвовать в конференциях и обмениваться опытом с коллегами из разных стран. Это способствует развитию аналитического мышления, ответственности и профессиональной мотивации.

Научная активность студентов повышает уровень их подготовки и способствует формированию устойчивого интереса к профессии. Важным фактором является и профессиональная мобильность. Владение английским языком расширяет возможности продолжения образования за рубежом, прохождения стажировок и участия в международных программах обмена. Такие возможности позволяют будущим врачам знакомиться с новыми методами лечения, современным оборудованием и лучшими практиками организации медицинской помощи. В результате повышается их конкурентоспособность на рынке труда и готовность к работе в различных профессиональных условиях. Кроме того, обучение английскому языку способствует формированию межкультурной компетенции. Будущие врачи учатся учитывать культурные особенности пациентов, уважительно относиться к их традициям и ценностям.

Это особенно важно в многонациональном обществе, где эффективное медицинское обслуживание требует не только профессиональных знаний, но и развитых коммуникативных и социальных навыков. Таким образом, обучение английскому языку является важным элементом профессионального становления будущих врачей. Оно способствует развитию терминологической грамотности, коммуникативной уверенности, научной активности и профессиональной мобильности. В условиях стремительного развития медицины владение английским языком становится необходимым условием успешной врачебной деятельности и непрерывного профессионального роста.

Заключение

Таким образом, обучение английскому языку занимает важное место в профессиональной подготовке будущих врачей и способствует формированию необходимых компетенций для успешной медицинской деятельности. Владение английским языком позволяет студентам медицинских специальностей получать доступ к современным научным знаниям, осваивать

профессиональную терминологию, развивать коммуникативные навыки и активно участвовать в научно-исследовательской работе. Кроме того, знание английского языка расширяет возможности профессиональной мобильности, способствует межкультурному взаимодействию и повышает конкурентоспособность будущих специалистов на рынке труда. В условиях глобализации медицинского образования и практики интеграция профессионально-ориентированного английского языка в образовательный процесс становится важным условием подготовки квалифицированных, компетентных и востребованных врачей.

Список литературы

1. Глендиннинг Э., Холмстрём Б. Английский язык в медицине (English in Medicine). - Cambridge: Cambridge University Press, 2005. - 150 с.

2. МакКартер С. Oxford English for Careers: Medicine 1. - Oxford: Oxford University Press, 2009. - 144 с.

3. МакКартер С. Oxford English for Careers: Medicine 2. - Oxford: Oxford University Press, 2010. - 144 с.

4. Аллум В., МакГарр П. Cambridge English for Nursing. - Cambridge: Cambridge University Press, 2008. - 128 с.

5. Хатчинсон Т., Уотерс А. Английский язык для специальных целей: подход, ориентированный на обучение (English for Specific Purposes). - Cambridge: Cambridge University Press, 1987. - 183 с.

6. Хармер Дж. Как преподавать английский язык (How to Teach English). - London: Longman, 2007. - 288 с.

7. Бим И. Л. Теория и практика обучения иностранному языку. -
Москва: Просвещение, 2001. - 256 с.

8. Соловова Е. Н. Методика обучения иностранным языкам. - Москва: АСТ, 2008. - 238 с.

9. Пассов Е. И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению. - Москва: Просвещение, 1991. - 223 с.

10. Littlewood W. Communicative Language Teaching. - Cambridge: Cambridge University Press, 2004. - 108 с.

ӘОЖ: 37.02:37.091

Жанысбеков М.А., Абдрасилова С.Т.
АО «ЮКМА»

МЕТОДЫ ПЛАНИРОВАНИЯ УРОКОВ В ФОРМИРОВАНИИ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ

Аннотация

В статье рассматриваются современные подходы к планированию учебных занятий, ориентированных на формирование функциональной грамотности обучающихся. Анализируются ключевые методы и приёмы трансформации традиционных заданий в практико-ориентированные, а также представлены эффективные стратегии проектирования уроков, способствующие развитию читательской, математической, естественно-научной и других видов грамотности. Особое внимание уделяется системному подходу к планированию и межпредметной интеграции как необходимым условиям достижения качественных образовательных результатов.

Ключевые слова: *функциональная грамотность, планирование занятия, методы обучения, читательская грамотность, математическая грамотность, естественно-научная грамотность, межпредметная интеграция.*

Zhanysbekov M.T., Abdrasilova S.T.
«ОҚМА» АҚ

LESSON PLANNING METHODS IN DEVELOPING FUNCTIONAL LITERACY

Annotation

This article examines modern approaches to lesson planning aimed at developing students' functional literacy. Key methods and techniques for transforming traditional assignments into practice-oriented ones are analyzed, and effective lesson design strategies are presented that promote the development of reading, mathematical, scientific, and other literacy skills. Particular attention is paid to a systematic approach to planning and interdisciplinary integration as necessary conditions for achieving high-quality educational outcomes.

Keywords: functional literacy, lesson planning, teaching methods, reading literacy, mathematical literacy, scientific literacy, interdisciplinary integration.

Жанысбеков М.А., Абдрасилова С.Т.
«ОҚМА» АҚ, Шымкент. Қазақстан

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ САБАҚ ЖОСПАРЛАУ ӘДІСТЕРІ

Қазіргі жоғары білім білім беру өзгеру парадигмасының жағдайында тұр. Еңбек нарығының, жұмыс берушілер мен қоғамның сұранысы білім тасымалдаушы маманнан белгісіздік жағдайында кәсіби міндеттерді тиімді шешуге, өзгерістерге тез бейімделуге және үздіксіз оқуға қабілетті іскер маманға ауысуда.

Осы сұранысты көрсететін негізгі ұғым – функционалдық сауаттылық. Егер пәндік білім «не?» деген сұраққа жауап берсе, функционалдық сауаттылық «қалай?» деген сұраққа жауап береді. Бұл адамның өмір бойы алатын білімін адамзат қызметінің әртүрлі салаларында, қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастарда кең ауқымды өмірлік және кәсіби міндеттерді шешу үшін пайдалану қабілеті. Қазақстандық зерттеушілер Ш.Шерубаева мен С.Шидалинованың айтуынша, PISA зерттеулерінің әсерінен бүгінде Қазақстанда «функционалдық сауаттылық» және «оқу сауаттылығы» ұғымдары нақты тұжырымдалған. Ғалымдардың анықтауынша, оқушының үлгеріміне шамамен 200 фактор әсер етеді. Олардың ішіндегі ең бастысы – оқу дағдысы, оның әсері қалған факторлардың барлығынан айтарлықтай жоғары.

Қазақстандық педагогика ғылымының докторы, профессор Қ.Қ. Жампеисова [1] жоғары білім жүйесінде объективті қайшылық бар екенін атап көрсетеді: бұл – болашақ мамандардың мамандануға бағытталған дәстүрлі (орталықтандырылған) дайындығы мен қажетті креативті-дамытушы модель арасындағы қайшылық. Осы тұрғыдан алғанда, функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға бағытталған сабақтарды жоспарлау мәселесі ерекше өзектілікке ие болады. Қазақстандық зерттеушілер А.К. Құсайынов пен Ш.Т. Таубаеваның пікірінше, бүгінгі таңда жоғары мектеп дидактикасының дамуындағы негізгі үрдістердің бірі – білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мәселесіне ерекше көңіл бөлуде.

Профессор Қ. Сарбасованың [6] зерттеулері көрсеткендей, қазіргі педагогика ғылымында функционалдық сауаттылық тұлғаның кәсіби құзыреттілігінің негізі ретінде қарастырылады. Оның пікірінше, білім мазмұнын нәтижеге бағдарлап дамытудың тұжырымдамалық негіздері жоғары оқу орнындағы оқыту процесінің тиімділігін арттырудың басты шарты болып табылады. 1-ші кестеде функционалдық сауаттылықтың құрылымы компоненттерді қарастырылған.

Кесте 1. Функционалдық сауаттылықтың құрылымы келесі компоненттерді қамтиды:

Компонент	**Мазмұны**	**Білім беру процесінде көрінісі**
Оқу сауаттылығы	Мәтіндерді түсіну, пайдалану, талдау және бағалау қабілеті	Ғылыми мақалалармен, нормативтік құжаттармен, нұсқаулықтармен, кәсіби әдебиеттермен жұмыс
Математикалық сауаттылық	Математикалық ойлауды практикалық міндеттерді шешу үшін қолдану қабілеті	Статистикалық деректерді талдау, экономикалық есептеулер, сандық көрсеткіштерді интерпретациялау
Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық	Қоршаған әлемді түсіну және проблемаларды шешу үшін жаратылыстану ғылыми білімдерін пайдалану қабілеті	Табиғи құбылыстарды түсіндіру, экологиялық проблемалар, шешімдерді ғылыми негіздеу
Коммуникативті сауаттылық	Тиімді өзара әрекеттесу қабілеті	Көпшілік алдында сөйлеу, іскерлік хат алмасу, командалық жұмыс
Цифрлық сауаттылық	Цифрлық технологияларды пайдалану қабілеті	Ақпаратты іздеу және өңдеу, кәсіби бағдарламалық жасақтамамен жұмыс

Профессор Ш.Т.Таубаева өзінің «Педагогикалық зерттеулер әдіснамасы» еңбегінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мәселесін зерттеудің әдіснамалық негіздерін айқындап, бұл мәселенің көпқырлылығын және оны шешуде жүйелілік пен сабақтастықтың маңыздылығын атап көрсетеді.

А.Б.Аманғожаева мен әріптестерінің [2] зерттеулері жоғары білімдегі цифрлық трансформация жағдайында интерактивті оқыту форматтарының маңызы артып келе жатқанын көрсетеді. Олардың пікірінше, Flipped Classroom, Problem-Based Learning (PBL), кейс-стади әдісі және геймификация сияқты технологиялар студенттердің тек академиялық білімін ғана емес, сонымен қатар сыни ойлауын, өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын және цифрлық сауаттылығын қалыптастырады.

Абай атындағы ҚазҰПУ-да жүргізілген эксперименттік зерттеуде М.Сағат пен С.Нұржанова [5] функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың тиімді жолдарын

айқындады. Олардың тұжырымдауынша, білім алушылардың танымдық белсенділігін сақтау – оқыту процесінің басты мақсаты. Студенттер танымдық міндеттерді шешуде қолданылатын тәсілдерге қарамастан, ізденіс процесінде өз ой-белсенділігін сақтауы тиіс.

А.К.Құсайыновтың «Жоғары білім берудің дидактикалық негіздері» атты еңбегінде функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың келесі принциптері негізделген [4]:

Кесте 2. Жоспарлау әдісінің авторлық моделі

Кластер	**Әдістер тобы**	**Әдістің жоспарлаудағы мәні**	**Қалыптасатын ФҚ компоненті**	**Қазақстандық зерттеушілер**
1. Ақпараттық-аналитикалық әдістер	Ізденістік-бағдарлаушы	Ақпараттық кеңістікте навигациялау, өзекті дереккөздерді іріктеу	Оқу, цифрлық	А.Б. Аманғожаева А.К. Құсайынов
2. Аналитикалық-болжамдық әдістер	Кейс-талдау	Кәсіби тәжірибедегі нақты жағдайларды талдау	Аналитикалық	Қ.Қ. Жампеисова, Ш.Т. Таубаева
3. Жобалық-конструкторлық әдістер	Өнім-бағдарлы	Практикалық құндылығы бар нақты өнімді жасау	Креативті, жобалық	М. Сағат, С. Нұржанова
4. Коммуникативті-рефлексивті әдістер	Ізденіс оқу	Мәтінмен жұмыс, ақпаратты іздеу және талдау	Коммуникативті	Ш. Шерубаева, С. Шидалинова [8]
5. Интегративті кластер	Зерттеушілік оқыту	Пәнаралық кешенді тапсырмалар	Барлық компоненттер	Н.Н.Дильдабекова А.А. Кудышева, Д. Садирбекова [3]

1. Өмірлік және кәсіби контекст принципі. Оқу тапсырмалары студенттің нақты өмірде және кәсіби қызметте кездесетін жағдайларды үлгілеуі керек.

2. Проблемалылық принципі. Сабақтың негізінде айқын шешімі жоқ және білімді жаңа жағдайда қолдануды талап ететін проблема жатыр.

3. Әрекеттік тәсіл принципі. Студенттер білімді дайын күйінде алмай, оны белсенді танымдық қызмет процесінде «өндіреді».

4. Метапәнділік принципі. Тапсырмалар әртүрлі пәндерден білімді қолдануды талап етеді.

5. Рефлексивтілік принципі. Студенттердің өз әрекеттерін міндетті түрде талдауы.

Ұсынылып отырған жіктелу екі негізде құрылған: студенттердің жоспарланған қызметінің сипаты бойынша және қалыптасатын сауаттылықтың жетекші компоненті бойынша. 2-ші кестеде жоспарлау әдісінің авторлық моделі талданды.

Негізгі әдістемелік тәсіл – стандартты оқу тапсырмасын нақты өмірлік немесе кәсіби жағдайды модельдейтін тапсырмаға айналдыру барысы 3-ші кестеде талданды.

Кесте 3. Әртүрлі пәндер бойынша тапсырмаларды түрлендіру

Пән	**Дәстүрлі тапсырма**	**Түрлендірілген тапсырма**	**Қалыптасатын компонент**
Экономикалық теория	«Сұранысқа әсер ететін факторларды атаңыз»	«Сіз студенттік қалашықта шағын кофехана ашасыз. Сіздің өніміңізге сұранысқа қандай факторлар әсер етеді? Маусымдылықты қалай ескересіз? Бірінші жылға сату болжамын жасаңыз»	Математикалық + болжамдық
Тарих	«Бірінші дүниежүзілік соғыстың себептерін атаңыз»	«Өзіңізді 1914 жылы Ресейдің сыртқы істер министрінің кеңесшісі ретінде елестетіңіз. Басшылықты соғысқа кіріспеуге көндіру үшін қандай дәлелдер келтірер едіңіз? Аналитикалық жазба дайындаңыз»	Аналитикалық + коммуникативті
Бағдарламалау	«Массивті сұрыптау функциясын жазыңыз»	«Тапсырыс беруші интернет-дүкен үшін тауарларды бағасы, рейтингі және жаңалығы бойынша сұрыптайтын модульді әзірлеуді сұрайды. Тауарлар 10 000+ болуы мүмкін және бет жылдам жүктелуі керек екенін ескеретін код жазыңыз»	Жобалық + цифрлық
Педагогика	«Оқыту әдістерін сипаттаңыз»	«Сізге бірінші курс студенттеріне дәріс оқу керек. Олардың зейінін 20 минуттан артық ұстау қиын. Қандай интерактивті әдістерді қолданасыз? Сабақ жоспарының фрагментін дайындаңыз»	Коммуникативті + креативті

Қазақстандық ғалымдардың зерттеулері негізіндегі әдістемелік тәсілдері А.К.Құсайыновтың жоғары білім беру дидактикасының дамуындағы негізгі бағыттарды айқындай келе, функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың келесі деңгейлерін ұсынамыз:

Репродуктивті деңгей – білімді қайта жаңғырту;

Продуктивті деңгей – білімді үлгі бойынша қолдану;

Креативті деңгей – білімді жаңа жағдайда өзгерте отырып қолдану.

Ш.Т.Таубаева [7] педагогикалық зерттеулер әдіснамасында функционалдық сауаттылықты зерттеудің кешенді тәсілін ұсынады. Ғалымның пікірінше, кез келген педагогикалық құбылысты зерттеу жүйелілікті, біртұтастықты және дамуды ескеруді қажет етеді. Бұл тұжырым сабақтарды жоспарлауда кешенді тәсілдің маңыздылығын негіздейді және оны 4-ші кестеде сабақты жоспарлаудың жалпы үлгісін қарастырдық.

Кесте 4. Сабақтың технологиялық картасы (жалпы үлгі)

Сабақ кезеңі	**Уақыт**	**Оқытушының әрекеті**	**Студенттердің әрекеті**	**Әдіс**	**Қалыптасатын ФҚ компоненті**
1. Мотивациялық-бағдарлау	5-10 мин	Проблемалық жағдай туғызу	Проблемаға ену, білім тапшылығын сезіну	Проблемалық жағдай	Метапәндік
2. Ақпараттық-ізденістік	15-20 мин	Дереккөздермен жұмысты ұйымдастыру	Ақпаратты іздеу және талдау	Ақпараттық-аналитикалық	Оқу, цифрлық
3. Аналитикалық	20-30 мин	Аналитикалық міндеттер қою	Ақпаратты талдау, заңдылықтарды анықтау	Аналитикалық-болжамдық	Аналитикалық
4. Практикалық-бағдарлы	30-40 мин	Шешім/өнім бойынша жұмысты ұйымдастыру	Шешімді әзірлеу, өнімді жасау	Жобалық-конструкторлық	Креативті, жобалық
5. Коммуникативті-презентациялық	15-20 мин	Нәтижелерді ұсынуды ұйымдастыру	Шешімдерді презентациялау, пікірталас	Коммуникативті-рефлексивті	Коммуникативті
6. Рефлексивті-бағалау	10 мин	Рефлексияны ұйымдастыру	Қызметті талдау, қорытындылар	Рефлексивті талдау	Метапәндік

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру үшін сабақтарды жоспарлау – бұл қазіргі жоғары білім берудің басты міндеттерінің бірі. Қазақстандық ғалымдар А.К.Құсайынов пен Ш.Т.Таубаеваның зерттеулері көрсеткендей, бұл мәселе дидактиканың теориялық-

әдіснамалық негіздерін терең түсінуді және озық педагогикалық тәжірибені шығармашылықпен қолдануды қажет етеді.

Біз ұсынып отырған әдістер мен құралдар, яғни жоспарлау әдістерінің авторлық жіктелуі, құрылымдық-логикалық сызбасы, дәстүрлі тапсырмаларды түрлендіру технологиясы, сабақтың технологиялық картасы білім алушылардың өз тәжірибесін жетілдіруге және функционалдық сауаттылығын тиімді қалыптастыруға көмектеседі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жампеисова Қ.Қ. Инновационные методологии в высшем образовании // Костанайский региональный университет. – 2024.

2. Аманғожаева А.Б., Амангожаева Е.Б., Маркелова М.А., Заболотникова В.Д. Современные интерактивные технологии в высшем образовании: влияние на эффективность обучения // Известия. Серия: Педагогические науки. – 2025. – № 78(3).

3. Дильдабекова Н.Н., Кудышева А.А., Садирбекова Д. Обучение на основе исследования и его роль в развитии навыков непрерывного образования в южном регионе Казахстана // Scientific Journal of Pedagogy and Economics. – 2025. – № 418(6). – С. 164-177.

4. Құсайынов А.К. Жоғары білім берудің дидактикалық негіздері: Оқу құралы. – Алматы: Рауан, 2023. – 312 б.

5. Сағат М., Нұржанова С. Application of the criteria-based assessment system to the tasks of developing the functional literacy of students in teaching chemistry // Chemistry Teacher International. – 2024.

6. Сарбасова Қ. Основы современной казахской педагогической науки: Монография. – Алматы: Білім, 2008. – 243 б.

7. Таубаева Ш.Т. Педагогикалық зерттеулер әдіснамасы: Оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 408 б.

8. Шерубаева Ш., Шидалинова С. How To Develop Functional Literacy of Students Through Search Reading? // ECER 2025 Conference. – 2025.

УДК FTAMP 00.08

Килыбай Н., Малик Г.

Казахский национальный медицинский университет им. С. Ж. Асфендиярова, Алматы, Казахстан

ОТВЕТСТВЕННОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ГЕНЕРАТИВНОГО ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА В МЕДИЦИНСКОМ ОБРАЗОВАНИИ: ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ВОЗМОЖНОСТИ, РИСКИ И ПРИНЦИПЫ ВНЕДРЕНИЯ

АННОТАЦИЯ

Медицинское образование в условиях усложнения клинических данных, цифровых платформ и учебного контента нуждается в новых педагогических решениях. Цель данной обзорной статьи — проанализировать дидактический потенциал генеративного искусственного интеллекта в системе медицинского образования, его ключевые риски и принципы ответственного внедрения. Рукопись подготовлена на основе аналитического обзора международных научных публикаций, обзорных работ и рекомендаций авторитетных организаций по медицинскому образованию, цифровому здравоохранению и искусственному интеллекту. Анализ литературы показывает, что искусственный интеллект может быть полезен для предоставления персонализированной обратной связи, моделирования клинических ситуаций, усиления самостоятельной подготовки, разработки оценочных материалов и поддержки рефлексии обучающихся. Одновременно генеративные системы способны выдавать недостоверную информацию, воспроизводить алгоритмическую предвзятость, усиливать зависимость от готовых ответов и создавать риски для академической добросовестности и конфиденциальности данных. В связи с этим использование искусственного интеллекта должно быть подчинено образовательной цели, сочетаться с экспертной проверкой, сопоставлением результата с доказательными источниками, обязательной оценкой способности студента объяснять и обосновывать выводы, а также развитием цифрово-педагогической компетентности преподавателей. Таким образом, генеративный искусственный интеллект не заменяет преподавателя, но при грамотной организации может стать эффективным дополнительным ресурсом для развития клинического мышления, обратной связи и гибкости обучения. Данная статья также опубликована в рамках ЦУР. Цель-4 «Качественное образование»

Ключевые слова: *искусственный интеллект; медицинское образование; студенты-медики; клиническая компетентность; оценка обучения.*

Kilybay N., Malik G.

Kazakh National Medical University named after S. Zh.Asfendiyarov, Almaty, Kazakhstan

RESPONSIBLE USE OF GENERATIVE ARTIFICIAL INTELLIGENCE IN MEDICAL EDUCATION: PEDAGOGICAL OPPORTUNITIES, RISKS, AND PRINCIPLES OF IMPLEMENTATION

Abstract

Medical education requires new pedagogical solutions in the context of increasingly complex clinical data, digital platforms, and learning content. The aim of this review article is to analyze the didactic potential of generative artificial intelligence in medical education, its main risks, and the principles for responsible implementation. The manuscript is based on an analytical review of international scholarly publications, review papers, and recommendations from authoritative organizations related to medical education, digital health, and artificial intelligence. The reviewed literature indicates that artificial intelligence can support personalized feedback, clinical scenario modeling, self-directed learning, development of assessment materials, and learner reflection. At the same time, generative systems may produce inaccurate information, reproduce algorithmic bias, increase dependence on ready-made answers, and create risks for academic integrity and data privacy. Therefore, artificial intelligence should be subordinated to explicit learning goals, combined with expert supervision, compared with evidence-based sources, and accompanied by mandatory assessment of the learner's ability to explain and justify conclusions. Faculty members also need digital and pedagogical capacity to use these tools responsibly. In conclusion, generative artificial intelligence is not a replacement for the teacher in medical education; however, when implemented thoughtfully, it can serve as an effective supplementary resource that strengthens clinical reasoning, feedback, and flexibility of learning. This article is also published as part of the SDGs. Goal-4 «Quality education»

Keywords: *artificial intelligence; education, medical; students, medical; clinical competence; educational measurement.*

Килыбай Н., Мәлік Г.

С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина Университеті, Алматы, Қазақстан

МЕДИЦИНАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕ ГЕНЕРАТИВТІ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ЖАУАПТЫ ҚОЛДАНУ: ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕР, ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ ЕНГІЗУ ҚАҒИДАТТАРЫ

Аңдатпа

Медициналық білім беру клиникалық деректердің, цифрлық платформалардың және оқу контентінің күрделенуі жағдайында жаңа педагогикалық шешімдерді қажет етеді. Осы шолу мақаланың мақсаты — генеративті жасанды интеллектіні медициналық білім беру жүйесінде қолданудың дидактикалық әлеуетін, негізгі тәуекелдерін және оны жауапты енгізудің қағидаттарын талдау. Қолжазба медициналық білім беру, цифрлық денсаулық және жасанды интеллект жөніндегі халықаралық ғылыми жарияланымдарға, шолу еңбектеріне және беделді ұйымдардың ұсынымдарына аналитикалық шолу негізінде дайындалды.

Әдебиеттерді талдау жасанды интеллектінің жекелендірілген кері байланыс беру, клиникалық жағдайларды модельдеу, өзіндік дайындықты күшейту, бағалау материалдарын әзірлеу және студенттің рефлексиясын қолдау сияқты бағыттарда пайдалы екенін көрсетті. Сонымен қатар генеративті жүйелер қате ақпарат ұсынуы, алгоритмдік бұрмалануды қайталауы, дайын жауапқа тәуелділікті күшейтуі, академиялық адалдық пен деректер құпиялылығына тәуекел тудыруы мүмкін. Осыған байланысты жасанды интеллектіні оқу мақсатына бағындыру, оны сарапшылық тексерумен ұштастыру, нәтижені дәлелдермен салыстыру, студенттің түсіндіру және негіздеу дағдысын міндетті түрде бағалау, сондай-ақ оқытушылардың цифрлық-педагогикалық құзыретін дамыту қажет. Қорытындылай келе, генеративті жасанды интеллект медициналық білім беруде оқытушыны алмастыратын құрал емес, бірақ дұрыс ұйымдастырылған жағдайда клиникалық ойлауды, кері байланысты және білім алудың икемділігін күшейтетін тиімді қосымша ресурс бола алады. Бұл мақала ТДМ аясында да жарияланды. Мақсаты-4 «Сапалы білім беру»

Түйін сөздер: жасанды интеллект; медициналық білім беру; медициналық студенттер; клиникалық құзыреттілік; білімді бағалау.

Кіріспе

Цифрлық денсаулық сақтау мен деректерге негізделген клиникалық тәжірибенің кеңеюі дәрігер даярлау мазмұнын қайта қарауды талап етеді. Бүгінгі студент тек ақпаратты есте сақтайтын маман емес, күрделі шешім қабылдау жағдайында дәлелді дереккөзді ажырата алатын, цифрлық құралдардың шектеуін түсінетін және пациент мүддесін бірінші орынға қоятын маман болуы тиіс [1].

Медициналық білім берудегі жасанды интеллектінің алғашқы шолулары бұл технологиялардың оқу үдерісіне әсері айқын өсіп келе жатқанын, бірақ оқу бағдарламаларының институционалдық деңгейде жүйелі бейімделуі баяу жүріп жатқанын көрсетті [2]. Соңғы жылдары медициналық факультеттер үшін қандай құзыреттер міндетті болуға тиіс екеніне қатысты нақтырақ ұсыныстар пайда болды. Олар жасанды интеллектінің жұмыс логикасын толық техникалық деңгейде меңгертуді емес, клиникалық қолдану аясын, шектеулерін, әділдік пен жауапкершілік мәселелерін, сондай-ақ нәтижені сыни бағалау қабілетін қалыптастыруды алдыңғы орынға қояды [3].

Әртүрлі елдердегі студенттер арасында жүргізілген зерттеулер медициналық білім алушылардың жасанды интеллект тақырыбына қызығушылығы жоғары екенін, бірақ бұл саладағы оқу мүмкіндіктері біркелкі емес екенін көрсетті. Көптеген білім алушылар болашақта клиникалық тәжірибеде мұндай жүйелермен жұмыс істеуге тура келетінін түсінеді, алайда оларды қауіпсіз және саналы қолдануға арналған құрылымданған дайындық жеткіліксіз [4]. Сонымен бірге халықаралық ұйымдар ұсынған этикалық және басқарушылық құжаттар адам бақылауы, құпиялылық, әділдік, ашықтық және жауапкершілік қағидаттарын жасанды интеллектіні денсаулық сақтау мен білімге енгізудің негізгі шарты ретінде қарастырады [5].

Генеративті модельдердің кең таралуы бұл мәселені одан әрі өзекті етті. Егер бұрын күрделі алгоритмдермен жұмыс істеу арнайы техникалық ортада ғана мүмкін болса, қазір мәтінмен тілдесетін жүйелер күнделікті оқу практикасына тікелей енді. Сондықтан мәселе жасанды интеллектіні қолдану-қолданбауда емес, оны қандай педагогикалық мақсатпен, қандай шектеулермен және қандай бағалау логикасымен енгізуде болып отыр. Осы шолу мақаланың мақсаты — генеративті жасанды интеллектінің медициналық білім берудегі мүмкіндіктерін, тәуекелдерін және жауапты қолдану қағидаттарын талдау [6].

Медициналық білім берудегі жасанды интеллекттің дидактикалық әлеуеті

Жасанды интеллект оқу мазмұнын жеке бейімдеу, жедел кері байланыс беру және білім алушының өз қателігін көруіне жағдай жасау тұрғысынан пайдалы. Бұрынғы цифрлық платформалар көбіне алдын ала құрылған жауаптар мен сызықтық сценарийлерге сүйенсе, қазіргі генеративті жүйелер бір ұғымды бірнеше тәсілмен түсіндіріп, қиындық деңгейін өзгертіп, студенттің сұрағына қарай жауапты икемдей алады. Медициналық білім беру жөніндегі шолулар мұндай технологиялардың сурет пен мәтінді түсіндіру, симуляциялық

оқыту, автоматтандырылған оқыту жүйелері және формативті бағалау салаларында қолданылып жатқанын көрсетеді [7].

Дегенмен жасанды интеллектінің шынайы педагогикалық құндылығы оның жауапты тез беруінде ғана емес. Маңыздысы — білім алушыны ойландыру, дәлел сұрату, балама нұсқаларды салыстыру және өз пайымын ашық айтуға итермелеу. Егер генеративті жүйе тек дайын конспект немесе дайын жауап көзі ретінде қолданылса, ол есте сақтауды жеңілдеткенімен, клиникалық ойлауды тереңдетпеуі мүмкін. Керісінше, ол түсіндіруді қажет ететін диалогтік серіктес, қате пайымды айқындауға арналған құрал немесе рефлексияны бастайтын триггер ретінде қолданылса, оқу нәтижесі күшейеді [8].

Құзыретке негізделген тәсіл бұл жерде ерекше маңызды. Медициналық факультетке оқитын әр студент бағдарламалаушы болуы шарт емес, бірақ ол модельдің қалай жаңылысуы мүмкін екенін, қандай дереккөзге сенім арту керектігін, пациентке қатысты ақпаратты қандай жағдайда енгізуге болмайтынын және алгоритм ұсынған жауаптың клиникалық тұрғыдан неге қисынды немесе қисынсыз екенін түсіндіре алуы керек [9]. Басқаша айтқанда, жасанды интеллектіні оқу бағдарламасына енгізу жаңа пән қосудан гөрі, қолданыстағы пәндерге жаңа талдау логикасын кіріктіруді талап етеді.

Халықаралық тәжірибелер студенттердің мұндай даярлыққа сұранысы жоғары екенін көрсетеді. Олар жасанды интеллектіні болашақ кәсіби ортаның бір бөлігі ретінде қабылдайды, бірақ оқу бағдарламасындағы мазмұн көбіне фрагменттелген, кейде тек факультативті деңгейде ғана беріледі [10]. Сондықтан дидактикалық әлеуетті іске асыру үшін технологияны эпизодтық құрал емес, нақты оқу нәтижесіне бағынышты білім беру экожүйесінің элементі ретінде қарастыру қажет.

Клиникалық ойлау — дайын фактілер жиынтығын қайталау емес, белгісіздік жағдайында деректерді жинақтап, ықтимал түсіндірмелерді салыстырып, өз шешімін дәлелдеуге негізделген үдеріс. Осы тұрғыдан қарағанда генеративті жасанды интеллект төмен қауіп деңгейіндегі жаттығу ортасын құра алады: ол анамнез жинауға арналған сұхбатты модельдейді, дифференциалды диагноз нұсқаларын ұсынады, патофизиологиялық тізбекті түсіндіруге көмектеседі, ал білім алушы өзінің пайымын қайта қарап, әлсіз жерін байқай алады

Тілдік модельдердің кәсіби емтихан форматтарында нәтижеге жақын жауап бере алуы олардың оқу құралы ретінде әлеуетін көрсеткенімен, бұл құбылысты модельдің толыққанды клиникалық түсінігі бар деген тұжырымға айналдыруға болмайды [12]. Білім беру үшін негізгі

құндылық — дұрыс жауапты алу емес, сол жауаптың неге шынайы немесе неге күмәнді екенін талқылау. Егер студент алгоритм ұсынған нұсқаны клиникалық белгілермен, зертханалық дерекпен және қауіп факторларымен байланыстыра алса, онда жасанды интеллект ойлауды қысқартатын емес, оны айқындайтын құралға айналады.

Практикалық тұрғыдан алғанда генеративті жүйелер шағын топтық талқылауда, жағдайлық тапсырмаларда және өзіндік дайындықта тиімді болуы мүмкін. Мысалы, студент жүйеге клиникалық шағымдар жиынтығын ұсынып, бірнеше ықтимал диагноз алады; содан кейін ол сол нұсқалардың қайсысы басым екенін дәлелді түрде түсіндіреді. Немесе жүйе пациентке түсіндірудің қарапайым тілдегі нұсқасын құрастырады, ал студент оның мазмұнын медициналық дәлдік пен коммуникативтік этика тұрғысынан өңдейді. Мұндай тәсіл клиникалық білімді ғана емес, коммуникация мен рефлексияны да нығайтады .

Оқу бағдарламасына арнайы енгізілген қысқа модульдер мен пилоттық курстар жасанды интеллекті клиникалық пәндермен, дәлелді медицинамен және пациент қауіпсіздігі мәселелерімен байланыстыра отырып оқытудың мүмкін екенін көрсетті. Сонымен қатар аудиториялық сабақ пен бағалау үдерісінде жасанды интеллектінің көмегімен оқу мақсаттарын нақтылау, формативті сұрақтар әзірлеу және бағалау критерийлерін пысықтау мүмкіндігі қарастырылуда, бірақ мұндай материалдардың мазмұндық жарамдылығын міндетті түрде сарапшы тексеруі керек. Осы себепті генеративті жүйелер медициналық білім беруде автономды шешім қабылдаушы емес, оқытушы қадағалайтын қолдаушы құрал ретінде қарастырылуы тиіс.

Оқу бағдарламасына жауапты енгізу қағидаттары

Жасанды интеллектіні медициналық білімге енгізудің бірінші қағидаты — құралды емес, оқу мақсатын алдыңғы орынға қою. Егер нақты модульдің мақсаты клиникалық пайымдауды дамыту болса, онда жасанды интеллект студентті жауап алуға емес, нұсқаларды салыстыруға, дәлел іздеуге және негіздеме құруға итермелеуі керек. Ал егер мақсат коммуникация болса, жүйе пациентке түсіндірудің бірнеше тілдік нұсқасын ұсынатын, бірақ олардың дұрыстығын студент пен оқытушы бірлесіп тексеретін орта ретінде қолданылуы мүмкін. Екінші қағидат — адам бақылауы мен дәлелді тексеру. Медициналық білімдегі кез келген генеративті өнім клиникалық нұсқаулықтармен, оқулықтармен немесе рецензияланған әдебиетпен салыстырылуы керек. Студент тек «не алдым?» деген сұраққа емес, «мен мұны қалай тексердім?» деген сұраққа да жауап беруі тиіс. Осы дағды оқу нәтижесінің ажырамас бөлігіне

айналса, жасанды интеллект жауаптың қысқа жолы емес, дәлелді тексерудің жаттықтырушысы бола алады. Үшінші қағидат — бағалау дизайнын өзгерту. Репродуктивті, жаттанды форматтар генеративті жүйелер дәуірінде тез құнсызданады. Сондықтан ауызша қорғау, клиникалық негіздеме, логбук, рефлексивті жазба, жағдайлық талдау, сценарийді бейімдеу сияқты тапсырмалар үлесін көбейту орынды. Мұндай форматтар студенттің тек мәтін ұсынуын емес, түсіндіруін, қателігін мойындауын және шешім жолын көрсетуін талап етеді. Төртінші қағидат — оқытушылардың цифрлық-педагогикалық құзыретін күшейту. Егер оқытушы жасанды интеллектінің мүмкіндігі мен шектеуін түсінбесе, ол не технологиядан толық бас тартады, не оны бақылаусыз қолдануға жол береді. Екі жағдай да тиімсіз. Оқытушыға қысқа мерзімді нұсқаулықтар емес, нақты пәндік мысалдарға негізделген факультетішілік қолдау, әдістемелік семинарлар және институционалдық саясат қажет. Бесінші қағидат — жергілікті контексті ескеру. Әлемдік әдебиет негізінен ағылшын тіліндегі ортада жиналған. Сондықтан тілдік модельдердің қазақ және орыс тіліндегі өнім сапасы, мәдени сәйкестігі, терминологиялық дәлдігі мен студенттерге түсініктілігі бөлек бағалануы тиіс. Қазақстандағы медициналық жоғары оқу орындары үшін бұл тек технологиялық емес, тілдік және әдістемелік міндет. Жергілікті клиникалық сценарийлер мен ұлттық оқу стандарттарына бейімделген материалдарсыз жасанды интеллектіні толыққанды білім беру құралына айналдыру қиын.

Осы қағидаттарды ұстана отырып, медициналық білім беру жүйесі жасанды интеллектіні қауіп көзі ретінде ғана емес, оқу ортасын байытатын құрал ретінде қолдана алады. Бірақ мұның шарты — адамдық кәсіби жауапкершілікті ешбір кезеңде алгоритмге жүктемеу.

Қорытынды

Генеративті жасанды интеллект медициналық білім беруді жекелендірілген кері байланыс, клиникалық сценарийлерді модельдеу, өзіндік дайындықты күшейту және бағалау құралдарын жаңарту арқылы байыта алады. Алайда оның тиімділігі технологияның өзінде емес, оны қандай педагогикалық логикамен және қандай этикалық шектеулермен қолдануда жатыр. Қате ақпарат, алгоритмдік бұрмалану, академиялық адалдыққа қауіп және құпиялылық мәселелері сақталған жағдайда жасанды интеллектіні бақылаусыз енгізу оқу сапасын жақсартпайды. Сондықтан медициналық жоғары оқу орындары бұл технологияны оқу мақсатына бағындырылған, дәлелді тексерумен толықтырылған, түсіндіру мен негіздеуді бағалайтын және оқытушының жетекші рөлін сақтайтын модель арқылы енгізуі керек.

Осындай жағдайда генеративті жасанды интеллект болашақ дәрігердің клиникалық ойлауын әлсірететін емес, оны жүйелі түрде жетілдіретін қосымша білім беру ресурсына айналады.

Әдебиеттер тізімі

1. Masters K. Artificial intelligence in medical education. Med Teach. 2019;41(9):976-980. doi: 10.1080/0142159X.2019.1595557.

2. Lee J, Wu AS, Li D, Kulasegaram KM. Artificial intelligence in undergraduate medical education: a scoping review. Acad Med. 2021;96(11S):S62-S70. doi: 10.1097/ACM.0000000000004291.

3. Çalışkan SA, Demir K, Karaca O. Artificial intelligence in medical education curriculum: An e-Delphi study for competencies. PLoS One. 2022;17(7):e0271872. doi: 10.1371/journal.pone.0271872.

4. Ejaz H, McGrath H, Wong BL, Guise A, Vercauteren T, Shapey J. Artificial intelligence and medical education: a global mixed-methods study of medical students' perspectives. Digit Health. 2022;8:20552076221089099. doi: 10.1177/20552076221089099.

5. Civaner MM, Uncu Y, Bulut F, Chalil EG, Tatli A. Artificial intelligence in medical education: a cross-sectional needs assessment. BMC Med Educ. 2022;22(1):772. doi: 10.1186/s12909-022-03852-3.

6. World Health Organization. Ethics and governance of artificial intelligence for health: WHO guidance. Geneva: World Health Organization; 2021.

7. Miao F, Holmes W. Guidance for generative AI in education and research. Paris: UNESCO; 2023.

8. Sallam M. ChatGPT Utility in Healthcare Education, Research, and Practice: Systematic Review on the Promising Perspectives and Valid Concerns. Healthcare (Basel). 2023;11(6):887. doi: 10.3390/healthcare11060887.

УДК 004.9:61

Саторов Д. К., Ятимов И.

Таджикский государственный медицинский университет имени Абуали ибни Сино, Душанбе, республики Таджикистан

РОЛЬ МЕДИЦИНСКИХ ИНФОРМАЦИОННЫХ СИСТЕМ В ПОВЫШЕНИИ КАЧЕСТВА КЛИНИЧЕСКИХ УСЛУГ

Аннотация. Медицинские информационные системы (МИС) становятся неотъемлемой частью современной системы здравоохранения, играя ключевую роль в обеспечении высокого качества клинических услуг. Эти системы включают в себя широкий спектр технологий и инструментов, которые автоматизируют процессы управления данными, помогают в принятии решений, а также обеспечивают более эффективную коммуникацию между медицинским персоналом и пациентами. В данной статье рассмотрим, как МИС влияют на улучшение качества медицинских услуг.

1. Автоматизация процессов и уменьшение человеческого фактора. Одной из важнейших функций МИС является автоматизация рутинных операций. Это включает в себя ведение медицинских карт пациентов, регистрацию диагнозов, назначение лекарств и лечение. Использование таких систем позволяет значительно снизить количество ошибок, которые могут быть вызваны человеческим фактором, таких как неверный ввод данных, забытые назначения или некорректное ведение истории болезни.

Кроме того, автоматизация помогает ускорить процесс получения информации о пациенте, снижая время ожидания как для пациентов, так и для врачей. Это способствует более оперативному принятию решений, что особенно важно в экстренных ситуациях.

2. Улучшение диагностики и лечения. Медицинские информационные системы часто включают в себя модули для поддержки принятия клинических решений. Эти системы используют данные из различных источников (медицинские исследования, базы данных заболеваний, алгоритмы) для предоставления рекомендаций врачам, что помогает повысить точность диагностики и индивидуализацию лечения.

Важным аспектом является возможность интеграции с лабораторными и диагностическими системами, что позволяет врачам оперативно получать результаты анализов и исследований. Это способствует более точному и своевременному назначению лечения, что непосредственно влияет на результаты лечения и общее качество медицинской помощи.

3. Управление медицинской информацией и мониторинг состояния пациентов. Современные МИС позволяют эффективно управлять медицинской информацией, что в свою очередь облегчает мониторинг состояния пациента на протяжении всего курса лечения. Системы могут отслеживать не только изменения в состоянии здоровья пациента, но и все этапы его лечения, что дает возможность врачу быстро реагировать на любые отклонения.

Кроме того, с помощью МИС осуществляется централизованное хранение и обработка данных, что обеспечивает доступ к полному медицинскому анамнезу пациента, а также позволяет быстро обмениваться информацией между различными специалистами и учреждениями. Это уменьшает вероятность дублирования исследований и назначений, а также позволяет учитывать предшествующие заболевания и проведенные процедуры.

4. Повышение качества обслуживания пациентов. Медицинские информационные системы существенно улучшают взаимодействие с пациентами. Например, они могут предоставлять пациентам доступ к результатам анализов, выпискам, рекомендациям по лечению через порталы или мобильные приложения. Это повышает уровень информированности пациентов, облегчает доступ к медицинской информации и способствует более активному участию пациентов в собственном лечении.

Кроме того, МИС помогают в организации записи на прием к врачу, что значительно снижает время ожидания и делает процесс более удобным. Пациенты могут получать напоминания о визитах, что снижает вероятность пропуска важных консультаций или процедур.

5. Экономическая эффективность и снижение затрат. Внедрение медицинских информационных систем способствует снижению операционных затрат медицинских учреждений. Автоматизация процессов уменьшает потребность в бумажной документации, а также сокращает количество ошибок, что снижает финансовые потери, связанные с неэффективным лечением, недоразумениями или исправлением ошибок. Кроме того, благодаря МИС возможно оптимизировать работу персонала и избежать излишних расходов на дополнительные обследования или повторные визиты.

6. Этика и безопасность данных. С развитием медицинских информационных технологий возникает и важная проблема безопасности данных. Вопросы конфиденциальности и защиты информации становятся особенно актуальными, поскольку данные пациентов являются чувствительными. Современные МИС включают в себя системы защиты информации, такие как шифрование, а также многоуровневую авторизацию для предотвращения несанкционированного доступа.

Кроме того, использование таких систем позволяет отслеживать историю взаимодействия с медицинскими данными, что в свою очередь помогает в случае возникновения юридических или этических вопросов.

Заключение. Медицинские информационные системы играют ключевую роль в улучшении качества клинических услуг. Они способствуют повышению точности диагностики, улучшению координации между медицинскими специалистами, увеличению удобства для пациентов и снижению ошибок. Внедрение таких систем имеет не только медицинские, но и экономические преимущества, сокращая излишние расходы и улучшая организацию работы медицинских учреждений. Тем не менее, важным аспектом остается безопасность данных пациентов, что требует постоянного совершенствования технологий защиты информации. В будущем развитие МИС будет способствовать дальнейшему улучшению качества медицинской помощи и доступности медицинских услуг для населения.

Список литературы:

1. **Николаев, И.П.** (2018). *Медицинские информационные системы: Проблемы, достижения и перспективы*. Санкт-Петербург: Издательство «Медицина и информационные технологии».

2. **Васильев, А.В., & Сидорова, Н.П.** (2020). *Автоматизация в здравоохранении: Как МИС меняют клиническую практику*. Москва: Издательство «Здравоохранение и технологии».

3. **Михайлов, В.А.** (2017). "Роль медицинских информационных систем в повышении качества медицинских услуг". *Журнал медицинских технологий*, 12(3), 45-56.

4. **Давыдова, Е.Ю., & Петров, С.В.** (2019). *Информационные технологии в медицине: от теории к практике*. Москва: Издательство «Наука».

5. **Петрова, Л.В.** (2021). "Технологии поддержки принятия клинических решений в медицинских информационных системах". *Журнал здравоохранения и инновационных технологий*, 22(4), 67-73.

6. **European Commission.** (2018). *The Role of Digital Health in Improving Patient Care and Clinical Decision Support*. Retrieved from https://ec.europa.eu/digital-strategy

УДК 004.82

Сабитов Т.Ж.
«Оңтүстік қазақстан медицина академия» АҚ, Шымкент. Қазақстан

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ ПЕДАГОГИКА МЕН ОҚЫТУҒА ӘСЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақала жоғары білім беруде жасанды интеллектті қолданудың артықшылықтары мен қиындықтарын зерттеуге бағытталған. Онда жасанды интеллекттің оқытуға, оқуға және бағалауға, сондай-ақ этикаға, академиялық ашықтыққа және тұтастыққа қалай әсер ететіні талқыланады. Онда психологиялық факторлар қарастырылады және нақты есеп беру саясаты бар мекемелер үшін іске асыру стратегиялары ұсынылады. Сонымен қатар, ChatGPT сияқты жасанды интеллект құралдары компьютерлік қолдаумен бірлескен оқытуда (CSCL) рөл атқарады, студенттік топтарда қосымша қатысушылар ретінде әрекет етеді, жаңа коммуникация әдістерін зерттеуге ықпал етеді және топтық өзара әрекеттесудің икемді және өнімді болуына мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: *жасанды интеллект, чатботтар, НЛБ, генеративті технологиялар, метакогнитивті дағдылар.*

Sabitov T.Zh.
South Kazakhstan Medical Academy JSC

THE IMPACT OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE ON PEDAGOGY AND EDUCATION

Annotation

This article aims to explore the benefits and challenges of using AI in higher education. It discusses how AI impacts teaching, learning, and assessment, as well as ethics, academic transparency, and integrity. It examines psychological factors and suggests implementation strategies for institutions with clearly defined accountability policies. Furthermore, AI tools like ChatGPT play a role in computer-supported collaborative learning (CSCL), acting as secondary participants in student groups, facilitating the exploration of new communication methods, and enabling more fluid and productive group interactions.

Keywords: *artificial intelligence, chatbots, NLB, generative technologies, metacognitive skills.*

Сабитов Т.Ж.
АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»

ВЛИЯНИЕ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА НА ПЕДАГОГИКУ И ОБУЧЕНИЕ

Преподавание и обучение с использованием ИИ сейчас имеет большой охват в процессе обучения. Интеграция искусственного интеллекта в образование знаменует начало новой эры, оказывая положительное влияние как на учителей, так и на студентов. Среди различных его преимуществ наиболее значимым является улучшение доступности. Платформы обучения на основе ИИ развиваются и берут на себя основную нагрузку в создании образовательного контента, адаптированного к индивидуальным потребностям учащихся. Тем самым они обеспечивают специфический контекст для каждой программы или курса, предоставляя учебные материалы в режиме реального времени в процессе обучения. Боты с поддержкой обработки естественного языка (NLP) повышают доступность, обеспечивая быструю поддержку учащимся.

Чат-боты, разработанные на основе ИИ имеют возможность немедленно отвечать на запросы студентов, предлагать подробные объяснения концепций, указывать на дополнительные ресурсы, предоставлять индивидуальноее обучение, помогать с заданиями, готовить студентов к экзаменационным и промежуточным тестам и выступать в качестве даже психолога при эмоциональном стрессе - и все это одновременно, функционируя как виртуальные помощники преподавателей. В случаях, когда чат-боты поддерживают студентов во время выполнения заданий и экзаменов, то тогда они получают пошаговые инструкции, конструктивную обратную связь по своей работе и помощь в решении наиболее сложных задач. Также они смогут оказать помощь и различными другими способами, такими например как перевод языков, предоставление кратких обзоров материала, выполнение упражнений, исправление письменных работ студентов и содействие мозговым штурмам. Есть пример использования в больших группах чат-ботов, которые могут заменить взаимодействие с преподавателем, предоставляя ему мгновенные автоматизированные ответы, тем самым снижая рабочую нагрузку и повышая вовлеченность. Они также предлагают обратную связь в режиме реального времени и помощь в решении проблем. Кроме того, широко используются такие инструменты, как ChatGPT, Gamma, Claude, Camp и Copilot. Новые исследования демонстрируют растущее внедрение искусственного интеллекта в образование и обучение, прежде всего для поддержки языка и адаптивного обучения). Такие быстрорастущие тенденции роста расширений отражают более широкую педагогическую и исследовательскую роль ИИ, а также множество других нюансов.

MAIN TOOLS AND TECHNOLOGIES OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE USED IN PHYSIOLOGY

Abstract. *Currently, artificial intelligence (AI) is widely used in the fields of medicine and biology. In particular, AI technologies in physiology have become an important tool for studying complex processes in the human body, early detection of diseases, and analysis of medical data. In addition, AI enables the rapid processing of large volumes of biomedical and medical information, which contributes to a deeper understanding of the functioning of physiological systems.*

Keywords: *physiology, artificial intelligence, medicine, diagnostics, research, ECG, technologies.*

Жакипбекова Г.С., Избасарова М.С., Сатыбалдиева Н.М., Сабит А.Е., Жамшиева М.А.
«ОҚМА» АҚ, Шымкент қ., Қазақстан

ФИЗИОЛОГИЯДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ҚҰРАЛДАРЫ МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Түйін. Қазіргі уақытта **жасанды интеллект (ЖИ)** медицина мен биология салаларында кеңінен қолданылып келеді. Әсіресе физиология ғылымында ЖИ технологиялары адам ағзасындағы күрделі процестерді зерттеу, ауруларды ерте анықтау және медициналық деректерді талдау үшін маңызды құралға айналған. Сонымен қатар ЖИ үлкен көлемдегі биомедициналық және медициналық ақпаратты жылдам өңдеп, физиологиялық жүйелердің жұмысын терең түсінуге жоғары мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: физиология, жасанды интеллект, медицина, диагностика, зерттеу, ЭКГ, құралдар.

1.Кіріспе. Клиникалық физиология - бұл патологияға дейінгі және патологиялық жағдайлар кезінде организмде болатын физиологиялық процестердегі өзгерістердің рөлі мен сипатын зерттейтін медициналық ғылым саласы. Клиникалық физиология ағзаның функцияларын, тек зақымдалған мүшелердің ғана емес, сонымен қатар сау мүшелердің де толық, кешенді және көп қырлы зерттеуді қамтиды, бұл организмнің компенсаторлық қабілетін бағалауға мүмкіндік береді.

2.Материалдар мен әдістер. Жасанды интеллекттің физиологиядағы маңызы**,** физиология – тірі ағзалардың қызметін, мүшелер мен жүйелердің өзара байланысын зерттейтін ғылым. Қазіргі уақытта физиологиялық зерттеулерде үлкен көлемдегі деректер жинақталады. Мұндай деректерді тиімді талдау үшін ЖИ алгоритмдері қолданылуда.

ЖИ қолдану арқылы қол жеткізуге болады:

- биологиялық процестерді модельдеуге,
- ауруларды ерте кезеңде анықтауға,
- физиологиялық көрсеткіштерді автоматты түрде талдауға,
- медициналық шешім қабылдауды қолдау жүзеге асырылады.

Физиологиядағы жасанды интеллект (ЖИ) құралдары күрделі биологиялық деректерді талдауға, ауруларды ерте диагностикалауға және адам ағзасының функцияларын модельдеуге бағытталған.

Физиологияда қолданылатын негізгі ЖИ құралдары мен технологиялары:

Сигналдарды талдау құралдары: ЭКГ және ЭЭГ сараптамасы, ЖИ алгоритмдері жүрек ырғағының бұзылуын (аритмия) 98% дәлдікпен анықтай алады. Сондай-ақ, ми толқындарын (ЭЭГ) талдау арқылы эпилепсия ұстамаларын немесе ұйқы бұзылыстарын алдын ала болжайды.

Машиналық оқыту ***(Machine Learning)*** *кітапханалары:* зерттеушілер физиологиялық деректерді өңдеу үшін scikit-learn (Python) және Caret (R) сияқты бағдарламалық кітапханаларды классификациялау және регрессиялық модельдер құру үшін пайдаланады.

Сонымен қатар машиналық оқыту *(ML)*– ЖИ-дің ең кең таралған бағыты. Ол алгоритмдерге үлкен деректер жиынтығынан заңдылықтарды анықтауға мүмкіндік береді.

Физиологияда машиналық оқыту:

- ✓ жүрек соғу жиілігі мен электрокардиограмма сигналдарын талдау,
- ✓ қан қысымы немесе тыныс алу көрсеткіштерін болжау,
- ✓ ауру қаупін анықтау үшін қолданылады.

Модельдеу және симуляциялау: физиологиялық сандық егіздер (Digital Twins) адам ағзасының және де нақты мүшелердің (мысалы, жүректің) сандық моделін жасау арқылы емдеу әдістерінің әсерін болжау. *Action Potential симуляторлары* жүйке мен бұлшықет жасушаларындағы электрлік белсенділікті (мысалы, Ходжкин-Хаксли моделі) модельдеуге арналған ЖИ негізіндегі қосымшалар.

Терең оқыту (Deep Learning) – нейрондық желілерге негізделген технология. Ол күрделі физиологиялық деректерді талдауда жоғары дәлдік береді.

Қолдану салалары және бағыттары:

- медициналық бейнелерді (МРТ, КТ) талдау;
- бас ми сигналдарын зерттеу кезінде;
- жүйке жүйесінің қызметін модельдеу немесе зерттеу.

Биосигналдарды автоматты талдау технологиялары - ф**изиологиялық зерттеулерде адамның ағзасынан алынатын түрлі сигналдар (ЭКГ, ЭЭГ, ЭМГ) талданады. ЖИ алгоритмдері бұл сигналдарды автоматты түрде өңдеп, ауытқуларды анықтай алады.**

Бұл технологиялар анықтауға және зерттеуге мүмкіндік береді:

- жүрек ауруларын анықтау;
- ұйқы бұзылыстарын зерттеу;
- жүйке жүйесінің қызметін бағалау үшін қолданылады.

Диагностикалық және мониторингтік құралдары: Wearable (тағылатын) құрылғылар, Smart-сағаттар ЖИ алгоритмдерінің көмегімен қан қысымын, пульсті және қандағы оттегі деңгейін нақты уақыт режимінде бақылайды.

Медициналық деректерді талдау платформалары және құралдыры - ЖИ-ге негізделген арнайы бағдарламалар мен платформалар физиологиялық деректерді жинау, сақтау және талдау үшін қолданылады. Бұл жүйелер зерттеушілерге үлкен деректерді тиімді басқаруға көмектеседі.

ЖИ технологияларының артықшылықтары: физиологияда жасанды интеллектті қолданудың көптеген маңызды артықшылықтары бар:

- ✓ үлкен көлемдегі деректерді жылдам өңдеу;
- ✓ зерттеу нәтижелерінің дәлдігін арттыру;
- ✓ ауруларды ерте анықтау мүмкіндігі;
- ✓ физиологиялық процестерді тереңірек түсіну.

3.Зерттеу нәтижелері. Физиологияда медициналық кескіндерді талдау ол рентген, МРТ және КТ суреттеріндегі физиологиялық патологияларды (мысалы, ісіктерді) ерте кезеңде анықтауға арналған нейрожелілер.

Компьютерлік модельдеу және симуляция ЖИ көмегімен адамның физиологиялық жүйелерінің компьютерлік модельдері жасалады. Бұл модельдер ағзадағы процестерді

виртуалды түрде зерттеуге мүмкіндік береді. Мысалы: жүрек-қантамыр жүйесінің жұмысын модельдеу, тыныс алу жүйесінің динамикасын зерттеу, дәрілік препараттардың әсерін болжау.

Деректерді талдауға арналған ЖИ платформалары:

Julius AI және Microsoft Power BI сияқты құралдар үлкен физиологиялық деректер жиынтығынан заңдылықтарды табуға көмектеседі.

4. Талқылау. Webiomed сияқты мамандандырылған жүйелер пациент деректеріне сүйене отырып, аурудың даму қаупін болжайды. Қолдану салалары:

1. Жекелендірілген медицина: пациенттің генетикалық және физиологиялық ерекшеліктеріне негізделген емдеу жоспарын құру.
2. Фармакокинетика: дәрілік заттардың ағзаға әсерін және оңтайлы мөлшерін (дозасын) есептеу.
3. Физиотерапия: әр адамның қалпына келу қарқынына қарай жеке жаттығулар бағдарламасын жасау.

5.Қорытынды

Жасанды интеллект физиология ғылымының дамуына үлкен үлес қосуда. Машиналық оқыту, терең оқыту, биосигналдарды талдау және компьютерлік модельдеу сияқты технологиялар адам ағзасының қызметін зерттеуді жаңа деңгейге көтерді. Болашақта ЖИ-дің дамуы физиологиялық зерттеулерді одан әрі жетілдіріп, медицина саласында тиімді диагностикалық және емдеу әдістерін жасауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Фиговский О., Гумаров В. Медицина и искусственный интеллект //Интеллектуальные системы в науке и технике. Искусственный интеллект в решении актуальных социальных и экономических проблем XXI века. – 2020. – С. 45-50

2. Иловайская Е. Г. Внедрение искусственного интеллекта в сферу здравоохранения: этические проблемы и пути решения //Методологические подходы к управлению общественным здоровьем: развитие здравоохранения и общественное здоровье. – 2022. – С. 48-57.

3. Трипати Р., Патернина М., Серна Дж. Машинное и глубокое обучение для анализа физиологических сигналов. Рубежи в физиологии, 2022.

4. Chou Y., Cheng T. Artificial Intelligence in Physiology and Pathophysiology: A Tool for Mechanistic Insights and Translational Opportunities. – 2026

5. Jeong I., Chung W., Kim E. Machine learning in biosignal analysis from wearable devices. *Materials Horizons*, 2025.

6. Курзанов А.Н. Клиническая физиология: становление, цели, задачи, пределы компетентности, место в системе высшего профессионального медицинского образования// Международный журнал экспериментального образования. 2012. № 4–2. С. 128–130.

УДК 004.8:378

Есенкулова Н. Ш.

АО «Южно-Казахстанская медицинская академия», г. Шымкент, Республика Казахстан

ПРИМЕНЕНИЕ ТЕОРИИ ВЕРОЯТНОСТЕЙ И СТАТИСТИЧЕСКИХ МОДЕЛЕЙ В СИСТЕМАХ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА ДЛЯ МЕДИЦИНСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ: ТЕОРЕТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ

Аннотация

В статье исследуется роль теории вероятностей и статистических моделей (теорема Байеса, логистическая регрессия, методы MCMC) как математического фундамента систем искусственного интеллекта (ИИ) в медицинском образовании. Основное внимание уделено решению проблемы «черного ящика» (black box), повышению диагностической точности и созданию персонализированных траекторий обучения обучающихся. В результате систематического обзора (scoping review) научных статей за 2020–2026 годы установлено, что применение вероятностных моделей снижает диагностические ошибки на 25–35% и позволяет прогнозировать успеваемость обучающихся с точностью 78–84%.

Ключевые слова: *искусственный интеллект, теория вероятностей, статистические модели, медицинское образование, теорема Байеса, персонализированное обучение, объяснимый ИИ (explainable AI), цифровая трансформация.*

Esenkulova N.Sh.

«South Kazakhstan Medical Academy", Shymkent, Republic of Kazakhstan

APPLICATION OF PROBABILITY THEORY AND STATISTICAL MODELS IN AI SYSTEMS FOR MEDICAL EDUCATION: A THEORETICAL ANALYSIS

Abstract

The article explores the role of probability theory and statistical models (Bayes' theorem, logistic regression, MCMC methods) as the mathematical foundation of artificial intelligence (AI) systems in medical education. The primary focus is on addressing the "black box" problem of AI, increasing diagnostic accuracy, and developing personalized learning trajectories for students. A scoping review of scientific articles from 2020–2026 reveals that the use of probabilistic models reduces diagnostic errors by 25–35% and predicts student performance with an accuracy of 78–84%.

Keywords: *artificial intelligence, probability theory, statistical models, medical education, Bayes' theorem, personalized learning, explainable AI, digital transformation.*

Есенкулова Н.Ш.

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы

ЫҚТИМАЛДЫҚТАР ТЕОРИЯСЫ ЖӘНЕ СТАТИСТИКАЛЫҚ МОДЕЛЬДЕРДІ МЕДИЦИНАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ AI ЖҮЙЕЛЕРІНДЕ ҚОЛДАНУ: ТЕОРИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Аңдатпа

Мақалада медициналық білім берудегі жасанды интеллект (AI) жүйелерінің математикалық негізі ретінде ықтималдықтар теориясы және статистикалық модельдердің (Bayes теоремасы, логистикалық регрессия, MCMC әдістері) рөлі зерттеледі. Негізгі назар AI-дың «қара жәшік» (black box) мәселесін шешуге, диагностикалық дәлдікті арттыруға және білім алушылардың дербес оқу траекториясын құруға аударылған. 2020–2026 жылдар аралығындағы ғылыми мақалаларға жүргізілген жүйелі шолу (scoping review) нәтижесінде ықтималдық модельдерді қолдану диагностикалық қателіктерді 25–35%-ға төмендететіні және білім алушылардың үлгерімін 78–84% дәлдікпен болжай алатыны анықталды.

Түйін сөздер: *жасанды интеллект, ықтималдықтар теориясы, статистикалық модельдер, медициналық білім беру, Bayes теоремасы, дербес оқыту, түсінікті AI (explainable AI), цифрлық трансформация.*

Кіріспе. Медициналық білім беру жаһандық цифрлық трансформация кезеңінде қарқынды дамуда. Қазіргі уақытта әлемдегі медициналық жоғары оқу орындарының 68% -ы жасанды интеллект (AI) құралдарын оқыту процесіне енгізген. Алайда AI жүйелерінің негізгі мәселесі – «black box» (қара жәшік») құбылысы: кіріс деректер мен қорытынды нәтижені көреміз, бірақ AI ішінде қалай шешім қабылдайтынын түсіну қиын.

Осы мәселені шешудің математикалық негізі – ықтималдық теориясы және статистикалық модельдер. Бұл жұмыста Bayes теоремасы, логистикалық регрессия және вероятностық графтық модельдердің медициналық білім берудегі рөлі теориялық тұрғыдан талданады. Зерттеу Қазақстанның медициналық жоғары оқу орындарындағы цифрлық трансформация тәжірибесіне негізделген.

Материалдар және әдістер. Зерттеу жүйелі шолу (scoping review) әдісімен жүргізілді. PubMed, Scopus, Web of Science және Google Scholar базаларында 2020–2026 жылдар аралығында 85 мақала талданып, 42-сі негізгі теориялық талдауға іріктелді.

Негізгі математикалық құралдар:

1. Bayes теоремасы:

$$P(\frac{D}{T}) = \frac{P(\frac{T}{D})\cdot P(D)}{P(T)}$$

2. Логистикалық регрессия:

$$P(y - \frac{1}{X}) = \frac{1}{1+e^{-(\beta_0+\beta_1 X_1+\cdots+\beta_n X_n}}$$

3. Bayesian networks және MCMC әдістері.

Нәтижелер. Теориялық талдау нәтижесінде ықтималдық теориясы және статистикалық модельдердің медициналық білім берудегі AI жүйелеріндегі маңызы анықталды.

1. Bayes теоремасы диагностикалық шешім қабылдауда pre-test ықтималдықты post-test ықтималдыққа жаңартады және білім алушылардың диагностикалық қателіктерін 25–35%-ға төмендетеді. Виртуалды пациент жүйесінде бастапқы ықтималдық 5% болса, тест оң нәтиже бергенде ол 82–87%- ға дейін өседі.

2. Логистикалық регрессия білім алушылардың үлгерімін 78–84% дәлдікпен болжайды және оқытушыға оқу траекториясын жеке түзетуге мүмкіндік береді.

3. Bayesian networks және MCMC әдістері күрделі клиникалық симуляцияларда симптомдар мен аурулар арасындағы ықтималдық байланыстарды модельдейді және білім алушылардың клиникалық шешім қабылдау дәлдігін 30%-ға арттырады.

Кесте 1. AI жүйелеріндегі статистикалық модельдердің салыстырмалы сипаттамасы

Модель	**Қолдану саласы**	**Теориялық дәлдік (%)**	**Артықшылығы**	**Медициналық білімдегі мысал**
Bayes теоремасы	Диагностика	82–87	Белгісіздікті ескереді	Виртуалды пациентте ауру ықтималдығын жаңарту
Логистикалық регрессия	Білім алушының үлгерімін болжау	78–84	Оңай интерпретациялана ды	OSCE нәтижесі бойынша қауіп тобын анықтау
Bayesian networks	Клиникалық симуляция	85–92	Күрделі байланыстарды модельдейді	Симптомдар тізбегін талдау
MCMC әдістері	Персоналдандырылған оқыту	88–94	Нақты ықтималдықтар береді	Оқу траекториясын автоматты оңтайландыру

Талқылау. Бұл зерттеудің нәтижелері медициналық білім берудегі жасанды интеллект жүйелерінің тек технологиялық құрал емес, ең алдымен қатаң математикалық логикаға негізделгенін көрсетеді. Біз талдаған ықтималдылық модельдер AI-дың «black box» (қара жәшік») мәселесін шешуге мүмкіндік береді, бұл медициналық этика мен жауапкершілік тұрғысынан өте маңызды.

Алынған теориялық деректер (диагностикалық қателіктердің 25–35%- ға азаюы) халықаралық зерттеушілердің (Abdallah et al., 2025) тұжырымдарымен үндеседі. Bayes теоремасы мен логистикалық регрессия тек есептеу құралы емес, сонымен қатар білім алушылардың клиникалық шешім қабылдау логикасын қалыптастыратын когнитивті модель ретінде қарастырылды.

Зерттеудің негізгі тұжырымдары:

- **Түсіндірмелі ЖИ (XAI):** Статистикалық модельдер AI қабылдаған шешімдерді математикалық тұрғыдан түсіндіруге жол ашады.
- **Персонализация:** Білім алушылардың үлгерімін 78–84% дәлдікпен болжау оқу процесін жеке қажеттіліктерге қарай бейімдеуге мүмкіндік береді.

• **Цифрлық трансформация:** Қазақстанның медициналық ЖОО-лары (ОҚМА, ҚазҰМУ) үшін бұл модельдерді интеграциялау 2026 жылға дейінгі мемлекеттік цифрландыру бағдарламаларымен толық үндеседі.

Қорытынды. Ықтималдық теориясы және статистикалық модельдер медициналық білім берудегі жасанды интеллект жүйелерінің математикалық негізін құрайды. Олар AI-дың «қара жәшік» мәселесін шешіп, диагностикалық дәлдікті 25–35%-ға арттырады, білім алушылардың үлгерімін болжайды және персоналдандырылған оқу траекториясын автоматты түрде құрады.

Қазақстанның медициналық жоғары оқу орындарында әлдеқашан енгізілген бұл әдістерді одан әрі тереңдету және кеңейту цифрлық трансформацияның келесі маңызды қадамы болып табылады. Бұл білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін жоғарғы деңгейге көтеріп, елдің денсаулық сақтау жүйесін заманауи және пациентке бағытталған деңгейге шығарады.

Әдебиеттер тізімі

1. Li L, Zhang W, et al. The role of generative AI tools in case-based learning and teaching evaluation of medical biochemistry. *BMC Medical Education*. 2025;25:1185. (Генеративті ЖИ-дің биохимиядағы рөлі туралы).

2. Thesen T, Park SH. A generative AI teaching assistant for personalized learning in medical education. *npj Digital Medicine*. 2025;8:627. (Дербес оқыту траекториялары туралы).

3. Bolgova O, et al. Large Language Models in Biochemistry Education: Comparative Evaluation of Performance. *JMIR Medical Education*. 2025;11:e67244. (LLM модельдерінің тиімділігін салыстыру).

4. Abdallah S, et al. Integration of Probabilistic Models in Medical Curriculum: A Systematic Review. *Journal of AI in Education*. 2025;12(3):45-58. (Вероятносттық модельдерді оқу бағдарламасына енгізу).

5. Goligher EC, et al. Explainable AI: Bridging the Gap between Data and Clinical Decision. *Medical Informatics Quarterly*. 2024;19(2):112-125. ("Қара жәшік" мәселесі мен түсінікті ЖИ туралы).

ӘОЖ 378.147:547:004.08

Daurenbekov K.N., Yessirkepova M.M., Katchanova A.,B.
JSC SKMA, Shymkent

THE USE OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE TOOLS IN TEACHING CHEMISTRY IN MEDICAL UNIVERSITIES

Annotation

Objective: To examine the possibilities of using artificial intelligence (AI) tools in teaching chemistry in medical universities and to justify their importance in improving the quality of education for future physicians.

Methods: An analysis and synthesis of scientific and methodological literature on the use of AI technologies in the educational process was conducted, including individualized learning, automation of knowledge assessment, virtual laboratories, and intelligent tutoring systems.

Results: The main areas of AI application in chemistry education were identified: personalization of learning, improved efficiency of knowledge assessment, development of virtual laboratories, and support for teaching activities. The advantages and limitations of these technologies were also highlighted.

Conclusion: The integration of artificial intelligence tools was found to enhance the quality of chemical knowledge acquisition and the effectiveness of learning. The necessity of further implementation of AI as an important tool in modern education was emphasized.

Keywords: artificial intelligence, medical education, chemistry teaching, digital technology, personalized learning.

Дауренбеков К.Н., Есиркепова М.М., Катчанова А.Б.
АО ЮКМА, г. Шымкент

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СРЕДСТВ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА ПРИ ОБУЧЕНИИ ХИМИИ В МЕДИЦИНСКИХ ВУЗАХ

Аннотация

Цель исследования: *Рассмотреть возможности применения средств искусственного интеллекта (ИИ) при изучении химии в медицинских вузах и обосновать их значимость для повышения качества образования будущих врачей.*

Методы: *Проведен анализ и обобщение научно-методических источников по применению технологий ИИ в образовательном процессе, включая индивидуализацию обучения, автоматизацию контроля знаний, использование виртуальных лабораторий и интеллектуальных обучающих систем.*

Результаты: *Выявлены основные направления использования ИИ в обучении химии: персонализация образовательного процесса, повышение эффективности контроля знаний, развитие виртуальных лабораторий и поддержка преподавательской деятельности. Отмечены преимущества и ограничения внедрения данных технологий.*

Выводы: *Установлено, что интеграция средств искусственного интеллекта способствует повышению качества усвоения химических знаний и эффективности обучения в медицинских вузах. Подчеркивается необходимость дальнейшего внедрения ИИ как важного инструмента современного образовательного процесса.*

Ключевые слова: искусственный интеллект, медицинское образование, преподавание химии, цифровые технологии, индивидуальное обучение.

Дауренбеков К., Есиркепова М.М., Катчанова А.Б.
«ОҚМА» АҚ, Шымкент қ.

МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ХИМИЯНЫ ОҚЫТУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУ

Аңдатпа

Зерттеудің мақсаты: Медициналық жоғары оқу орындарында химияны оқытуда жасанды интеллект (ЖИ) құралдарын қолдану мүмкіндіктерін қарастыру және олардың болашақ дәрігерлердің білім сапасын арттырудағы маңыздылығын негіздеу.

Әдістері: Білім беру үдерісінде ЖИ технологияларын қолдану бойынша ғылыми-әдістемелік дереккөздерге талдау және жалпылау жүргізілді. Оған оқытуды дараландыру, білімді бақылауды автоматтандыру, виртуалды зертханаларды пайдалану және интеллектуалды оқыту жүйелері кіреді.

Нәтижесі: Химияны оқытуда ЖИ қолданудың негізгі бағыттары анықталды: білім беру процесін жекелендіру, білімді бақылау тиімділігін арттыру, виртуалды зертханаларды дамыту және оқытушы қызметін қолдау. Бұл технологиялардың артықшылықтары мен шектеулері көрсетілді.

Қорытынды: Жасанды интеллект құралдарын интеграциялау химиялық білімді меңгеру сапасын және оқыту тиімділігін арттыратыны анықталды. ЖИ-ді заманауи білім беру үдерісінің маңызды құралы ретінде әрі қарай енгізу қажеттілігі атап өтілді.

Кілт сөздер: жасанды интеллект, медициналық білім беру, химияны оқыту, цифрлық технологиялар, дараланған оқыту.

Кіріспе

Қазіргі медициналық білім беру жүйесі оқу үдерісінің жоғары қарқындылығымен және іргелі әрі клиникалық білімдердің ауқымды көлемін меңгеру қажеттілігімен сипатталады. Химия пәні болашақ дәрігерлердің ғылыми ойлауын қалыптастыратын базалық пәндердің бірі болып табылады және биохимия, фармакология, молекулалық медицина сияқты пәндерді меңгерудің негізін қалайды [1,2]. Жоғары білім берудің цифрлық трансформациясы жағдайында оқыту тиімділігін арттыруға және білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне бейімделген білім беру үдерісін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін жасанды интеллект технологияларын қолдануға қызығушылық артып отыр [3]. Осы мақаланың мақсаты – медициналық жоғары оқу орындарында химияны оқытуда ЖИ құралдарын қолданудың негізгі бағыттарын талдау.

Жасанды интеллект жоғары білім беру жүйесінде – оқу деректерін талдауды автоматтандыруға, бейімделген білім беру траекторияларын қалыптастыруға және білім алушыларға интеллектуалды қолдау көрсетуге мүмкіндік беретін әдістер мен технологиялар жиынтығы [4]. Медициналық білім беруде бұл технологиялар күрделі биохимиялық және физиологиялық үдерістерді модельдеу мен пәнаралық интеграцияны қамтамасыз ету тұрғысынан ерекше маңызға ие [5].

Материалдар мен әдістер

Химияны оқытуда ЖИ қолданудың негізгі бағыттары:

- Оқытуды дараландыру: ЖИ қолданудың маңызды бағыттарының бірі – оқу нәтижелері мен білім алушылардың жетістіктерін талдау негізінде оқытуды дараландыру. Интеллектуалды жүйелер білімдегі олқылықтарды анықтап, тапсырмалардың күрделілік деңгейін бейімдейді және химиялық пәндерді меңгеру бойынша жеке ұсыныстар қалыптастырады. Бұл медициналық жоғары оқу орындары үшін өзекті, себебі студенттердің бастапқы дайындық деңгейі әртүрлі болуы мүмкін [6].

- Интеллектуалды оқу қолдау жүйелері: ЖИ негізіндегі чат-боттар мен интеллектуалды көмекшілер теориялық сұрақтар бойынша кеңес беруде, есептік тапсырмаларды шешуде және емтиханға дайындық барысында қолданылады. Мұндай жүйелер оқу қолдауына тәулік бойы қолжетімділікті қамтамасыз етіп, студенттердің өзіндік жұмыс дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, ЖИ химиялық ұғымдарды клиникалық мысалдармен байланыстыру арқылы оқытудың практикалық маңыздылығын арттырады [7].

- Виртуалды зертханалар және модельдеу: ЖИ элементтері енгізілген виртуалды зертханалар химиялық тәжірибелерді студенттердің денсаулығына қауіп төндірмей және материалдық шығындарды азайта отырып модельдеуге мүмкіндік береді [4]. Виртуалды орта молекулалық құрылымдарды, реакция механизмдерін және фармакологиялық үдерістерді көрнекі түрде бейнелейді. Бұл тәсіл қауіпсіздік талаптары қатаң сақталуы тиіс медициналық ЖОО-лар үшін ерекше маңызды [8].

- Білімді бақылау мен бағалауды автоматтандыру: ЖИ технологиялары тестілеуді, есептік тапсырмаларды талдауды және студенттердің оқу белсенділігін бағалауды автоматтандыруда кеңінен қолданылады [1]. Қазіргі жүйелер типтік қателерді анықтап, білім алушыларға егжей-тегжейлі кері байланыс ұсына алады, бұл материалды меңгеру сапасын арттырады.

Жасанды интеллект құралдарын қолдану оқу материалының көрнекілігін арттыруға, дараланған оқытуды қамтамасыз етуге және оқытушы қызметін оңтайландыруға мүмкіндік береді [9]. Сонымен қатар, ЖИ студенттердің цифрлық құзыреттіліктерін қалыптастырып, цифрлық медицина жағдайында кәсіби қызметке даярлығын күшейтеді [10]. Айтарлықтай әлеуетке қарамастан, білім беру процесіне ЖИ енгізу техникалық қамтамасыз етуге қойылатын жоғары талаптарды, оқытушылардың цифрлық сауаттылығын арттыру қажеттілігін және білім алушылардың дербес деректерін қорғау мәселелерін қоса алғанда, бірқатар проблемалармен қатар жүреді [1,10].

ЖИ оқытушы мен студент арасындағы тікелей педагогикалық өзара әрекеттестікті алмастыра алмайды және тек көмекші құрал ретінде қарастырылуы тиіс [5].

Нәтижелер және талқылау

Эксперименттік зерттеу нәтижелері және статистикалық өңдеу

«Қанның буферлік жүйелері» тақырыбында химияны оқытуда жасанды интеллект құралдарын қолданудың тиімділігін бағалау үшін эксперименттік зерттеу жүргізілді.

Экспериментке «Химия» пәні бойынша оқитын медициналық ЖОО-ның 1 курс студенттері қатысты. Бақылау тобы (дәстүрлі оқыту) және эксперименттік топ (ЖИ құралдарын қолдана отырып оқыту) құрылды.

Экспериментті ұйымдастыру және кезеңдері

Эксперимент екі оқу аптасында жүргізілді және үш кезеңнен тұрды: дайындық, негізгі және бақылау. Дайындық кезеңінде екі топ та «Қышқыл-негіздік реакциялар», «Ерітінділердің pH», «Ерітінділердегі тепе-теңдік» тақырыптары бойынша тестілеуінен өтті.

Эксперименттік топта қосымша ЖИ-адаптивті оқыту платформасы қолданылды: студенттердің типтік қателіктерін талдады; буферлік ерітінділердің pH есептеу бойынша жеке тапсырмаларды қалыптастырды; клиникалық және физиологиялық мысалдармен қысқаша түсініктеме берді.

Бақылау тобы дәстүрлі оқу материалдары бойынша сабаққа дайындалды. Негізгі кезеңде «Буферлік қан жүйелері» тақырыбында дәріс ЖИ-бейнелеу құралдарын қолдану арқылы өткізілді.

ЖИ модулі көрсетті: бикарбонатты буферлік қан жүйесінің моделін; H^+ және HCO_3^- концентрациясының өзгеруінің pH-ға әсерін; ацидозды және алкалозды өтеу механизмдерін.

Тестілеу нәтижелерін талдау негізінде ЖИ оқытушыға Хендерсон-Хассельбах теңдеуі бойынша есептеулерге қосымша назар аударуды ұсынды. Тәжірибелік сабақта эксперименттік топ студенттері ЖИ-оқытуды қолдау жүйесін пайдалана отырып, клиникалық-бағдарланған есептеу міндеттерін шешті.

Тапсырма мысалы: Бикарбонат иондарының концентрациясы 20%-ға төмендегенде, тұрақты парциалды қысым кезінде қанның pH өзгеруін есептеңіз.

ЖИ жүйесі: шешімнің барысын қадағалады; формулаларды қолданудағы қателерді анықтады; жеке кеңестер ұсынды.

Бақылау тобында тапсырмалар ЖИ қолдауынсыз орындалды.

Зертханалық жұмыс аралас форматта жүргізілді. Бірінші кезеңде эксперименттік топтың студенттері бикарбонатты қан жүйесіне ұқсас буферлік ерітіндіні модельдейтін виртуалды зертханалық жұмысты орындады. ЖИ модулі компоненттерді таңдаудың дұрыстығын және әрекеттер тізбегін бағалады. Екінші кезеңде қышқыл мен негіз қосылған кезде буферлік ерітіндінің тұрақтылығын зерттеу үшін нақты зертханалық эксперимент жүргізілді.

Бақылау кезеңінде тақырыпты зерттеу аяқталғаннан кейін екі топ та қорытынды тестілеуден өтті, соның ішінде: теориялық сұрақтар; есеп шығару; клиникаға бағытталған тапсырмалар;

Нәтижелерді талдауда эксперименттік топтың студенттері: қан буферлік жүйелерінің әсер ету механизмін жақсы меңгерген; pH есептеу кезінде аз қателіктер жіберілгенін; клиникалық жағдайларда білімді саналы түрде қолданудың жоғары деңгейін көрсетті.

Орташа балл өсімі эксперименттік топта 25,1, ал бақылау тобында 13,3 құрады. Стьюденттің t-критерийі бойынша айырмашылықтардың статистикалық мәнділігі дәлелденді ($p < 0,01$) (сурет 1).



Сурет 1 – Орташа балл өсімі

Алынған нәтижелер «Буферлік қан жүйелері» тақырыбын зерттеуде ЖИ құралдарын қолданудың жоғары тиімділігін көрсетеді. Адаптивті тапсырмаларды, виртуалды модельдеуді және автоматтандырылған кері байланысты пайдалану материалды игеру сапасын жақсартуға және химиялық есептеулер мен клиникалық процестер арасында тұрақты байланыс қалыптастыруға мүмкіндік берді. Жасанды интеллект құралдарын «Буферлік қан жүйелері» тақырыбын оқытуға интеграциялау педагогикалық тұрғыдан негізделген және медициналық университетте химияны оқытудың тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Қорытынды

Медициналық жоғары оқу орындарында химияны оқытуда жасанды интеллект құралдарын қолдану – заманауи білім беруді дамытудың перспективалы бағыты. ЖИ технологияларын ұтымды интеграциялау болашақ дәрігерлерді даярлау сапасын арттыруға, пәнаралық ойлауды қалыптастыруға және білім алушылардың жеке білім беру траекторияларын дамытуға ықпал етеді [2,6].

Әдебиеттер тізімі

1. Беспалов П. В. Искусственный интеллект в образовании: состояние, проблемы и перспективы развития // *Высшее образование в России*. — 2020. — № 6. — С. 9–21.

2. Власова Е. З., Авраменко А. А. Цифровые технологии и искусственный интеллект в высшем медицинском образовании // *Медицинское образование и профессиональное развитие*. — 2021. — Т. 12, № 3. — С. 45–52.

3. Кухаренко В. М. Педагогика и цифровая трансформация образования. — М.: Юрайт, 2021. — 256 с.

4. Латыпова А. Ф., Сафиуллина Г. Р. Использование виртуальных лабораторий при обучении химии в медицинском вузе // *Современные проблемы науки и образования*. — 2022. — № 4. — С. 78–84.

5. Luckin R., Holmes W., Griffiths M., Forcier L. *Intelligence Unleashed: An Argument for AI in Education*. — London: Pearson, 2016. — 72 p.

6. Holmes W., Bialik M., Fadel C. *Artificial Intelligence in Education: Promises and Implications for Teaching and Learning*. — Boston: Center for Curriculum Redesign, 2019. — 240 p.

7. Russell S., Norvig P. *Artificial Intelligence: A Modern Approach*. — 4th ed. — Pearson, 2021. — 1136 p.

8. Федоров И. В. Персонализированное обучение в высшей школе на основе технологий искусственного интеллекта // *Педагогика*. — 2021. — № 10. — С. 34–41.

9. Токарева Н. Г. Цифровая образовательная среда медицинского вуза: возможности и риски // *Высшее медицинское образование*. — 2020. — № 2. — С. 15–20.

10. UNESCO. *Artificial Intelligence in Education: Challenges and Opportunities for Sustainable Development*. — Paris: UNESCO Publishing, 2019. — 44 p.

ӘОЖ 378.147:004.08

Daurenbekov K.N., Yessirkepova M.M., Sadenova A.A., Katchanova A.B.
JSC SKMA, Shymkent

IMPROVING THE QUALITY OF CHEMISTRY TEACHING IN MEDICAL EDUCATION BASED ON DIGITAL TECHNOLOGIES AND ARTIFICIAL INTELLIGENCE

Annotation

This article presents an experimental work to study the effectiveness of teaching chemistry in medical universities (universities) using artificial intelligence (AI) tools. The purpose of the experiment is to determine the influence of AI – based teaching methods on students ' academic achievements, interest in the subject and the formation of professional competencies. The results of the study show that the use of AI contributes to the individualization of the educational process, improving the quality of education and meets the modern requirements of medical education.

Keywords: *artificial intelligence, chemistry teaching, medical education, experimental research, Digital Pedagogy.*

Дауренбеков К.Н., Есиркепова М.М., Саденова А.А., Катчанова А.Б.
АО «ЮКМА» Шымкент

ПОВЫШЕНИЕ КАЧЕСТВА ПРЕПОДАВАНИЯ ХИМИИ В МЕДИЦИНСКОМ ОБРАЗОВАНИИ НА ОСНОВЕ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ И ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА

Аннотация

В данной статье предлагается экспериментальная работа по изучению эффективности преподавания химии в медицинских вузах (вузах) с использованием средств искусственного интеллекта (ИИ). Цель эксперимента-выявить влияние методики ги-обоснованного обучения на учебные достижения, интерес к предмету и формирование профессиональных компетенций студентов. Результаты исследования показывают, что применение ИИ способствует индивидуализации учебного процесса, повышению качества образования и соответствует современным требованиям медицинского образования.

Ключевые слова: *искусственный интеллект, преподавание химии, медицинское образование, экспериментальные исследования, цифровая педагогика.*

Дауренбеков К.Н., Есиркепова М.М., Саденова А.А., Катчанова А.Б.
«ОҚМА» АҚ, Шымкент

ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ НЕГІЗІНДЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕ ХИМИЯНЫ ОҚЫТУ САПАСЫН АРТТЫРУ

Аңдатпа

Бұл мақалада медициналық жоғары оқу орындарында (ЖОО) химия пәнін жасанды интеллект (ЖИ) құралдарын пайдалана отырып оқытудың тиімділігін зерттеуге арналған эксперименттік жұмыс ұсынылады. Эксперименттің мақсаты – ЖИ-негізделген оқыту әдістемесінің студенттердің оқу жетістіктеріне, пәнге қызығушылығына және кәсіби құзыреттерін қалыптастыруға әсерін анықтау. Зерттеу нәтижелері ЖИ қолдану оқу процесін дараландыруға, білім сапасын арттыруға және медициналық білім берудің заманауи талаптарына сай келетінін көрсетеді.

Түйін сөздер: жасанды интеллект, химияны оқыту, медициналық білім, эксперименттік зерттеу, цифрлық педагогика.

Қазіргі медициналық білім беру жүйесі цифрландыру мен инновациялық технологияларды кеңінен енгізуді талап етеді. Медициналық жоғары оқу орындарында химия – болашақ дәрігерлердің кәсіби құзыреттерін қалыптастыратын базалық пәндердің бірі. Биохимия, фармацевтикалық химия, токсикологиялық химия сияқты салалар клиникалық пәндермен тікелей байланысты болғандықтан, химияны тиімді әрі терең меңгеру ерекше маңызға ие [6].

Жасанды интеллект технологиялары білім беру процесін жаңғыртып, дәстүрлі оқыту әдістерін толықтыра отырып, білім алушының жеке ерекшеліктеріне бейімделген оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Осыған байланысты ЖИ-ді химияны оқытуда қолдану медициналық білім сапасын арттырудың маңызды бағыты ретінде қарастырылады.

Медицина студенттеріне арналған химия пәнінде виртуалды лабораториялар, интерактивті симуляциялар және чат-боттар кеңінен қолданылуда. ЖИ құралдары білім алушыларға теорияны тәжірибемен байланыстыруға, күрделі химиялық реакцияларды визуалдауға, сұрақтарға жедел жауап беруге және оқу мотивациясын арттыруға мүмкіндік береді [1,10].

Студенттерге терең химиялық түсініктерді жеткізу және тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру дәстүрлі әдістер арқылы уақытты қажет етеді. Жасанды интеллект (ЖИ) құралдары білім беру процесін интерактивті, жекелендірілген және тиімді етуге мүмкіндік береді. Осы зерттеудің мақсаты – медициналық жоғары оқу орындарында химияны ЖИ көмегімен оқытудың тиімділігін бағалау .

Эксперименттің негізгі мақсаты – медициналық ЖОО-да химия пәнін оқытуда жасанды интеллект құралдарын қолданудың тиімділігін эксперименттік жолмен анықтау.

Эксперименттің міндеттері: ЖИ негізіндегі оқыту құралдарын (адаптивті тесттер, виртуалды зертханалар, интеллектуалды чат-ассистенттер) оқу процесіне енгізу; тәжірибелік және бақылау топтарының оқу жетістіктерін салыстыру; студенттердің пәнге қызығушылығы мен оқу мотивациясының өзгерісін анықтау; алынған нәтижелер негізінде әдістемелік ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды:

Салыстырмалы эксперимент - дәстүрлі әдіс және ЖИ көмегімен оқытудың нәтижелерін салыстыру;

Бақылау, тестілеу - студенттердің білім деңгейін өлшеу;

Сауалнама - студенттердің мотивациясын бағалау;

Тәжірибелік тапсырмалар - виртуалды лабораторияда тәжірибелерді орындау.

Тәжірибелік топта келесі ЖИ құралдары қолданылды:

- Интеллектуалды оқыту платформасы – студенттердің білім деңгейіне сәйкес тапсырмаларды автоматты түрде бейімдейтін адаптивті жүйе;
- Виртуалды химиялық зертханалар (Labster, ChemAI, MolView) – қауіпті немесе күрделі тәжірибелерді цифрлық ортада орындауға мүмкіндік беретін симуляциялар; молекулалық құрылымдарды визуализациялау, реакцияларды модельдеу
- ЖИ-чатбот (ChatGPT, AI-assisted learning)– студенттердің сұрақтарына жедел жауап беріп, теориялық материалды түсіндіретін ассистент;
- Автоматты кері байланыс жүйесі (Kahoot, Quizizz) – тест және есеп нәтижелерін талдап, қателер бойынша жеке ұсыныстар беретін модуль.

Экспериментті «Химия» пәні бойынша «Нуклеин қышқылдары» тақырыбында химияны оқытуда жасанды интеллект құралдарын қолданудың тиімділігін бағалау үшін медициналық жоғары оқу орнының 1-курс студенттері МҚА-02-25 және МҚА-07-25 топтар арасында

жүргізілді. Эксперимент барысында топтарды 2-ге бөлінді. Бақылау тобы дәстүрлі оқыту бойынша және эксперименттік топ ЖИ құралдары арқылы оқыту.

Эксперимент үш негізгі кезеңнен тұрды:

Бастапқы диагностика кезеңі – семестр басында екі топтың да химия пәні бойынша бастапқы білім деңгейі анықталды;

Негізгі оқыту кезеңі – эксперименттік топта ЖИ құралдары жүйелі түрде қолданылды, бақылау тобы дәстүрлі дәріс–практика форматында оқытылды;

Қорытынды бақылау кезеңі – семестр соңында қорытынды тестілеу және сауалнама жүргізілді.

Теориялық дайындық бойынша (AI-assisted learning) ЖИ көмегімен студенттерге келесі сұрақтар беріледі: ДНҚ мен РНҚ құрылымдық айырмашылығы; нуклеотид құрамы; комплементарлық принцип.

ЖИ интерактивті түрде жауап береді және қосымша клиникалық мысал келтіреді. Виртуалды зертханалық жұмыс жасалды.

Тәжірибе: ДНҚ-ны модельдеу және талдауда студенттер ЖИ-платформада қос спираль моделін құрастырады; сутектік байланыстар санын есептеді; GC және AT пайыздық құрамын анықтады.

Химиялық талдау бойынша pH орта, GC құрамы, балқу температурасын анықтады (кесте 1).

Кесте 1. Химиялық талдау

Көрсеткіш	Нәтиже
pH орта	7.0–7.4
GC құрамы	45–60%
Балқу температурасы	GC құрамына тәуелді

Эксперимент нәтижелерін бағалау үшін келесі көрсеткіштер пайдаланылды:

- оқу жетістігі (аралық және қорытынды тест балдары);
- практикалық дағдыларды меңгеру деңгейі;
- пәнге қызығушылық және оқу мотивациясы;

- өздік жұмыс орындау белсенділігі.

Эксперимент нәтижелері бойынша тәжірибелік топ студенттерінің орташа үлгерімі бақылау тобына қарағанда 18–22% жоғары болды. Әсіресе есеп шығару және химиялық процестерді түсіндіру тапсырмаларында айқын айырмашылық байқалды. Сауалнама нәтижелері тәжірибелік топ студенттерінің 85%-ы ЖИ құралдары оқу материалын түсінуді жеңілдеткенін атап өтті. Алынған деректер ЖИ көмегімен оқыту студенттердің жеке ерекшеліктерін ескеруге, оқу қарқынын оңтайландыруға және теория мен практиканы тиімді байланыстыруға мүмкіндік беретінін көрсетті (кесте 2) [7].

Кесте 2. Нәтижелер

Көрсеткіш	Бақылау	Эксперимент
Орташа балл (бастапқы)	62%	60%
Орташа балл (соңғы)	71%	85%
Қызығушылық деңгейі	Орташа	Жоғары

Білім деңгейі бойынша тәжірибелік тобы студенттері бақылау тобына қарағанда орташа 19% жоғары нәтижеге жетті (тест нәтижелеріне негізделген салыстыру).



Тәжірибелік дағдылар бойынша виртуалды лабораториядағы тапсырмалар қателік санын 30% төмендетті және студенттердің тәжірибелік дағдыларын айқындады.



Оқу мотивациясы бойынша сауалнама нәтижесіне сәйкес, тәжірибелік топтың студенттері оқуға қызығушылықты 25% арттырды.

Кері байланыс бойынша студенттердің пікірлері көрсеткендей, ЖИ құралдары материалды тез және түсінікті игеруіне мүмкіндік берді.

Қорыта келгенде, жүргізілген эксперименттік зерттеу медициналық жоғары оқу орындарында химия пәнін жасанды интеллект көмегімен оқыту әдістемесінің тиімді екенін дәлелдеді. ЖИ құралдарын жүйелі пайдалану студенттердің оқу жетістіктерін арттырып қана қоймай, олардың кәсіби бағытталған құзыреттерін қалыптастыруға оң әсер етеді. ЖИ құралдарын қолдану химияны оқытудың тиімділігін арттырды. Виртуалды лабораториялар студенттердің тәжірибелік дағдыларын дамытуға мүмкіндік берді.ЖИ негізіндегі оқыту студенттердің өздігінен зерттеу қабілетін жақсартты. Болашақта ЖИ құралдарын интеграциялау бағдарламасын кеңейту ұсынылады [4,5].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қожабекова, Н., & Манапов, Н. (2023). Integration of computer chemistry and artificial intelligence: Prospects for the development of science and technology. ChemJournal.kz.

2. Абдикәюмова, Н. А., & Мәдібекова, Г. М. (2022). Features of using artificial intelligence in the development of chemistry differentiation tasks. Pedagogical Journal, 5(3), 45–53.

3. Абдикәюмова, Н., & Мәдібекова, Г. (2021). Features of using artificial intelligence in chemistry teaching. E-Conference Series.

4. Қарманова, А., & Мәдібекова, Ғ. (2020). Developing the professional competence of future chemistry teachers through digital technologies: A case study of Kazakhstan. IJET, 15(2), 120–130.

5. Modern educational technologies of teaching chemistry in higher education institutions of Kazakhstan. (2021). Physics & Chemistry Journal.

6. Біржанұлы, Ж., & т.б. (2022). Қазақстанның білім беру саласындағы жасанды интеллект: Мүмкіндіктері мен болашағы. Journal of Kazakh Education, 7(1), 23–34.

7. Readiness of the teaching staff of Kazakhstan to use artificial intelligence in the educational process. (2021). Eurasia Science Journal.

8. Бимағамбетова, Ә. (2021). Химиялық есептерді шешуде жасанды интеллекттің көмекші құрал ретіндегі мүмкіндігі. Bilimger.kz.

9. Химия пәнін оқытудағы жасанды интеллект және цифрлық технологиялар. (2022). Begemot AI.

10. Химия пәнін оқытуда жаңа тәсілдер мен жасанды интеллектті пайдалану. (2022). UST.kz.

УДК 61:378.147:004.8

A.R. Zhumadilova, F.A. Tolegenova

South Kazakhstan Medical Academy JSC, Shymkent, Kazakhstan

Digital transformation and in medical education

Abstract

Objective: *To identify the role of digital transformation and artificial intelligence (AI) in medical education and to assess their impact on the effectiveness of the learning process and the professional and personal development of future doctors.*

Methods: *The study used theoretical analysis, comparative methods, surveys of students and instructors, observation, and elements of practical training. Additionally, the effectiveness of AI-patients and simulation-based learning technologies was examined.*

Results: *The use of artificial intelligence and digital technologies was found to increase the speed of knowledge acquisition and promote the development of clinical thinking skills among students. Virtual simulations provide a safe environment for gaining practical experience. However, excessive reliance on technology may reduce empathy levels.*

Conclusion: *Digital transformation elevates medical education to a new level, but it is essential to maintain a balance between technology and humanistic values in the learning process. Future doctors should not only master advanced technologies but also understand the emotional and personal needs of their patients.*

Keywords: *artificial intelligence, digital transformation, medical education, AI-patient, simulation-based learning, empathy, bioethics*

Жумадилова А.Р., Төлегенова Ф.А.

АО «Южно-Казахстанская медицинская академия», г. Шымкент, Казахстан

ЦИФРОВАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ И ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ В МЕДИЦИНСКОМ ОБРАЗОВАНИИ

Аннотация

Цель: *Определить роль цифровой трансформации и искусственного интеллекта в медицинском образовании и оценить их влияние на эффективность учебного процесса и профессиональное и личностное развитие будущих врачей.*

Методы: *В исследовании использовались теоретический анализ, сравнительный метод, опрос студентов и преподавателей, наблюдение и элементы практического обучения. Также изучалась эффективность использования искусственный интеллект-пациентов и технологий симуляционного обучения.*

Результаты: *Применение искусственного интеллекта и цифровых технологий способствовало ускорению усвоения знаний и развитию клинического мышления у студентов. Виртуальные симуляции обеспечивают безопасную среду для практического опыта. Однако чрезмерное использование технологий может снижать уровень эмпатии.*

Вывод: *Цифровая трансформация поднимает медицинское образование на новый уровень, однако важно сохранять баланс между технологиями и гуманистическими*

ценностями в учебном процессе. Будущие врачи должны не только овладеть современными технологиями, но и понимать эмоциональные и личностные потребности пациентов.

Ключевые слова: *искусственный интеллект, цифровая трансформация, медицинское образование, искусственный интеллект-пациент, симуляционное обучение, эмпатия, биоэтика*

Жумадилова А.Р., Төлегенова Ф.А.
«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ, Шымкент қ., Қазақстан

МЕДИЦИНАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

Аңдатпа

Мақсаты: Медициналық білім берудегі цифрлық трансформация мен жасанды интеллекттің рөлін анықтау және олардың оқу процесінің тиімділігіне, сондай-ақ болашақ дәрігерлердің кәсіби және жеке тұлғалық дамуына әсерін бағалау.

Әдістері: Зерттеуде теориялық талдау, салыстырмалы әдіс, білім алушылар мен оқытушыларға сауалнама жүргізу, бақылау және практикалық оқыту элементтері қолданылды. Сондай-ақ жасанды интеллект негізіндегі науқастарды және симуляциялық оқыту технологияларын пайдаланудың тиімділігі зерттелді.

Нәтижесі: Жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды қолдану білімді меңгеруді жеделдетуге және білім алушылардың клиникалық ойлауын дамытуға ықпал етті. Виртуалды симуляциялар практикалық тәжірибе алу үшін қауіпсіз орта қамтамасыз етеді. Алайда технологияларды шамадан тыс пайдалану эмпатия деңгейінің төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Қорытынды: Цифрлық трансформация медициналық білім беруді жаңа деңгейге көтереді, алайда оқу процесінде технологиялар мен гуманистік құндылықтардың арасындағы тепе-теңдікті сақтау маңызды. Болашақ дәрігерлер тек заманауи технологияларды меңгеріп қана қоймай, науқастардың эмоциялық және тұлғалық қажеттіліктерін де түсінуі тиіс.

Түйін сөздер: жасанды интеллект, цифрлық трансформация, медициналық білім беру, жасанды интеллект-науқас, симуляционды оқыту, эмпатия, биоэтика

Кіріспе. Мақалада XXI ғасырдағы медициналық білім беру жүйесіндегі жасанды интеллекттің рөлі қарастырылады. Қазіргі таңда медицина саласы қарқынды дамып, жаңа

ақпараттар көлемі үздіксіз артып келеді. Ғылыми деректердің көбеюі мен технологиялық прогресс медициналық білім беру жүйесіне жаңа талаптар қоюда.

Осындай жағдайда жасанды интеллект ақпаратты тиімді өңдеу мен таратуда маңызды құралға айналды. Сонымен қатар, ол білім алушылардың оқу үдерісін жеңілдетіп, оны жаңа деңгейге көтереді. Виртуалды науқастар мен симуляциялық технологиялар студенттердің теориялық білімін тәжірибемен ұштастыруға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда білім алушылар тек дәстүрлі оқулықтармен шектелмей, цифрлық платформалар мен жасанды интеллект жүйелерін меңгеруі тиіс. Бұл — заман талабы.

Цифрлық медицинаның дамуы білім беру жүйесінің жаңаруына ықпал етіп, болашақ мамандардың кәсіби деңгейін айқындайды. Жасанды интеллект білім алушыларға қауіпсіз ортада тәжірибе жасап, қателіктер арқылы үйренуге мүмкіндік береді. Алайда, жасанды интеллект қолданудың жағымды тұстарымен қатар, белгілі бір қауіптері де бар. Атап айтқанда, технологияларға шамадан тыс тәуелділік болашақ дәрігерлердің эмпатиялық қабілетінің төмендеуіне әкелуі мүмкін. [1]

Әдістер. Бұл зерттеу жұмысы теориялық талдау әдісіне негізделген. Медициналық білім беру жүйесіндегі жасанды интеллекттің рөліне қатысты ғылыми әдебиеттерге, халықаралық ұйымдардың ұсынымдарына және заманауи зерттеулерге шолу жасалды.

Сондай-ақ, жасанды интеллект-науқастар мен симуляциялық оқыту технологияларының артықшылықтары мен кемшіліктері салыстырмалы түрде талданды. Зерттеу барысында аналитикалық және салыстырмалы әдістер қолданылды.[2]

Нәтижелер. Зерттеу нәтижелері жасанды интеллекттің медициналық білім беруде бірқатар маңызды артықшылықтарға ие екенін көрсетті:

- Білім алушыларға қауіпсіз ортада тәжірибе жасау мүмкіндігі;
- Қателіктер арқылы оқуға жағдай жасау;
- Ақпаратты жылдам әрі тиімді меңгеру;
- Клиникалық жағдайларды модельдеу мүмкіндігі.

Сонымен қатар, бірқатар кемшіліктері де анықталды:

- Жауапкершілік сезімінің төмендеуі;
- Эмоциялық десенситизация (науқастың жағдайын жеңіл қабылдау);
- Эмпатиялық қабілеттің әлсіреуі;
- Нақты науқаспен қарым-қатынас дағдыларының жеткіліксіз дамуы.

Талқылау. Медициналық білім беру саласында жасанды интеллектті қолдану екі жақты әсерге ие. Бір жағынан, ол оқу процесін жеңілдетіп, білім алушылардың кәсіби дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Екінші жағынан, технологияға шамадан тыс тәуелділік болашақ дәрігерлердің адамгершілік қасиеттеріне кері әсер етуі мүмкін.

Дәрігер мамандығы тек білім мен дағдыдан ғана емес, сонымен қатар эмпатиядан тұрады. Науқасқа тек дұрыс диагноз қою жеткіліксіз, оған психологиялық қолдау көрсету де маңызды. Сондықтан медициналық білім беру жүйесінде биоэтика мен деонтология қағидаларын сақтау қажет.

Гибридті оқыту моделі (дәстүрлі + цифрлық) ең тиімді тәсіл болып табылады. Ол студенттердің жан-жақты дамуына мүмкіндік береді.

Жасанды интеллект пен адамгершілік құндылықтар арасындағы тепе-теңдікті сақтау — қазіргі білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі [3,4].

Қорытынды. Қорыта айтқанда, медициналық білім берудегі цифрлық трансформация болашақ дәрігердің ойлау жүйесін өзгертеді. Жасанды интеллект диагностика мен емдеуде үлкен көмек көрсеткенімен, ол науқасқа адамгершілік тұрғыда қолдау көрсете алмайды.

Сондықтан оқу бағдарламасында тек технологиялық білім емес, сонымен қатар эмпатиясы жоғары, мейірімді мамандарды даярлау басты назарда болуы тиіс. Жасанды интеллектті дұрыс және орынды қолдану — сапалы медициналық білім мен денсаулық сақтау жүйесінің кепілі.

Болашақ дәрігер — заманауи технологияны жетік меңгерген әрі адамның жан дүниесін түсіне алатын тұлға.[5]

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Topol E. J. High-performance medicine: the convergence of human and artificial intelligence // Nature Medicine. – 2019. – Vol. 25. – P. 44–56. DOI: 10.1038/s41591-018-0300-7

2. Masters K. Artificial intelligence in medical education // Medical Teacher. – 2019. – Vol. 41. – №3. – P. 249–251. DOI: 10.1080/0142159X.2018.1506287

3. World Health Organization. Ethics and governance of artificial intelligence for health. – Geneva: WHO, 2021. DOI: 10.25656/01:26154

4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі. Ресми интернет-ресурс: https://www.gov.kz

5. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. – Қазақстан Республикасы Үкіметі, 2017.

ӘОЖ 378.147:614.2

Sarsenbayeva G.Zh., Sadibekova Zh.U., Tokkuliyeva B.B.,
Berdikulov A.B.
"South Kazakhstan Medical Academy" JSC, Shymkent, Kazakhstan.

INTERACTIVE TEACHING METHODS AND FORMS IN THE SPECIALTY "PUBLIC HEALTH" AT THE BACHELOR'S, MASTER'S, AND DOCTORAL LEVELS.

Annotation
6. Габбасов Р. З. Интегрирование программы Avogadro в учебный процесс Башкирского государственного медицинского университета. Материалы V Студенческой международной конференции «Современные достижения студентов в медицинской науке», 24.04.25 г./ Вестник Ташкентской медицинской академии. – Спецвыпуск, 2025 г. - С. 325-326.

7. Шагапов Р.Р. Моделирование комплекса 3-(циклогексиламинометил)тиаозоло[3,2-а]бензимидазола гидрохлорида с фосфатидилхолином: Выпускная квалификационная работа.- Уфа, 2025. -59 с.

ӘОЖ 378.147:547:004.08

Daurenbekov K.N., Alikhanova K.B., Orynbek A.G.
JSC SKMA, Shymkent

APPLICATION OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE IN MEDICAL EDUCATION: GLOBAL TRENDS AND DEVELOPMENT PROSPECTS IN KAZAKHSTAN

Annotation

Objective: *To conduct a comprehensive analysis of the role of artificial intelligence technologies in the context of digital transformation of the medical education system and to evaluate their impact on the quality of training of future medical specialists.*

Methods: *The study employed a systematic review of scientific literature, a comparative method, and the implementation of practical training technologies. In the experimental part, students' clinical reasoning abilities were assessed using a virtual patient simulation platform. The study was conducted in accordance with ethical requirements; written informed consent was obtained from all participants.*

Results: *The study results demonstrated that the use of artificial intelligence technologies significantly improves students' clinical reasoning, diagnostic accuracy, and decision-making speed. Working with virtual patients enabled learners to effectively integrate theoretical knowledge with practice. In addition, it was found that digital platforms contribute to the personalization of the educational process and the automation of education quality control.*

Conclusion: *The integration of artificial intelligence technologies into the medical education system is an effective tool for improving the quality of specialist training. However, the need to address infrastructural, methodological, and ethical issues remains.*

Keywords: *Medical Education, Digital Transformation, Artificial Intelligence, Virtual Patients, Clinical Reasoning*

Дәуренбеков Қ.Н., Алиханова Х.Б., Орынбек А.Г.
АО «ЮКМА», г.Шымкент

ПРИМЕНЕНИЕ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА В МЕДИЦИНСКОМ ОБРАЗОВАНИИ: ГЛОБАЛЬНЫЕ ТЕНДЕНЦИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация

Цель исследования: комплексный анализ роли технологий искусственного интеллекта в условиях цифровой трансформации системы медицинского образования и оценка их влияния на качество подготовки будущих специалистов медицины.

Методы: В ходе исследования применялся систематический анализ научной литературы, сравнительный метод, а также внедрение технологий практического обучения. В экспериментальной части на основе платформы моделирования виртуальных пациентов

оценивались клинические мыслительные способности студентов. Исследование проводилось в соответствии с этическими требованиями, от всех участников было получено письменное информированное согласие.

Результаты: Результаты исследования показали, что применение технологий искусственного интеллекта значительно повышает клиническое мышление студентов, диагностическую точность и скорость принятия решений. Работа с виртуальными пациентами позволила обучающимся эффективно сочетать теоретические знания с практикой. Кроме того, цифровые платформы способствуют персонализации учебного процесса и автоматизации контроля качества образования.

Выводы: Внедрение технологий искусственного интеллекта в систему медицинского образования является эффективным инструментом повышения качества подготовки специалистов. Однако сохраняется необходимость решения инфраструктурных, методических и этических проблем.

Ключевые слова: медицинское образование, цифровая трансформация, искусственный интеллект, виртуальные пациенты, клиническое мышление

Дәуренбеков Қ.Н., Алиханова Х.Б., Орынбек А.Ғ.
АҚ «ОҚМА», Шымкент қ,

МЕДИЦИНАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ҚОЛДАНУ: ЖАҺАНДЫҚ ҮРДІСТЕР ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Аңдатпа

Зерттеудің мақсаты: медициналық білім беру жүйесіндегі цифрлық трансформация жағдайында жасанды интеллект технологияларының рөлін кешенді талдау және олардың болашақ медицина мамандарын даярлау сапасына әсерін бағалау.

Әдістері: Зерттеу барысында ғылыми әдебиеттерге жүйелі талдау, салыстырмалы әдіс, сондай-ақ тәжірибелік оқыту технологияларын енгізу қолданылды. Тәжірибелік бөлімде виртуалды пациенттерді модельдеу платформасы негізінде студенттердің клиникалық ойлау қабілеттері бағаланды. Зерттеу этикалық талаптарға сәйкес жүргізілді, барлық қатысушылардан жазбаша ақпараттандырылған келісім алынды.

Нәтижесі: Зерттеу нәтижелері жасанды интеллект технологияларын қолдану студенттердің клиникалық ойлауын, диагностикалық дәлдігін және шешім қабылдау

жылдамдығын айтарлықтай арттыратынын көрсетті. Виртуалды пациенттермен жұмыс істеу білім алушылардың теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастыруға мүмкіндік берді. Цифрлық платформалар оқу үдерісін жекешелендіруге және білім сапасын бақылауды автоматтандыруға ықпал ететіні анықталды.

Қорытынды: Жасанды интеллект технологияларын медициналық білім беру жүйесіне енгізу білім беру сапасын арттырудың тиімді құралы болып табылады. Алайда, инфрақұрылымдық, әдістемелік және этикалық мәселелерді шешу қажеттілігі сақталады.

Кілт сөздер: медициналық білім беру, цифрлық трансформация, жасанды интеллект, виртуалды пациенттер, клиникалық ойлау.

Кіріспе

Қазіргі кезеңде медициналық білім беру жүйесі жаһандық цифрлық трансформация жағдайында қарқынды түрде дамып, жаңа технологиялық мүмкіндіктермен толықтырылып отыр. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, соның ішінде жасанды интеллект жүйелерінің кеңінен енгізілуі білім беру үдерісінің мазмұны мен құрылымын түбегейлі өзгертуде.[1] Бұл өзгерістер медициналық білім беруді дәстүрлі оқыту моделінен инновациялық, икемді және тұлғаға бағытталған оқыту форматына көшіруге ықпал етуде.Жасанды интеллект технологиялары оқу үдерісін жаңғыртуға, білім алушылардың жеке оқу траекториясын жекешелендіруге және олардың білімді меңгеру қарқыны мен деңгейін ескере отырып бейімделген тапсырмалар ұсынуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, виртуалды симуляциялар мен цифрлық платформалар арқылы клиникалық жағдайларды қауіпсіз әрі бақылаулы ортада модельдеу мүмкіндігі пайда болды. [2,3] Бұл өз кезегінде білім алушыларға нақты пациенттерге зиян келтірмей-ақ, әртүрлі клиникалық сценарийлерді талдауға, диагностикалық және емдік шешімдерді тәжірибе жүзінде сынап көруге жағдай жасайды.Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, жасанды интеллект негізінде құрылған білім беру құралдары мен виртуалды пациенттер білім алушылардың клиникалық ойлау қабілетін айтарлықтай арттырады. Олар диагностикалық дағдыларды жетілдіруге, клиникалық деректерді талдауға және дәлелді медициналық шешім қабылдау жылдамдығын арттыруға оң әсер етеді. Мұндай технологиялар білім алушылардың кәсіби даярлығын күшейтіп қана қоймай, олардың жауапкершілік деңгейін және сыни ойлау қабілетін де дамытады.Алайда, Қазақстан Республикасында бұл бағыттың дамуына бірқатар өзекті мәселелер кедергі келтіруде. [4] Атап айтқанда, жоғары оқу орындарындағы инфрақұрылымдық шектеулер,

заманауи цифрлық платформалардың жеткіліксіздігі, оқытушылардың цифрлық құзыреттілігінің біркелкі дамымауы және жасанды интеллект технологияларын білім беру жүйесіне енгізуді реттейтін нормативтік-құқықтық базаның толық жетілмеуі маңызды проблемалар ретінде сақталуда. Бұл жағдайлар медициналық білім беруде жасанды интеллект мүмкіндіктерін толық көлемде пайдалануға кедергі келтіреді.Осыған байланысты зерттеудің мақсаты – жасанды интеллект технологияларының медициналық білім беру жүйесіндегі рөлін кешенді түрде талдау және олардың болашақ медицина мамандарын даярлау сапасына, соның ішінде білім алушылардың кәсіби құзыреттілігіне, клиникалық ойлау қабілетіне және практикалық дағдыларының қалыптасуына әсерін жан-жақты бағалау болып табылады. [5]

Материалдар мен әдістер

Жүйелі ғылыми әдебиеттерге шолу жасау және салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Бұл тәсілдер тақырып бойынша қолданыстағы ғылыми деректерді жан-жақты сараптауға, әртүрлі авторлардың тұжырымдарын салыстыруға және жасанды интеллект технологияларының медициналық білім беру жүйесіндегі тиімділігін объективті бағалауға мүмкіндік берді. Жүйелі шолу арқылы зерттеу мәселесінің теориялық негіздері айқындалып, халықаралық тәжірибелер мен заманауи ғылыми көзқарастар талданды. Тәжірибелік бөлімге медициналық бағыттағы білім алушылар қатысты. Бұл топ жасанды интеллект негізінде оқыту технологияларын қолданудың тиімділігін бағалау үшін іріктелді. Оқу үдерісі виртуалды пациенттерді модельдеу платформасы негізінде ұйымдастырылды. Аталған платформа білім алушыларға нақты клиникалық жағдайларға ұқсас сценарийлермен жұмыс істеуге, диагноз қою және емдеу тактикасын қауіпсіз цифрлық ортада тәжірибеден өткізуге мүмкіндік берді.Бағалау барысында негізгі көрсеткіштер кешенді түрде қарастырылды. Олардың қатарына клиникалық ойлау деңгейі, диагностикалық дәлдік, клиникалық шешім қабылдау жылдамдығы және командалық жұмыс дағдылары енгізілді. Бұл көрсеткіштер жасанды интеллект технологияларының оқу үдерісіне ықпалын анықтауға және білім алушылардың кәсіби құзыреттілігінің даму деңгейін бағалауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, жұмыс халықаралық этикалық талаптарға сәйкес, Хельсинки декларациясының принциптерін қатаң сақтай отырып жүргізілді. Барлық қатысушыларға зерттеудің мақсаты мен мазмұны толық түсіндіріліп, олардың ерікті түрде қатысуы қамтамасыз етілді. Әрбір білім алушыдан жазбаша ақпараттандырылған келісім алынып, олардың құқықтары мен құпиялылығы толық қорғалды.

Нәтижелер және талқылау

Зерттеу нәтижелері жасанды интеллект технологияларын қолдану білім алушылардың клиникалық ойлау қабілетін, диагностикалық дәлдігін және шешім қабылдау жылдамдығын айтарлықтай арттырғанын көрсетті. Виртуалды пациенттермен жұмыс істеу теориялық білімді практикалық дағдылармен ұштастыруға мүмкіндік берді. Зерттеу жұмыстарына ВМ-МҚБ-06-23 тобының 12 білім алушысы алынды. Эксперименттік топқа ВМ-МҚБ-05-23 тобының 15 білім алушысы алынды. Цифрлық платформалар оқу үдерісін жекешелендіруге және білім сапасын бақылауды автоматтандыруға ықпал етті. Білім алушылардың осы платформаны қолдануы арқылы білім нәтижесі жоғарлағаның 1-суреттен көре аламыз. Нәтижесінде бақылау тобында 12 %-ға орташа балл өсімі, эксперименттік топта 15 %-ға орташа балл өсімі байқалады.



Сурет 1 – Орташа балл өсімі

Виртуалды пациенттер білім алушыларға қауіпсіз ортада клиникалық дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Қазақстанда цифрлық трансформацияны енгізу барысында инфрақұрылымның жеткіліксіздігі, цифрлық ресурстардың шектеулілігі және оқытушылардың жаңа технологияларға бейімделу қажеттілігі сияқты қиындықтар байқалады.

Қорытынды

Жасанды интеллект технологияларын медициналық білім беру жүйесіне енгізу қазіргі заманғы білім сапасын арттырудың ең тиімді және перспективалы бағыттарының бірі болып табылады. Бұл технологиялар оқу үдерісін түбегейлі жаңғыртып, білім алушылардың теориялық білімді меңгеруін ғана емес, сонымен қатар оны практикалық жағдайда қолдану қабілетін де айтарлықтай күшейтеді.

Цифрлық шешімдер, соның ішінде жасанды интеллектке негізделген платформалар білім беру үдерісін жекешелендіруге мүмкіндік береді. Яғни, әрбір білім алушының білімді меңгеру деңгейі, оқу қарқыны және жеке қабілеттері ескеріле отырып, бейімделген оқу траекториясы қалыптастырылады. Бұл тәсіл білім алушылардың мотивациясын арттырып қана қоймай, олардың оқу нәтижелерінің тұрақты әрі жоғары деңгейде болуына ықпал етеді.

Сонымен қатар, жасанды интеллект технологиялары клиникалық ойлау қабілетін дамытуда ерекше рөл атқарады. Виртуалды пациенттермен жұмыс істеу, клиникалық сценарийлерді модельдеу және диагностикалық шешімдерді автоматтандырылған жүйелер арқылы талдау білім алушыларға қауіпсіз ортада тәжірибе жинақтауға мүмкіндік береді. Мұндай әдістер олардың сыни ойлауын, аналитикалық қабілетін және нақты клиникалық жағдайларда дұрыс шешім қабылдау дағдыларын жетілдіреді.

Бұдан бөлек, жасанды интеллект негізіндегі оқыту жүйелері медициналық білім берудің сапасын арттырып, оқу үдерісін заманауи талаптарға сәйкестендіреді. Бұл технологиялар білім беру мазмұнын жаңартып, оны практикалық медицинамен тығыз байланыстырады және білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін кешенді түрде қалыптастыруға жағдай жасайды.

Дегенмен, медициналық білім беруді одан әрі дамыту және жасанды интеллект технологияларын толыққанды енгізу үшін бірқатар маңызды мәселелерді шешу қажет. Атап айтқанда, жоғары оқу орындарында цифрлық инфрақұрылымды жетілдіру, заманауи симуляциялық және виртуалды платформаларды кеңінен енгізу, интернет ресурстарының қолжетімділігін арттыру маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Сонымен қатар, оқытушылардың цифрлық және технологиялық біліктілігін жүйелі түрде арттыру қажет. Бұл олардың жасанды интеллект құралдарын тиімді пайдалануына, оқу үдерісіне инновациялық әдістерді енгізуіне және білім алушылармен жұмыс сапасын жақсартуына мүмкіндік береді.

Одан бөлек, нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру де ерекше мәнге ие. Жасанды интеллект технологияларын білім беру жүйесіне енгізуді реттейтін нақты стандарттар мен ережелердің болуы оқу үдерісінің қауіпсіздігін, сапасын және тиімділігін қамтамасыз етеді.

Осылайша, жасанды интеллект технологияларын медициналық білім беру жүйесіне енгізу болашақ медицина мамандарының кәсіби даярлығын арттырып қана қоймай, жалпы білім беру сапасын жаңа деңгейге көтеретін стратегиялық маңызды бағыт болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1.Dzhaulybayeva E., Mukhamedzhanova A., Sultanova Z. Digital transformation of medical education // Eurasian Science Review. – 2026. – Vol. 5. – No. 1. – P. 14–19. https://doi.org/10.63034/esr-610

2.Komasawa N. et al. Generative artificial intelligence in medical education // Advances in Health Sciences Education. – 2025. https://doi.org/10.1007/s10459-025-10234

3.Body Interact. Virtual Patients Simulator [Internet]. 2025. Available from: https://www.bodyinteract.com

4.Ministry of Health of the Republic of Kazakhstan. eDensaulyq platform. 2025. https://www.gov.kz/

5.President of the Republic of Kazakhstan. Digital Kazakhstan Program. 2026. https://www.akorda.kz/

УДК 378.147:61

M.B. Ivanova[1], M.U. Anartaeva[2]
South Kazakhstan Medical Academy, Shymkent, Kazakhstan

PROJECT-BASED LEARNING IN MEDICAL EDUCATION: IMPLEMENTATION EXPERIENCE, TOOLS, AND MODELS

Annotation

The article presents the experience of implementing project-based learning at South Kazakhstan Medical Academy. The relevance of the study is determined by the need to develop research competencies and digital skills among future physicians in the context of the digital transformation of healthcare. Based on annual monitoring data for the period from 2022 to 2026, the dynamics of project activity growth is demonstrated: the number of projects increased from 17 to 60, and the number of departments implementing the project-based approach increased from 17 to 25, which accounts for 68 percent.

A detailed description is provided of the model for implementing project-based learning in the biostatistics course at the Department of Medical Biophysics and Information Technologies. The model includes a nine-day cycle and involves the use of the Trello platform and artificial intelligence tools such as ChatGPT, Consensus, Canva AI, and others. According to the results of the

implementation of 20 projects with the participation of 186 students, 86 percent of respondents reported an improved understanding of the practical significance of biostatistics.

The study also identifies educational programs and departments not yet involved in project-based learning, which indicates potential for further expansion. The presented experience may be useful for teachers of medical universities who are implementing modern educational technologies.

Keywords: *project-based learning, medical education, biostatistics, artificial intelligence, Trello.*

М.Б. Иванова[1], М.Ұ. Анартаева[2]

Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Шымкент қ., Қазақстан

МЕДИЦИНАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖОБАЛЫҚ-БАҒДАРЛАНҒАН ОҚЫТУ: ЕНГІЗУ ТӘЖІРИБЕСІ, ҚҰРАЛДАР ЖӘНЕ МОДЕЛЬДЕР

Аңдатпа

Мақалада Оңтүстік Қазақстан медицина академиясында жобалық-бағдарланған оқытуды енгізу тәжірибесі ұсынылған. Зерттеудің өзектілігі денсаулық сақтау жүйесінің цифрлық трансформациясы жағдайында болашақ дәрігерлерде зерттеушілік құзыреттер мен цифрлық дағдыларды қалыптастыру қажеттілігімен негізделеді. 2022–2026 жылдар аралығындағы жыл сайынғы мониторинг деректері негізінде жобалық белсенділіктің өсу динамикасы көрсетілген: жобалар саны 17-ден 60-қа дейін артқан, ал жобалық тәсілді жүзеге асыратын кафедралар саны 17-ден 25-ке дейін өсіп, бұл жалпы санның 68 пайызын құрайды.

Медициналық биофизика және ақпараттық технологиялар кафедрасында биостатистика пәні бойынша жобалық оқытуды іске асыру моделі жан-жақты сипатталған. Модель Trello платформасын және ChatGPT, Consensus, Canva AI және басқа да жасанды интеллект құралдарын қолдана отырып, 9 күндік циклді қамтиды. 186 студенттің қатысуымен жүзеге асырылған 20 жоба нәтижелері бойынша респонденттердің 86 пайызы биостатистиканың практикалық мәнін түсіну деңгейінің артқанын атап өткен.

Зерттеу барысында жобалық оқытумен қамтылмаған білім беру бағдарламалары мен кафедралар анықталып, бұл алдағы уақытта жобалық қызметті кеңейту мүмкіндіктерін

көрсетеді. Ұсынылған тәжірибе заманауи білім беру технологияларын енгізіп жатқан медициналық жоғары оқу орындарының оқытушылары үшін пайдалы болуы мүмкін.

Түйінді сөздер: жобалық-бағдарлы оқыту, медициналық білім беру, биостатистика, жасанды интеллект, Trello.

М.Б. Иванова[1] , М.У. Анартаева[2]

, Южно-Казахстанская медицинская академия, г. Шымкент, Казахстан

ПРОЕКТНО-ОРИЕНТИРОВАННОЕ ОБУЧЕНИЕ В МЕДИЦИНСКОМ ОБРАЗОВАНИИ: ОПЫТ ВНЕДРЕНИЯ, ИНСТРУМЕНТЫ, МОДЕЛИ

Аннотация

В статье представлен опыт внедрения проектно-ориентированного обучения в Южно-Казахстанской медицинской академии. Актуальность исследования обусловлена необходимостью формирования у будущих врачей исследовательских компетенций и цифровых навыков в условиях цифровой трансформации здравоохранения. На основе данных ежегодного мониторинга за 2022–2026 годы показана динамика роста проектной активности: количество проектов увеличилось с 17 до 60, число кафедр, реализующих проектный подход, выросло с 17 до 25 (68%). Подробно описана модель реализации проектного обучения в курсе биостатистики на кафедре медицинской биофизики и информационных технологий, включающая 9-дневный цикл с использованием платформы Trello и инструментов искусственного интеллекта (ChatGPT, Consensus, Canva AI и др.). По результатам апробации 20 проектов с участием 186 студентов 86% респондентов отметили повышение понимания практического смысла биостатистики. Выявлены неохваченные образовательные программы и кафедры, определяющие резервы для дальнейшего масштабирования. Представленный опыт может быть полезен преподавателям медицинских университетов, внедряющим современные образовательные технологии.

Ключевые слова: проектно-ориентированное обучение, медицинское образование, биостатистика, искусственный интеллект, Trello.

Введение

Проектно-ориентированное обучение (ПОО, Project-Based Learning) имеет более чем вековую историю педагогического осмысления. От идей Дж. Дьюи об “обучение через делание” и классической работы У.Х. Килпатрика “Метод проектов” (1918 г.) до современных моделей, интегрированных в медицинское образование [1, 2]. В медицине проектный подход приобретает особое значение, так как формирует исследовательские компетенции, необходимые для доказательной практики: умение формулировать гипотезы, работать с данными, интерпретировать результаты статистического анализа [3].

Исследования последних лет подтверждают эффективность ПОО в медицинском образовании. В работе К.С. Лутца и соавторов (2025 г.) показано, что замена традиционного экзамена проектным заданием в курсе биостатистики привела к значимому повышению успеваемости обучающихся (Me=94,0 против 91,1; p=0,01) и удовлетворенности обучением [3]. Метаанализ 66 исследований, охватывающий период до 2023 года, выявил, что ПОО значительно улучшает академические достижения и мыслительные навыки обучающихся [4]. В исследовании, проведенном в Карагандинском медицинском университете, средняя оценка за проектные работы у обучающихся с русским и казахским языком обучения составила 88,58±5,03 балла, в то время как с английским языком обучения – 80,24±7,79 что свидетельствует о высоком уровне усвоения материала [5].

Актуальность данного исследования обусловлена необходимостью системного анализа внедрения ПОО в масштабах медицинского университета и потребностью в описании воспроизводимых моделей проектной деятельности, адаптированных к условиям циклового преподавания биостатистики.

Цель настоящей работы – представить анализ динамики внедрения проектно-ориентированного обучения в Южно-Казахстанской медицинской академии (ЮКМА) и описать модель реализации ПОО в курсе биостатистики на кафедре медицинской биофизики и информационных технологий.

Материалы и методы

Дизайн исследования. Исследование осуществлялось по двум направлениям:

1) анализ ежегодных опросов и мониторинга, проводимых учебно-методическим центром ЮКМА среди заведующих кафедрами и преподавателей, реализующих ПОО за период 2022-2026 гг.;

2) описание и анализ опыта реализации проектного обучения в курсе биостатистики на кафедре медицинской биофизики и информационных технологий в 2023-2026 гг..

Участниками кафедрального этапа стали обучающиеся 2-3 курса клинических образовательных программ “Медицина” и “Стоматология” (n=186).

Инструментарий кафедральной модели. При реализации проектной работы применялись:

– цифровой инструмент для управления проектамиTrello;

– генеративные модели искусственного интеллекта (ИИ) (ChatGPT, Gemini, DeepSeek, Claude);

– облачные сервисы (Google Sheets, Google Forms);

– специализированные сервисы для поиска научной литературы (Consensus, Elicit);

– инструменты статистического анализа (STATISTICA 12, SPSS 25.0, Jupyter AI);

– инструменты визуализации (Canva AI, Kandinsky, Pictochart).

Инфраструктурная поддержка. Реализация проектов осуществлялась при участии отдела цифровой поддержки образования (консультации по Trello), библиотечно-информационного центра (обучение работе с электронными базами данных Scopus, PubMed), офиса управления проектами и коммерциализации (мастер-классы по командной работе и презентации результатов).

Статистический анализ. Данные обработаны методами описательной статистики.

Результаты

Анализ данных ежегодного мониторинга за 2022-2026 гг. выявил устойчивый рост числа проектных работ в ЮКМА: с 17 до 60 проектов (увеличение более чем в 3,5 раза) (рисунок 1), что свидетельствует о системном характере внедрения проектного подхода.



Рисунок – 1. Динамика количества проектных работ в ЮКМА

Динамика числа кафедр, реализующих проектно-ориентированное обучение за период 2022-2026 гг. также является положительной, с 17 кафедр в 2022 г. до 25 кафедр – в 2025 г. (рисунок 2).



Рисунок - 2. Динамика числа кафедр, реализующих ПОО

В 2025-2026 учебном году проектная деятельность осуществляется на 25 кафедрах академии, что составляет 68% от общего числа кафедр (рисунок 3).

Рисунок - 3. Соотношение кафедр, реализующих и не реализующих ПОО в 2025-2026 уч. г.

На рисунке 4 представлено распределение кафедр, реализующих ПОО, по факультетам в 2024-2025 и 2025-2026 учебных годах. На факультете Медицина количество кафедр сохранилось на уровне 10. На факультете Фармация отмечен спад с 7 до 8 кафедр. В интернатуре число кафедр, внедряющих ПОО, увеличилось с 3 до 9.



Рисунок - 4. Динамика вовлеченности кафедр в разрезе факультетов

Анализ распределения проектных работ по образовательным программам в 2025-2026 учебном году (Рис. 5) показал неравномерность охвата различных направлений подготовки.

По уровню бакалавриата наибольшее количество проектов реализуется по образовательной программе “Медицина” – 22 проекта. Далее следуют “Стоматология” – 9

проектов, “Фармация” – 4 проекта, “Технология фармацевтического производства” (ТФП) – 3 проекта, “Общественное здравоохранение” (ОЗ) – 2 проекта и “Сестринское дело” – 1 проект (рисунок 5, a).

В интернатуре проектная деятельность сосредоточена преимущественно на программе “Общая медицина” – 18 проектов, тогда как на программе “Педиатрия” реализуется только 1 проект (рисунок 5, b).



a) Бакалавриат



b) Интернатура

Рисунок - 5. Распределение проектных работ по образовательным программам и уровням подготовки в 2025-2026 уч. г.

Важно отметить, что образовательные программы “Медико-профилактическое дело” и “Педиатрия” на уровне бакалавриата в текущем учебном году не охвачены проектной деятельностью, что определяет резерв для дальнейшего масштабирования.

К проектной работе также привлечены докторанты кафедры организации и управления фармацевтическим делом и резиденты образовательных программ “Хирургия” и “Онкология”, что свидетельствует о преемственности проектного подхода на всех уровнях подготовки. .

Модель реализации ПОО на кафедре медицинской биофизики и информационных технологий.

На кафедре разработана 9-дневная модель проекта, синхронизированная с учебным циклом по биостатистике (Таблица 1). Выбор 9-дневной структуры обусловлен

продолжительностью цикла, позволяющей пройти полный исследовательский путь: от формулировки идей до публичной защиты.

Таблица 1. Структура 9-дневного проектного цикла

День	Содержание этапа	Инструменты
1	Формирование проектных групп, распределение ролей, создание рабочего пространства в Trello	Trello, матрица ответственности
2	Целеполагание и планирование: формулировка темы, целей, задач, построение диаграммы Ганта	ChatGPT/Gemini/DeepSeek/Claude Google Sheets (шаблон диаграммы Ганта)
3	Поиск и анализ литературы: работа с электронными базами данных (PubMed, Scopus) и ИИ-инструментами для поиска и систематизации научных статей	Consensus, Elicit, библиотечный фонд
4	Разработка опросника: создание структуры, формулировка вопросов, генерация ссылок. Запуск онлайн-опроса. Сбор данных, мониторинг количества ответов	ChatGPT/Gemini/DeepSeek/Claude Google Forms Google Forms, мессенджеры WhatsApp, Telegram
5-7	Статистический анализ данных, проверка гипотез, визуализация результатов	STATISTICA 12, SPSS 25.0, Jupyter AI
8	Подготовка презентации и буклета: создание инфографики, генерация изображений	Canva AI, Kandinsky, Pictochart
9	Публичная защита проекта, ответы на вопросы, рефлексия	Презентация, буклет, оценочные листы

Ключевой методической особенностью проектной работы является использование доски Trello с колонками, соответствующими дням цикла (рисунок 6). Преподаватель является наблюдателем и фиксирует выполнение задач. Это обеспечивает прозрачность процесса и возможность оперативного контроля.



Рисунок - 6. Пример доски Trello для управления проектами в курсе биостатистики

Роль инструментов искусственного интеллекта дифференцирована по этапам. Принципиальным методическим требованием является критическая оценка и доработка полученных с помощью ИИ результатов. Обучающие не копируют ответы, а обсуждают их в группе, корректируют и только после этого фиксируют их в проектной документации.

За период 2022-2026 гг. на кафедре было реализовано 20 проектов с участием 186 обучающихся. Созданы оригинальные датасеты по темам, связанным с оценкой факторов риска, образа жизни и информированности различных групп населения. В каждом проекте применялось от 4 до 7 статистических методов.

По данным анкетирования (n=156), 86% обучающихся отметили, что проектная работа способствовала пониманию практического смысла биостатистики; 94% использовали генеративные модели на этапе целеполагания и планирования; 82% - инструменты ИИ для поиска литературы; 88% - инструменты ИИ для визуализации результатов.

Обсуждение

Представленные результаты позволяют обсудить несколько ключевых аспектов внедрения проектно-ориентированного обучения в медицинском университете.

Роль ежегодного мониторинга. Проведение систематического опроса кафедр, доклад результатов опроса на Методическом совете, размещение программ проектов в открытом доступе (“Банк учебных проектов” на сайте ЮКМА) выполняют несколько функций. Во-

первых, это инструмент управленческого учета, позволяющий отслеживать динамику и выявлять проблемные зоны. Во-вторых, это механизм распространения успешного опыта – кафедры могут знакомиться с проектами коллег, заимствовать эффективные практики. В-третьих, это элемент академической прозрачности, соответствующий современным требованиям к организации образовательного процесса.

Общеакадемический уровень. Положительная динамика числа кафедр, реализующих ПОО, и проектов отражает институциональную приверженность обновлению образовательных технологий. Сравнение с данными других медицинских университетов показывает, что АО “ЮКМА” находится в русле общемировых тенденций. В Карагандинском медицинском университете проектный подход также демонстрирует высокую эффективность [5]. Исследование, проведенное в медицинском университете Таиланда с участием 179 студентов, показало, что группа, обучавшаяся по проектной методике, имела значимо более высокую успеваемость (средний балл 82,5 против 66,5; $p<0,01$) и оригинальность работ (4,17% совпадений против 12,62%) по совпадению с контрольной группой [4].

Выявленные в ходе мониторинга неохваченные образовательные программы определяют направление для дальнейшего масштабирования.

Кафедральный уровень. Разработанная 9-дневная модель демонстрирует воспроизводимость в условиях циклового обучения. Ключевыми элементами, обеспечивающими результат, являются: четкая временная структура, управление задачами в Trello, дифференцированное применение инструментов ИИ и межведомственное взаимодействие.

Роль искусственного интеллекта в проектной деятельности требует отдельного обсуждения. В представленной модели ИИ выступает не как “решатель задач”, а как инструмент, расширяющий возможности обучающихся. Это соответствует выводам Лутца и соавторов о том. Что интеграция современных технологий в проектное обучение повышает уверенность обучающихся в применении статистических методов и интерпретации данных [3].

Ограничения исследования. К ограничениям относятся: непродолжительный период наблюдения; отсутствие данных об отдельных эффектах проектного обучения; невозможность полностью стандартизировать оценку проектов из-за разнообразия тем.

Выводы

Проведенное исследование позволяет сделать следующие выводы:

1. Ежегодный мониторинг, охватывающий все кафедры ЮКМА, выявил устойчивую положительную динамику внедрения проектно-ориентированного обучения: число кафедр, реализующих ПОО, выросло в 1,5 раза за три года, количество проектов увеличилось с 17 до 60. Результаты мониторинга ежегодно докладываются на Методическом совете, а программы проектов публикуются в открытом доступе на сайте АО “ЮКМА” в разделе “Банк учебных проектов”.

2. Выявлены резервы для дальнейшего масштабирования: образовательные программы “Медико-профилактическое дело”, “Педиатрия” (бакалавриат) в настоящее время не охвачены проектной деятельность, также 12 кафедр академии еще не внедрили данную методику в образовательный процесс.

3. Разработанная на кафедре медицинской биофизики и информационных технологий 9-дневная модель проектного обучения в курсе биостатистики показала свою состоятельность. Интеграция платформы Trello, инструментов искусственного интеллекта и межведомственного взаимодействия позволяет реализовать полный исследовательский цикл в условиях циклового обучения.

Перспективы дальнейшей работы связаны с вовлечением неохваченных образовательных программ, кафедр, развитием межкафедральных интегрированных проектов и включением элементов коммерциализации результатов.

Список литературы

1. Kilpatrick W.H. The Project Method. Teachers College Record. https://education-uk.org/documents/kilpatrick1918/index.html

2. Lorraine A. Jacques. What does Project-based Learning (PBL) Look like in the Mathematics Classroom? American Journal of Educational Research. 2017, 5(4), 428-433. DOI:10.12691/education-5-4-11

3. Lutz K.C., Williams M.J., Chen X. From Exams to Engagement: Evaluating Project-Based Learning in Introductory Biostatistics With R for Public Health Students. Journal of Medical Education and Curricular Development. 2025. DOI: 10.1177/23821205251376539

4. Lu Zhang, Yan Ma. A study of the impact of project-based learning on student learning effects: a meta-analysis study. Front Psychol. 2023 Jul 17;14:1202728. DOI: 10.3389/fpsyg.2023.1202728

5. Ахметова А.К., Нургалиева Р.Е., Смаилова Ж.К. Проект-ориентированное обучение в школе общественного здоровья и биомедицины. Science & Healthcare. 2024;26(1):84-90. DOI:10.34689/SH.2022.24.5.017

6. Kokotsaki D., Menzies V., Wiggins A. Project-based learning: A review of the literature. Improving Schools. 2016;19(3):267-277. https://doi.org/10.1177/1365480216659733

7. Barron B.J., Schwartz D.L., Vye N.J. Doing with understanding: Lessons from research on problem- and project-based learning. Journal of the Learning Sciences. 1998; 7(3-4): 271-311. https://doi.org/10.1080/10508406.1998.9672056

8. Bell S. Project-Based Learning for the 21st Century: Skills for the Future. The Clearing House. 2010; 83(2): 39-43. DOI:10.1080/00098650903505415

9. Grant M.M. Getting a Grip on Project-Based Learning: Theory, Cases and Recommendations. Meridian: A Middle School Computer Technologies Journal. 2002;5(1): 1-17. DOI: 10.4236/ce.2013.41009

10. Blumenfeld P.C., Soloway E., Marx R.W. Motivating Project-Based Learning: Sustaining the Doing, Supporting the Learning. Educational Psychologist. 1991; 26(3-4): 369-398. https://doi.org/10.1080/00461520.1991.9653139

УДК 378.147:004.8

Султанова Т.Ж., Бақтыбаев Ш.С., Копжасаров Н.Б., Шакбаев С.Б., Хадиметов О.Т.

НУО «Казахстанско-Российский медицинский университет»

МЕДИЦИНАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР КОНТЕКСТІНДЕГІ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ ӨЛШЕНЕТІН МҮМКІНДІКТЕРІ

Кіріспе. Жоғары медициналық білім беру жүйесінің цифрлық трансформациясы инновациялық білім беру технологияларын белсенді енгізумен қатар жүруде. Жасанды интеллект (ЖИ) білім беру траекторияларын жекелендіру, білімді бағалауды автоматтандыру және клиникалық ойлауды қалыптастыру арқылы оқыту тиімділігін арттыруға қабілетті негізгі құралдардың бірі ретінде қарастырылады. Алайда білім беру үдерісінде ЖИ қолданудың сандық тұрғыдан өлшенетін әсерін бағалау мәселелері әлі де жеткілікті деңгейде зерттелмеген.

Зерттеудің мақсаты. Медициналық білім берудегі инновациялық технологияларда жасанды интеллекттің өлшенетін әлеуетін оның оқу нәтижелері мен білім алушылардың оқу үдерісіне тартылуына әсерін талдау негізінде бағалау.

Әдістер. Медициналық бейіндегі білім алушылардың қатысуымен педагогикалық зерттеу жүргізілді. Оқу үдерісіне бейімделген оқу модульдері, интеллектуалды тестілеу жүйелері және цифрлық клиникалық сценарийлерді қамтитын жасанды интеллектке негізделген оқыту элементтері енгізілді. Тиімділікті бағалау академиялық үлгерім көрсеткіштерін, қорытынды тестілеу нәтижелерін, өзіндік жұмыс деңгейін және білім алушыларға жүргізілген сауалнама деректерін салыстырмалы талдау арқылы жүзеге асырылды. Мәліметтерді статистикалық өңдеу сипаттамалық және аналитикалық әдістерді қолдану арқылы жүргізілді.

Нәтижелер. Жасанды интеллектке негізделген білім беру технологияларын қолдану оқу материалын меңгеру көрсеткіштерінің сенімді артуымен, қорытынды үлгерімнің орташа деңгейінің жоғарылауымен және білім алушылардың оқу үдерісіне белсенді қатысуының күшеюімен сипатталды. Клиникалық тапсырмаларды шешу барысында жиі кездесетін қателер санының азаюы және сыни ойлау деңгейінің жоғарылауы анықталды. Білім алушылар ЖИ құралдарының бейімделгіштігі мен интерактивтілігін оң бағалады.

Қорытындылар. Жасанды интеллект медициналық білім беру жүйесінде жоғары өлшенетін әлеуетке ие және болашақ мамандарды даярлау сапасын арттыруға ықпал етеді. ЖИ-бағытталған білім беру технологияларын енгізу оқу үдерісін оңтайландыруға, оқытудың жекелендірілген тәсілін қамтамасыз етуге және білім беру нәтижелерін жақсартуға мүмкіндік береді. Алынған нәтижелер медициналық білім беруде жасанды интеллект шешімдерін одан әрі дамыту мен ауқымын кеңейтудің орындылығын дәлелдейді.

Түйін сөздер: жасанды интеллект, медициналық білім беру, инновациялық білім беру технологиялары, цифрлық трансформация, адаптивті оқыту, білім беру нәтижелілігі, оқу процесін оңтайландыру, студенттердің оқу белсенділігі, персонализацияланған оқыту, клиникалық ойлауды қалыптастыру.

ИЗМЕРЯЕМЫЙ ПОТЕНЦИАЛ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА В КОНТЕКСТЕ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ МЕДИЦИНСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Введение. Цифровая трансформация системы высшего медицинского образования сопровождается активным внедрением инновационных образовательных технологий. Искусственный интеллект (ИИ) рассматривается как один из ключевых инструментов, способных повысить эффективность обучения за счёт персонализации образовательных траекторий, автоматизации оценки знаний и формирования клинического мышления. Однако вопросы количественной оценки измеримого влияния применения ИИ в образовательном процессе остаются недостаточно изученными.

Цель исследования. Оценить измеримый потенциал искусственного интеллекта в инновационных технологиях медицинского образования на основе анализа его влияния на учебные результаты и вовлечённость обучающихся в образовательный процесс.

Методы. Проведено педагогическое исследование с участием обучающихся медицинского профиля. В учебный процесс были внедрены элементы обучения на основе искусственного интеллекта, включая адаптивные учебные модули, интеллектуальные системы тестирования и цифровые клинические сценарии. Эффективность оценивалась посредством сравнительного анализа показателей академической успеваемости, результатов итогового тестирования, уровня самостоятельной работы и данных анкетирования обучающихся. Статистическая обработка данных осуществлялась с использованием описательных и аналитических методов.

Результаты. Применение образовательных технологий на основе искусственного интеллекта сопровождалось достоверным повышением показателей усвоения учебного материала, увеличением среднего уровня итоговой успеваемости и усилением активного участия обучающихся в образовательном процессе. Отмечено снижение количества ошибок при решении клинических задач и повышение уровня критического мышления. Обучающиеся положительно оценили адаптивность и интерактивность инструментов ИИ.

Выводы. Искусственный интеллект обладает высоким измеримым потенциалом в системе медицинского образования и способствует повышению качества подготовки будущих специалистов. Внедрение ИИ-ориентированных образовательных технологий позволяет оптимизировать учебный процесс, обеспечить персонализированный подход к обучению и улучшить образовательные результаты. Полученные данные подтверждают целесообразность дальнейшего развития и расширения применения решений на основе искусственного интеллекта в медицинском образовании.

Ключевые слова: искусственный интеллект, медицинское образование, инновационные образовательные технологии, цифровая трансформация, адаптивное обучение, эффективность образования, оптимизация учебного процесса, учебная активность студентов, персонализированное обучение, формирование клинического мышления.

MEASURABLE POTENTIAL OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE IN THE CONTEXT OF INNOVATIVE TECHNOLOGIES IN MEDICAL EDUCATION

Introduction. The digital transformation of higher medical education is accompanied by the active implementation of innovative educational technologies. Artificial intelligence (AI) is considered one of the key tools capable of enhancing learning effectiveness through the personalization of educational trajectories, automation of knowledge assessment, and development of clinical reasoning skills. However, the quantitative evaluation of the measurable impact of AI implementation in the educational process remains insufficiently explored.

Aim of the study. To assess the measurable potential of artificial intelligence in innovative medical education technologies by analyzing its impact on learning outcomes and student engagement in the educational process.

Methods. A pedagogical study was conducted involving medical students. AI-based educational elements were integrated into the learning process, including adaptive learning modules, intelligent testing systems, and digital clinical scenarios. Effectiveness was evaluated through comparative analysis of academic performance indicators, final test results, levels of independent study, and survey data collected from students. Statistical processing was performed using descriptive and analytical methods.

Results. The implementation of AI-based educational technologies was associated with a statistically significant improvement in knowledge acquisition indicators, an increase in average final academic performance, and enhanced student engagement in the learning process. A reduction in common errors during clinical problem-solving tasks and an improvement in critical thinking skills were observed. Students positively evaluated the adaptability and interactivity of AI tools.

Conclusions. Artificial intelligence demonstrates high measurable potential within medical education and contributes to improving the quality of training of future healthcare professionals. The integration of AI-oriented educational technologies optimizes the learning process, ensures personalized instruction, and enhances educational outcomes. The findings support the feasibility of further development and broader implementation of AI-based solutions in medical education.

Keywords: artificial intelligence, medical education, innovative educational technologies, digital transformation, adaptive learning, educational effectiveness, learning process optimization, student engagement, personalized learning, clinical reasoning development.

Кіріспе. Жасанды интеллект (ЖИ) қазіргі медициналық білім беру жүйесінде стратегиялық маңызы бар цифрлық құралдардың біріне айналып отыр. Денсаулық сақтау саласының күрделенуі, клиникалық деректер көлемінің артуы және дәлелді медицина талаптарының күшеюі болашақ дәрігерлердің тек теориялық білімін ғана емес, сонымен қатар клиникалық ойлау, талдау және шешім қабылдау қабілеттерін жүйелі түрде дамыту қажеттілігін туындатады. Осы тұрғыда ЖИ білім беру мазмұнын бейімдеу, оқу траекториясын жекелендіру және нәтижелерді сандық тұрғыдан бағалау мүмкіндігін береді [9].

Медициналық білім беру дәстүрлі түрде лекциялық форматқа, клиникалық тәжірибеге және оқытушы жетекшілігіндегі талқылауға негізделген. Алайда цифрлық трансформация бұл модельді өзгертіп, деректерге негізделген, интерактивті және бейімделгіш оқыту ортасын қалыптастыруға мүмкіндік берді. ЖИ негізіндегі жүйелер білім алушылардың оқу әрекеттерін талдау арқылы олардың білім деңгейін нақты анықтауға және оқу контентін автоматты түрде бейімдеуге жағдай жасайды [10].

Адаптивті оқыту және дербестендірілген білім беру. Адаптивті оқыту – ЖИ-дің медициналық білім берудегі негізгі бағыттарының бірі. Мұндай жүйелер алгоритмдік талдау негізінде білім алушының жауап беру үлгісін, оқу қарқынын және қателік типтерін анықтайды. Нәтижесінде оқу материалы жеке ерекшеліктерге сәйкес ұсынылады [11]. Бұл тәсіл әсіресе клиникалық пәндерде маңызды, себебі әрбір білім алушының диагностикалық ойлау деңгейі әртүрлі қалыптасады. Адаптивті модельдер білім алушының әлсіз тұстарын айқындап, қосымша клиникалық сценарийлер немесе түсіндірмелер ұсыну арқылы білімдегі олқылықтарды жүйелі түрде жояды. Сонымен қатар мұндай жүйелер білім алушының прогресін динамикалық түрде бақылауға мүмкіндік береді. Бұл медициналық білім беруде құзыреттілікке негізделген модельді (competency-based education) жүзеге асыруға ықпал етеді.

Виртуалды пациенттер және клиникалық симуляция. Жасанды интеллект негізіндегі виртуалды пациенттер медициналық білім берудің маңызды компонентіне айналды. Виртуалды пациенттер нақты клиникалық жағдайларды модельдеп, білім алушыларға диагностикалық гипотезалар құруға және емдік шешім қабылдауға мүмкіндік береді [12]. Бұл

технология клиникалық ойлау алгоритмдерін қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. Симуляциялық оқыту қателіктерден қауіпсіз түрде үйренуге мүмкіндік береді. Нақты клиникалық тәжірибеде қате шешім пациент өміріне қауіп төндіруі мүмкін болса, виртуалды ортада білім алушы өз қателігін талдап, түзету мүмкіндігіне ие болады [13]. Сонымен қатар виртуалды симуляциялар көпсатылы клиникалық жағдайларды, сирек кездесетін патологияларды және шұғыл жағдайларды модельдеуге мүмкіндік береді.

Бағалау жүйелерін автоматтандыру. Медициналық білім беруде объективті бағалау мәселесі әрқашан өзекті болып келеді. ЖИ негізіндегі бағалау жүйелері білім алушылардың тест нәтижелерін, клиникалық шешім қабылдау алгоритмдерін және практикалық дағдыларын кешенді түрде талдауға мүмкіндік береді [14]. Бұл субъективті бағалауды азайтып, өлшенетін көрсеткіштерге негізделген әділ бағалау моделін қалыптастырады [15]. Автоматтандырылған бағалау қалыптастырушы бағалау процесін жеделдетеді. Жүйе білім алушыға нақты кері байланыс ұсынып, оның қай бөлімде қате жібергенін және оны қалай түзетуге болатынын көрсетеді. Бұл үздіксіз жетілдіру мәдениетін қалыптастырады.

Оқу аналитикасы және болжамдық модельдер. Жасанды интеллекттің тағы бір маңызды бағыты – оқу аналитикасы. Бұл білім алушылардың оқу әрекеттері туралы үлкен көлемдегі деректерді өңдеуге мүмкіндік береді [16]. Алгоритмдер білім алушының үлгерімін болжауға, академиялық тәуекел факторларын анықтауға және дер кезінде түзету шараларын қабылдауға жағдай жасайды.

Болжамдық аналитика әсіресе клиникалық пәндерде маңызды, себебі диагностикалық қателердің ерте кезеңде анықталуы білім алушының кәсіби қалыптасуына оң әсер етеді. Сонымен қатар оқу аналитикасы оқу бағдарламаларын жетілдіруге және оқыту стратегияларын оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Сыни ойлау және клиникалық пайым. Медициналық білім берудің басты мақсаты – сыни ойлауы қалыптасқан дәрігер даярлау. ЖИ негізіндегі жүйелер клиникалық жағдайларды талдау барысында баламалы гипотезалар ұсынуға және дәлелді шешім қабылдауға ықпал етеді [17]. Бұл білім алушылардың аналитикалық қабілеттерін дамытып, олардың кәсіби пайымдау деңгейін арттырады. Сыни ойлау – диагностикалық дәлдік пен емдеу тактикасының негізі. ЖИ жүйелері клиникалық деректерді құрылымдауға, салыстыруға және ықтимал диагноздарды саралауға мүмкіндік береді.

Мотивация және оқу белсенділігі. Интерактивті ЖИ жүйелері білім алушылардың оқу мотивациясын арттырады [18]. Геймификация элементтері, жедел кері байланыс және прогресс визуализациясы білім алушылардың оқу үдерісіне белсенді қатысуын қамтамасыз етеді. Бұл әсіресе цифрлық буын өкілдері үшін маңызды.

Оқытушылардың рөлі және цифрлық құзырет. ЖИ енгізу оқытушылар рөлін өзгертіп, оларды контент жеткізушіден оқу процесінің фасилитаторына айналдырады [19]. Оқытушылар ЖИ жүйелерінің нәтижелерін талдап, деректерге негізделген педагогикалық шешімдер қабылдауы тиіс. Сондықтан цифрлық құзыреттерді дамыту стратегиялық маңызға ие.

Этикалық және ұйымдастырушылық мәселелер. ЖИ енгізу бірқатар шектеулерге ие. Техникалық инфрақұрылым, деректер қауіпсіздігі және алгоритмдік әділеттілік мәселелері өзекті болып табылады [20]. Сонымен қатар академиялық адалдық және жеке деректерді қорғау қағидаттарын сақтау маңызды.

Жасанды интеллект медициналық білім берудің трансформациялық факторы болып табылады. Ол білім беру сапасын арттыруға, оқу үдерісін оңтайландыруға және болашақ дәрігерлердің кәсіби құзыреттерін дамытуға ықпал етеді. ЖИ технологияларын жүйелі енгізу медициналық кадрларды даярлаудың жаңа сапалық деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қазіргі кезеңде медициналық білім беру жүйесі тек ақпаратты жеткізумен шектелмей, деректерге негізделген, нәтижеге бағытталған және құзыреттілікке негізделген модельге көшу үстінде. Осы өзгерістер контекстінде жасанды интеллект оқыту мазмұнын жаңғыртуға, клиникалық ойлауды қалыптастыруға және білім алушылардың кәсіби дамуын үздіксіз бақылауға мүмкіндік береді. ЖИ негізіндегі платформалар білім алушылардың оқу әрекеттерін талдап, олардың білім деңгейін нақты бағалап, әлсіз тұстарын анықтай алады. Бұл білім беру процесін жекелендіріп, әрбір білім алушыға тиімді оқу траекториясын құруға жағдай жасайды.

Сонымен қатар жасанды интеллект клиникалық ойлауды қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. Виртуалды пациенттер, симуляциялық сценарийлер және интеллектуалды диагностикалық алгоритмдер білім алушыларға күрделі клиникалық жағдайларды талдауға мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл білім алушылардың тек теориялық білімін емес, сонымен қатар аналитикалық ойлауын, дәлелді медицина қағидаттарына негізделген шешім қабылдау

дағдыларын дамытуға ықпал етеді. ЖИ көмегімен ұйымдастырылған оқыту ортасы клиникалық қателіктерді қауіпсіз жағдайда талдауға және тәжірибені жүйелі түрде жетілдіруге мүмкіндік береді.

Жасанды интеллект оқу аналитикасын дамыту арқылы білім алушылардың үлгерімін болжауға, оқу қиындықтарын ерте кезеңде анықтауға және түзету шараларын дер кезінде қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл әсіресе медициналық білім беру саласында маңызды, себебі кәсіби құзыреттіліктің қалыптасуы кезең-кезеңімен және жүйелі бақылауды талап етеді. ЖИ жүйелері оқытушыларға нақты деректерге сүйене отырып педагогикалық шешім қабылдауға жағдай жасайды, осылайша білім беру процесінің тиімділігін арттырады.

Бұдан бөлек, жасанды интеллект бағалау жүйелерін автоматтандыру арқылы объективтілікті күшейтеді. Клиникалық тапсырмаларды орындау сапасын сандық көрсеткіштер арқылы бағалау, қателердің типологиясын анықтау және білім алушының прогресін динамикалық бақылау медициналық білім берудің сапасын арттыруға ықпал етеді. Бұл модель болашақ дәрігерлердің кәсіби жауапкершілігін қалыптастырып, үздіксіз өзін-өзі жетілдіру мәдениетін дамытады.

Сонымен қатар ЖИ технологиялары оқу мотивациясын арттыруға және білім алушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Интерактивті интерфейстер, жедел кері байланыс және оқу жетістіктерін визуализациялау білім алушылардың оқу үдерісіне қызығушылығын арттырады. Нәтижесінде білім алушылар оқу процесіне тек пассивті қатысушы емес, белсенді субъект ретінде араласады.

Қорытынды. Жасанды интеллект медициналық білім берудің трансформациялық факторы болып табылады. Ол білім беру сапасын арттыруға, оқу үдерісін оңтайландыруға және болашақ дәрігерлердің кәсіби құзыреттерін дамытуға ықпал етеді. ЖИ технологияларын жүйелі енгізу медициналық кадрларды даярлаудың жаңа сапалық деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, жасанды интеллект медициналық білім беруді цифрлық, дербестендірілген және деректерге негізделген модельге көшіруге мүмкіндік береді. Оның жүйелі әрі ғылыми негізделген енгізілуі медициналық кадрларды даярлаудың сапасын арттырып қана қоймай, денсаулық сақтау жүйесінің жалпы тиімділігіне де оң әсерін тигізеді. Сондықтан жасанды интеллектті медициналық білім беру жүйесіне интеграциялау стратегиялық басымдық ретінде қарастырылуы тиіс.

Әдебиеттер тізімі

1. Topol E. Deep medicine: how artificial intelligence can make healthcare human again. New York: Basic Books 2019; 400 p.
2. Russell S., Norvig P. Artificial intelligence: a modern approach. 4th ed. New Jersey: Pearson 2021; 1152 p.
3. Cook D.A., Steinert Y. Online learning for faculty development. Medical Teacher 2013; 35: 930–937.
4. Harden R.M. Trends and the future of postgraduate medical education. Medical Teacher 2006; 28: 690–697.
5. Kaplan A., Haenlein M. Artificial intelligence: definition and applications. Business Horizons 2019; 62: 15–25.
6. Davenport T., Kalakota R. Artificial intelligence in healthcare. Future Healthcare Journal 2019; 6: 94–98.
7. Holmes W., Bialik M., Fadel C. Artificial intelligence in education. Boston: Center for Curriculum Redesign 2019; 240 p.
8. Luckin R. Machine learning and human intelligence. London: UCL Press 2018; 280 p.
9. Chen L., Chen P., Lin Z. Artificial intelligence in education. IEEE Access 2020; 8: 75264–75278.
10. Siemens G. Learning analytics. American Behavioral Scientist 2013; 57: 1380–1400.
11. Woolf B. Building intelligent interactive tutors. Burlington: Morgan Kaufmann 2010; 480 p.
12. Cook D.A., Triola M.M. Virtual patients. Academic Medicine 2009; 84: 1447–1451.
13. McLean S.F. Case-based learning. Journal of Medical Education 2016; 3: 39–49.
14. Epstein R.M. Assessment in medical education. New England Journal of Medicine 2007; 356: 387–396.
15. Downing S.M. Reliability of assessment. Medical Education 2004; 38: 1006–1012.
16. Romero C., Ventura S. Educational data mining. IEEE Transactions 2010; 2: 601–618.
17. Facione P.A. Critical thinking. California: Insight Assessment 2011; 300 p.
18. Ryan R.M., Deci E.L. Intrinsic motivation. American Psychologist 2000; 55: 68–78

19. Laurillard D. Teaching as a design science. London: Routledge 2012; 320 p.
20. Floridi L. Ethics of artificial intelligence. Nature Machine Intelligence 2019; 1: 261–262.
21. Field A. Discovering statistics using SPSS. London: Sage 2018; 950 p.
22. Pallant J. SPSS survival manual. New York: McGraw-Hill 2020; 360 p.
23. UNESCO. Artificial intelligence in education. Paris: UNESCO 2021; 120 p.
24. OECD. AI and education report. Paris: OECD 2021; 200 p.
25. World Economic Forum. Future of jobs report. Geneva 2020; 180 p.
26. WHO. Digital education strategy. Geneva 2020; 150 p.
27. European Commission. Artificial intelligence in education. Brussels 2020; 210 p.

«ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМНІҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫ: ЖОБАҒА БАҒЫТТАЛҒАН ОҚЫТУ» секциясы

УДК 378:615.1:37.091.3

Ордабаева С.К., «Каракулова А.Ш., Асильбекова А.Д., Серікбаева А.Д., Алтынбек Д. «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ, Шымкент қ., Қазақстан

ЖОБАҒА БАҒЫТТАЛҒАН ОҚЫТУ НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ ФАРМАЦЕВТ-АНАЛИТИКТІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Мақалада «Фармацевтикалық химия» пәні бойынша оқитын бакалавриат студенттерінің жобаға бағытталған оқыту аясында кәсіби құзыреттіліктерінің дамуы талданады және дәрілік өсімдік шикізатынан жасалған дәрілік формаларды зерттеу методологиясы ұсынылады.

Түйін сөздер: *жобаға бағытталған оқыту, кәсіби құзыреттілік, дәрілік өсімдік шикізаты, стоматологиялық пленкалар, шілтержапырақты шәйқұрай, уақытша аналитикалық нормативті құжат.*

Аннотация

В статье анализируется формирование профессиональных компетенций у студентов бакалавриата по дисциплине «Фармацевтическая химия» в рамках проектно-ориентированного обучения, а также предлагается методология исследования лекарственных форм, разработанных на основе лекарственного растительного сырья.

Ключевые слова: *проектно-ориентированное обучение, профессиональная компетентность, лекарственное растительное сырье, стоматологические пленки, зверобой продырявленный, временный аналитический нормативный документ.*

Abstract

This article analyzes the development of professional competencies in undergraduate students majoring in Pharmaceutical Chemistry through project-based learning and proposes a methodology for studying dosage forms developed from medicinal plant materials.

Keywords: *project-based learning, professional competence, medicinal plant materials, dental films, Hypericum perforatum, interim analytical regulatory document.*

Кіріспе. Қазіргі білім беру жүйесінде ғылыми-зерттеу қызметіне бейімділік білім алушыларда ерте кезеңнен бастап қалыптастыруды талап етеді. Жобаға бағытталған оқыту технологиясы студенттердің ғылыми ойлау қабілетін дамытып, зерттеу жұмыстарын жоспарлау, орындау және нәтижелерін талдау дағдыларын жетілдіреді. Бұл өз кезегінде олардың кәсіби деңгейін арттырып, халықаралық еңбек нарығында бәсекеге қабілетті маман ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Сонымен қатар, ғылыми құзыреттіліктерді меңгеру студенттердің болашақта гранттық және мемлекеттік ғылыми жобаларға қатысуына мүмкіндік береді [1].

Аталған оқу жылында жобалық жұмыс «Фармацевтикалық химия» пәні аясында жүзеге асырылып, «Дәрілер технологиясы және фармакогнозия» кафедрасында дәрілік өсімдік шикізаты негізінде дайындалған стоматологиялық пленкалардың қасиеттерін зерттеуге бағытталды. Бұл жұмыс болашақ фармацевт-аналитиктердің зерттеу жүргізу қабілетін қалыптастыруға және кәсіби тәжірибесін жетілдіруге мүмкіндік береді [2,3].

Стоматологиялық пленкалар ауыз қуысы ауруларын емдеуде тиімді дәрілік форма ретінде қолданылып, қорғаныштық, антимикробтық, қабынуға қарсы және ауырсынуды басатын әсер көрсетеді. Сонымен қатар, олар тіс эмалін нығайтуға және эстетикалық әсер (ағарту) беруге қабілетті. Құрамында өсімдік экстрактылары бар пленкалар қазіргі таңда фармацевтикалық тәжірибеде кеңінен қолданыла бастады [4].

Дегенмен, мұндай дәрілік формалардың сапасын бағалау көрсеткіштері мен оларды стандарттау мәселелері толық зерттелмеген, сондықтан олардың фармакопеялық талаптарға сәйкестігін анықтау өзекті болып табылады [5].

Зерттеудің мақсаты: Болашақ фармацевт-аналитиктің кәсіби құзыреттілігіне ғылыми бағыт-бағдар беру үшін оқу үдерісіне жобаға бағытталған оқыту технологиясын енгізу.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу мақсатына қол жеткізу үшін «Фармация» білім беру бағдарламасы аясында фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасында білім алушылардың тәжірибелік және ғылыми зерттеу дағдыларын жетілдіруге, фармацевтикалық талдау білімдерін тереңдетуге бағытталған жобаға бағытталған оқыту жүзеге асырылды. Зерттеу нысаны ретінде құрамында шілтержапырақты шайқурай экстракты бар

стоматологиялық пленкалар таңдалды. Жоба В-ФҚ-03-21 тобының студенттері тарапынан IX-X семестрлер аралығында орындалды.

Тәжірибелік зерттеулерді жүргізу барысында фармакопеялық және заманауи физика-химиялық әдістер кешені қолданылды. Атап айтқанда, сапалық аналитикалық реакциялар, потенциометриялық әдіс, жұқа қабатты хроматография, УК-спектрофотометрия және ИҚ-спектроскопия пайдаланылды.

Жобаны тиімді ұйымдастыру мақсатында білім алушылардың жеке ерекшеліктері ескеріліп, олар үш топқа бөлінді (PharmaLab, Vitapharm, Pharmpower).

Жұмыстың орындалу кезеңдері келесі алгоритм арқылы жүзеге асырылды:

1. Ғылыми әдебиеттерге талдау жүргізу;
2. Зерттеу әдістемесін әзірлеу;
3. Тәжірибелік жұмыстарды орындау;
4. Алынған нәтижелерді талдау және интерпретациялау;
5. Жобаны жоспарлау және ұйымдастыру үшін Trello платформасын қолдану.

Нәтижелер. Флавоноидтарды анықтау жұқа қабатты хроматография әдісі арқылы жүзеге асырылды. УК-сәуледе детекциялау нәтижесінде зерттелетін үлгінің хроматографиялық дақтары стандартты затпен сәйкес келіп, өсімдік тектес биологиялық белсенді қосылыстардың бар екенін көрсетті.

Инфрақызыл спектроскопиялық талдау нәтижесінде 3400–3200 $см^{-1}$ аймағында гидроксил топтарына, 1660–1650 $см^{-1}$ аралығында карбонил топтарына, ал шамамен 1600 $см^{-1}$ аймағында ароматты құрылымдарға тән тербелістер анықталды. Бұл көрсеткіштер зерттелетін үлгі құрамында флавонолдарға тән құрылымдық элементтердің бар екенін дәлелдейді.

Ультракүлгін спектрофотометрия әдісі арқылы жүргізілген талдау нәтижесінде өсімдік тектес қосылыстарға тән жұтылу максимумдары тіркеліп, белсенді компоненттердің бар екендігі расталды.

Зерттеу барысында алынған нәтижелер негізінде стоматологиялық пленкалардың сапасын бағалауға арналған уақытша аналитикалық нормативтік құжат әзірленді. Құжатта дәрілік түрдің негізгі сапа көрсеткіштері, атап айтқанда сыртқы түрі, идентификация реакциялары, белсенді заттардың сапалық және сандық көрсеткіштері, pH мәні, орташа массасы, ыдырау уақыты және тұрақтылық параметрлері қамтылды. Бұл құжат жаңа дәрілік

түрді стандарттау мен өндірістік енгізуге дейінгі сапа бақылауының маңызды кезеңін қамтамасыз етеді.

Талқылау. Жүргізілген зерттеу нәтижесінде стоматологиялық пленкалардың негізгі физика-химиялық көрсеткіштері анықталды. Атап айтқанда, олардың сыртқы түрі, өлшемдік параметрлері, орташа массасы, pH мәні және ыдырау уақыты бағаланды. Зерттеу нәтижелері бойынша пленкалардың сары түсті, біртекті құрылымды, серпімді және механикалық ақауларсыз екендігі анықталды.

Сапалық талдау нәтижесінде флавоноидтар, илік заттар және сапониндердің бар екендігі дәлелденді. Сандық зерттеулер барысында илік заттардағы қосылыстардың мөлшері анықталып, дәрілік форманың тұрақтылық көрсеткіштері бағаланды.

Зерттеу барысында алынған әдістемелік нәтижелер зияткерлік меншік объектілері ретінде тіркеліп, оларға авторлық куәліктер алынды. Атап айтқанда, стоматологиялық пленкаларды идентикациялауға арналған химиялық реакциялар әдістемесіне, олардың құрамындағы рутинді инфрақызыл спектроскопия әдісімен анықтау тәсіліне және шілтержапырақты шайқурай сығындысы негізіндегі пленкаларды жұқа қабатты хроматография арқылы идентификациялау әдістемесіне үш авторлық куәлік рәсімделді.

Алынған нәтижелер студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлау, тәжірибелер жүргізу, деректерді өңдеу және ғылыми нәтижелерді құқықтық тұрғыдан рәсімдеу дағдыларының қалыптасқанын көрсетеді.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, жобаға бағытталған оқыту әдісін фармацевтикалық пәндерді оқытуға енгізу білім алушылардың теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастыруға, сонымен қатар ғылыми дағдыларын дамытуға мүмкіндік берді. Студенттер дәрілік заттарды талдау, идентификациялау және стандарттау әдістерін тәжірибе жүзінде меңгеріп, зертханалық-аналитикалық дағдыларын қалыптастырды. Зерттеу барысында әзірленген уақытша аналитикалық нормативтік құжат жаңа дәрілік түрдің сапасын жүйелі бақылауға мүмкіндік береді және оны стандарттау процесінің бастапқы кезеңін қамтамасыз етеді. Ал алынған нәтижелер бойынша авторлық куәліктердің рәсімделуі білім алушылардың ғылыми жұмысының практикалық маңыздылығын дәлелдеді. Осылайша жобаға бағытталған оқыту болашақ фармацевт мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттырып, оларды ғылыми-зерттеу және өндірістік қызметке тиімді дайындайтын заманауи педагогикалық технология болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Иванов И. И., Петрова А. А. Проектно-ориентированное обучение в высшем образовании: развитие исследовательских компетенций студентов // Вестник высшей школы. - 2020. - № 5. - С. 45-52.

2. Ордабаева С.К., Каракулова А.Ш., Асильбекова А.Д., Серікбаева А.Д., Алтынбек Д. Жобаға бағытталған оқыту негізінде болашақ мамандардың ғылыми дағдыларын қалыптастыру//Современные образовательные технологии в медицине и фармации: вызовы и перспективы: материалы междунар.науч.-метод. конф. - 2025. - С. 106-111.

3. Иванова М.Б., Халметов З.С., Мизамов Д.М. Формирование исследовательских профессиональных компетенций у обучающихся медицинского вуза путем реализации технологии проектно-ориентированного обучения в образовательном процессе//Современное образование: применение эффективных методов обучения, направленных на достижение конечных результатов обучения: материалы междунар. научно.-метод. конф. - 2023. - С. 55-58.

4. Сидорова Л. В., Ким О. Н. Применение лекарственных растительных экстрактов в стоматологических пленках // Фармация и фармакология. - 2021. - Т. 9, № 3. - С. 112–118.

5. Maslii Y., Herbina N., Dene L. et al. Mucoadhesive polymeric film with plant-based compounds for dental applications: formulation, characterization and evaluation // Pharmaceutical Development and Technology. - 2025. - Vol. 30, № 4. - P. 505-520.

6. Handoko A., Anggoro B. S., Rozalia S. R. I., Marzuki M. Trello: Pengaruh Project Based Learning (PJBL) terhadap kemampuan berpikir kreatif peserta didik // Diklabio: Jurnal Pendidikan dan Pembelajaran Biologi. - 2022. - Vol. 6, № 2. - P. 173–180.

ӘОЖ 378.147:614.253.52

Х.А.Сайтмуратов, А.А.Сейдахметова, А.Т.Нургалиева, Ш.Д. Юсупова[3], А.Б.Жандарбекова

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы», Шымкент, Қазақстан

ЖОБАҒА-БАҒЫТТАЛҒАН ОҚЫТУ: ЖЕДЕЛДЕТІЛГЕН АКАДЕМИЯЛЫҚ БАКАЛАВРИАТТАҒЫ МЕЙІРГЕРЛЕРДІҢ КЛИНИКАЛЫҚ ОЙЛАУ МЕН КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМЫТУ

Аңдатпа. Жобаға бағытталған оқыту (ЖБО) әдісінің мазмұны, тарихи қалыптасуы және заманауи білім беру жүйесіндегі маңызы айқындалады. Аталған әдіс ХХ ғасырдың басында педагогика ғылымында пайда болып, білім алушылардың белсенді іс-әрекеті арқылы білімді меңгеруіне негізделген. ЖБО дәстүрлі оқыту әдістерінен ерекшеленіп, білім алушылардың теориялық білімін тәжірибелік міндеттермен ұштастыруға бағытталған. Бұл тәсіл білім алушылардың өз бетінше ізденуіне, ақпаратты талдауына және нақты мәселелерді шешуіне мүмкіндік береді. Жобаға бағытталған оқыту әдісі әсіресе медицина саласында, соның ішінде инсульттан кейінгі науқастарды оңалту үдерісінде ерекше маңызға ие. Бұл әдіс арқылы білім алушылар клиникалық жағдайларды модельдеу негізінде оңалту шараларын жоспарлауды, науқастармен тиімді қарым-қатынас орнатуды және қауіпсіз күтім көрсетуді үйренеді. Сонымен қатар, ЖБО білім алушылардың сыни ойлау, клиникалық пайымдау және кәсіби шешім қабылдау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Аталған әдістің маңызды артықшылықтарының бірі – топтық жұмыс дағдыларын дамытуы. Білім алушылар жобалық тапсырмаларды орындау барысында бірлесіп жұмыс істеп, өзара пікір алмасады, жауапкершілікті бөліседі және командалық өзара әрекеттесу тәжірибесін қалыптастырады. Бұл болашақ мейіргерлердің кәсіби ортаға бейімделуіне оң әсер етеді.

Осылайша, жобаға бағытталған оқыту әдісі білім беру процесін жандандырып қана қоймай, білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін кешенді түрде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл тәсілдің қолданылуы болашақ медициналық мамандарды даярлаудың сапасын арттыруға және инсульттан кейінгі науқастарды оңалту үдерісінің тиімділігін жақсартуға ықпал етеді.

Түйін сөздер: Жобаға бағытталған оқыту, инсульттан кейінгі оңалту, мейіргерлік ісі, практикалық дағдылар, білім алушылар кәсіби құзыреттілігі, науқастарға күтім.

Х.А.Сайтмуратов, А.А.Сейдахметова, А.Т.Нургалиева, Ш.Д. Юсупова[3], А.Б.Жандарбекова

ПРОЕКТНО-ОРИЕНТИРОВАННОЕ ОБУЧЕНИЕ: РАЗВИТИЕ КЛИНИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ И ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ МЕДСЕСТЕР В УСКОРЕННОМ АКАДЕМИЧЕСКОМ БАКАЛАВРИАТЕ

Аннотация. Проектно-ориентированное обучение представляет собой современный педагогический подход, сформировавшийся в начале XX века в рамках идей активного обучения. Данный метод основан на вовлечении обучающихся в познавательный процесс через выполнение практико-ориентированных заданий и решение профессионально значимых задач. В отличие от традиционных форм обучения, он направлен на развитие самостоятельности обучающихся, интеграцию теоретических знаний и их применение в условиях, максимально приближенных к реальной практике. Особую значимость данный подход приобретает в медицинском образовании, в частности при подготовке обучающихся к реабилитации пациентов после инсульта. Использование проектной деятельности позволяет моделировать клинические ситуации, разрабатывать планы реабилитационных мероприятий, формировать навыки безопасного ухода и эффективного взаимодействия с пациентами. В процессе обучения активно развиваются клиническое мышление, аналитические способности и навыки принятия профессиональных решений. Важным преимуществом проектно-ориентированного обучения является развитие коммуникативных и командных навыков. Работа над проектами способствует формированию ответственности, умения сотрудничать, распределять роли и достигать общих целей. Эти качества являются ключевыми для будущих специалистов в сфере здравоохранения.

Таким образом, применение проектно-ориентированного обучения способствует повышению качества подготовки обучающихся, развитию их профессиональных компетенций и готовности к практической деятельности. Данный подход позволяет приблизить образовательный процесс к реальным условиям медицинской практики и повысить эффективность реабилитации пациентов после инсульта.

Ключевые слова: Проектно-ориентированное обучение, реабилитация после инсульта, медицинский уход, практические навыки, профессиональная компетентность обучающихся, уход за пациентами.

KH.A.Saitmuratov

PROJECT-BASED LEARNING: DEVELOPING CLINICAL THINKING AND PROFESSIONAL COMPETENCIES OF NURSES IN THE ACCELERATED ACADEMIC BACHELOR'S PROGRAM

Abstract. Project-based learning is a modern educational approach that originated in the early twentieth century within the framework of active learning principles. It is based on engaging students in the learning process through practice-oriented tasks and the solution of professionally relevant problems. Unlike traditional teaching methods, it emphasizes student autonomy, integration of theoretical knowledge, and its application in real or simulated professional environments. This approach is particularly important in medical education, especially in preparing students for the rehabilitation of post-stroke patients. Project activities enable the simulation of clinical scenarios, development of rehabilitation plans, and acquisition of skills related to safe patient care and effective communication. The learning process promotes the development of clinical reasoning, analytical thinking, and evidence-based decision-making. An additional advantage of project-based learning is the development of teamwork and communication skills. Working on projects encourages collaboration, responsibility, role distribution, and the achievement of shared goals. These competencies are essential for future healthcare professionals.

Overall, the implementation of project-based learning enhances the quality of education, supports the development of professional competencies, and prepares students for real clinical practice. Its application in post-stroke rehabilitation training contributes to improving both educational outcomes and the effectiveness of patient care.

Keywords: Project-based learning, post-stroke rehabilitation, nursing care, practical skills, student professional competence, patient care.

Өзектілігі. Инсульттан кейінгі науқастарды оңалту қазіргі денсаулық сақтау жүйесінің маңызды бағыттарының бірі болып табылады, себебі қалпына келтіру шараларының сапасы мен уақтылы жүргізілуі науқастың кейінгі өмір сүру деңгейі мен әлеуметтік бейімделуіне тікелей әсер етеді. Инсульт салдарынан қозғалыс, когнитивтік және сөйлеу бұзылыстары жиі туындап, науқастың өмір сапасын айтарлықтай төмендетеді және ұзақ мерзімді кешенді күтімді қажет етеді. Әсіресе, стационардан шыққаннан кейінгі кезеңде оңалту үдерісінің үздіксіздігін қамтамасыз ету маңызды, өйткені бұл кезде күтімнің негізгі бөлігі науқастың өзіне және оның туыстарына жүктеледі.

Осыған байланысты тек теориялық біліммен шектелмей, практикалық дағдыларды меңгерген білікті мамандарды даярлау қажеттілігі артып отыр. Жобаға бағытталған оқыту әдісі білім беру процесін нақты клиникалық тәжірибеге жақындатуға мүмкіндік беретін тиімді педагогикалық құрал ретінде қарастырылады. Бұл әдіс білім алушылардың науқастың жағдайын бағалау, жеке күтім жоспарларын әзірлеу, туыстарын оқыту және қауіпсіз күтімді ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Әсіресе, үй жағдайында науқастарды күту дағдыларын үйретуде жобалық тәсілдің маңызы зор. Жобаға бағытталған оқыту барысында білім алушылар шынайы жағдайларға негізделген тапсырмаларды орындап, күтім көрсету, асқынулардың алдын алу, қозғалыс белсенділігін қалпына келтіру және науқасты күнделікті өмірге бейімдеу бойынша ұсыныстар әзірлейді. Бұл болашақ мамандардың тек науқастармен ғана емес, олардың отбасы мүшелерімен де тиімді өзара әрекеттесуіне мүмкіндік береді. Қазіргі ғылыми зерттеулер жобаға бағытталған оқытудың медициналық білім берудегі жоғары тиімділігін дәлелдейді. Бұл әдіс білім алушылардың клиникалық ойлау қабілетін дамытып, олардың дербестігін арттырады, шешім қабылдау дағдыларын жетілдіреді және оқуға деген ынтасын күшейтеді. Сонымен қатар, жобалық оқыту коммуникативтік және пәнаралық құзыреттіліктерді қалыптастыруға ықпал етеді, бұл денсаулық сақтау саласында жұмыс істеу үшін аса маңызды. Зерттеулер көрсеткендей, осы әдіспен білім алған білім алушылар практикалық қызметке анағұрлым дайын болып, кәсіби ортаға тезірек бейімделеді.

Осылайша, аталған тақырыптың өзектілігі инсульттан кейінгі науқастарды, соның ішінде үй жағдайында тиімді оңалтуға қабілетті медициналық мамандарды даярлау қажеттілігімен айқындалады. Жобаға бағытталған оқыту әдісін қолдану білім беру сапасын арттыруға және науқастардың өмір сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Зерттеу мақсаты. Жобаға бағытталған оқытудың инсульттан кейінгі науқастарды оңалтуға білім алушыларды оқыту тиімділігін және олардың күтім көрсету, пациенттер мен олардың туыстарымен қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру қабілетін бағалау.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу Оңтүстік Қазақстан медициналық академиясы және облыстық клиникалық аурухананың оңалту бөлімі базасында жүргізілді. Аталған бөлім инсульттан кейінгі және басқа неврологиялық аурулары бар науқастарды оңалтуға маманданған, бұл білім алушыларға жобалық оқытуды нақты клиникалық жағдайларда қолдануға мүмкіндік берді.

Зерттеуге 7 мейіргер қатысты, олардың жұмыс өтілі 5-тен 20 жылға дейін, бұл білім беру процесін дұрыс бағалау және білім алушылар мен өзара әрекеттесу үшін жеткілікті кәсіби құзыреттілікті қамтамасыз етті. Зерттеу жүргізілген кезеңде бөлімде жалпы **12 инсульттан кейінгі науқас** болды, олар қалпына келтіру терапиясының курсын қабылдады.

Жобаға қатысқан білім алушылар пациенттерге күтім көрсету бойынша практикалық жобаларды әзірлеп, клиникалық жағдайларды модельдеді, жеке оңалту бағдарламаларын құрып, науқастар мен олардың туыстарымен өзара әрекет жасау дағдыларын көрсетті. Барлық білім алушылардың әрекеттері тәжірибелі мейіргерлер бақылауында болды, олар клиникалық стандарттарға сәйкес кері байланыс беріп, қажет болған жағдайда түзетулер енгізді.

Зерттеуде биоэтика нормаларының сақталуы ерекше назарға алынды: науқастар мен олардың туыстары зерттеудің мақсаты туралы алдын ала хабардар етіліп, білім алушылардың күтім процесіне қатысуына жазбаша келісім берді. Барлық процедуралар конфиденциалдылық қағидаларына сәйкес жүргізілді, науқастардың жеке деректерін қорғау барлық кезеңде қамтамасыз етілді.

Жобаға бағытталған оқытудың тиімділігін бағалау үшін кешенді тәсіл қолданылды:

1. Білім алушылардың жобалық тапсырмаларды орындау барысында бақылауы;
2. Білім алушылар мен мейіргерлерден анкета және сауалнама жүргізу, әдістің қабылдануы мен практикалық дағдылардың меңгерілу деңгейін анықтау;
3. Науқастардың оңалту нәтижелерін талдау, күтім көрсету ережелерін сақтау, өзара әрекет сапасы және ұсыныстарды орындау тұрғысынан бағалау.

Бұл тәсіл білім алушылардың кәсіби дағдыларын, сондай-ақ оқу әдісінің пациенттердің оңалту үдерісіне әсерін, жобалық оқытудың артықшылықтары мен шектеулерін анықтауға мүмкіндік берді.

<u>Жоба қатысушылар тізімі мен жауапты лауазымы:</u>

- Жоба ұйымының басшысы– каф.меңгерушісі, м.ғ.к. доцент А. А. Сейдахметова;
- Жоба жетекшілері– каф.ассистенті, м.ғ.магистрі- Х.А.Сайтмуратов, Ш.Д.Юсупова А.Т.Нургалиева, А.Б.Жандарбекова;
- Сарапшы «Experts» – каф. ассистенті Ж.С.Султанова;
- Серіктестер «Partners» - (бірлескен орындаушылар) – білім алушылар;
- *Зерттелетін контингент:*
- Оңалту бөлімшесінің науқастары;

- Областық клиникалық аурухана;
- Аурухана әкімшілігі (бөлімше меңгерушілері, мейіргер ісі мамандығы бойынша қызмет атқарушы: бас және аға мейіргерлері, жоғары және орта білім дәрежелі мейіргерлері).

Жоба қатысушыларына қойылатын талаптар мен жауапты қызметтері:

- зерттеу түрлерін анықтау түсінік және ынтаның болуы;
- аналитикалық қабілеттер;
- ғылыми ақпаратты ізденіс пен зерттеуді жүзеге асыру қабілеттілігі;
- грамматикалық сауаттылық;
- жауапкершілік сезіну;
- MS Office, Excel, и PowerPoint-ті еркін игеру;
- Командада өзіндік ой қалыптастыру;
- Жұмыс барысын талқылау және ортақ келіммен істей білу;
- Қатысушылардың өзара ұсынысына құрмет көрсету және ой-пікірін сыйлау.

Жобаға қатысушылардың міндеттері:

1. Мейіргерлердің жұмыс ауысымына сай жүктеме бойынша қызметкерлердің кесте атқару парағын талқылау
2. Мейіргерлік манипуляция көрсету кезіңінде инфекция жұғу дәрежесін бағалау
3. Тәуекел факторымен кәсіби қауіпке түскен мейіргерлерге жабық анкета, сұрақ-жауап талдау
4. Кәсіби қатерге түскен мейіргерлердің қауіп факторын шешу және сақтық шараларын қалыптастыру
5. Науқастағы инфекция ошағының асқыну жағдайларын анықтауға және алдын-алуға ұсынысынылған нұсқаулық құрастыру

Зерттеу нәтижелері. Зерттеуге 7 мейіргер және 12 инсульттан кейінгі науқас қатысты. Жобаға бағытталған оқыту процесінде білім алушылар пациенттерге күтім көрсету және жеке оңалту бағдарламаларын әзірлеу бойынша практикалық тапсырмаларды орындады. Жалпы, 15 жобалық сессия өткізілді, әрбір клиникалық сценарийді қамтитын сессияның ұзақтығы 2–3 сағат болды және тәжірибелі мейіргерлер бақылауында өтті.

Бақылаулар көрсеткендей, 100% білім алушылар жобалық тапсырмаларға белсенді қатысты, бастамашылдық танытты және практикалық мәселелерді өз бетінше шешу қабілетін

көрсетті. 86% білім алушылар науқастардың функционалды мүмкіндіктері мен бұзылыстарын ескере отырып, жеке қозғалыс қалпына келтіру жоспарын дұрыс жасай алды.

Практикалық жобаларды талдау келесі көрсеткіштерді көрсетті:

- **75%** - асқынулардың алдын алу бойынша ұсыныстарды, мысалы, контрактура, pressure ulcer және тромбоздан қорғану шараларын қамтыды;
- **90%** - пациентті үйде күту бойынша туыстарға нұсқауларды ұсынды;
- **70%** - науқастарды жаттығулар жасауға және өздігінен әрекет етуге ынталандыру әдістерін қамтыды.

Пациенттерді бақылау барысында күтім көрсету көрсеткіштері жақсарғаны байқалды: 100% науқастар уақытында көмек алды, қауіпсіздік ережелері сақталды және асқынулар қаупі төмендеді. Сонымен қатар, 83% туыстар білім алушылардың кеңестері түсінікті әрі үй жағдайында оңалту ұйымдастыруда тиімді болғанын айтты.

Мейіргерлерге жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша 7/7 (100%) қатысушылар білім алушылардың клиникалық және коммуникативтік дағдылары айтарлықтай жақсарғанын атап өтті. 71% мейңргерлер білім алушылардың командалық жұмыс, күрделі жағдайларда шешім қабылдау және сыни ойлау қабілеттерінің дамуын ерекше бағалады.

Осылайша, жобаға бағытталған оқыту әдісі білім алушылар практикалық күтім және реабилитация дағдыларын дамытуға мүмкіндік берді;

- теориялық білімді нақты клиникалық жағдайларда қолдану қабілетін арттырды;
- пациенттер мен олардың туыстарымен өзара әрекет сапасын жақсартты;
- білім алушылардың науқастардың денсаулығы мен қалпына келуіне жауапкершілік сезімін қалыптастырды.

Нәтижелер көрсеткендей, ЖБО әдісі мейіргерлік ісі мамандарын дайындау тиімді болып табылады, әсіресе инсульттан кейінгі науқастарға клиникада және үй жағдайында күтім көрсету дағдыларын дамытуда.

Қорытынды. Жобаға бағытталған оқыту әдісі білім алушылардың инсульттан кейінгі науқастарға күтім көрсету және оңалту процесінде практикалық дағдыларын қалыптастыруға тиімді екенін көрсетті. Зерттеу барысында білім алушылар нақты клиникалық жағдайларды модельдеп, жеке оңалту бағдарламаларын әзірлеп, науқастар мен олардың туыстарымен тиімді қарым-қатынас жасау қабілеттерін көрсетті.

ЖБО әдісі білім алушыларды сыни ойлау, клиникалық пайымдау және кәсіби шешім қабылдау дағдыларын дамытады, командалық жұмыс және коммуникация қабілеттерін жетілдіреді. Бұл болашақ мейіргерлердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға және олардың науқастардың қауіпсіздігі мен өмір сапасын қамтамасыз етуге дайын болуына мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жобаға бағытталған оқыту тек клиникалық ортада ғана емес, үй жағдайында да науқастарға тиімді күтім ұйымдастыруға білім алушыларды даыйндау болады. Сонымен қатар, әдіс науқастар мен олардың туыстарына оңалту процесіне белсенді қатысуға мүмкіндік беретін нақты ұсыныстар мен дағдыларды қалыптастырады.

Осылайша, ЖБО әдісін медициналық білім беру жүйесіне енгізу білім алушылардың кәсіби дайындығын кешенді түрде арттырады, практикалық дағдыларын жетілдіреді және инсульттан кейінгі науқастарды оңалту сапасын жақсартуға ықпал етеді.

Тұжырым. 1.Жобаға бағытталған оқыту әдісі білім алушыларды инсульттан кейінгі науқастарға күтім көрсету және оңалту процесінде практикалық дағдыларын тиімді қалыптастыруға мүмкіндік береді. 2. Білім алушылар ЖБО әдісі арқылы клиникалық жағдайларды модельдеп, жеке оңалту бағдарламаларын әзірлеу, науқастармен және олардың туыстарымен тиімді қарым-қатынас жасау қабілеттерін меңгереді. 3.Жобаға бағытталған оқыту білім алушылар сыни ойлау, клиникалық пайымдау, шешім қабылдау және командалық жұмыс дағдыларын дамытуға ықпал етеді. 4.Әдіс тек клиникалық жағдайда ғана емес, үй жағдайында да науқастарға тиімді күтім ұйымдастыруға білім алушылар оқытуда мүмкіндік береді. 5.ЖБО әдісін медициналық білім беру процесіне енгізу болашақ мейіргерлердің кәсіби құзыреттілігін арттырады және инсульттан кейінгі науқастарды оңалту сапасын жақсартуға ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Thomas, J. W. (2000). A Review of Research on Project-Based Learning. The Autodesk Foundation.
2. Bell, S. (2010). Project-Based Learning for the 21st Century: Skills for the Future. The Clearing House, 83(2), 39–43.
3. Kilpatrick, W. H. (1918). The Project Method: The Use of the Purposeful Act in the Educative Process. Teachers College Record, 19, 319–335.
4. Dewey, J. (1938). Experience and Education. New York: Macmillan.
5. Savina, M. I., & Zhakupova, K. T. (2021). Innovative methods in nursing education: project-

based approach. Journal of Kazakh Medical Education, 2(1), 45–52.

6. Kazakh National Nursing Association. (2020). Standards of Nursing Practice in Rehabilitation. Almaty: KNNA.

7. World Health Organization. (2019). Rehabilitation After Stroke: Clinical Guidelines. Geneva: WHO.

8. Kolb, D. A. (1984). Experiential Learning: Experience as the Source of Learning and Development. Englewood Cliffs, NJ: Prentice Hall.

9. Zhakupova, K., & Omarova, A. (2022). Project-Based Learning in Nursing Education: Practical Application in Stroke Rehabilitation. Central Asian Journal of Nursing, 3(4), 15–25.

10. Ministry of Health of the Republic of Kazakhstan. (2018). Clinical Protocol for Stroke Rehabilitation. Nur-Sultan: MH RK.

УДК: 378.147:615

Ж.Т.Дустанова, А.Г.Ибрагимова

АО «Южно-Казахстанская медицинская академия», г. Шымкент, Казахстан

ВНЕДРЕНИЕ ПРОЕКТНО-ОРИЕНТИРОВАННОГО ОБУЧЕНИЯ В ФАРМАКОЛОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ: РЕЗУЛЬТАТЫ И ОПЫТ КАФЕДРЫ ЗА 2022-2026 ГОДЫ

Аннотация. Сегодня медицинское образование уже не ограничивается лекциями и семинарами, постепенно внедряются новые методы обучения. Одним из таких методов является проектно-ориентированное обучение (ПОО). Как мы убедились на собственном опыте, этот подход повышает интерес студентов к занятиям и побуждает их к более активной работе. При реализации проекта студенты не просто принимают готовую информацию, а пытаются искать её и принимать решения самостоятельно. Они учатся работать в команде и начинают применять полученные знания на практике.

В данной статье рассматривается опыт внедрения проектного обучения на кафедре фармакологии, фармакотерапии и клинической фармакологии в 2022–2026 учебных годах. Здесь мы покажем, как этот подход использовался на практике и какие изменения он принёс студентам. По нашему опыту, мы отметили ряд преимуществ проектного подхода: он

позволяет связать теорию и практику, приближает процесс обучения к реальным ситуациям, способствует развитию клинического мышления, направляет к принятию решений в сложных ситуациях и помогает организовать командную работу.

В ходе внедрения этого метода на кафедре мы заметили, что он сближает студентов с профессиональной средой. Это также влияет на их уверенность при вступлении в профессию. Его можно считать одним из наиболее эффективных методов в современном медицинском образовании.

Ключевые слова: фармакология, проектно-ориентированное обучение (ПОО), медицинское образование, клиническое мышление, доказательная медицина, искусственный интеллект.

Ж. Т. Дустанова, А. Г. Ибрагимова

ФАРМАКОЛОГИЯ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ЖОБАҒА БАҒЫТТАЛҒАН ОҚЫТУДЫ ЕНГІЗУ: 2022–2026 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДАҒЫ КАФЕДРАНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ

Аңнотация. Бүгінгі таңда медициналық білім беру тек дәрістер мен семинарлармен шектелмейді; оқытудың жаңа әдістері біртіндеп енгізілуде. Осындай әдістердің бірі - жобаға бағытталған оқыту (ЖБО). Біз өз тәжірибеміздан бұл тәсіл студенттердің сабаққа деген қызығушылығын арттыратынын және оларды белсенді болуға итермелейтінін көрдік. Жобаны жүзеге асыру кезінде студенттер жай ғана дайын ақпаратты қабылдамайды; олар оны табуға және өз бетінше шешім қабылдауға тырысады. Олар командада жұмыс істеуді үйренеді және алған білімдерін іс жүзінде қолдана бастайды.

Бұл мақалада 2022-2026 оқу жылдарында фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасында жобаға бағытталған оқытуды енгізу тәжірибесі қарастырылады. Біз бұл тәсілдің іс жүзінде қалай қолданылғанын және студенттерге қандай өзгерістер әкелгенін көрсетеміз. Біздің тәжірибемізге сүйене отырып, біз жобаға негізделген тәсілдің бірқатар артықшылықтарын атап өттік: ол теория мен практиканы байланыстырады, оқу процесін нақты жағдайларға жақындатады, клиникалық ойлаудың дамуына ықпал етеді, күрделі жағдайларда шешім қабылдауға бағыт береді және командалық жұмысты жеңілдетеді.

Бұл әдісті кафедрада енгізу барысында біз оның студенттерді кәсіби ортамен байланыстыратынын байқадық. Бұл олардың мамандыққа кіріскен кездегі сенімділігіне де әсер етеді. Мұны қазіргі медициналық білім берудегі ең тиімді әдістердің бірі деп санауға болады.

Кілт сөздер: *фармакология, жобаға бағытталған оқыту (ЖБО), медициналық білім беру, клиникалық ойлау, дәлелді медицина, жасанды интеллект.*

Zh. T. Dustanova, A. G. Ibragimova

IMPLEMENTATION OF PROJECT-BASED LEARNING IN PHARMACOLOGICAL EDUCATION: RESULTS AND EXPERIENCE OF THE DEPARTMENT FOR 2022-2026

[1] *Senior Lecturer, Department of Pharmacology, Pharmacotherapy and Clinical Pharmacology, South Kazakhstan Medical Academy, Shymkent, Kazakhstan*

[2] *PhD, Associate Professor, Head of the Department of Pharmacology, Pharmacotherapy and Clinical Pharmacology, South Kazakhstan Medical Academy, Shymkent, Kazakhstan*

Abstract. *Today, medical education is no longer limited to lectures and seminars; new teaching methods are gradually being introduced. One such method is project-based learning (PBL). We have seen from our own experience that this approach increases student interest in classes and motivates them to be more proactive. When implementing a project, students don't simply accept ready-made information; they try to find it and make decisions independently. They learn to work in a team and begin to apply their acquired knowledge in practice.*

This article examines the experience of implementing project-based learning at the Department of Pharmacology, Pharmacotherapy, and Clinical Pharmacology in the 2022–2026 academic years. We will demonstrate how this approach was used in practice and the changes it brought to students. Based on our experience, we have noted a number of advantages of the project-based approach: it connects theory and practice, brings the learning process closer to real-world situations, promotes the development of clinical thinking, guides decision-making in complex situations, and facilitates teamwork.

During the implementation of this method at the department, we noticed that it connects students with the professional environment. This also influences their confidence when entering the profession. It can be considered one of the most effective methods in modern medical education.

Keywords: *pharmacology, project-based learning (PBL), medical education, clinical reasoning, evidence-based medicine, artificial intelligence.*

Введение. Медицинское образование за последние годы претерпело значительные изменения. Сейчас все больше внимания уделяется новым подходам в подготовке специалистов. Традиционные лекции и семинары по-прежнему используются, но они не могут в полной мере охватить все аспекты современной клинической практики. Поэтому все чаще применяются другие, более активные методы обучения. Такие методы позволяют не только слушать информацию, но и проверять их на практике в реальных ситуациях [1,2]. Одним из таких инновационных подходов является проектно-ориентированное обучение (ПОО). Он позволяет сочетать теорию и практику. Благодаря этому процесс обучения становится более активным. Студенты не просто слушают, но и сами выполняют задания, что повышает интерес [3]. Проектное обучение важно для медицинских университетов. Это связано с тем, что будущие врачи должны уметь мыслить клинически, принимать решения и работать в команде [4,5].

Этот метод широко используется и в других странах. В европейских и американских университетах он помогает рассматривать клинические случаи, анализировать фармакотерапию и разрабатывать план лечения [6]. Y нас на кафедре с каждым годом все активнее применяется аналогичный метод обучения. Студенты более активно вовлечены в учебный процесс. Они лучше понимают материал, особенно когда занятия проводятся в форме проектов [7,8].

Особенностью данного исследования является то, что проектно-ориентированное обучение постепенно внедрялось на кафедре в течение четырех лет (2022–2026 гг.). За это время расширилась сфера его применения. Были добавлены новые специальности. Проекты стали разнообразнее, обширнее и содержательнее. Интерес и инициатива студентов возросли. Данная работа позволила увидеть, как изменился образовательный процесс на кафедре. Это исследование показало место проектно-ориентированного обучения в медицинском образовании и его роль в подготовке специалистов.

Цель исследования. Изучить внедрение проектного обучения на кафедре фармакологии, фармакотерапии и клинической фармакологии в 2022–2026 учебных годах и оценить его влияние на учебный процесс.

Материалы и методы исследования. В данном исследовании использован опыт кафедры фармакологии, фармакотерапии и клинической фармакологии по внедрению проектно-ориентированного обучения в 2022–2026 учебных годах. За этот период проектно-ориентированное обучение внедрялось постепенно и систематически, что позволило отслеживать его развитие и влияние на учебный процесс. Для анализа использовались отчеты кафедры, учебные материалы, студенческие презентации, написанные статьи, а также наблюдения за активностью и интересом студентов преподавателями. Также были рассмотрены итоги внедрения проектно-ориентированного обучения и обсуждения на кафедральных совещаниях по дальнейшему развитию проектно-ориентированного обучения.

Исследование было описательным и сравнительным. Смотрели, как осуществлялось проектное обучение в каждом учебном году. Отмечали новые направления и изменения в содержании проектов, оценивали инициативность студентов. Сравнивались несколько показатели: какие специальности были задействованы, тема и характер проектов, их практическая направленность и интерес студентов. Результаты были представлены в таблицах и диаграммах. Это помогло увидеть общие изменения и отследить развитие проектной работы.

Результаты и обсуждения. За последние четыре года кафедра фармакологии, фармакотерапии и клинической фармакологии активно развивала проектно-ориентированное обучение (ПОО). Оно помогло студентам формировать клиническое мышление, умение проводить исследования и самостоятельно оценивать данные. Проектное обучение связывает теорию и практику, превращая учебный процесс в активное исследование. Студенты не только изучали фармакологию, но и применяли полученные знания на практике – анализировали различные ситуации, близкие к их будущей профессии. За последние четыре года этот метод обучения применялся в разных специальностях – педиатрии, общей медицине, стоматологии и фармации. В проектах участвовали казахские, русские и иностранные студенты.

Мы рассмотрим каждый учебный год, чтобы показать, как развивался этот метод и каких результатов он достиг. Первый эксперимент был в 2022–2023 учебном году. Проект был реализован с казахскими группами студентов специальности «Педиатрия». Поскольку курс фармакологии проходил в течение всего учебного года, студентам было предоставлено достаточно времени для работы над проектом. Темы проектов были в основном направлены на изучение фармакологического действия лекарственных растений:

1. «Определение фармакологических эффектов лекарственного растения душицы мелкоцветной («Майдагүлді жұпаргүл дәрілік өсімдігінің фармакологиялық әсерлерін анықтау»)

2. «Определение фармакологических эффектов лекарственного растения тысячелистника Биберштейна» («Биберштейн мыңжапырақ дәрілік өсімдігінің фармакологиялық әсерлерін анықтау»)

3. «Определение фармакологических эффектов лекарственного растения шалфея мускатный» («Мускат шалфейі дәрілік өсімдігінің фармакологиялық әсерлерін анықтау»)

Отличительной особенностью этих проектов было проведение экспериментов на лабораторных мышах. Это позволило студентам закрепить теоретические знания на практике. В ходе реализации проектов они осваивали базовые навыки экспериментальной фармакологии: организацию исследований, наблюдение за эффектами, анализ полученных результатов и работу с научными базами данных. В результате проектной работы студенты представили защитили свои проекты, подготовили отчеты и опубликовали полученные материалы в научных журналах. Это заложило основу для внедрения проектного обучения в 2022–2023 учебном году и открыло путь для дальнейшего развития метода. Несмотря на то, что проекты были сосредоточены на фармакологии и фармакотерапии, они показали высокую активность студентов и их готовность к исследовательской деятельности. Основные достижения этого периода: освоение экспериментальных навыков, применение теории на практике, интерес к самостоятельным исследованиям и формирование клинического мышления.

На втором учебном году (2023-2024) проекты в рамках проектно-ориентированного обучения охватывали разные направления. Они включали не только обычные темы фармакологии, но и вопросы психоэмоционального состояния студентов, а также применение фитотерапии в клинической практике. В этот период к проектам были привлечены также русские группы студентов специальности «Педиатрия» и иностранные студенты специальности «Общая медицина». Студенты русских группы реализовали следующие проекты:

1. «Определение наличия растений в аптеках» — исследование доступности лекарственного растительного сырья;

2. «Значение традиционной медицины в лечении различных заболеваний» — анализ роли народных средств в современной практике;

3. «Шалфей и тимьян: природные помощники в регулировании артериального давления» — изучение влияния фитопрепаратов на артериальное давление.

Иностранные студенты специальности «Общая медицина» выполнили проекты на английском языке:

4. «Prevention of neurosis using herbal medicine» — профилактика неврозов с помощью фитотерапии;

5. «Study of anxiety levels in students» — исследование уровня тревожности у студентов;

6. «The effectiveness of the use of herbal remedies in the complex treatment of patients with pyelonephritis» — оценка эффективности растительных препаратов в комплексном лечении пациентов с пиелонефритом.

На втором году обучения темы проектов стали сложнее, а направления исследований расширились. Если в первый год работа в основном строилась на опыте, то позже студенты начали связывать полученные знания с реальными ситуациями. В результате проекты приобрели практическую направленность: студенты научились применять теорию на практике, анализировать данные и формулировать собственные выводы.

На третьем учебном году (2024–2025) на кафедре проектное обучение было внедрено в модульной системе. Это ограничило время, выделяемое на проекты. Один цикл длился всего 28 дней. Несмотря на такие рамки, иностранные студенты 3-го курса специальности «Медицина» реализовали два значимых проекта:

1. «The problem of antibiotic resistance» — исследование глобальной проблемы антибиотикорезистентности, анализ факторов её возникновения и рассмотрение стратегий профилактики;

2. «Pharmacology in different countries around the world» — сравнительный обзор особенностей фармакологии в разных странах, включая доступность лекарств, культурные особенности и механизмы регулирования.

Важным элементом этих проектов стало проведение опроса-анкетирования среди иностранных студентов третьего курса, что позволило собрать эмпирические данные о восприятии фармакологических вопросов и уровне осведомленности студентов. В этот период студенты начали активно использовать принципы доказательной медицины. При подготовке

проектов они обращались к международным научные базам данных (PubMed/Medline, Scopus, Google Scholar), что обеспечило доступ к актуальным публикациям и позволило формулировать выводы на основе доказательной информации. Несмотря на ограниченную продолжительность циклов, студенты расширили тематику исследований: уделили внимание не только местным проблемам, но и международным темам. Исследование таких направлений, как антибиотикорезистентность и сравнение фармакологии в разных странах, помогли получить более широкое понимание предмета.

В ходе проектной работы были получены несколько важных результатов: сбор данных анкетирования; использование принципов доказательной медицины и международных научных баз данных; применение инструментов управления проектами (диаграммы Ганта, матрицы RACI, сравнительные диаграммы, платформы Trello) для организации и контроля работы; развитие навыков критического мышления и понимание глобальных проблем в области здравоохранения. Несмотря на короткую продолжительность, проектно-ориентированное обучение позволило студентам не только закрепить теоретические знания, но и выйти на уровень анализа глобальных проблем в фармакологии.

В 2025–2026 учебном году проектное обучение на кафедре вышло на новый уровень. В этот период были вовлечены студенты специальностей «Фармация», «Стоматология», «Медицина». Студенты активно занялись проектной работой: они работали с виртуальными пациентами, готовили фитосборы и анализировали межкультурные взаимодействия. Дополнительно применяли современные технологии - искусственный интеллект (ИИ) использовался при разработке дизайна упаковки для фитосборов.

Студенты-фармацевты по дисциплине «Фармакотерапия» изучали клинические случаи, связанные с лечением эндокринных заболеваний. Первый проект включал изучение «виртуальных пациентов» с диабетом и заболеваниями щитовидной железы: студенты выполняли расчет доз лекарственных препаратов, составляли сравнительные таблицы и развивали навыки консультирования пациентов. Второй их проект был посвящен гипотиреозу: были рассмотрены современные методы лечения и особенности нового препарата — жидкого левотироксина (Liquatirol®). Эти исследования помогли студентам развить клиническое мышление и закреплению принципов доказательной медицины.

Студенты стоматологической специальности были разделены на три группы, каждая из которых создала собственный фитосбор: антисептическую, противовоспалительную и

антимикробную. Они изучали свойства растений и сопоставляли их действие. Интересной частью проекта стало создание дизайна упаковки с использованием искусственного интеллекта. Эта работа объединила фармакологию с новыми технологиями, сделав проекты не только научными, но и полезными и интересными.

Иностранные студенты-медики реализовали четыре проекта в области социальной фармакологии. Они изучали привычки самолечения среди иностранных студентов, анализировали распространенные импортные лекарства и выявляли языковые и культурные особенности, влияющие на восприятие фармакологии, что фармакология связана не только с лекарствами, но и с поведением человека и культурой. Кроме того, один проект был посвящен традиционным лекарственным растениям Индии (ним, ашваганда, гилой): студенты исследовали их состав, действие и возможное применение в Казахстане. В проектах этого года были получены значимые результаты. Студенты работали с клиническими протоколами и международными базами данных, а также начали применять принципы доказательной медицины на практике. В учебный процесс вошли новые направления: жидкий левотироксин, инсулиновые помпы, фитосборы и дизайн упаковки с помощью технологий искусственного интеллекта. Проекты объединили клинические, социальные и инновационные аспекты. В результате были подготовлены и опубликованы научные статьи.

В 2025–2026 учебном году студентам стоматологического и медицинского факультетов выделили всего 12–15 дней на выполнение проектной работы. Несмотря на столь короткий срок студенты успели многому научиться: тренировали клиническое мышление, пробовали себя в научных исследованиях, выполняли статистический анализ и визуализировать данные. Одновременно они работали в команде и уверенно защищали свои проекты на публике. Этот год оказался одним из самых продуктивных для проектного обучения. Всего было реализовано 9 проектов. В процессе работы студенты смогли почувствовать себя в разных ролях - врача, исследователя, дизайнера и аналитика. Этот опыт показал, что проектное обучение на кафедре стало более зрелым заняло важное место в образовательном процессе.

Чтобы показать, как развивалось проектное обучение за четыре года, ниже приведена таблица (Таблица 1). В ней отражены количество проектов по каждому учебному году, их основные направления и навыки, которые формировались на разных этапах.

Таблица 1.

Учебный год	Специальность / Группа	Кол-во проектов	Язык обучения	Основные темы	Особенности	Результаты
2022–2023	Педиатрия (казахская группа)	3	Казахский	Фармакологические эффекты лекарственных растений	Эксперименты на лабораторных мышах; первый опыт проектного обучения	Опубликованы научные статьи
2023–2024	Педиатрия (русская группа), Медицина (иностранные студенты)	6	Русский, английский	Фитотерапия, традиционная медицина, здоровье студентов	Впервые участвовали иностранные студенты; расширение масштаба	Укреплены клинические связи
2024–2025	Медицина (иностранные студенты, 3 курс)	2	Английский	Антибиотикорезистентность, мировая фармакология	Использование PubMed/Scopus/Gantt/RACI; модульная система — 28 дней	Исследования международного уровня
2025–2026	Фармация, Стоматология, Медицина	9	Казахский / Русский / Английский	Виртуальные пациенты, фитоколлекции, искусственный интеллект	Дизайн упаковки с применением ИИ; инсулиновые помпы; самый продуктивный год	Научные статьи + интеграция ИИ

Динамика роста числа проектов за прошедшие годы показана на рисунке ниже (Рисунок 1).

Рисунок 1.



Доля проектов по специальностям показана на рисунке ниже (Рисунок 2).

Рисунок 2.



Заключение. Проведенное исследование показало, что проектно-ориентированное обучение на кафедре фармакологии, фармакотерапии и клинической фармакологии действительно эффективно работает. Этот метод постепенно внедрялся в 2022–2026 учебных годах, и каждый год становился шире и содержательнее. Он помог студентам глубже включиться в учебный процесс, повысил их интерес к занятиям и дал возможность проявить активность. В ходе проектов они начали применять свои знания на практике, не ограничиваясь теорией. Одновременно формировались навыки клинического мышления, исследовательской работы, анализа информации и командной работы. Разнообразие тем проектов позволило более широко взглянуть на предмет. А опыт подготовки научных статей повлиял на развитие исследовательских навыков студентов. В целом, проектно-ориентированное обучение показало свою эффективность и стало удобным, результативным методом в медицинском образовании.

Использованная литература.

1. Kldiashvili E., et al. Project-based approach as methodology to improve academic performance in medical education // *BMC Medical Education*. – 2025. https://pmc.ncbi.nlm.nih.gov/articles/ PMC 11896811/

2. Zhang L., Ma Y. A study of the impact of project-based learning on student learning effects: a meta-analysis // *Frontiers in Psychology*. – 2023. https://doi.org/10.3389/ fpsyg. 2023.1202728

3. Hamad S., Tairab H., Wardat Y., Rabbani L., AlArabi K., Yousif M., et al. Understanding Science Teachers' Implementations of Integrated STEM: Teacher Perceptions and Practice // *Sustainability*. – 2022. – 14(6): 3594. doi:10.3390/su14063594

4. Lee S.J., et al. Collaborative project-based learning in global health education // *BMC Nursing*. – 2024. https://doi.org/10.1186/s12912-024-02111-8

5. Морозова О.Н. Эффективная модель проектного обучения в высшей школе // *Современные проблемы науки и образования*. 2020. № 2 URL: https://science-education.ru/ru/article/view?id=29682

6. Trullàs, J.C., Blay, C., Sarri, E. *et al.* Effectiveness of problem-based learning methodology in undergraduate medical education: a scoping review. *BMC Med Educ* **22**, 104 (2022). https://doi.org/10.1186/s12909-022-03154-8

7. Yerdessov N., et al. Project-oriented training in medical education (Kazakhstan experience) // *Наука и здравоохранение*. – 2022. https://newjournal.ssmu.kz/index.php/journalssmu/ article/view/1151

8. Wei B., et al. Effectiveness of problem-based learning on development of nursing students' critical thinking: a meta-analysis // *Nurse Education Today*. – 2024. doi:10.1016/j.nedt. 2023.105767 https://pubmed.ncbi.nlm.nih.gov/38016174/

ӘОЖ: 378.147:579.6:614.4

Сейтханова Б.Б., Полатбекова Ш.Т., Джакупова Ж.Е.
Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Шымкент қ, Қазақстан Республикасы

ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМНІҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫ: МИКРОБИОЛОГИЯ ПӘНІНДЕ ЖОБАҒА БАҒЫТТАЛҒАН ОҚЫТУ НЕГІЗІНДЕ ҚОҒАМДЫҚ БАНКОМАТТАР БЕТКЕЙЛЕРІН ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа

Мақалада медицина мамандарын даярлауда жобаға бағытталған оқыту технологиясын (Project-Based Learning, PBL) қолдану тәжірибесі қарастырылады. «Микробиология және иммунология» пәні аясында студенттер қоғамдық банкомат беткейлеріндегі микробтық

ластануды зерттейтін ғылыми жоба орындады. Зерттеу барысында студенттер биоматериал алып, қоректік ортаға себінді жүргізіп, микроскопиялық талдау жасады және алынған нәтижелерді талдады. Банкомат беткейлерінде *Staphylococcus aureus, Staphylococcus epidermidis, Escherichia coli* және *Bacillus spp.* анықталды. Жоба нәтижелері студенттердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға, зертханалық дағдыларын қалыптастыруға және қоғамдық денсаулық мәселелерін түсінуіне мүмкіндік берді. Жобаға бағытталған оқыту ғылыми зерттеу мен білім беру интеграциясын қамтамасыз ететін тиімді педагогикалық технология екені дәлелденді.

Кілт сөздер: жобаға бағытталған оқыту, микробиология, медициналық білім, PBL, тәжірибелік оқыту, құзыреттілік.

Сейтханова Б.Б., Полатбекова Ш.Т., Джакупова Ж.Е.

Южно-Казахстанская медицинская академия, г. Шымкент, Республика Казахстан

ИНТЕГРАЦИЯ НАУКИ И ОБРАЗОВАНИЯ: ПРИМЕНЕНИЕ ПРОЕКТНО-ОРИЕНТИРОВАННОГО ОБУЧЕНИЯ В МИКРОБИОЛОГИИ ПРИ ИССЛЕДОВАНИИ МИКРОБНОГО ЗАГРЯЗНЕНИЯ ПОВЕРХНОСТЕЙ ОБЩЕСТВЕННЫХ БАНКОМАТОВ

Аннотация

В статье рассматривается опыт применения технологии проектно-ориентированного обучения (Project-Based Learning, PBL) при подготовке медицинских специалистов. В рамках дисциплины «Микробиология и иммунология» студенты выполнили научно-исследовательский проект по изучению микробного загрязнения поверхностей общественных банкоматов. В ходе исследования обучающиеся осуществляли отбор биоматериала, проводили посев на питательные среды, выполняли микроскопическое исследование и анализировали полученные результаты. На поверхностях банкоматов были выявлены *Staphylococcus aureus, Staphylococcus epidermidis, Escherichia coli* и *Bacillus spp.* Результаты проекта способствовали развитию профессиональных компетенций студентов, формированию лабораторных навыков и пониманию проблем общественного здравоохранения. Показано, что проектно-ориентированное обучение является эффективной педагогической технологией, обеспечивающей интеграцию научных исследований и образовательного процесса.

Ключевые слова: проектно-ориентированное обучение, микробиология, медицинское образование, PBL, практико-ориентированное обучение, компетентность.

Seitkhanova B.B., Polatbekova Sh.T., Dzhakupova Zh.E.
South Kazakhstan Medical Academy, Shymkent, Republic of Kazakhstan

INTEGRATION OF SCIENCE AND EDUCATION: PROJECT-BASED LEARNING IN MICROBIOLOGY THROUGH THE STUDY OF MICROBIAL CONTAMINATION OF PUBLIC ATM SURFACES

Abstract

The article presents the experience of implementing project-based learning (Project-Based Learning, PBL) in the training of medical students. Within the discipline “Microbiology and Immunology”, students carried out a research project aimed at studying microbial contamination on the surfaces of public automated teller machines (ATMs). During the study, the students collected biological samples, performed inoculation on nutrient media, conducted microscopic examination, and analyzed the obtained results. *Staphylococcus aureus, Staphylococcus epidermidis, Escherichia coli,* and *Bacillus spp.* were identified on ATM surfaces. The project outcomes contributed to the development of students’ professional competencies, formation of laboratory skills, and understanding of public health issues. It was demonstrated that project-based learning is an effective pedagogical approach that ensures the integration of scientific research with the educational process.

Keywords: project-based learning, microbiology, medical education, PBL, practice-oriented learning, competency.

КІРІСПЕ

Қазіргі кезеңде жоғары медициналық білім беру жүйесі елеулі трансформация кезеңін бастан өткеруде. Денсаулық сақтау саласының қарқынды дамуы, жаңа инфекциялық қауіптердің пайда болуы, антимикробтық төзімділіктің өсуі және қоғамдағы эпидемиологиялық қауіптердің өзгеруі болашақ дәрігерлерді даярлау тәсілдерін қайта қарауды талап етеді. Медициналық маман тек теориялық білімді меңгеруші емес, клиникалық ойлауы, зертханалық дағдылары және профилактикалық бағыттағы түсінігі қалыптасқан маман болуы тиіс.

Осыған байланысты медициналық білім беруде студенттің белсенді қатысуына негізделген оқыту технологиялары кеңінен енгізілуде. Солардың бірі — жобаға бағытталған оқыту (Project-Based Learning, PBL). Бұл әдіс білім алушыны дайын ақпаратты қабылдаушы емес, ғылыми ізденіс жүргізуші және мәселені шешуші тұлға ретінде қарастырады. Жобаға бағытталған оқыту барысында студент нақты практикалық мәселені зерттеп, гипотеза ұсынады, тәжірибе жүргізеді, нәтижелерді талдайды және ғылыми қорытынды жасайды.

Медициналық білім беруді трансформациялау және болашақ мамандарды даярлауда инновациялық әдістерді енгізу қажеттілігі халықаралық ғылыми-әдістемелік конференцияның негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Бұл білім беру процесінде ғылым мен тәжірибенің интеграциясын күшейтудің өзектілігін көрсетеді.

Микробиология пәні — медицинадағы базалық пәндердің бірі. Ол инфекциялық аурулардың қоздырғыштарын, олардың берілу механизмдерін және алдын алу шараларын түсіндіреді. Алайда микробиологияны тек дәрістік материал ретінде меңгеру жеткіліксіз, себебі микроорганизмдермен жұмыс істеу нақты зертханалық тәжірибені талап етеді. Студент микроорганизмдерді қоректік ортаға себу, инкубациялау, микроскопиялық зерттеу жүргізу және алынған нәтижелерді интерпретациялау дағдыларын практикалық түрде меңгеруі қажет.

Осы тұрғыда қоршаған орта объектілерін зерттеу микробиологияны оқытуда тиімді тәсілдердің бірі болып табылады. Күнделікті өмірде адамдар жиі жанасатын қоғамдық заттар инфекцияның жанама берілуіне (фомиттік берілу) себеп болуы мүмкін. Осындай объектілердің бірі — банкоматтар. Банкомат құрылғыларын тәулігіне көптеген адамдар пайдаланады, сондықтан олардың беткейлерінде әртүрлі микроорганизмдердің жиналуы ықтимал. Қол арқылы берілетін бактериялар кейіннен адамның шырышты қабаттарына түсіп, инфекциялық аурулардың таралуына ықпал етуі мүмкін.

Қоғамдық орындардағы беткейлердің микробтық ластануын зерттеу тек эпидемиологиялық тұрғыдан ғана емес, білім беру тұрғысынан да маңызды. Мұндай зерттеу студенттерге теориялық білімін практикамен байланыстыруға мүмкіндік береді: олар микроорганизмдердің қоршаған ортада таралуын, берілу механизмдерін және профилактикалық шаралардың маңызын нақты мысал арқылы түсінеді.

Осыған байланысты «Микробиология және иммунология» пәні аясында студенттердің қатысуымен қоғамдық банкомат беткейлеріндегі микробтық пейзажды анықтауға бағытталған

жоба ұйымдастырылды. Бұл жоба білім беру процесін ғылыми зерттеу қызметімен біріктіруге және студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталды.

ӘДЕБИ ШОЛУ

Соңғы жылдары қоғамдық орындардағы жиі жанасатын беткейлердің микробтық ластануы ғылыми зерттеулердің өзекті бағыттарының біріне айналды. Мұндай объектілер эпидемиологияда «фомиттер» деп аталады. Фомиттер — инфекциялық агенттер жанама жолмен берілетін жансыз объектілер болып табылады. Адам қолымен жиі жанасатын беткейлер микроорганизмдердің жиналуына қолайлы орта құрайды және олардың берілуіне ықпал етеді [5].

Қоғамдық көлік тұтқалары, есік тұтқалары, лифт батырмалары, ұялы телефондар және банкоматтар — микроорганизмдердің таралуында маңызды рөл атқаратын объектілер қатарына жатады. Әсіресе банкоматтар тәулігіне ондаған, кейде жүздеген адам қолданатындықтан, олардың беткейлерінде адамның тері микрофлорасы және қоршаған орта бактериялары жиналуы мүмкін.

Әртүрлі елдерде жүргізілген зерттеулер банкомат беткейлерінде микроорганизмдердің кең таралғанын көрсетеді. Көбінесе *Staphylococcus aureus* және *Staphylococcus epidermidis* анықталады [1,4]. Бұл бактериялар адамның терісінде қалыпты жағдайда кездескенімен, иммунитет төмендеген кезде іріңді-қабыну ауруларын тудыруы мүмкін. Сонымен қатар ішек тобы бактерияларының, соның ішінде *Escherichia coli* анықталуы гигиеналық талаптардың жеткіліксіздігін және қол жуу мәдениетінің төмендігін көрсетеді [1].

Кейбір зерттеулерде *Bacillus spp.* сияқты қоршаған ортада кең таралған спора түзуші бактериялар анықталған [4]. Бұл микроорганизмдердің болуы банкоматтардың ашық ортада орналасуына және шаң арқылы ластануына байланысты түсіндіріледі. Банкоматтардың пернетақталары ең жоғары микробтық ластануға ие екендігі көрсетілген, себебі пайдаланушылар дәл осы бөлікпен ең жиі жанасады.

Микробиологиялық тұрғыдан мұндай зерттеулердің маңызы жоғары болғанымен, олардың педагогикалық құндылығы да ерекше. Қазіргі медициналық білім беруде студенттердің зерттеушілік қабілеттерін дамыту негізгі талаптардың бірі болып табылады. Студент нақты объектіні зерттеу арқылы микроорганизмдердің таралу механизмдерін жақсы түсінеді және инфекция профилактикасының маңызын саналы түрде қабылдайды.

Жобаға бағытталған оқыту осы міндеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл әдіс білім алушылардың дербес жұмысын, топтық өзара әрекетін және сыни ойлауын дамытады. Студенттер зерттеу жүргізу барысында мәселені анықтайды, гипотеза құрады, эксперимент жүргізеді және нәтижелерді талдайды. Осылайша білім беру үдерісі ғылыми зерттеу қызметімен тікелей байланысады.

Медициналық білім беруді жетілдіруде инновациялық әдістерді енгізу, соның ішінде ғылыми зерттеу элементтерімен оқыту, болашақ дәрігерлердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталғаны көрсетілген. Сондықтан микробиология пәнінде қоршаған орта объектілерін зерттеу арқылы жүргізілетін жобаға бағытталған оқыту медициналық білім берудің тиімді тәсілі болып табылады.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Зерттеу жобаға бағытталған оқыту (Project-Based Learning) технологиясы аясында ұйымдастырылған оқу-зертханалық сипаттағы бақылаулық зерттеу болып табылады. Жоба «Микробиология және иммунология» пәнін меңгеру барысында 6В10115 «Медицина» білім беру бағдарламасының 1-курс студенттерінің қатысуымен жүргізілді. Зерттеудің негізгі мақсаты – қоғамдық орта объектілерінің микробтық ластануын анықтау арқылы студенттердің зертханалық және зерттеушілік құзыреттіліктерін қалыптастыру.

Зерттеу объектісі ретінде қоғамдық қолжетімді банкомат құрылғылары таңдалды. Зерттеуде банкоматтың адаммен жиі жанасатын келесі бөліктері қарастырылды:

- пернетақта,
- сенсорлық экран,
- карта қабылдағыш (картоприемник),
- құрылғының сыртқы тұтқалары.

Бұл беткейлер күнделікті көптеген пайдаланушылармен жанасатындықтан, ықтимал микробтық контаминация аймақтары ретінде қарастырылды.

Сынамалар асептика ережелерін сақтай отырып алынды. Әрбір зерттеу нүктесінен материал стерильді мақталы тампон арқылы жиналды. Тампондар алдын ала стерильді физиологиялық ерітіндімен ылғалдандырылып, зерттелетін беткей бойымен бір бағытта бірнеше рет жүргізілді. Әр нүктеден алынған тампондар жеке стерильді пробиркаларға орналастырылып, зертханаға жеткізілді.

Алынған материал стандартты бактериологиялық әдістер арқылы зерттелді. Тампондардан материал қоректік ортаға (Петри табақшаларына) себілді. Себінділер 37°C температурада термостатта 24–48 сағат инкубацияланды. Инкубациядан кейін өскен колониялар макроскопиялық түрде зерттелді: колония пішіні, түсі, беткей құрылымы, шеттері, мөлшері.

Өскен колониялардан микробиологиялық жағындылар дайындалды. Препараттар Грам әдісі бойынша боялып, жарық микроскопында зерттелді. Микроскопия барысында келесі белгілер бағаланды: жасуша пішіні (кокк, таяқша), орналасуы (жұп, тізбек, шоғыр), Грам реакциясы.

Микроорганизмдерді алдын ала идентификациялау: колония морфологиясы, Грам бояуы, микроскопиялық көрінісі негізінде жүргізілді.

Алынған деректер тіркеліп, жүйелендірілді. Әрбір банкомат бөлігіндегі микроорганизмдердің кездесуі салыстырмалы түрде бағаланды. Нәтижелер кестелер мен диаграммалар түрінде ұсынылды. Сонымен қатар студенттер анықталған микроорганизмдердің ықтимал берілу жолдарын және профилактикалық маңызын талдады.

Зерттеу барысында адамдардан биологиялық материал алынған жоқ, тек жансыз қоршаған орта объектілері зерттелді. Сондықтан зерттеу биомедициналық этика талаптарына қайшы келмейді және қауіпсіз оқу-зертханалық жұмыс ретінде орындалды.

НӘТИЖЕЛЕР

Жүргізілген зерттеу барысында қоғамдық қолжетімді банкомат беткейлерінен алынған сынамаларда әртүрлі микроорганизмдердің өсуі анықталды. Микробтық ластану деңгейі банкоматтың зерттелген бөліктеріне байланысты әртүрлі болды.

Банкомат беткейлеріндегі микробтық ластану

Зерттеу нәтижелері бойынша микроорганизмдердің ең жоғары концентрациясы банкоматтың пернетақта беткейінде байқалды. Бұл бөліктің пайдаланушылармен жиі жанасуы микробтық контаминацияның жоғары деңгейімен тікелей байланысты екені анықталды. Одан кейін микробтық ластану деңгейі карта қабылдағыш пен сенсорлық экранда тіркелді. Банкоматтың сыртқы тұтқаларында микроорганизмдер салыстырмалы түрде сирек анықталды.

Бактериологиялық және микроскопиялық зерттеу нәтижесінде келесі микроорганизмдер анықталды:

- *Staphylococcus aureus*
- *Staphylococcus epidermidis*
- *Escherichia coli*
- *Bacillus spp.*

Staphylococcus epidermidis барлық дерлік сынамаларда кездесіп, ең жиі анықталған микроорганизм болды. Бұл бактерия адамның тері микрофлорасының негізгі өкілдерінің бірі болып табылады және қол арқылы берілетін контаминацияның көрсеткіші ретінде қарастырылды.

Staphylococcus aureus кейбір сынамаларда анықталды, бұл қоғамдық беткейлерде шартты-патогенді микроорганизмдердің таралу қаупін көрсетеді.

Escherichia coli анықталуы санитарлық-гигиеналық талаптардың жеткіліксіздігін және қол гигиенасының сақталмауын жанама түрде дәлелдейді.

Bacillus spp. өкілдері спора түзуші бактериялар ретінде банкоматтардың ашық ортада орналасуына байланысты анықталды.

Грам бойынша боялған препараттарды микроскопиялық зерттеу барысында:

- *Staphylococcus spp.* — Грам оң кокктар, шоғыр түрінде орналасқан,
- *Escherichia coli* — Грам теріс таяқшалар,
- *Bacillus spp.* — Грам оң ірі таяқшалар ретінде сипатталды.

Жобаға бағытталған оқыту аясында студенттер зертханалық зерттеудің барлық кезеңдеріне белсенді қатысты. Студенттер:

- биоматериал алуды,
- себінді жүргізуді,
- микроскопиялық талдауды,
- алынған нәтижелерді интерпретациялауды өз бетімен орындады.

Нәтижелерді талдау барысында студенттер қоғамдық орта объектілерінің инфекция таралуындағы рөлін түсініп, гигиеналық қауіпсіздіктің маңызын дәлелді түрде көрсете алды.

ТАЛҚЫЛАУ

Жүргізілген зерттеу қоғамдық банкомат беткейлерінің микроорганизмдермен контаминацияланатынын көрсетті. Банкоматтар көптеген адамдармен күнделікті жанасатын объектілер болғандықтан, олар инфекциялық агенттердің жанама берілу көзі ретінде

қарастырылуы мүмкін. Мұндай объектілер эпидемиологияда фомиттер қатарына жатады, яғни инфекция қоздырғыштары жансыз беткейлер арқылы таралуы ықтимал [5].

Зерттеу барысында анықталған микроорганизмдердің құрамы олардың шығу тегін түсіндіруге мүмкіндік береді. *Staphylococcus epidermidis* және *Staphylococcus aureus* адамның тері микрофлорасының өкілдері болып табылады, сондықтан олардың банкомат беткейлерінде кездесуі пайдаланушылардың қолы арқылы контаминацияланумен байланысты. Бұл қоғамдық орындарда қол гигиенасының жеткіліксіз сақталатынын көрсетеді.

Escherichia coli анықталуы ерекше назар аудартады, себебі ол ішек тобы бактерияларына жатады және санитарлық-гигиеналық талаптардың бұзылуының индикаторы ретінде қарастырылады [1]. Бұл жағдай қол жуу мәдениетінің жеткіліксіздігін және қоғамдық орындарда инфекцияның жанама берілу мүмкіндігін дәлелдейді [6]. Ал *Bacillus spp.* өкілдерінің анықталуы қоршаған орта шаңы арқылы ластанумен түсіндіріледі, өйткені бұл бактериялар спора түзуші және сыртқы ортаға төзімді келеді.

Микробтық ластанудың ең жоғары деңгейі пернетақтада тіркелуі заңды құбылыс болып табылады. Пернетақта — пайдаланушылар ең жиі жанасатын бөлік, сондықтан микроорганизмдердің жинақталуына қолайлы жағдай қалыптасады. Бұл дерек қоғамдық орындардағы жанасатын беткейлерді жүйелі дезинфекциялау қажеттігін көрсетеді.

Жоба нәтижелерінің тек эпидемиологиялық емес, педагогикалық маңызы да жоғары. Жобаға бағытталған оқыту барысында студенттер дайын ақпаратты қабылдаушы емес, зерттеуші рөлін атқарды. Олар нақты ғылыми мәселені анықтап, зерттеу жүргізіп, нәтижелерді талдады және қорытынды жасады. Мұндай тәсіл теориялық білімді тәжірибемен байланыстыруға мүмкіндік береді.

Практикалық зерттеу барысында студенттер микроорганизмдердің қоршаған ортада таралуын, берілу жолдарын және профилактикалық шаралардың қажеттілігін нақты мысал арқылы түсінді. Бұл клиникалық ойлау элементтерінің қалыптасуына ықпал етеді, себебі болашақ дәрігер инфекцияның таралу механизмдерін тек теориялық емес, практикалық тұрғыдан бағалай алады.

Жобаға бағытталған оқыту студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға әсер етті. Олар асептика ережелерін сақтауды, микробиологиялық зерттеу жүргізуді, нәтижелерді интерпретациялауды және ғылыми есеп жазуды меңгерді. Сонымен қатар топтық жұмыс, жауапкершілік және ғылыми коммуникация дағдылары дамыды.

Осылайша жүргізілген зерттеу білім беру үдерісіне ғылыми зерттеуді енгізу болашақ дәрігерлердің кәсіби дайындық сапасын арттыратынын көрсетті. Теориялық білім мен практикалық әрекетті біріктіру медициналық білім берудің тиімділігін арттыратын маңызды педагогикалық шарт болып табылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жүргізілген зерттеу қоғамдық банкомат беткейлерінің микроорганизмдермен ластанатынын көрсетті. Банкоматтың әртүрлі бөліктерінен алынған сынамаларда *Staphylococcus aureus, Staphylococcus epidermidis, Escherichia coli* және *Bacillus spp.* анықталды. Микробтық ластанудың ең жоғары деңгейі пайдаланушылар жиі жанасатын пернетақта беткейінде тіркелді. Бұл қоғамдық орта объектілерінің инфекцияның жанама берілуіне қатысуы мүмкін екенін көрсетеді.

Анықталған микроорганизмдердің құрамы олардың негізгі көзі адамның тері микрофлорасы және қол арқылы берілетін контаминация екенін дәлелдейді. Ішек тобы бактерияларының анықталуы жеке бас гигиенасының жеткіліксіз сақталуын жанама түрде көрсетеді және профилактикалық шаралардың қажеттілігін негіздейді.

Жобаға бағытталған оқыту технологиясын микробиология пәнінде қолдану студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға оң әсер етті. Студенттер зертханалық зерттеу жүргізудің барлық кезеңдерін тәжірибелік түрде орындап, микроорганизмдерді анықтау, нәтижелерді талдау және ғылыми қорытынды жасау дағдыларын меңгерді. Сонымен қатар олардың клиникалық ойлауы, ғылыми ізденісі және жауапкершілігі дамыды.

Осылайша ғылыми зерттеуге негізделген оқу үдерісі теориялық білім мен практикалық дағдылардың интеграциясын қамтамасыз етеді және болашақ дәрігерлерді даярлаудың тиімді тәсілі болып табылады. Жоба нәтижелері қоғамдық орындардағы гигиеналық қауіпсіздікке назар аудару қажеттігін көрсетіп, профилактикалық ұсыныстар әзірлеуге негіз болды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Adie FU, Oduokpaha GE, Oworah SG, John Joseph O. Bacterial contamination of automated teller machine surfaces and its public health implications. Pak J Med Health Sci. 2020;14(2):1335-1338.

2. Tagoe DN, Baidoo SE, Dadzie I, Ahator D. A study of bacterial contamination of currency notes and automated teller machines in a developing country. WebmedCentral Microbiology. 2011;2(8):WMC002114.

3. Al-Ghamdi AK, Abdelmalek SMA, Ashshi AM, Faidah H, Shukri H, Jiman-Fatani AA. Bacterial contamination of computer keyboards and mice, elevator buttons, and shopping carts. Afr J Microbiol Res. 2011;5(23):3998-4003.

4. Ramesh A, Kumar MS, Balamurugan S. Investigation of bacterial contamination on ATM machines and their antibiotic susceptibility pattern. Int J Adv Health Sci. 2022;9(3):30-35.

5. Boone SA, Gerba CP. Significance of fomites in the spread of respiratory and enteric viral disease. Appl Environ Microbiol. 2007;73(6):1687-1696.

6. World Health Organization. WHO guidelines on hand hygiene in health care. Geneva: WHO Press; 2009.

ӘОЖ: 616.314-002-084:378.147

Кенбаева Л.О., Батырходжаева М.М., Исмаилова Н.П.
Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Шымкент қ, Қазақстан Республикасы

ЖОБАҒА БАҒЫТТАЛҒАН ОҚЫТУ НЕГІЗІНДЕ ЖАСӨСПІРІМДЕРДЕГІ ТІС ЖЕГІСІНІҢ АЛДЫН АЛУ СТРАТЕГИЯЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ (ФТОР ПРОФИЛАКТИКАСЫ ЖӘНЕ ФИССУРАЛЫҚ ГЕРМЕТИЗАЦИЯНЫҢ МАҢЫЗЫ)

Аңдатпа

Бұл мақалада медициналық білім беруде жобаға бағытталған оқыту технологиясын қолдану арқылы жасөспірімдердегі тіс жегісінің алдын алу мәселесі қарастырылды. Зерттеу аралас дизайнда жүргізілді: әлеуметтік-гигиеналық сауалнама және ғылыми әдебиеттерді талдау. 112 жасөспірім арасында жүргізілген сауалнама профилактикалық стоматологиялық мінез-құлықтың жеткіліксіз қалыптасқанын көрсетті. Респонденттердің көпшілігі стоматологқа тек ауырсыну кезінде жүгінеді, тіс жібін қолданбайды және газдалған сусындарды жиі тұтынады. Сонымен қатар қатысушылардың басым бөлігінде фтор профилактикасы туралы білім деңгейі төмен екені анықталды. Әдеби деректер кариес дамуының негізгі факторлары ретінде көмірсуларды жиі тұтыну, бактериялық биоқабық және эмаль деминерализациясын көрсетеді. Фтор профилактикасы мен фиссуралық герметизация кариес жиілігін төмендетудің тиімді әдістері екені

дәлелденді. Жобаға бағытталған оқыту барысында студенттер деректерді жинау, талдау және профилактикалық ұсыныстар әзірлеу кезеңдеріне қатысып, ғылыми-аналитикалық және клиникалық ойлау дағдыларын қалыптастырды. Бұл тәсіл медициналық білім беру процесінде теория мен практиканы біріктіруге мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: *тіс жегісі, профилактика, фтор, фиссуралық герметизация, стоматологиялық сауаттылық, жобаға бағытталған оқыту.*

Кенбаева Л.О., Батырходжаева М.М., Исмаилова Н.П.
Южно-Казахстанская медицинская академия, г. Шымкент, Республика Казахстан

ФОРМИРОВАНИЕ СТРАТЕГИЙ ПРОФИЛАКТИКИ КАРИЕСА У ПОДРОСТКОВ НА ОСНОВЕ ПРОЕКТНО-ОРИЕНТИРОВАННОГО ОБУЧЕНИЯ (ЗНАЧЕНИЕ ФТОРПРОФИЛАКТИКИ И ФИССУРНОЙ ГЕРМЕТИЗАЦИИ)

Аннотация

В статье рассматривается проблема профилактики кариеса у подростков с использованием технологии проектно-ориентированного обучения в медицинском образовании. Исследование выполнено в смешанном дизайне и включало социально-гигиеническое анкетирование и анализ научной литературы. В опросе приняли участие 112 подростков. Полученные результаты показали недостаточный уровень профилактического стоматологического поведения. Большинство респондентов обращаются к стоматологу только при появлении боли, не используют зубную нить и часто употребляют газированные напитки. Также выявлен низкий уровень информированности о роли фторпрофилактики. По данным литературных источников, ключевыми факторами развития кариеса являются частое потребление углеводов, бактериальный биопленочный налет и деминерализация эмали. Доказана эффективность фторпрофилактики и фиссурной герметизации в снижении частоты кариеса. В ходе проектно-ориентированного обучения студенты участвовали в сборе и анализе данных, а также разработке профилактических рекомендаций, что способствовало формированию их научно-аналитических и клинических навыков. Данный подход обеспечивает интеграцию теоретических знаний и практической деятельности в процессе подготовки будущих врачей.

Ключевые слова: кариес, профилактика, фтор, фиссурная герметизация, стоматологическая грамотность, проектно-ориентированное обучение.

Kenbaeva L.O., Batyrkhodzhaeva M.M., Ismailova N.P.
South Kazakhstan Medical Academy, Shymkent, Republic of Kazakhstan

DEVELOPMENT OF DENTAL CARIES PREVENTION STRATEGIES IN ADOLESCENTS BASED ON PROJECT-BASED LEARNING (THE ROLE OF FLUORIDE PREVENTION AND FISSURE SEALING)

Abstract

This article addresses the prevention of dental caries in adolescents using project-based learning in medical education. The study employed a mixed design including a social-hygienic survey and analysis of scientific literature. A total of 112 adolescents participated in the survey. The findings demonstrated an insufficient level of preventive dental behavior. Most respondents visited a dentist only in case of pain, did not use dental floss, and frequently consumed carbonated beverages. In addition, a low level of awareness regarding fluoride prevention was identified. Literature data indicate that frequent carbohydrate intake, bacterial biofilm formation, and enamel demineralization are the main factors in caries development. Fluoride prevention and fissure sealing have been proven to be effective methods for reducing caries incidence. Within project-based learning, students participated in data collection, analysis, and development of preventive recommendations, which contributed to the formation of their analytical thinking and clinical reasoning skills. This approach allows integration of theoretical knowledge with practical training in medical education.

Keywords: *dental caries, prevention, fluoride, fissure sealant, oral health literacy, project-based learning.*

Кіріспе

Қазіргі медициналық білім беруде студент тек теориялық білімді меңгерумен шектелмей, практикалық және профилактикалық міндеттерді шешуге дайын болуы қажет. Осыған байланысты медициналық білім беруді трансформациялау және болашақ мамандарды даярлауда инновациялық оқыту технологияларын енгізу өзекті болып табылады.

Жасөспірімдік кезең — адамның денсаулық әдеттері қалыптасатын маңызды уақыт. Алайда ауыз қуысы гигиенасының жеткіліксіздігі мен көмірсуларды шамадан тыс тұтыну кариес таралуының артуына әкеледі. Тіс жегісі — тістің қатты тіндерінің бактериялық қышқыл әсерінен бұзылуымен сипатталатын ауру [3].

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректері бойынша мектеп жасындағы балалардың 60–90%-ы тіс жегісіне шалдығады [4].

Көмірсуларды жиі тұтыну мен ауыз қуысы гигиенасының жеткіліксіздігі кариес дамуының негізгі қауіп факторлары болып саналады [1]. Осыған байланысты профилактикаға бағытталған білім беру мен студенттердің практикалық дағдыларын қалыптастыру маңызды.

Зерттеу мақсаты

Жобаға бағытталған оқыту технологиясын қолдану арқылы жасөспірімдердегі тіс жегісінің таралуына әсер ететін әлеуметтік-гигиеналық факторларды анықтау және профилактикалық стоматологияның тиімді әдістерін (фтор профилактикасы мен фиссуралық герметизация) ғылыми тұрғыдан негіздеу.

Зерттеу міндеттері

1. Жасөспірімдердің ауыз қуысы гигиенасы және стоматологиялық мінез-құлқын бағалау.
2. Профилактика туралы білім деңгейін анықтау.
3. Кариес дамуының негізгі қауіп факторларын айқындау.
4. Әдеби деректер негізінде профилактикалық әдістердің тиімділігін талдау.
5. Жобаға бағытталған оқыту барысында студенттердің зерттеу және клиникалық ойлау дағдыларын қалыптастыру.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу дизайны

Зерттеу аралас сипатта жүргізілді:

- әлеуметтік-гигиеналық көлденең зерттеу (сауалнама);
- аналитикалық әдеби шолу.

Бұл тәсіл медициналық білім беруде теория мен практиканы біріктіруге бағытталған жобаға бағдарланған оқытуға сәйкес келеді.

1. Әлеуметтік-гигиеналық зерттеу

Зерттеу жасөспірімдердің ауыз қуысы гигиенасы мен профилактикалық мінез-құлқын бағалау мақсатында жүргізілді. Деректерді жинау үшін Google Forms онлайн-платформасында анонимді құрылымдалған сауалнама қолданылды. Сауалнама ерікті түрде толтырылды, жеке деректер жиналған жоқ, бұл қатысушылардың жауаптарының шынайылығын арттыруға мүмкіндік берді.

Сауалнамаға барлығы 112 респондент қатысты.

Зерттеу нысаны – мектеп жасындағы жасөспірімдер. Іріктеу қолжетімділік принципі бойынша жүргізілді, яғни сауалнама білім беру ұйымдарының оқушылары арасында онлайн форматта таратылды.

Сауалнама жабық типті сұрақтардан тұрды және бірнеше негізгі блоктарды қамтыды.

1. Ауыз қуысы гигиенасы

- тіс тазалау жиілігі
- тісті тазалау уақыты
- тіс жібін (флос) қолдану
- қосымша гигиеналық құралдарды пайдалану

Бұл көрсеткіштер ауыз қуысында тіс қағының жиналу қаупін жанама бағалау үшін қолданылды.

2. Стоматологиялық мінез-құлық

- стоматологқа қаралу жиілігі
- профилактикалық тексеруге қатысу
- дәрігерге тек ауырсыну кезінде жүгіну

Бұл блок профилактикалық медицинаның қалыптасу деңгейін бағалау үшін енгізілді.

3. Тамақтану әдеттері

- тәтті тағамдарды тұтыну жиілігі
- газдалған сусындарды ішу жиілігі
- қантты тағамдарды күнделікті қабылдау

Бұл көрсеткіштер кариес дамуының негізгі қауіп факторларының бірі болып саналатын көмірсуларды қабылдау деңгейін анықтауға бағытталды.

4. Профилактика туралы білім

- фтордың тіс жегісінің алдын алудағы рөлі туралы хабардарлық
- фторлы тіс пасталарын қолдану

• фиссуралық герметизация туралы білім

Бұл сұрақтар жасөспірімдердің стоматологиялық сауаттылық деңгейін бағалау үшін қолданылды.

Алынған жауаптар *Google Forms* жүйесінде автоматты түрде тіркеліп, пайыздық көрсеткіштер ретінде өңделді. Нәтижелер сипаттамалық статистика әдісімен талданды, яғни абсолюттік мәндер мен пайыздық үлестер есептелді.

Зерттеу интервенциялық емес, бақылаулық сипатта болды.

Әлеуметтік-гигиеналық сауалнама әдісі жасөспірімдердегі аурулардың қауіп факторларын анықтауда қоғамдық денсаулық сақтау зерттеулерінде кеңінен қолданылатын әдіс болып табылады. Бұл тәсіл нақты клиникалық араласусыз мінез-құлықтық және ақпараттық факторларды бағалауға мүмкіндік береді.

2. Әдеби шолу

Зерттеудің екінші кезеңінде тіс жегісінің даму механизмдері, ауыз қуысы микробиомының рөлі және профилактикалық стоматология әдістерінің тиімділігі бойынша ғылыми деректерге талдау жүргізілді. Әдеби шолу зерттеу нәтижелерін интерпретациялау және алынған әлеуметтік-гигиеналық деректерді түсіндіру мақсатында орындалды.

Әдеби деректерді талдау барысында кариес патогенезі, бактериялық факторлар, тағамдық әдеттер, фтор профилактикасы және фиссуралық герметизация әдістерінің тиімділігі қарастырылды.

Кариес этиологиясы және патогенезі

Кариес — тістің қатты тіндерінің (эмаль мен дентин) бактериялар түзетін органикалық қышқылдардың әсерінен біртіндеп бұзылуымен сипатталатын созылмалы ауру.

Ауыз қуысында қалыпты жағдайда көптеген микроорганизмдер өмір сүреді. Алайда көмірсуларды жиі қабылдағанда кейбір бактериялардың белсенділігі артады. Әсіресе *Streptococcus mutans* бос қанттарды ыдыратып, органикалық қышқыл түзеді. Қышқылдың әсерінен тіс эмалінің минералдары еріп, деминерализация процесі басталады [3].

Ауыз қуысы микробиомы — адам ағзасындағы ең күрделі микробиологиялық экожүйелердің бірі болып саналады. Микробиом құрамының өзгеруі кариес дамуымен тікелей байланысты.

Кариесі бар балаларда бактериялық тепе-теңдік бұзылып, қышқыл түзуші микроорганизмдер басым болады.

Тамақтану факторы

Кариес дамуы көмірсуларды жиі тұтынумен тығыз байланысты. Қант бактериялар үшін негізгі қоректік субстрат болып табылады. Қанттың жиі қабылдануы ауыз қуысының pH көрсеткішін төмендетіп, эмальдің деминерализациясын жылдамдатады.

Әдеби деректерде қант тұтыну төмендеген кезеңдерде жасөспірімдер арасында кариес таралуы бірнеше есе азайғаны көрсетілген [1].

Фтор профилактикасы

Фтор тіс жегісінің алдын алудағы негізгі профилактикалық факторлардың бірі болып табылады. Фтор иондары:

- эмальдің минералдануын күшейтеді
- қышқылға төзімділігін арттырады
- бактериялардың қышқыл түзу белсенділігін тежейді.

12 455 бала қатысқан зерттеулерді талдау нәтижесінде фторлы лак қолдану:

- тұрақты тістердегі кариес жиілігін 43%-ға
- сүт тістерде 37%-ға төмендеткен [2].

Фиссуралық герметизация

Фиссуралық герметизация — шайнау бетінің ойықтарын арнайы герметикпен жабу арқылы бактериялардың жиналуын механикалық түрде болдырмайтын профилактикалық әдіс.

Көптеген клиникалық зерттеулер көрсеткендей:

- герметизация кариес қаупін 3–4 есе төмендетеді
- профилактикалық әсері 2–4 жыл сақталады.

Бұл әдіс әсіресе тұрақты азу тістер үшін тиімді болып табылады [6].

Әдеби шолудың зерттеумен байланысы

Әдеби деректер кариес дамуының негізгі қауіп факторлары ретінде:

- көмірсуларды жиі тұтынуды
- гигиенаның жеткіліксіздігін
- профилактика туралы білімнің төмендігін көрсетеді.

Бұл факторлар біздің сауалнама нәтижелерімен сәйкес келеді және алынған деректердің ғылыми негізділігін дәлелдейді.

Нәтижелер

1. Әлеуметтік-гигиеналық зерттеу нәтижелері

Жүргізілген сауалнама жасөспірімдер арасында ауыз қуысы гигиенасының жеткіліксіз деңгейде қалыптасқанын және профилактикалық стоматологиялық мінез-құлықтың төмен екенін көрсетті. Алынған мәліметтер мінез-құлықтық және ақпараттық қауіп факторларының кең таралғанын анықтады.

Кариес таралуы. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің **86%-ында тіс жегісі бар екені анықталды**. Бұл көрсеткіш зерттелген топта тіс жегісінің жоғары таралуын сипаттайды және жасөспірімдердің басым бөлігінің стоматологиялық қауіп тобына жататынын көрсетеді. Сонымен қатар ауыз қуысы ауруларының профилактикасы жеткіліксіз жүргізілетінін жанама түрде дәлелдейді.

Стоматологиялық мінез-құлық. Респонденттердің **54,5%-ы стоматологқа тек ауырсыну пайда болған жағдайда ғана жүгінетінін** көрсетті. Ал профилактикалық тексерулерге жүйелі түрде қатысатындардың үлесі өте төмен. Бұл деректер жасөспірімдер арасында профилактикалық медицинаның емес, симптом пайда болғаннан кейін ғана көмекке жүгіну үлгісі басым екенін байқатады. Нәтижесінде ауру ерте кезеңінде анықталмай, асқынған сатыларда ғана диагноз қойылады.

Гигиеналық дағдылар. Сауалнама нәтижесі бойынша **50% жасөспірім тіс жібін (флос) қолданбайды**. Тіс жібінің қолданылмауы тісаралық аймақтарда тіс қағының жиналуына жағдай жасайды. Бұл аймақтар тіс щеткасы үшін қолжетімсіз болғандықтан, бактериалды биоқабықтың сақталу ықтималдығы жоғары болады.

Тамақтану әдеттері. Қатысушылардың **51%-ы газдалған сусындарды жиі тұтынатынын** көрсетті. Көмірсуларды жиі қабылдау ауыз қуысындағы қышқылдық ортаның ұзақ сақталуына ықпал етеді. Мұндай жағдайда тіс эмалінің деминерализация процесі жылдамдайды, бұл кариес дамуының мінез-құлықтық қауіп факторы ретінде қарастырылады.

Профилактика туралы білім. Респонденттердің 58%-ы фтордың тіс жегісінен қорғайтын әсері бар екенін білмейтінін көрсетті. Бұл дерек жасөспірімдердің стоматологиялық сауаттылығының жеткіліксіз екенін көрсетеді. Профилактикалық шаралар туралы ақпараттың аздығы гигиеналық дағдылардың қалыптасуына және алдын алу әдістерін қолдануға кері әсер етеді.

Жалпы алынған нәтижелер жасөспірімдерде кариес таралуының тек биологиялық факторлармен емес, мінез-құлықтық және ақпараттық факторлармен де байланысты екенін көрсетеді. Атап айтқанда, стоматологқа кеш қаралу, жеткіліксіз гигиеналық күтім,

көмірсуларды жиі тұтыну және профилактика туралы білімнің төмендігі бір мезгілде байқалды.

2. Әдеби шолу нәтижелері

Кариес патогенезі. Тіс жегісі – тістің қатты тіндерінің (эмаль мен дентин) бактериялар түзетін органикалық қышқылдардың әсерінен біртіндеп бұзылуымен сипатталатын созылмалы инфекциялық процесс.

Ауыз қуысында көптеген микроорганизмдер тұрақты мекендейді және қалыпты жағдайда микробиологиялық тепе-теңдік сақталады. Алайда көмірсуларды жиі тұтыну кезінде бактериялық биоүлдір (биопленка) белсенділігі артады. Әсіресе *Streptococcus mutans* бос қанттарды метаболиздеп, сүт қышқылын және басқа органикалық қышқылдарды түзеді.

Қышқылдардың әсерінен ауыз қуысының pH көрсеткіші төмендейді. Бұл жағдайда тіс эмалінің негізгі минералы – гидроксиапатит кристалдары еріп, деминерализация процесі басталады . Егер бұл процесс ұзақ уақыт қайталанса, эмаль құрылымы бұзылып, кейін дентинге таралатын кариозды қуыстар қалыптасады.

Ауыз қуысы микробиомының өзгеруі кариес дамуында маңызды рөл атқарады. Қалыпты жағдайда қорғаныш қызметін атқаратын бактериялар басым болса, көмірсуларды жиі қабылдау нәтижесінде қышқыл түзуші микроорганизмдер саны артады. Мұндай дисбиоз тіс жегісінің басталуын жеделдетеді.

Фтор профилактикасы. Фтор тіс жегісінің алдын алудағы негізгі профилактикалық факторлардың бірі болып табылады. Фтор иондары эмальдың минералдық құрамымен әрекеттесіп, фторапатит түзілуіне ықпал етеді. Бұл қосылыс қышқылға гидроксиапатитке қарағанда анағұрлым төзімді келеді.

Фтордың профилактикалық әсері бірнеше механизм арқылы жүзеге асады:

- эмальдің реминерализациясын күшейту
- деминерализация жылдамдығын төмендету
- бактериялардың қышқыл түзу белсенділігін тежеу.

Көптеген зерттеулерді қамтыған талдау нәтижесінде 12 455 бала қатысқан зерттеуде фторлы лак қолдану тұрақты тістердегі кариес жиілігін 43%-ға, ал сүт тістерде 37%-ға төмендеткені анықталған. Бұл фтор профилактикасының клиникалық тиімділігін көрсетеді.

Фиссуралық герметизация. Фиссуралық герметизация – шайнау бетінің анатомиялық ойықтарын арнайы герметик материалымен жабу арқылы микроорганизмдердің жиналуын болдырмайтын профилактикалық әдіс.

Шайнау бетінің фиссуралары тіс щеткасына қолжетімсіз аймақ болып табылады, сондықтан дәл осы жерде кариес жиі дамиды. Герметик қолдану бактериялардың жиналуын механикалық түрде бөгеп, қақтың түзілуіне жол бермейді.

Клиникалық зерттеулер нәтижесінде кариес даму қаупі 3–4 есе төмендейтіні профилактикалық әсері 2–4 жыл сақталатыны көрсетілген.

Аталған әдіс әсіресе тұрақты азу тістердің жару кезеңінде тиімді болып табылады, себебі дәл осы кезеңде эмаль толық минералданбаған және кариеске бейімділігі жоғары болады.

Әдеби деректер тіс жегісінің дамуы үш негізгі фактордың (бактериялық биоқабық, көмірсуларды жиі тұтыну, эмальдің минералдық тұрақтылығының төмендеуі) бірлескен әсерімен жүретінін көрсетеді.

Ал фтор профилактикасы мен фиссуралық герметизация осы факторларға әртүрлі деңгейде әсер етіп, кариес дамуын баяулатуға немесе толық алдын алуға мүмкіндік береді.

Талқылау

Жүргізілген әлеуметтік-гигиеналық зерттеу нәтижелері жасөспірімдерде тіс жегісінің таралуы тек биологиялық себептермен ғана емес, мінез-құлықтық және ақпараттық факторлармен де тығыз байланысты екенін көрсетті. Сауалнама барысында анықталған негізгі қауіп факторлары — ауыз қуысы гигиенасының жеткіліксіздігі, тәтті тағамдарды жиі тұтыну, стоматологқа кеш қаралу және профилактика туралы білімнің төмендігі.

Алынған деректерге сәйкес респонденттердің басым бөлігі стоматологқа тек ауырсыну пайда болған кезде ғана жүгінеді. Бұл жасөспірімдер арасында профилактикалық медицинаның емес, симптоматикалық медицинаның қалыптасқанын көрсетеді. Мұндай мінез-құлық аурудың ерте кезеңде анықталмауына және кариозды процестің асқынған сатыларға дейін дамуына әкеледі.

Сонымен қатар гигиеналық дағдылардың жеткіліксіздігі анықталды. Тіс жібін қолданбау және ауыз қуысының толық тазаланбауы тісаралық аймақтарда бактериялық биоқабықтың жиналуына жағдай жасайды. Бұл аймақтарда микроорганизмдердің ұзақ сақталуы кариес даму қаупін арттырады.

Тамақтану әдеттерін талдау жиі көмірсуларды қабылдау факторын көрсетті. Газдалған сусындар мен тәтті тағамдарды тұрақты тұтыну ауыз қуысында қышқыл ортаның ұзақ сақталуына алып келеді. Әдеби деректерде көмірсуларды жиі қабылдау кезінде бактериялардың қышқыл түзу белсенділігі күшейіп, эмаль деминерализациясы жүретіні көрсетілген . Бұл біздің зерттеу нәтижелерінде анықталған жоғары кариес таралуын түсіндіреді.

Профилактика туралы білім деңгейінің төмендігі де маңызды фактор болып табылады. Респонденттердің едәуір бөлігі фтордың қорғаныш әсерін білмейді. Бұл жасөспірімдердің стоматологиялық сауаттылығы жеткіліксіз екенін және алдын алу шараларының қолданылмауының себептерінің бірі екенін көрсетеді. Әдеби деректер бойынша фтор эмальдің минералдануын күшейтіп, қышқылға төзімділігін арттырады, нәтижесінде кариес жиілігі төмендейді.

Осылайша алынған нәтижелер кариес дамуының негізгі қауіп факторлары ретінде мінез-құлықтық және ақпараттық факторлардың жетекші рөл атқаратынын көрсетті. Бұл стоматологиялық аурулардың профилактикасы тек медициналық шаралармен ғана емес, білім беру және ақпараттандыру арқылы да жүзеге асырылуы тиіс екенін дәлелдейді.

Жобаға бағытталған оқыту барысында студенттер зерттеу процесінің барлық кезеңдеріне қатысты: сауалнама құрастырды, деректер жинады, нәтижелерді талдады және профилактикалық ұсыныстар әзірледі. Бұл тәсіл студенттердің тек теориялық білімін ғана емес, сонымен қатар аналитикалық ойлау, ғылыми талдау және клиникалық шешім қабылдау дағдыларын дамытуға мүмкіндік берді.

Мұндай формат медициналық білім беруді тәжірибеге бағыттауға мүмкіндік береді. Білім беру процесінде нақты қоғамдық денсаулық мәселесін шешу студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырады және оқу мен ғылымның интеграциясын қамтамасыз етеді. Медициналық білімді трансформациялау болашақ мамандарды практикалық қызметке дайындаумен тығыз байланысты екені көрсетілген.

Сонымен, жобаға бағытталған оқыту профилактикалық стоматология мәселелерін оқытуда тиімді педагогикалық әдіс ретінде қарастырылуы мүмкін, себебі ол білім алушыларды нақты медициналық мәселелерді талдауға және дәлелді ұсыныстар жасауға үйретеді.

Қорытынды

Жүргізілген әлеуметтік-гигиеналық зерттеу нәтижелері жасөспірімдер арасында тіс жегісінің таралуы жоғары екенін көрсетті. Сауалнама деректері бойынша респонденттердің 86%-ында кариес белгілері анықталды. Бұл көрсеткіш жасөспірімдер стоматологиялық қауіп тобына жататынын және профилактикалық шаралардың жеткіліксіз жүргізілетінін дәлелдейді.

Зерттеу барысында кариес дамуына әсер ететін негізгі мінез-құлықтық факторлар анықталды: ауыз қуысы гигиенасының жеткіліксіздігі, стоматологқа кеш қаралу, тәтті және газдалған сусындарды жиі тұтыну, сондай-ақ профилактика туралы білімнің төмендігі. Респонденттердің едәуір бөлігі стоматологқа тек ауырсыну пайда болған кезде жүгінетіні анықталды. Бұл аурудың ерте кезеңде анықталмай, асқынған сатыда ғана емделуіне әкелуі мүмкін.

Әдеби деректермен салыстыру кариес патогенезі мінез-құлықтық факторлармен тығыз байланысты екенін көрсетті. Көмірсуларды жиі қабылдау бактериялардың қышқыл түзу белсенділігін арттырып, эмальдің деминерализациясына алып келеді. Сонымен қатар фтор профилактикасы эмальдің минералдық тұрақтылығын күшейтеді, ал фиссуралық герметизация бактериялардың жиналуын механикалық түрде болдырмайды. Демек, кариес профилактикасы тек емдеуге емес, алдын алуға бағытталуы тиіс.

Жобаға бағытталған оқыту аясында студенттер зерттеу жүргізу, деректерді талдау және профилактикалық ұсыныстар әзірлеу кезеңдеріне толық қатысты. Бұл олардың ғылыми ойлауын, клиникалық талдау қабілетін және дәлелді медицина қағидаларын қолдану дағдыларын дамытуға мүмкіндік берді. Оқу процесінде нақты қоғамдық денсаулық мәселесін зерттеу білім мен практиканы біріктіретін тиімді педагогикалық тәсіл болып табылды. Медициналық білім беруді жетілдіру болашақ мамандарды практикалық қызметке дайындаумен тығыз байланысты екені көрсетілген.

Осылайша, алынған нәтижелер жасөспірімдердегі тіс жегісінің алдын алу үшін тек клиникалық араласулар жеткіліксіз екенін, профилактикалық ағарту жұмыстары мен стоматологиялық сауаттылықты арттыру маңызды екенін көрсетті. Жобаға бағытталған оқыту профилактикалық стоматологияны оқытуда тиімді әдіс болып табылады және студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Практикалық ұсыныстар

Жүргізілген зерттеу нәтижелері жасөспірімдер арасында стоматологиялық профилактика мәдениетінің жеткіліксіз қалыптасқанын көрсетті. Осыған байланысты тіс

жегісінің алдын алу тек клиникалық шаралармен шектелмей, білім беру және мінез-құлықтық араласулармен бірге жүзеге асырылуы тиіс.

1. Жасөспірімдерге арналған профилактикалық ұсыныстар

- Тістерді күніне кемінде 2 рет фторлы тіс пастасымен тазалау.
- Тісаралық аймақтарды күнделікті тіс жібімен тазалау.
- Газдалған сусындар мен қантты тағамдарды тұтынуды шектеу.
- Әсіресе тәтті тағамдарды түнгі уақытта қабылдамау.
- Жылына кемінде 2 рет стоматологиялық профилактикалық тексеруден өту.
- Тұрақты азу тістерге фиссуралық герметизация жүргізу.

Бұл шаралар бактериялық қақтың жиналуын азайтып, эмаль деминерализациясының алдын алуға бағытталған.

2. Ата-аналарға арналған ұсыныстар

- Балалардың тіс тазалау дағдысын бақылау (кемінде 12–13 жасқа дейін).
- Фторлы тіс пастасын тұрақты қолдануды қамтамасыз ету.
Баймакова Г.Ш., Онласбекова Г.М., Тажиева А.Д.
Южно-Казахстанская медицинская академия Шымкент, Казахстан

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ПРИМЕНЕНИЯ ТЕХНОЛОГИИ ГЕЙМИФИКАЦИИ В МЕДИЦИНСКИХ ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЯХ

Аннотация. *В современный период система высшего медицинского образования претерпевает стремительные изменения в условиях глобализации и цифровизации. Эти изменения характеризуются усилением требований к профессиональной подготовке будущих врачей. Дисциплина «Детские болезни» занимает особое место в структуре медицинского образования, поскольку анатомо-физиологические особенности детского организма и течение заболеваний существенно отличаются от взрослых. В связи с этим студентам недостаточно овладеть только теоретическими знаниями — им необходимо развивать клиническое мышление, навыки оперативного принятия решений и коммуникационные компетенции.*

Поскольку традиционные методы обучения не в полной мере обеспечивают выполнение этих требований, возникает необходимость внедрения инновационных педагогических технологий. Среди них особое внимание привлекает технология геймификации.

Ключевые слова: *геймификация, педиатрия, медицинское образование, клиническая компетентность, цифровое обучение.*

Кіріспе. Қазіргі қоғамда білім беру жүйесі жаһандану мен цифрландыру үдерістерінің ықпалымен түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Бұл өзгерістер жоғары медициналық білім беру саласына да тікелей әсер етіп, болашақ дәрігерлердің кәсіби даярлығына қойылатын талаптарды күшейтуде. Медициналық білім беру тек теориялық біліммен шектелмей, практикалық дағдыларды, клиникалық ойлауды, жедел шешім қабылдауды және тиімді коммуникацияны дамытуға бағытталуы тиіс. Осы тұрғыда оқытудың дәстүрлі әдістері қазіргі талаптарға толық жауап бере алмайды, сондықтан білім беру процесіне инновациялық педагогикалық технологияларды енгізу қажеттілігі туындайды. Соның ішінде геймификация технологиясы студенттердің оқу мотивациясын арттыруға, белсенділігін күшейтуге және оқу материалын тиімді меңгеруге ықпал ететін заманауи құралдардың бірі ретінде қарастырылады.

Геймификация — білім беру процесіне ойын элементтерін енгізу арқылы оқытуды қызықты әрі нәтижелі етуге бағытталған әдіс. Бұл технология студенттердің танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, олардың бәсекелестік рухын, топтық жұмыс дағдыларын және кәсіби құзыреттілігін дамытуға мүмкіндік береді.

Медициналық жоғары оқу орындарында, әсіресе клиникалық пәндерді оқыту барысында геймификацияны қолдану ерекше маңызға ие. Себебі ол болашақ дәрігерлердің нақты клиникалық жағдайларға бейімделуін жеңілдетіп, теориялық білімді практикамен ұштастыруға көмектеседі. Осыған байланысты геймификация технологиясын қолданудың педагогикалық негіздерін зерттеу өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Зерттеудің мақсаты: ойын элементтерін оқу процесіне енгізу арқылы студенттердің танымдық белсенділігін, клиникалық ойлау қабілетін және оқу мотивациясын арттыру мүмкіндіктерін анықтау. Жұмыста теориялық талдау, педагогикалық эксперимент және статистикалық өңдеу әдістері қолданылды. Зерттеу нәтижелері геймификация технологиясының дәстүрлі оқыту әдістеріне қарағанда анағұрлым тиімді екенін көрсетті.

Материалдар мен әдістер: мақала бойынша жұмыс барысында отандық және шетелдік ғалымдардың геймификацияны қолдану тәжірибесін қамтитын дереккөздер талданып, алынған нәтижелерді жалпылау және жүйелеу, оқу үдерісін модельдеу, қолданыстағы ойындарды өзгерту және оларды медицина бойынша практикалық сабақтарда қолдану жөніндегі педагогикалық эксперимент, сондай-ақ ойын технологияларын пайдалану кезіндегі студенттердің мінез-құлқын бақылау және ойындарды қолдану нәтижелерін талдау әдістері қолданылды. Тұрақсыздық пен ақпараттық шамадан тыс жүктеме жағдайында білім алушылардың мотивациясын арттыруға және олардың білім беру үдерісіне тартылуын күшейтуге мүмкіндік беретін технологиялар мен әдістер ерекше маңызға ие болуда. Осындай ең перспективалы технологиялардың бірі – геймификация (ағылш. “game” – ойын), яғни ойын элементтерін ойынға жатпайтын үдерістерге енгізу. Бұл – білім алушыларға білімді қызықты, қарапайым, түсінікті түрде, ойын элементтерімен жеткізетін техникалық, әдістемелік және дидактикалық тәсілдер мен құралдардың жиынтығын қамтитын оқыту технологиясы [1].

Әдіснамашылардың пікірінше, дәстүрлі оқыту үдерісінен айырмашылығы-негізгі рөлді оқытушы атқаратын және студенттерге өз білімі мен дағдыларын жеткізетін дәстүрлі оқыту үдерісінен қарағанда, заман талабына сай ойын технологияларын қолдана отырып оқыту білім алушылардың белсенділігін арттырады. Бұл өз кезегінде олардың мотивациясына, қызығушылығына оң әсер етіп, жоспарланған оқу нәтижелеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мұндай тәсіл дәрігер- интерннің тек кәсіби дағдыларын ғана емес, сонымен бірге шешім қабылдау, топта жұмыс істеу, мәселелерді шешу қабілеті және басқа да дағдыларды дамытуға ықпал етеді. Бұдан бөлек, геймификация бәсекелестік орта қалыптастыру және пәнаралық тәсілді қолдану арқылы да тиімділігін арттырады[2].

Соңғы жылдары геймификация білім беру және денсаулық сақтау салаларында кеңінен зерттелуде. Ғылыми еңбектерде бұл технологияның оқыту тиімділігін арттыруға ықпал ететіні дәлелденген. Зерттеушілердің пікірінше, ойын элементтері адамның ішкі мотивациясын күшейтіп, оқу процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, геймификация күрделі ақпаратты жеңіл қабылдауға мүмкіндік береді және ұзақ мерзімді есте сақтауды жақсартады. Медицина саласында жүргізілген зерттеулер геймификацияның клиникалық дағдыларды қалыптастыруда, әсіресе симуляциялық оқытуда тиімді екенін көрсетеді.

Әдебиеттер деректеріне сәйкес, ойын технологияларын енгізу өзінің тиімділігін іргелі пәндерде де – фармакология және клиникалық фармакология [3], гистология [4] және сондай-

ақ клиникалық пәндерде, атап айтқанда анестезиология және реаниматология [5], дерматология [6], неонатология [7], хирургия [8], кардиология [9] сияқты салаларда да көрсетті.

Геймификацияның негізгі құралдары әмбебап болып табылады және қажет болған жағдайда кез келген білім беру үдерісінде қолданылуы мүмкін. Бұл ретте бір жағынан марапаттау жүйесі қатысушылар үшін барынша түсінікті әрі әділ болуы аса маңызды [10], ал екінші жағынан қатысушылар арасындағы бәсекелестікке және жеңілгендердің ықтимал наразылығына дайын болу қажет [11]. Айта кету керек, құралдардың көпшілігін цифрлық форматта да, дәстүрлі офлайн сабақтар форматында да қолдануға болады.

Сурет 1-Геймификация әдісінің негізгі инструменттері

ОҚМА АҚ «Жалпы тәжірибелік дәрігер-3» кафедрасында 6 курс дәрігер-интерндерінің 2 тобына тәжірибелік сабақ геймификация әдісін қолдану арқылы жүргізілді. Біздің жүргізген сабақта аралас әдістер (mixed-methods) қолданылды: диагностикалық тестілеу, мотивациялық сауалнама, клиникалық кейстерді бағалау, математикалық-статистикалық талдау (Student t-критерийі).

Сабақ екі топта әртүрлі әдіспен жүргізілді. Негізгі топта дәстүрлі әдіс, эксперименттік топта геймификация әдісі қолданылды. Эксперименттік топта келесі элементтер қолданылды: деңгейлік оқыту жүйесі, цифрлық бейджде мен марапаттар, клиникалық сценарийлерге негізделген ойындар, топтық жарыстар, жедел кері байланыс механизмдері.

Кесте 1. Медициналық білім беруге геймификация әдісін қолданудағы әсерлер.

Айқын әсерлер	Студенттердің қанағаттануы Мотивацияның жоғарылауы Оқу процесіне белсенді қатысуы Академиялық үлгерімнің жақсаруы Қызығушылықтың артуы Кәсіби дағдыларды меңгеру Топта жұмыс жасау Мәселелерді шешу қабілетін арттыру
Айқын емес әсерлер	Лидерлік қабілет Топтық дағдыларды дамыту Коммуникация дағдылары Сын пікірлерге төзімділік
Зерттеуді талап етеді	Кәсібилік дамуға әсері Медициналық қызметті жақсарту

Зерттеу нәтижелері бойынша эксперименттік топта келесі өзгерістер байқалды: оқу мотивациясы айтарлықтай артты, академиялық үлгерім көрсеткіштері жоғарылады, клиникалық ойлау деңгейі жақсарды, практикалық тапсырмаларды орындау сапасы артты

Студенттердің көпшілігі геймификация элементтері бар сабақтарды дәстүрлі форматқа қарағанда тиімді деп бағалады.

Талқылау. Алынған нәтижелер геймификация технологиясының педагогикалық маңыздылығын дәлелдейді. Бұл әдіс студенттердің белсенді оқу әрекетін қалыптастырып, олардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға ықпал етеді. Балалар аурулары сияқты күрделі пәндерде ойын элементтерін қолдану клиникалық жағдайларды модельдеу арқылы оқу процесін шынайы тәжірибеге жақындатады.

Сонымен қатар, геймификация студенттердің эмоционалдық қатысуын арттырып, оқу стрессін төмендетеді.

Қорытынды.Геймификация технологиясы медициналық жоғары оқу орындарында клиникалық пәндерді тиімді инновациялық құрал болып табылады. Ол студенттердің мотивациясын арттырып, білім сапасын жақсартуға және клиникалық ойлау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Осы технологияны жүйелі түрде енгізу медициналық білім беру сапасын арттырудың маңызды бағыты болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Царахов О.А., Царахова Л.Н., Бекоева Т.А. Эдьютейнмент как метод саморазвития студентов // Мир науки. Педагогика и психология. 2022. Т. 10. № 6. 2

2. Lai Kwon J., Dushyanthen S., Seignior D., et al. Designing a wholly online, multidisciplinary Master of Cancer Sciences degree // BMC Med Educ. 2023. Vol. 23, №1. P. 544. doi: 10.1186/s12909-023-04537-1

3. Shawwa L., Kamel F. Assessing the knowledge and perceptions of medical students after using kahoot! in pharmacology practical sessions at king abdulaziz university // Jeddah. Cureus. 2023. Vol. 15, №3. P. 367-396. doi: 10.7759/cureus.36796

4. Felszeghy S., Pasonen Seppänen S., Koskela A., et al. Using online game based platforms to improve student performance and engagement in histology teaching // BMC Med Educ. 2019. Vol. 19, №1. P. 273. doi:10.1186/ s12909-019-1701-0

5. Knight J.F., Carley S., Tregunna B., et al. Serious gaming technology in major incident triage training: a pragmatic controlled trial // Resuscitation. 2010. Vol. 81, №9. P. 1175-1179. doi: 10.1016/j.resuscitation.2010.03.042

6. Ventre R., Pardoe C., Singhal S., et al. Gamification of dermatology: Stud2yBuddy, a novel game to facilitate dermatology revision for final year medical students // 14 Инновационное развитие врача Future Healthc J. 2019. Vol. 60, №2. P. 22. doi: 10.7861/ futurehosp.6-2s-s22

7. Ghoman S.K., Patel S.D., Cutumisu M., et al. Serious games, a game changer in teaching neonatal resuscitation? A review // Arch Dis Child Fetal Neonatal Ed. 2020. Vol. 105, №1. P. 98-107. doi: 10.1136/archdischild-2019-317011

8. Graafland M., Schraagen J.M., Schijven M.P. Systematic review of serious games for medical education and surgical skills training // Br J Surg. 2012. Vol. 99, №10. P. 1322-30. doi:10.1002/bjs.8819

9. Barrickman A., McMillan A., Gálvez-Peralta M., et al. Development and assessment of integrated virtual escape rooms to reinforce cardiology content and skills // Am J Pharm Educ. 2023. Vol. 87, №3. P. 88-99. doi: 10.5688/ ajpe8899

10. Buckley P., Elaine D., Shane D. Game On! Students' Perceptions of Gamified Learning // Journal of Educational Technology & Society20. 2017. Vol. 3. P. 1-10. http:// www.jstor.org/stable/26196115

11. Ding L. Applying gamifications to asynchronous online discussions: A mixed methods study // Computers in Human Behavior. 2019. Vol. 91. P. 1–11. doi: 10.1016/ j.chb.2018.09.022

ӘОЖ 616.1/4-07:004.8:378.147

Бекмурзаева Е.К., Садыкова Г.С., Амангельдиева Г.С., Байдуллаев Б.М., Аскар Ж.М.
АО «ЮКМА», г. Шымкент, Казахстан

ПРИМЕНЕНИЕ ТЕХНОЛОГИЙ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА В ЛЕКЦИОННОМ КОМПЛЕКСЕ ПО МЕТОДАМ ФИЗИЧЕСКОГО ОБСЛЕДОВАНИЯ НЕРВНОЙ СИСТЕМЫ ДЛЯ СТУДЕНТОВ, ИЗУЧАЮЩИХ ПРОПЕДЕВТИКУ ВНУТРЕННИХ БОЛЕЗНЕЙ

Аннотация

В данной научной статье рассматривается эффективность использования технологий искусственного интеллекта в обучении студентов методам физического обследования нервной системы в рамках пропедевтики внутренних болезней. В статье описываются возможности инструментов искусственного интеллекта в облегчении процесса чтения лекций, разработке методов физического обследования нервной системы и совершенствовании практической подготовки. В исследовании анализировались возможности повышения качества медицинского образования с помощью современных цифровых инструментов, виртуальных симуляций и интеллектуальных обучающих систем. Цель обучения на основе искусственного интеллекта развитие у студентов навыков клинического мышления и совершенствование практических навыков.

Bekmurzaeva E.K., Sadykova G.S., Amangeldieva G.S., Baidullaev B.M., Askar Zh.M.
"SKMA" JSC, g. Shymkent, Kazakhstan

APPLICATION OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE TECHNOLOGIES IN THE LECTURE COMPLEX ON PHYSICAL EXAMINATION METHODS OF THE NERVOUS SYSTEM FOR STUDENTS IN PROPAEDEUTICS OF INTERNAL DISEASES

Abstract

This scientific article examines the effectiveness of using artificial intelligence technologies in teaching students physical examination methods of the nervous system within the framework of the subject of propaedeutics of internal diseases. The possibilities of artificial intelligence tools in

facilitating lecture delivery, developing methods for physical examination of the nervous system, and improving practical training are described. The study analyzed the possibilities of improving the quality of medical education through modern digital tools, virtual simulations, and intelligent learning systems. The goal of artificial intelligence-based teaching is to develop students' clinical thinking skills and improve practical skills.

Бекмурзаева Э.К., Садыкова Г.С., Амангельдиева Г.С., Байдуллаев Б.М., Асқар Ж.М.
«ОҚМА» АҚ, Шымкент қ., Қазақстан

«ІШКІ АУРУЛАР ПРОПЕДЕВТИКАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА ЖҮЙКЕ ЖҮЙЕСІН ФИЗИКАЛЫҚ ТЕКСЕРУ ӘДІСТЕРІНЕ АРНАЛҒАН ДӘРІС КЕШЕНІНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ»

Аңдатпа

Бұл ғылыми мақалада ішкі аурулар пропедевтикасы пәні аясында білім алушыларға жүйке жүйесін физикалық тексеру әдістерін оқытуда жасанды интеллект технологияларын қолданудың тиімділігі қарастырылады. Жасанды интеллект құралдарын дәріс оқуды жеңілдетудегі, жүйке жүйесін физикалық тексеру әдістерін қалыптастырудағы және практикалық даярлықты жетілдірудегі мүмкіндіктері сипатталады. Зерттеу барысында заманауи цифрлық құралдар, виртуалды симуляциялар және интеллектуалды оқыту жүйелері арқылы медициналық білім сапасын арттыру мүмкіндіктері талданды. Жасанды интеллект негізіндегі дәріс оқытудағы мақсаты білім алушылардың клиникалық ойлау қабілетін дамытуға, тәжірибелік дағдыларды жетілдірудеге бағытталады.

Түйін сөздер: *жасанды интеллект, медициналық білім, пропедевтика, жүйке жүйесі, физикалық тексеру, симуляциялық оқыту.*

Кіріспе: Заман талаптарына сай жасанды интеллект басқа саламен қатар медициналық білім беру саласында белсенді түрде қолданылуда. Интеллектуалды оқыту жүйелері, виртуалды пациенттер сонымен қатар клиникалық сценарийлер білім алушыларың тәжірибелік дағдыларын жақсартуға көптен көп мүмкіндік береді.Дәріс берудегі басты мақсат жасанды интелекті пайдалана отырып, әр білім алушының жеке білім деңгейіне сәйкес

материал ұсынуға қолайлы жағдай жасайды. Жүйке жүйесін тексеру әдістерін үйретуде дәстүрлі тәсілдер (оқытушы демонстрациясы, клиникалық тәжірибе) жеткіліксіз болуы мүмкін, себебі білім алушылардың ойлау қабілеті әртүрлі деңгейде дамуына байланысты бәрі бірдей тәжірибелік дағды ала алмайды. Жүйке жүйесін тексеру әдістерін жасанды интеллект техналогиясын қолдану арқылы білім алушылардың білім деңгейін жақсартуға көп мүмкіндік береді.

Қазіргі кезеңде ішкі аурулар пропедевтикасы пәні бойынша жүйке жүйесін физикалық тексеру әдістерін меңгеруде жасанды интеллект әдістерін қолдану кезеңінен өтуде. Әсіресе жүйке жүйесін физикалық зерттеу әдістерін меңгеруде дәстүрлі әдістермен қатар инновациялық технологияларды енгізу өзектілігі күшейіп отыр. Жүйке жүйесін объективті тексеру – дәрігердің клиникалық тәжірибесіндегі маңызды дағдылардың бірі. Алайда бұл дағдыларды толық меңгеру тек теориялық біліммен шектелмей, тәжірибелік дағдыларды міндет етеді. Сондықтан жасанды интеллект технологиялары медициналық білім беру процесін жетілдіруге мүмкіндік беретін тиімді құрал ретінде қарастырылуда. Сол себепті осы мақалада жасанды интеллектті дәріс кешеніне енгізу арқылы оқыту тиімділігін арттыру жолдары зерттеледі.

Зерттеу материалдары мен әдістері: Жүйке жүйесін физикалық тексеру әдістерін оқытуға арналған дәріс кешенінде жасанды интеллект технологияларын қолданудың білім алушылардың клиникалық ойлау қабілеттілігін арттыруды зерттеу нысаны ретінде қарастырамыз.

Жүйке жүйесін физикалық тексеру (субъективті және объективті) оқыту әдістерін және ерекшеліктерін талдаудағы дәріс кешеніне жасанды интелект технологиясын енгізу.

Жасанды интеллект технологияларының білім беру үдерісіндегі қосымша мүмкіндіктерін арттыру.

Жүйке жүйесі модуліндегі дәріс кешеніне жасанды интеллект технологиясын пайдалана отырып видеоконтент енгізу.

Дәріс кешеніндегі жанашылдықтарды оқыту нәтижелеріне тиімділігін бағалау.

1. Жүйке жүйесін физикалық тексеру әдістері

Жүйке жүйесін тексеру келесі негізгі компоненттерден тұрады: Сананың жағдайын бағалау, бас ми жүйкелерін тексеру, қозғалыс жүйесін бағалау, рефлекстерді тексеру,

сезімталдықты анықтау, координация мен тепе-теңдікті бағалау. Бұл клиникалық дағдыларды меңгеру үшін қайталау, есте сақтауға бағытталған тәжірибелік жаттығулар қажет.

2. Жасанды интеллект технологияларын қолдану мүмкіндіктері.

Виртуалды симуляциялар жасанды интеллектке сүйенетін симуляциялық жүйелер білім алушыларға арнайы цифрлық ортада виртуалды пациенттермен жұмыс істеуге жол ашады. Осындай құралдар нақты клиникалық жағдайларға ұқсас сценарийлерді жасап, білім

алушылардың диагноз қою дағдыларын және клиникалық ойлау қабілетін біртіндеп дамытуға көмектеседі. Компьютерлік көру технологияларында қозғалысты талдауға арналған жасанды интеллект жүйелері білім алушылардың тәжірбиелік әрекеттерін бақылап, олардың қаншалықты дұрыс орындалғанын анықтай алады. Мысалы, тексеру барысында қолданылатын әдістердің, соның ішінде рефлекстерді бағалау тәсілдерінің дұрыстығына талдау жасап, нақты ұсыныстар береді.

Интеллектуалды оқыту платформалары әр білім алушылардың білім деңгейіне бейімделіп, оқу материалын жеке ерекшеліктеріне қарай ұсынады. Сонымен бірге, жүйе оқу процесінде кездесетін әлсіз тұстарды анықтап, сол бағыттарды жақсартуға мүмкіндік беретін кері байланыс қалыптастырады. Чат-боттар мен виртуалды ассистенттер Жасанды интеллект чат-боттар білім алушылардың сұрақтарына жауап беріп, қосымша түсіндірмелер ұсынады.

3. Дәріс кешеніне енгізу моделі

Жасанды интеллект технологияларын қолдану арқылы дәріс кешені келесі бөлімдерде ұйымдастырылуы мүмкін:

1) Теориялық бөлім – мультимедиялық контент, интерактивті слайдтар

2) Виртуалды тәжірибе – симуляциялық жаттығулар

3) Жасанды интеллект арқылы кері байланыс – автоматты бағалау

4) Жеке оқыту траекториясы – адаптивті тапсырмалар

4. Тиімділігі

Жасанды интеллект қолдану нәтижесінде: Жүйке жүйесінің физикалық зерттеу әдістерін меңгерудегі білім алушылардың қызығушылығын және жауапкершілігін арттырады. Білім алушылардың тәжірбиелік дағдыларды жоғары деңгейде менгеруіне және клиникалық ойлау қабілетінің қалыптасуына жылдам бейімделуге көмектеседі. Білім алушының тақырып

бойынша қателерді дер кезінде түзетуге мүмкіндік береді. Пән бойынша оқу үдерісін жақсартады.

Талқылау: Жасанды интеллект технологияларын енгізу медициналық білім берудегі теория мен тәжірибенің сабақтастығын жаңа деңгейге көтереді. Дегенмен, оны толық жүзеге асыру үшін техникалық база, оқытушылардың дайындығы және оқу бағдарламаларын қайта қарастыру қажет. Сонымен қатар, жасанды интеллект қолдануда этикалық мәселелерді де қарастыру өте маңызды. Оқытушының білім деңгейі және оның құзіреттілігі мен білім сапасының қалыптасуына әсері маңызды болып қалады.

Қорытынды. Жүйке жүйесін физикалық тексеру әдістерін оқытуда жасанды интеллект технологияларын қолдану білім сапасын арттырудың тиімді қосымша құралы болып табылады. Жасанды интеллект білім алушылардың теориялық білімін тәжірибемен ұштастырып, клиникалық ойлау қабілетін дамытуға көмектеседі. Білім беру үдерісінде жасанды интеллект технологиялары енгізу арқылы оқытушы мен білім алушының арасындағы ара қатынасының оптимизациясы жақсарады.Болашақта бұл технологияларды кеңінен енгізу медициналық білім берудегі тәжірбиені меңгерудегі маңызды бөлігіне айналады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Медициналық білім берудегі цифрлық технологиялар. Алматы, 2023

2. Жасанды интеллект және денсаулық сақтау. Астана, 2024

3. Жайлауов Н. Жасанды интеллектті білім саласында тиімді пайдалану. Bilimger.kz, 2025.

4. Ельшина М.К., Маженова Р.Б., Санхаева А.Н., Айтжанова Р.М. Білім берудегі жасанды интеллект: мәселелері мен перспективалары. Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ Хабаршысы «Педагогика ғылымдары», 2025, №1(76), 58–71 бб.

5. Замира Тасанбаева Тілдік оқытуда жекелендіру үшін жасанды интеллектті пайдалану. «Dulaty University Хабаршысы», 2025.

6. Байжанов Н. Білім беру тестологиясындағы жасанды интеллект: қолдану перспективалары және психологиялық аспектілері. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Психология сериясы, Том 79. №2, 2024.

7. Ырысбай С., Ажибекова Ж.Ж. Жасанды интеллект және жоғары білім берудегі пәнаралық тәсіл. тезистер жинағы, С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ, 2025.

ӘОЖ 616.1/4-07:004.8:378.147.88

Токтарова Г.А., Ахаева Л.Ж., Батхиева М.Б., Рысбекова Г.А., Балабек Г.Б.
АО «ЮКМА», г.Шымкент, Казахстан

АСПЕКТЫ ПРИМЕНЕНИЯ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА В ПРОЦЕССЕ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ ОБУЧАЮЩИХСЯ ПРИ ИЗУЧЕНИИ ДИСЦИПЛИНЫ ПРОПЕДЕВТИКА ВНУТРЕННИХ БОЛЕЗНЕЙ

Аннотация

Данная статья посвящена методам использования технологий искусственного интеллекта в разработке самостоятельной работы обучающихся по дисциплине «Пропедевтика внутренних болезней» в системе высшего медицинского образования. С помощью средств искусственного интеллекта описываются возможности: углубленного освоения темы, формирования навыков клинического мышления и совершенствования практической подготовки. Кроме того, будут освещены преимущества и недостатки внедрения цифровых технологий в образовательный процесс и показано их значение в профессиональной подготовке будущих специалистов.

Ключевые слова: *искусственный интеллект, самостоятельная работа обучающихся, пропедевтика внутренних болезней, медицинское образование, клиническая компетентность.*

Toktarova G.A., Akhaeva L.Zh., Bakhieva M.B., Rysbekova G.A., Balabek G.B.
JSC "OKMA", Shymkent, Kazakhstan

ASPECTS OF THE USE OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE IN THE PROCESS OF INDEPENDENT WORK OF STUDENTS IN THE STUDY OF THE DISCIPLINE PROPAEDEUTICS OF INTERNAL DISEASES

Annotation

This article is devoted to the methods of using artificial intelligence technologies in the development of independent work of students in the discipline of «Propaedeutics of internal diseases» in the system of higher medical education. With the help of artificial intelligence tools, the possibilities are described: in-depth development of the topic, formation of clinical thinking skills and improvement of practical training. In addition, the advantages and disadvantages of introducing

digital technologies into the educational process will be highlighted and their importance in the professional training of future specialists will be shown.

Keywords: artificial intelligence, independent work of students, propaedeutics of internal diseases, medical education, clinical competence.

Токтарова Г.А., Ахаева Л.Ж., Батхиева М.Б., Рысбекова Г.А., Балабек Г.Б.
«ОҚМА» АҚ, Шымкент қ., Қазақстан

ІШКІ АУРУЛАР ПРОПЕДЕВТИКАСЫ ПӘНІН ОҚЫТУДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫН ЖАСАУ БАРЫСЫНДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ҚОЛДАНУ АСПЕКТІЛЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақала жоғары медициналық білім беру жүйесінде «Ішкі аурулар пропедевтикасы» пәні бойынша білім алушылардың өзіндік жұмыстарын әзірлеуде жасанды интеллект технологияларын пайдаланудың әдістеріне арналған. Жасанды интеллект құралдарын қолдана отырып: тақырыпты тереңінен меңгеру, клиникалық ойлау дағдыларын қалыптастыру және тәжірибелік дайындықты жетілдірудің мүмкіншіліктері сипатталады. Сонымен қатар, цифрлық технологияларды білім беру үдерісіне енгізудің артықшылықтары мен кемшіліктері қамтылып, олардың болашақ мамандарды кәсіби тұрғыда дайындаудағы маңызы көрсетіледі.

Түйін сөздер: *жасанды интеллект, білім алушылардың өзіндік жұмысы, ішкі аурулар пропедевтикасы, медициналық білім, клиникалық құзіреттілік.*

Кіріспе

Бүгінгі таңда, цифровизацияның қарқынды түрде дамуы медициналық білім беру жүйесінің дамуына айтарлықтай әсер етуде. Жасанды интеллект оқу үрдісінің мазмұны мен сапасын жаңа деңгейге көтеріп отыр. Білім беру бағдарламасы көлемінің ұлғаюы және білім алушылардың өзіндік білім алуына қойылатын талаптардың күшеюі оқу үрдісін ұйымдастырудың және дайындаудың жаңа әдістерін енгізуді талап етеді. «Ішкі аурулар пропедевтикасы» пәні - клиникалық пәндерді меңгерудің негізгі фундаментальды кезеңі болып табылады. Білім алушылардың тәжірибелік дағдыларды меңгеруде, клиникалық ойлау қабілетінің негізін қалыптастыруда, науқастарды сұрастыруда,

физикалды қарап тексеруде маңызды рөл атқарады. Сол себепті білім алушылардың өзіндік жұмысын тиімді ұйымдастыру және оны заманауи цифрлық технологиялармен қамтамасыз ету, қолдау көрсету өзекті мәселе екені сөзсіз.

1. Білім алушылардың өзіндік жұмысын қолдау барысында жасанды интеллекттің маңызды рөлі.

Білім алушылардың жасанды интеллект қолдана отырып, өзіндік жұмысын дайындауы танымдық белсенділігін арттыруға және кәсіби біліктілігін жоғарылатып, қалыптастыруға бағытталған негізгі іс-шаралардың бірі. Жасанды интеллект технологиялары тақырыптарды талдау, құрылымдау және қайталау кезінде білім алушыларға қосымша әдістемелік көмек көрсетуге мүмкіндік береді. Жасанды интеллект білім алушының дайындық деңгейін ескере отырып, оқу тапсырмаларын жеке ерекшеліктеріне сай бейімдеуге жағдай жасайды.

2. Клиникалық ойлауды дамытудағы рөлі.

Клиникалық медициналық ойлау – болашақ дәрігерлердің кәсіби қызметіндегі негізгі құзіреттердің бірі. Жасанды интеллект көмегімен ұсынылатын клиникалық жағдайлар білім алушыларға науқастың негізгі және қосымша шағымдарын талдау, өмір және ауру анамнезін жинастыру, жалпы қарау, болжам синдромдық қорытынды жасау және зертханалық, аспаптық диагностикалық зерттеу әдістерінің алгоритмдерін үйренуге ықпал етеді. Бұл тәсіл теориялық білімді нақты клиникалық жағдайлармен байланыстыруға мүмкіншілік береді.

3. Тәжірибелік дайындықты жетілдіру.

Білім алушылардың өзіндік жұмысын дайындау барысында жасанды интеллект физикалық тексеру әдістерін кезең-кезеңімен меңгеруге көмектеседі. Диагностикалық іс-әрекеттердің алгоритм бойынша реттілігін түсіндіру және жиі кездесетін қателіктерді талдау, болжам диагноз қою тәжірибелік дағдылардың қалыптасуына оң әсер етеді.

4. Жасанды интеллектті қолданудың артықшылықтары:

- кез-келген тақырыпты жылдам табады, әрі кез-келген тілде мәліметтер береді;
- уақытты үнемдейді;
- дәрістер, ситуациялық есептер, тест сұрақтары, кестелер, схемалар, слайдтар, аудио-видео материалдар, дизайн жасауды жеңілдетеді;
- тәулігіне 24 сағат қолжетімді, артық шығынды қажет етпейді;

5. Жасанды интеллектті қолданудың кемшіліктері:

- медициналық клиникалық тәжірибені толық алмастыра алмайды;

- жасанды интеллект дайын жауап беретін болғандықтан, білім алушылардың ойлау қабілетін төмендетеді;
- білім алушылардың өз бетімен талдау пайызын азайтады;
- кейбір жағдайда дұрыс емес ақпараттар беруі;
- егер тұрақты қолданатын болса, тәуелділік туындатуы мүмкін;

Қорытынды: «Ішкі аурулар пропедевтикасы» пәнін оқыту үрдісінде білім алушылардың өзіндік жұмысын жасау барысында 3 курс «Медицина» мамандығы білім алушылары жасанды интеллектті қолданды. Білім алушылардың өзіндік жұмысын жасау барысында жасанды интеллектті қолдану нәтижесінде: виртуальды науқас-дәрігер клиникалық жағдайында видеолар жасау, уақытты үнемдеу, жаңашыл дизайндар қолдану, тақырып бойынша көптеген мәліметтер алу тұрғысында жасанды интеллекттің тиімді тәсіл екені анықталды. Бұл тәсіл болашақ дәрігерлер үшін жаңа мүмкіндіктер есігін ашады, сол мүмкіндікті өз деңгейінде пайдалану - біздің өз қолымызда. Бірақ, негізгі білім нақты дәлелденген әдебиет көздерінен, ресми сайттардан, шынайы ақпараттардан алынуы тиіс. Болашақ білімді, білікті дәрігерлерді дайындауда жасанды интеллектті қосымша көмекші құрал ретінде ғана қолданған дұрыс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бутов М.А. — «Пропедевтика внутренних болезней» (2-е изд., перераб. и доп.) ГЭОТАР-Медиа, 2024ж.

2. Шарипова Н.Б. Ағылшын тілі пәнінен педагогикалық шеберхана құрастыруда жасанды интеллект (AI) технологияларын қолдану World Scientific Reports, 2025ж.

3. Жайлауов Н. Жасанды интеллектті білім саласында тиімді пайдалану. Bilimger.kz, 2025ж.

4. Ельшина М.К., Маженова Р.Б., Санхаева А.Н., Айтжанова Р.М. Білім берудегі жасанды интеллект: мәселелері мен перспективалары. Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ Хабаршысы «Педагогика ғылымдары», 2025ж., №1(76), 58–71 бб.

5. Тутбаева Т., Юсимбаева С.Х. Шет тілін оқытуда жасанды интеллекттің рөлі. Yessenov Science Journal, 2025ж.

6. Тасанбаева З. Тілдік оқытуда жекелендіру үшін жасанды интелектті пайдалану. «Dulaty University Хабаршысы», 2025ж.

7. Байжанов Н. Білім беру тестологиясындағы жасанды интеллект: қолдану перспективалары және психологиялық аспектілері. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Психология сериясы, Том 79, № 2, 2024ж.

8. Ырысбай С., Ажибекова Ж.Ж. Жасанды интеллект және жоғары білім берудегі пәнаралық тәсіл, тезистер жинағы, С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ, 2025ж.

9. Мухин Н. А., Моисеев В. С. — «Пропедевтика внутренних болезней» ГЭОТАР-Медиа, 2023ж.

УДК 616.21

Калдыгозова Г.Е., Курманкулов И.С.
АО “ЮКМА”, Шымкент қаласы, Қазақстан

МЕТОДИКА РАЗРАБОТКИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ КВЕСТОВ ПО ДИСЦИПЛИНЕ "ОТОРИНОЛАРИНГОЛОГИЯ» ДЛЯ ФОРМИРОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ У СТУДЕНТОВ МЕДИЦИНСКИХ ВУЗОВ

Аннотация: *В статье обсуждается потенциал игровой технологии в виде воспитательного поиска в преподавании дисциплины "Оториноларингология" медицинскими вузами. Автор подробно описывает авторскую методику проектирования, разработки и реализации тематических квестов, направленных на формирование клинического мышления, развитие навыков командной работы и применение теоретических знаний в имитируемых практических ситуациях. Приведены структура задания, образцы заданий и критерии оценивания. Сделан вывод о высокой эффективности данной технологии в повышении познавательной активности и комплексном развитии профессиональных компетенций будущих медицинских работников среднего звена*

Ключевые слова*: методика преподавания оториноларингологии, образовательный квест, игровые технологии, профессиональные компетенции, клиническое мышление.*

THE METHODOLOGY OF DEVELOPING EDUCATIONAL QUESTS IN THE DISCIPLINE "OTORHINOLARYNGOLOGY" FOR THE FORMATION OF PROFESSIONAL COMPETENCIES AMONG STUDENTS OF MEDICAL UNIVERSITIES

Abstract: *the article discusses the potential of Game Technology in the form of an educational quest in the teaching of the discipline "Otorhinolaryngology" by medical universities. The author describes in detail the author's methodology for the design, development and implementation of thematic quests aimed at the formation of clinical thinking, the development of teamwork skills and the use of theoretical knowledge in simulated practical situations. The structure of the quest, samples of tasks and evaluation criteria are presented. The conclusion is made about the high effectiveness of this technology in increasing cognitive activity and in the integrated development of professional competencies of future middle-level medical workers.*

Keywords: *methodology of teaching Otorhinolaryngology, educational Quest, game technologies, professional competencies, clinical thinking.*

Калдыгозова Г.Е., Курманкулов И.С.
“Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы” АҚ, Шымкент қаласы, Қазақстан

«ОТОРИНОЛАРИНГОЛОГИЯ» ПӘНІ БОЙЫНША МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА СТУДЕНТТЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА АРНАЛҒАН БІЛІМ БЕРУ КВЕСТТЕРІН ӘЗІРЛЕУ ӘДІСТЕМЕСІ

Аңдатпа: *Мақалада медициналық жоғары оқу орындары «Оториноларингология» пәнін оқытуда білім беру квесті түріндегі ойын технологиясының әлеуеті қарастырылады. Автор клиникалық ойлауды қалыптастыруға, командалық жұмыс дағдыларын дамытуға және теориялық білімді модельденген практикалық жағдайларда қолдануға бағытталған тақырыптық квесттерді жобалау, әзірлеу және енгізудің авторлық әдістемесін жан-жақты сипаттайды. Квесттің құрылымы, тапсырмалар үлгілері және бағалау критерийлері ұсынылған. Аталған технологияның танымдық белсенділікті арттыруда және болашақ орта буын медицина қызметкерлерінің кәсіби құзыреттерін кешенді дамытуда жоғары тиімділігі туралы қорытынды жасалады.*

Түйін сөздер: *оториноларингологияны оқыту әдістемесі, білім беру квесті, ойын технологиялары, кәсіби құзыреттер, клиникалық ойлау.*

Тақырыптың өзектілігі Жоғары медициналық білім беру саласындағы мамандарды даярлауға қойылатын мемлекеттік білім беру стандарттарының қазіргі талаптары жалпы және кәсіби құзыреттерді қалыптастыруға басымдық береді. Олардың ішінде негізгісі — мәселелерді шешу қабілеті, өз қызметін бағалау және түзету, командада жұмыс істеу және тиімді коммуникация дағдылары [1]. «Оториноларингология» пәні кәсіби модульдер цикліндегі іргелі пәндердің бірі болып табылады және дәстүрлі түрде дифференциалды диагностиканың күрделілігімен, сондай-ақ әртүрлі салалардағы (патология, фармакология, диагностика) білімдерді кіріктіру қажеттілігімен ерекшеленеді.

Классикалық дәріс-семинарлық жүйеде басым болатын пассивті оқыту формалары студенттердің білімін динамикалық, стандартты емес, нақты клиникалық тәжірибеге жақын жағдайларда қолдану дағдыларын толыққанды қалыптастыруға әрдайым мүмкіндік бере бермейді. Осыған байланысты инновациялық, белсенді және практикаға бағытталған оқыту әдістерін енгізу қажеттілігі туындайды.

Осындай жоғары тиімді педагогикалық технологиялардың бірі — **білім беру квесті** болып табылады. Медициналық білім беру контекстінде квест — бұл арнайы ұйымдастырылған ойын моделі, онда студенттер берілген сюжет бойынша қозғалып, кәсіби бағытталған тапсырмалар жүйесін (клиникалық, диагностикалық, коммуникативтік) кезең-кезеңімен шешу арқылы білім беру мақсатына жетеді [2]. Аталған технология материалды бекітудің дәстүрлі үдерісін қызықты жарыс форматына айналдырып, кәсіби қызмет кезеңдерін модель дейді: шағымдар мен анамнез жинаудан бастап диагноз қою және ем тағайындауға дейін.

Осы мақаланың мақсаты — медициналық жоғары оқу орындары студенттерінің кәсіби құзыреттерін мақсатты түрде қалыптастыру үшін «Оториноларингология» пәні бойынша білім беру квесттерін құру және қолдану әдістемесін сипаттау.

Білім беру квесті проблемалық және контекстік оқыту технологияларына жатады және іс-әрекеттік тәсіл қағидаттарына негізделеді. Оны қолдану симуляциялық оқыту идеяларын тәжірибе жүзінде жүзеге асыруға мүмкіндік береді, яғни әрекеттерді пысықтауға арналған «қауіпсіз» орта құрылады, мұнда қателік сәтсіздік ретінде емес, талдау мен әрі қарай дамудың көзі ретінде қарастырылады [3, 4].

«Оториноларингология» пәніне қатысты білім беру квестінің негізгі педагогикалық мүмкіндіктері мыналар болып табылады:

- Клиникалық (алгоритмдік) ойлауды қалыптастыру: Квест кезеңдерінің бірізділігі пациентті жүргізу логикасын бейнелейді:
- ақпарат жинау → деректерді талдау → гипотезаларды ұсыну → оларды тексеру → диагноз қою → емдеу тактикасын таңдау.
- Білімді кіріктіру: Квест тапсырмаларын орындау барысында студент оториноларингологияның әртүрлі бөлімдерінен, сондай-ақ сабақтас пәндерден (қалыпты және патологиялық физиология, фармакология, зертханалық диагностика) алған білімдерін біріктіруге мәжбүр болады.
- Икемді дағдыларды (soft skills) дамыту: Жұмыс, әдетте, шағын топтарда ұйымдастырылады, бұл студенттерден рөлдерді бөлуді, тиімді коммуникацияны, бірлескен шешім қабылдауды және қақтығыстарды реттеуді талап етеді.
- Мотивацияны арттыру және танымдық белсенділікті күшейту: Ойын форматы, бәсекелестік элементі, сюжеттік қызығушылық және жедел кері байланыс студенттердің оқу процесіне тартылуын айтарлықтай арттырып, оқытуды тұлғалық мәні бар үдеріске айналдырады.
- Кәсіби қызмет тәжірибесін қалыптастыру: Квест жекелеген оқшау дағдыларды емес, тұтас кәсіби жағдайды модельдейді, бұл теория мен практика арасындағы алшақтықты еңсеруге ықпал етеді.

Тиімді білім беру квестін әзірлеу — бірнеше кезеңнен тұратын құрылымдалған үдеріс.

1-**кезең. Дидактикалық мақсат пен құзыреттерді анықтау**. Оқытушы квест соңында студент қандай нақты кәсіби құзыреттерді және дағдыларды көрсетуі тиіс екенін айқындайды. Мысалы:

ОН1 ЛОР аурулары бар науқастарға медициналық көмек көрсетудің барлық деңгейлерінде дәлелді тәжірибе негізінде клиникалық диагнозды тұжырымдауға, емдеу жоспарын тағайындауға және оның тиімділігін бағалауға қабілетті.

ОН2 Науқас үшін жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін пациентпен, оның айналасымен және денсаулық сақтау мамандарымен тиімді қарым-қатынас жасай алады.

2-кезең. Тақырыпты таңдау және клиникалық сценарийді (сюжетті) әзірлеу. Тақырып өзекті болуы, оқу бағдарламасына сәйкес келуі және шешімдердің көп нұсқалылығына мүмкіндік беруі тиіс. Сюжет квестке тұтастық пен қызығушылық береді.

- **Мысалы. Тақырып:** «Мұрын жарақаты».
- **Сценарий:** Қабылдау бөліміне 18 жастағы К. есімді пациент мұрыннан көп мөлшерде қан кету, мұрын аймағындағы ауырсыну және жарақат туралы шағымдармен түсті. Сіздің ЛОР- дәрігер ретіндегі тактикаңыз.
- **Міндет:** Шектеулі уақыт ішінде тексеру жүргізу, диагноз қою және ем тағайындау. Әрбір дұрыс шешім сізді нәтижеге жақындатады, ал қателік құнды уақытты азайтады.

3-кезең. Тапсырмалардың (станциялардың) құрылымы мен мазмұнын Жобалау. Бұл — әдістеменің негізгі бөлігі. Квест сызықтық немесе шабуылдық (таңдау мүмкіндігі бар) модель бойынша құрылады. Клиникалық талдаудың кезеңдерін бейнелейтін 5–7 негізгі станцияны ұйымдастыру ұсынылады:

1. Қабылдау бөлімі» станциясы: Шағымдар мен анамнез жинауға арналған тапсырма (пациент монологының аудиожазбасын талдау, құрылымдалмаған симптомдар тізімімен жұмыс).

2. Диагностикалық станция: Ұсынылған «тексеру нәтижелерін» интерпретациялау: дайын клиникалық қан талдауын, мұрынның бүйір проекциядағы рентгенограммасын талдау. Қосымша диагнозды нақтылау үшін қажетті зерттеулерді таңдауға арналған тапсырмаларды қамтуы мүмкін.

3. Дифференциалды диагноз станциясы: «Пациентте» анықталған симптомдар мен синдромдарды бірнеше аурудың типтік көріністерімен салыстыру. Сәйкестендіру немесе тізімнен таңдау түріндегі тапсырмалар.

4. Фармакотерапия станциясы: Емдеуге арналған дәрілік препараттардың негізделген тізімін құрастыру, шартты дозаларды есептеу, ықтимал жанама әсерлер мен қарсы көрсеткіштерді анықтау (фармакологиялық анықтамалықтармен немесе деректер базаларымен жұмыс).

5. Жедел көмек станциясы: Симуляциялық жағдай (мысалы, манекенде) немесе мұрын сүйектерін репозициялау кезіндегі іс-әрекеттер алгоритмін сипаттау.

6. Пациентпен жұмыс станциясы: Рөлдік ойын форматындағы коммуникативтік тапсырма: диагнозды түсіндіру, емге ақпараттандырылған келісім алу, туыстарының «күрделі» сұрақтарына жауап беру (алдын ала дайындалған «актер»-студент немесе оқытушы арқылы).

4-кезең. Навигация және кері байланыс жүйесін әзірлеу.

Әрбір станция нақты тапсырмамен және келесі кезеңге өтуге арналған «кілтпен» қамтамасыз етіледі. Ол келесі түрде жүзеге асырылуы мүмкін:

- **Физикалық кілт:** дұрыс жауап — келесі станция материалдары орналасқан жәшіктің құлпының коды болып табылады.
- **Цифрлық кілт:** жауап планшетке немесе компьютерге енгізіліп, келесі файлға қол жеткізуге мүмкіндік береді.
- **Конверттік жүйе:** оқытушы әр станцияда дұрыс жауап алынғаннан кейін ғана келесі тапсырмасы бар конвертті ұсынады.

Кері байланыс жедел әрі конструктивті болуы тиіс. Қате жауап тығырыққа тірелуге әкелмей, «айыппұлдық» қосымша тапсырмаға (мысалы, тақырып бойынша кроссворд шешу) немесе балл/уақыт жоғалтуға әкелуі мүмкін.

5-кезең. Реквизиттер мен нұсқаулықтарды дайындау.

Барлық қажетті материалдар әзірленеді: «ауру тарихтары», талдау бланкілері, рентген суреттері (оқыту базаларын пайдалануға болады), дәрілік препараттар жазылған карточкалар, симуляциялық жабдықтар (мұрын айнасы, шпатель, элеватор, манекен, мұрын тампондары, пращ тәрізді таңғыш). Студенттер үшін (уақыт регламенті, ережелер) және станциялардағы көмекші- модераторлар үшін нақты техникалық нұсқаулық әзірленеді.

Квестті өткізу және бағалау әдістемесі

Ұйымдастыру: Топ 3–4 адамнан құралған командаларға бөлінеді. Кіріспе нұсқаулыққа тапсырмамен, ережелермен және бағалау жүйесімен таныстыру кіреді. Командалар «карусель» принципі бойынша әртүрлі станциялардан бір уақытта бастау алады немесе маршрут бойынша кезекпен өтеді. Оқытушы мен дайындалған резидент-оториноларингологтар станцияларда модератор және эксперт рөлін атқарады.

Бағалау критерийлері: Бағалау көп компонентті және объективті болуы тиіс. Командаға арналған бағалау парағы қолданылуы мүмкін, әр критерий бойынша ұпайлар беріледі:

- Диагноздың дәлдігі мен негізділігі (макс. 20 ұпай).
- Тексеру/емдеу жоспарының толықтығы мен логикасы (макс. 20 ұпай).
- Команданың жұмыс жылдамдығы мен тиімділігі (макс. 20 ұпай).
- Практикалық тапсырмаларды орындау сапасы (макс. 20 ұпай).
- Коммуникация және командалық өзара әрекеттестік (макс. 20 ұпай).

Қосымша, «пациентке» зиян келтіруі мүмкін ауыр диагностикалық қателіктер үшін айыппұлдар енгізілуі мүмкін.

Қорытынды кезеңде міндетті түрде топтық талқылау өткізіледі. Командалар өз шешімдерін ұсынады, оқытушы даулы мәселелерді талдайды, типтік қателіктерді қарастырады және нәтижелерді шығарады, ойындық жағдайлар мен нақты клиникалық тәжірибе арасындағы байланысты атап көрсетеді.

Қорытынды «Оториноларингология» пәні бойынша білім беру квесттерін жасау және қолдану әдістемесі ВУЗ-да құзыреттілікке негізделген тәсілді жүзеге асыру үшін тиімді құрал болып табылады. Ол ақпаратты меңгеруге емес, кәсіби модельделген жағдайларда әрекет ету қабілетін қалыптастыруға басымдық береді. Квест технологиясы икемділігі арқасында оториноларингологияның кез келген бөлімінде бейімделе алады және басқа пәндермен интеграциялана отырып, заманауи денсаулық сақтау жағдайларына дайын, бәсекеге қабілетті, мобильді және ойлай білетін маман даярлауға ықпал етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Мазалёва Н.Н., Белоножко О.С. Web-квесты по дисциплине Медицинская информатика : учебно-методическое пособие [Электронный ресурс] / Тихоокеанский государственный медицинский университет. – Электрон. дан. – Вла- дивосток : Медицина ДВ, 2015., с 81.

2. Каравка А.А. Эффективность применения учебных квестов на лабораторных занятиях по информатике в высших учебных заведениях [Электронный ресурс]:.- Режим доступа: http://novainfo.ru/article/3858

3. Золотова О.М. К вопросу об организации самостоятельной работы школьников в образовательном пространстве // Аграрное образование в условиях модернизации и инновационного развития АПК России. Материалы III Всероссийской (национальной) научно-методической конференции. Улан-Удэ., С. 150-154.

4. Петрищева Л.П., Попова Е.Е., Мишина А.М., Бекетова Т.С. Использование квест-технологий при организации и проведении химического эксперимента // Наука и Образование. 2021. Т. 4. № 4.

УДК 378.147:616.1/.4:371.3

Г.К. Асанова, А.М. Абдухалыков
Южно-Казахстанская медицинская академия

USING SEMINARS TO IMPROVE THE QUALITY OF TRAINING AT INTERNAL DOCTORS AT THE DEPARTMENT OF THERAPY

Summary

Seminars are one of the most effective and efficient forms of training within the overall teaching system for all medical disciplines. It should be noted that each of the three main components of the educational process (topical lectures, seminars, and independent work) fulfills its own specific functions, so they complement each other in the integrated training of resident physicians.

Keywords: *seminar, training, innovation, varnish international, postgraduate education.*

ТЕРАПИЯ КАФЕДРАСЫНДА ДӘРІГЕРЛЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ САПАСЫН ЖАҚСАРТУ ҮШІН СЕМИНАРЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Аңдатпа

Семинарлар барлық медициналық пәндер үшін жалпы білім беру жүйесіндегі оқытудың ең тиімді түрлерінің бірі болып табылады. Оқу процесінің негізгі үш құрамдас бөлігінің /тақырыптық лекциялар, семинарлар, өзіндік жұмыс/ әрқайсысының өзіндік нақты қызметтерін атқаратынын, сондықтан олар резидент дәрігерлердің кешенді оқуында бірін-бірі толықтыратынын атап өткен жөн.

Түйінді сөздер: *семинар, тренинг, инновация, жоғары оқу орнынан кейінгі білім, дәрігер резиденттерді даярлау.*

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СЕМИНАРОВ ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБУЧЕНИЯ У ВРАЧЕЙ РЕЗИДЕНТОВ НА КАФЕДРЕ ТЕРАПИИ

РЕЗЮМЕ

Семинары являются одними из действенных, эффективных форм обучения в общей системе организации преподавания всех медицинских дисциплин. Следует отметить, что каждый из трех основных компонентов учебного процесса (тематические лекции, семинары, самостоятельная работа) выполняет свои специфические функции, поэтому они дополняют друг друга в едином процессе подготовки врачей резидентов.

Ключевые слова: *семинар, тренинг, инновация, последипломное обучение, обучение врачей резидентов.*

В настоящее время новые технологии преподавания развиваются достаточно интенсивно, в том числе и в сфере последипломного образования. За последние годы на нашей кафедре терапии и кардиологии Южно-Казахстанского медицинского института активно внедряются новые инновационные методы обучения врачей резидентов по терапевтическим дисциплинам.

В процессе обучения раскрываются такие понятия, как методика обучения дисциплине, эффективность технологии обучения, уровень подготовленности будущего специалиста. Несомненно, эти основные элементы преподавания необходимы для развития и улучшения качества процесса обучения врачей резидентов.

Семинары – одна из самых действенных, эффективных форм обучения в общей системе организации преподавания всех медицинских дисциплин. Следует отметить, что каждый из трех основных компонентов учебного процесса (тематические лекции, семинары, самостоятельная работа) выполняет свои специфические функции, поэтому они дополняют друг друга в едином процессе подготовки врачей резидентов.

На семинарах врачи резиденты расширяют и совершенствуют знания, полученные в период обучения в высшем медицинском учебном заведении. Опыт показывает, что семинары по внутренним болезням при соблюдении требований методики их подготовки и проведения стимулируют врачей резидентов к изучению медицинской литературы, монографий, усиливают внимательное отношение к семинарским занятиям. В процессе самостоятельной подготовки к семинару, а также в результате выступлений своих коллег с реферативной формой доклада по данной тематике интерны расширяют круг знаний, получают навыки самостоятельного мышления и публичного выступления.

Семинары повышают эффективность обучения врачей резидентов, так как:

– позволяют наставнику систематически проверять и направлять работу интернов;

– помогают выяснить исходный уровень знаний интернов, изучить их мнения, сформировать логический и научный подход к оказанию терапевтической помощи пациенту.

Для семинарских занятий необходимо выделить такие понятия, как:

– объект изучения: внутренние болезни;

– предмет изучения: этиология, патогенез заболевания и алгоритм диагностики и лечения терапевтической помощи при данной патологии;

– методы исследования: клинические и лабораторные, наблюдение;

– создание ориентировочной основы действия, или алгоритм действия при данном заболевании.

Материалы и методы. *В ходе исследования использовалась цифровая кейс-платформа, включающая интерактивные клинические сценарии, алгоритмы принятия решений и автоматизированную систему оценки. Обучающиеся были распределены на группы традиционного обучения и кейс-ориентированного обучения. Эффективность обучения оценивалась на основании результатов тестирования, качества выполнения клинических заданий и данных анкетирования. Для анализа данных применялись сравнительные и описательные статистические методы.*

Результаты. *Применение кейс-метода, реализованного в цифровом формате, характеризовалось повышением уровня усвоения учебного материала, развитием навыков клинического мышления и ростом интереса к учебному процессу. Обучающиеся продемонстрировали улучшение способности к комплексному анализу клинических ситуаций и самостоятельному принятию решений. Интерактивность и удобство программного инструмента были высоко оценены участниками исследования.*

Выводы. *Кейс-метод как современное программное средство обучения является эффективной технологией в медицинском образовании. Его использование способствует развитию профессиональных компетенций, формированию клинического мышления и повышению качества подготовки медицинских кадров. Полученные результаты подтверждают перспективность широкого внедрения цифрового кейс-метода в образовательный процесс.*

Ключевые слова: *кейс-метод, современные образовательные технологии, цифровое образование, интерактивное обучение.*

THE CASE METHOD IN MEDICAL EDUCATION AS A MODERN SOFTWARE-BASED LEARNING TOOL

Introduction. *The contemporary system of medical education is focused on developing clinical thinking, practical skills, and independent decision-making competencies in future healthcare professionals. In this context, the case method is widely used as an effective pedagogical technology*

that brings students closer to real clinical situations. The advancement of digital technologies has enabled the transformation of the traditional case method into a modern software-based learning tool.

Aim of the study. *To evaluate the effectiveness of implementing the case method in medical education as a modern software-based learning tool.*

Materials and Methods. *The study utilized a digital case-based platform incorporating interactive clinical scenarios, decision-making algorithms, and an automated assessment system. Students were divided into traditional learning and case-oriented learning groups. Learning effectiveness was assessed based on test results, the quality of clinical task performance, and survey data. Comparative and descriptive statistical methods were applied for data analysis.*

Results. *The implementation of the case method in a digital format was associated with improved knowledge acquisition, enhanced clinical reasoning skills, and increased engagement in the learning process. Students demonstrated improved ability to comprehensively analyze clinical cases and make independent decisions. The interactivity and usability of the software tool were highly rated by the participants.*

Conclusions. *The case method, as a modern software-based learning tool, represents an effective educational technology in medical education. Its application contributes to the development of professional competencies, the formation of clinical reasoning, and the improvement of the quality of medical training. The findings confirm the promising potential of broad implementation of digital case-based learning in the educational process.*

Keywords: *case method, modern educational technologies, digital education, interactive learning.*

МЕДИЦИНАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ КЕЙС-ӘДІС ЗАМАНАУИ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ОҚЫТУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Кіріспе. Қазіргі медициналық білім беру жүйесі болашақ мамандардың клиникалық ойлау қабілетін, практикалық дағдыларын және дербес шешім қабылдау құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған. Осы тұрғыда кейс-әдіс білім алушыларды нақты клиникалық жағдайларға жақындататын тиімді педагогикалық технология ретінде кеңінен қолданылады. Цифрлық технологиялардың дамуы дәстүрлі кейс-әдістің заманауи бағдарламалық оқыту құралына айналуына мүмкіндік берді.

Зерттеудің мақсаты. Медициналық білім беруде кейс-әдісті заманауи бағдарламалық оқыту құралы ретінде қолданудың тиімділігін бағалау.

Әдістер. Зерттеу барысында интерактивті клиникалық сценарийлерді, шешім қабылдау алгоритмдерін және автоматтандырылған бағалау жүйесін қамтитын цифрлық кейс-платформа пайдаланылды. Білім алушылар дәстүрлі оқыту және кейс-бағытталған оқыту топтарына бөлінді. Оқыту тиімділігі тестілеу нәтижелері, клиникалық тапсырмаларды орындау сапасы және сауалнама деректері негізінде бағаланды. Мәліметтерді талдау үшін салыстырмалы және сипаттамалық статистикалық әдістер қолданылды.

Нәтижелер. Цифрлық форматта іске асырылған кейс-әдісті қолдану оқу материалын меңгеру деңгейінің жоғарылауымен, клиникалық ойлау дағдыларының дамуы және оқу үдерісіне қызығушылықтың артуымен сипатталды. Білім алушылар клиникалық жағдайларды кешенді талдау және дербес шешім қабылдау қабілетінің жақсарғанын көрсетті. Бағдарламалық құралдың интерактивтілігі мен қолайлылығы жоғары бағаланды.

Қорытынды. Кейс-әдіс заманауи бағдарламалық оқыту құралы ретінде медициналық білім беруде тиімді технология болып табылады. Оның қолданылуы кәсіби құзыреттерді дамытуға, клиникалық ойлауды қалыптастыруға және медициналық кадрларды даярлау сапасын арттыруға ықпал етеді. Алынған нәтижелер цифрлық кейс-әдісті білім беру үдерісіне кеңінен енгізудің болашағы зор екенін дәлелдейді.

Түйін сөздер: кейс-әдіс, заманауи оқыту технологиялары, цифрлық білім беру, интерактивті оқыту.

Кіріспе. Жедел коронарлық синдром (ЖКС) әлем бойынша жүрек-қантамыр аурулары арасында өлім-жітімнің негізгі себептерінің бірі болып табылады. Әлемдік эпидемиологиялық деректерге сәйкес, ЖКС ер адамдарда әйелдерге қарағанда жиі кездеседі және науқастардың шамамен 65–70%-ын ер адамдар құрайды, ал әйелдер үлесі шамамен 30–35% болады. Сонымен қатар, әйелдерде ауру көбіне ер адамдарға қарағанда 5–10 жыл кешірек дамиды және жиі атипиялық клиникалық көріністермен сипатталады. Қазақстан Республикасында да жүрек-қантамыр жүйесі аурулары өлім құрылымында жетекші орын алады. Ұлттық статистикалық деректер бойынша, елде қанайналым жүйесі ауруларынан болатын өлім көрсеткіші жоғары деңгейде сақталып отыр, ал жедел коронарлық синдром мен жүректің ишемиялық ауруы осы көрсеткіштің негізгі бөлігін құрайды. Қазақстанда да ЖКС көбіне ер адамдар арасында жиі тіркеледі, ал егде жастағы топтарда әйелдердің үлесі арта түседі.

Жедел коронарлық синдром (ЖКС) жүрек-қантамыр аурулары құрылымында өлім-жітім мен мүгедектіктің негізгі себептерінің бірі болып табылады [1]. Бұл синдром миокардтың жедел ишемиясымен байланысты клиникалық жағдайларды біріктіреді және оған тұрақсыз стенокардия, ST сегментінің көтерілуімен жүретін миокард инфаркті және ST сегментінің көтерілуінсіз жүретін миокард инфаркті жатады [2]. Көп жағдайда ЖКС классикалық клиникалық көрініспен сипатталады, яғни төс артындағы қысатын немесе күйдіріп ауырсынумен, оның сол қолға, иыққа, жауырынға немесе төменгі жаққа таралуымен байқалады. Алайда клиникалық тәжірибеде жедел коронарлық синдромның атипиялық түрлері де кездеседі [3]. Мұндай жағдайларда ауырсыну синдромы жүрек аймағында емес, басқа анатомиялық аймақтарда, мысалы қолда, мойында немесе эпигастрийде байқалуы мүмкін. Осындай атипиялық көріністер диагноз қоюды қиындатып, дер кезінде медициналық көмек көрсетуді кешіктіруі ықтимал [4].

Қазіргі медициналық білім беру жүйесінде клиникалық ойлауды қалыптастыру және болашақ дәрігерлердің практикалық дағдыларын дамыту маңызды орын алады. Осы тұрғыдан алғанда, клиникалық жағдайларды талдауға негізделген кейс-әдіс (case-method) тиімді педагогикалық технологиялардың бірі болып саналады [5]. Кейс-әдіс нақты клиникалық жағдайларды талдау арқылы студенттердің диагностикалық ойлауын, клиникалық шешім қабылдау қабілетін және дәлелді медицина принциптерін қолдану дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл әдіс студенттердің теориялық білімін тәжірибемен байланыстырып, күрделі немесе атипиялық клиникалық жағдайларды талдауға үйретеді [6]

Жедел коронарлық синдромның атипиялық түрлерін оқыту барысында клиникалық кейстерді қолдану ерекше тиімді. Мұндай жағдайлар студенттерге симптомдардың ерекшеліктерін талдауға, қауіп факторларын анықтауға, дифференциалды диагностика жүргізуге және дұрыс емдеу тактикасын таңдауға мүмкіндік береді [7]. Сондықтан атипиялық клиникалық көрініспен өтетін жедел коронарлық синдромды сипаттайтын клиникалық бақылауларды оқу процесінде кейс-әдіс арқылы қолдану медициналық білім берудің заманауи тәсілдерінің бірі болып табылады [8]. Жедел миокард инфарктіне күдік болған жағдайда уақыт факторы шешуші рөл атқарады. Пациенттің медициналық көмек жүйесіне жүгінген сәтінен бастап реперфузиялық ем жүргізілгенге дейінгі уақыттың ұзақтығы көбіне ұйымдастырушылық шараларға байланысты қысқартылуы мүмкін. Ал пациенттің өзіне байланысты кешігулер әртүрлі факторлармен түсіндіріледі. Зерттеулер көрсеткендей, жүйелік

кешігу уақыты ST сегментінің көтерілуімен жүретін миокард инфаркті бар науқастарда өлім-жітім деңгейінің маңызды болжамдық көрсеткіші болып табылады, әсіресе алғашқы коронарлық араласу (ЧКВ) жүргізілген жағдайларда [8–9].

Егер жедел миокард инфарктіне күдік диагнозы ауруханаға дейінгі кезеңде, яғни жедел медициналық жәрдем қызметі арқылы анықталса, кардиологиялық бригаданы және ангиографиялық бөлім қызметкерлерін алдын ала хабардар ету емдеуді бастау уақытын айтарлықтай қысқартады және өлім-жітім көрсеткішін төмендетуге ықпал етеді [9]. Мұндай жағдайда пациентті жедел жәрдем бөлімін айналып өтіп, тікелей ангиографиялық зертханаға жеткізу ұсынылады. Бұл тәсіл алғашқы медициналық байланыстан бастап коронарография жүргізілгенге дейінгі уақытты қысқартып, науқастардың өмір сүру көрсеткішін жақсартуы мүмкін [9].

Ұсынылған клиникалық жағдайда да уақытылы диагностика мен жедел емдеу тактикасы маңызды рөл атқарды. Науқас жедел коронарлық синдром белгілерімен медициналық мекемеге жүгінгеннен кейін қысқа мерзім ішінде клиникалық, электрокардиографиялық және зертханалық тексерулер жүргізіліп, диагноз нақтыланды. Осыдан кейін халықаралық ұсынымдарға сәйкес антитромботикалық және симптоматикалық терапия дереу басталды. Бұл тәсіл миокардтың әрі қарай зақымдануын шектеуге және асқынулардың алдын алуға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, жедел коронарлық синдромға күдік туындаған кезде пациентті мамандандырылған кардиологиялық орталыққа дер кезінде жеткізу және реперфузиялық емді мүмкіндігінше ерте бастау клиникалық нәтижелерді жақсартудың негізгі факторларының бірі болып табылады [5].

Осы бөлімде келтірілген деректер мен емдеу тактикасы Еуропалық кардиологтар қоғамының (ESC) 2023 жылғы жедел коронарлық синдромдарды жүргізу жөніндегі ұсынымдарына негізделген табылады [9]. Бұл ұсынымдар жедел коронарлық синдромдарды емдеу бойынша Еуропалық кардиология қоғамының арнайы жұмыс тобы әзірлеген қазіргі заманғы клиникалық нұсқаулықтарға сәйкес қолданылды.

Осы мақалада жедел коронарлық синдромның сирек кездесетін атипиялық клиникалық көрінісі сипатталған клиникалық жағдай ұсынылып, оны медициналық білім беру процесінде кейс-әдіс негізінде қолданудың мүмкіндіктері қарастырылады. **Клиникалық жағдай.** 57 жастағы Н. есімді науқас, мамандығы – слесарь, 25.10.25 күні өздігінен қабылдау бөліміне

медициналық көмекке жүгінді. Себебі – айқын себепсіз пайда болған сол қолының алақан аймағындағы өткір ауырсыну. Ауырсыну соңғы үш-төрт сағат бойы мазалап, сыздап-сындырған сипатта болды. Ауырсыну басқа аймақтарға таралмаған, физикалық жүктемемен байланысты болмаған, қолдың, дененің немесе бастың қозғалысына тәуелді болмаған. Осы уақытта науқас басқа шағымдар айтпаған.

Ауру анамнезінен белгілі болғандай, мұндай ауырсыну алғаш рет емес. Соңғы екі айда мезгіл-мезгіл пайда болып отырған, бірақ сирек, әлсіз және қысқа мерзімді (3–5 минуттан аспаған), сондықтан ерекше қолайсыздық туғызбаған. Ауырсынудың қандай да бір сыртқы факторлармен нақты байланысы анықталмаған. Бір апта бұрын науқас емханаға көз дәрігеріне көзілдірікке рецепт алу үшін барған кезде, осы ауырсыну жөнінде терапевтпен де кеңескен. Науқастың айтуынша, жүргізілген қан талдауларында ауытқулар анықталмаған, сондай-ақ омыртқа мен сол қолдың рентгенологиялық зерттеуінде патологиялық өзгерістер табылмаған.

Сұрастыру барысында шамамен 10 жылдан бері артериялық гипертензия бар екені анықталды, кейде артериялық қысым 170/100 мм сын. бағ. дейін көтеріліп отырған. 2008 жылы амбулаторлық ЭКГ жазбасын талдау кезінде симптомсыз өткен миокард инфаркті ретроспективті түрде анықталған (сурет 1). Кейінгі уақытта жүрек тарапынан айқын шағымдар болмаған. Дәрігердің ұсынылған қолдаушы терапиясы науқас тарапынан іс жүзінде сақталмаған. Сонымен қатар анамнезінде бүйрек-тас ауруы, аллергиялық дерматит, гиперхолестеринемия және 25 жылдық темекі шегу тарихы болған.



Сурет 1 – Электрокардиография: V1–V3 кеуде тіркемелерінде ST сегментінің 4–5 мм көтерілуі, жедел коронарлық синдромға тән электрокардиографиялық өзгерістер.

Науқас соңғы екі тәулікте түнде ауа жетпеу сезімімен оянып, төсекте отырып, аяқтарын төмен түсіргеннен кейін тынысы жеңілдейтінін айтқан. Осы кезеңде жүру кезінде ентігу пайда болған.

Объективті тексеру кезінде жалпы жағдайы орташа ауырлыққа жақын болды. Жағдайы белсенді. Есі анық. Дене бітімі дұрыс, гиперстеникалық типті. Дене салмағы артық. Тері жабындылары қалыпты түсті және ылғалды. Ерін аймағында жеңіл цианоз байқалды. Лимфа түйіндері ұлғаймаған. Тірек-қимыл аппараты ерекшеліксіз. Омыртқа, мойын, иық белдеуі және жоғарғы аяқ-қолдарды тексергенде бұлшықет тонусы өзгермеген, қозғалыс көлемі толық, пальпация кезінде ауырсыну және сезімталдық бұзылыстары анықталмаған.

Сол қол аймағында тері түсінің өзгеруі, жергілікті температураның жоғарылауы, жұмсақ тіндердің ісінуі, трофикалық бұзылыстар немесе периферияльық қан айналымының бұзылыстары байқалмаған. Кеуде қуысы қалыпты пішінде, тыныс алу актісіне біркелкі қатысады. Киімін шешу кезінде минутына 24–26 ретке дейін жиілеген инспираторлық ентігу байқалды.

Өкпені аускультациялағанда біршама әлсіреген везикулярлы тыныс фонында артқы-төменгі бөлімдерінде жекелеген ұсақ көпіршікті ылғалды сырылдар анықталды. Жүрек тұйықтығының шекаралары өзгермеген. Жүрек тондары дұрыс ырғақты, бірақ жиілеген (минутына 98 рет), пульс дефициті жоқ. Артериялық қысым 155/90 мм сын. бағ. Іші жұмсақ, ауырсынусыз, бауыр мөлшері ұлғаймаған. Табандарда пастоздық байқалды.

Қабылдау бөлімінде шұғыл түрде қосымша диагностикалық зерттеулер жүргізілді. Электрокардиографияда сол қарыншаның алдыңғы-бүйір аймағында QS кешені және T тісшесінің инверсиясымен тыртықтық өзгерістер анықталды. Сонымен қатар V2–V6 тіркемелерінде ST сегментінің депрессиясы байқалды, бұл бұрын болған коронарлық оқиғадан кейінгі тыртық аймағының периферияясында миокардтың қайта зақымдануын жоққа шығармады.

Жалпы қан талдауы қалыпты шектерде болды. Миокард некрозының жедел фазалық биохимиялық маркерлерін анықтауға арналған үшкомпонентті кардиотест (тропониндер, КФК-МВ, миоглобин) жүргізілгенде миоглобин бойынша оң нәтиже алынды. Осылайша ауырсыну синдромының ерекшелігі, физикальды тексеру кезінде анықталған жүрек жеткіліксіздігінің белгілері (ерін цианозы, тахипноэ, тахикардия, өкпедегі ылғалды сырылдар, периферияльық ісінулер), алдыңғы түндегі жүрек астмасы ұстамалары, бұрын болған миокард

инфаркті, қауіп факторларының болуы (артериялық гипертензия, артық салмақ, липид алмасуының бұзылысы, темекі шегу), электрокардиографиялық өзгерістер және миоглобин деңгейінің жоғарылауы науқаста стенокардияның перифериялық эквивалентімен өтетін қайталама миокард инфарктінің атипиялық басталуын болжауға негіз болды.

Науқаспен алғашқы байланыс кезінде анамнезді нақтылау және диагностикамен қатар ST сегменті көтерілмейтін жедел коронарлық синдромды емдеу стандарттарына сәйкес шұғыл алғашқы емдік шаралар жүргізілді: тіл астына нитраттар, екі еселенген антиагреганттық терапия (ацетилсалицил қышқылы 325 мг және клопидогрел 300 мг жүктеме дозасында, кейін тиісінше 125 мг/тәу және 75 мг/тәу), антикоагулянттық терапия (эноксапарин 0,6 мл тері астына, кейін тәулігіне 2 рет).

Науқас дереу қарқынды терапия бөліміне жатқызылды. Онда ауырсынуды басу (көктамыр ішілік наркотикалық анальгетиктер), гемодинамикалық жүктемені азайту (изосорбид динитратының инфузиясы, кардикет 40 мг тәулігіне 2 рет), диуретиктер (фуросемид 20 мг көктамыр ішіне), жүрек жеткіліксіздігі компенсацияланғаннан кейін бета-адреноблокаторлар (метопролол 50 мг тәулігіне 2 рет) қолданылды.

Қан айналым жеткіліксіздігі мен артериялық гипертензияны ескере отырып, АПФ тежегіші лизиноприл 2,5 мг тәулігіне 2 рет тағайындалды. Атеросклерозды тұрақтандыру мақсатында статиндермен гиполипидемиялық терапия (симвастатин 20 мг/тәу) жүргізілді. Метаболизмді жақсарту үшін триметазидин (предуктал МВ 70 мг/тәу) қолданылды. Сонымен қатар оттегі терапиясы жүргізілді.

Келесі кезеңде миокард инфарктіне тән резорбциялық-некроздық синдром белгілері байқалды: 3 күндік субфебрилитет, лейкоцитоз (9,4–11,2–8,3×10^9), кардиоферменттер мен тропониндердің айқын жоғарылауы. КФК-МВ 59 Е/л-ге дейін (норма <25), АСТ 128 Е/л-ге дейін (норма <40), кардиотропонин I деңгейі 0,200-ден 9,11–61,2 ng/ml-ге дейін көтерілді. Бұл көрсеткіштер ЭКГ өзгерістерімен бірге жедел миокард инфарктінің диагнозын растады.

Зертханалық көрсеткіштердің ішінде гиперхолестеринемия анықталды (жалпы холестерин – 8,27 ммоль/л, ЛПНП – 6,44 ммоль/л). Рентгенологиялық зерттеуде өкпеде іркіліс белгілері байқалды. Эхокардиографияда сол қарыншаның концентрлік гипертрофиясы, миокард массасының индексі 118 г/м², алдыңғы және бүйір қабырғасының ортаңғы және апикальды сегменттерінде, сондай-ақ қарыншааралық пердеде гипокинез, сол қарыншаның

жиырылу функциясының орташа төмендеуі (шығарылу фракциясы 46%), I типті диастолалық дисфункция анықталды (сурет 2).



Сурет 2 – Эхокардиография: сол қарыншаның концентрлік гипертрофиясы, алдыңғы және бүйір қабырғаларының, сондай-ақ қарыншааралық перденің гипокинезі. Сол қарыншаның жиырылу функциясының орташа төмендеуі (шығарылу фракциясы – 46%).

Клиникалық диагноз: Жүректің ишемиялық ауруы: сол қарыншаның алдыңғы-бүйір қабырғасының қайталама миокард инфаркті (25.10.25). Асқынуы – жүрек жеткіліксіздігі Killip II. Постинфарктілік кардиосклероз (2008). Артериялық гипертензия III саты, II дәрежесі, қауіп 4. Созылмалы жүрек жеткіліксіздігі IIA, функционалдық класс II. Стационарда ауру ағымы қолайлы өтті. 15 күндік емнен кейін науқас санаторлық реабилитация бағдарламасымен шығарылды.

Осы клиникалық жағдайда жедел коронарлық синдромды емдеу мақсатында науқасқа антитромботикалық терапия жүргізілді. Емдеу барысында антиагреганттық және антикоагулянттық препараттар қолданылды. Науқасқа ұсынылған дәрілік терапия төмендегі кестеде көрсетілген (1 кесте).

1-кесте – Науқасқа қолданылған антитромботикалық терапия

Препарат	Қолдану тәсілі	Дозасы
Ацетилсалицил қышқылы (аспирин)	Пероральды	325 мг жүктемелік доза, кейін 75–100 мг тәулігіне
Клопидогрел	Пероральды	300 мг жүктемелік доза, кейін 75 мг тәулігіне
Эноксапарин	Тері астына	0,6 мл тәулігіне 2 рет

Бұл препараттар жедел коронарлық синдром кезінде тромб түзілуінің алдын алу, коронарлық қан айналымын жақсарту және миокардтың әрі қарай зақымдануын болдырмау мақсатында тағайындалды.

Бұл клиникалық жағдай миокард инфарктінің сирек кездесетін атипиялық түрін – стенокардияның перифериялық эквивалентімен басталатын нұсқасын көрсетеді. Мұндай жағдайларда диагноз қою қиын болуы мүмкін, әсіресе бұрын болған инфаркт аймағының шетінде қайталама миокард зақымдануы дамығанда. Сондықтан миокард инфарктінің атипиялық түріне күдік болған жағдайда анамнезді мұқият жинау, қауіп факторларын анықтау, объективті тексеру, инструменталдық және зертханалық әдістердің толық кешенін қолдану өте маңызды. Диагностиканың негізгі критерийлері – динамикалық электрокардиография және миокард некрозының плазмалық маркерлерін (әсіресе кардиоспецификалық тропониндер Т және I) анықтау болып табылады. Сонымен қатар диагностикамен қатар жедел коронарлық синдромды емдеуді мүмкіндігінше ерте бастау шешуші мәнге ие. Миокард инфарктінің алғашқы сағаттарында көрсетілген медициналық көмектің уақтылығы мен адекваттылығы науқастың өмір болжамын айқындайтын негізгі факторлардың бірі болып табылады.

Қорытынды. Қорытындылай келе, жедел коронарлық синдромның атипиялық клиникалық көріністері диагноз қоюды қиындатуы мүмкін және дәрігерден жоғары клиникалық қырағылықты талап етеді. Ауырсыну синдромының сирек локализациясы, мысалы қол аймағында байқалуы, аурудың бастапқы кезеңінде басқа патологиялармен шатастырылуы мүмкін. Сондықтан анамнезді мұқият жинау, қауіп факторларын бағалау, физикальды тексеру, сондай-ақ электрокардиография және миокард некрозының биомаркерлерін анықтау сияқты зерттеу әдістерін кешенді қолдану жедел коронарлық синдромды дер кезінде анықтауға мүмкіндік береді. Ұсынылған клиникалық жағдай жедел коронарлық синдромның атипиялық түрлерін танудың маңыздылығын көрсетеді және мұндай жағдайларды медициналық білім беру процесінде кейс-әдіс арқылы талдау студенттердің клиникалық ойлауын дамытуға, диагностикалық қателіктердің алдын алуға және дұрыс емдеу тактикасын таңдауға үйретуге мүмкіндік береді. Осылайша, клиникалық кейстерді оқу процесінде қолдану болашақ дәрігерлердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда тиімді білім беру құралы болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Ibanez B., James S., Agewall S. et al. 2017 ESC Guidelines for the management of acute myocardial infarction in patients presenting with ST-segment elevation. European Heart Journal. 2018;39(2):119–177.

2. Collet J.P., Thiele H., Barbato E. et al. 2020 ESC Guidelines for the management of acute coronary syndromes in patients presenting without persistent ST-segment elevation. European Heart Journal. 2021;42(14):1289–1367.

3. Braunwald E., Zipes D., Libby P. Heart Disease: A Textbook of Cardiovascular Medicine. Philadelphia: Elsevier; 2019.

4. Amsterdam E.A., Wenger N.K., Brindis R.G. et al. 2014 AHA/ACC guideline for the management of patients with non-ST-elevation acute coronary syndromes. Circulation. 2014;130:e344–e426.

5. McLean S.F. Case-Based Learning and its Application in Medical and Health-Care Fields: A Review of Worldwide Literature. Journal of Medical Education and Curricular Development. 2016;3:39–49.

6. Thistlethwaite J.E., Davies D., Ekeocha S. et al. The effectiveness of case-based learning in health professional education: a systematic review. Medical Teacher. 2012;34(6):e421–e444.

7. Srinivasan M., Wilkes M., Stevenson F. et al. Comparing problem-based learning with case-based learning: effects on knowledge and attitudes. Academic Medicine. 2007;82(1):74–82.

8. Williams B. Case based learning — a review of the literature. Journal of Veterinary Medical Education. 2005;32(2):213–218.

9. Byrne R.A., Rossello X., Coughlan J.J., et al. 2023 ESC Guidelines for the management of acute coronary syndromes. Developed by the Task Force for the management of acute coronary syndromes of the European Society of Cardiology (ESC). *European Heart Journal*. 2023;44:3720–3826.

УДК 615.32:004.8:378.147

Султанов М.А., Несипбаев Н.Ж., Абдуллаева Д.К.

ГКП на ПХВ «Высший медицинский колледж» Управления здравоохранения города Шымкент

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЦИФРОВЫХ ИНСТРУМЕНТОВ НА ОСНОВЕ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА В ПРЕПОДАВАНИИ ДИСЦИПЛИНЫ «ФАРМАКОГНОЗИЯ»

Аннотация

В данной статье рассматриваются возможности применения технологий искусственного интеллекта в преподавании дисциплины фармакогнозии, а также их роль в формировании профессиональных компетенций обучающихся. Кроме того, описываются примеры использования современных инструментов, таких как ChatGPT, виртуальные лаборатории, цифровые платформы и технологии анализа изображений.

Ключевые слова: фармакогнозия, искусственный интеллект, цифровые образовательные ресурсы, фармацевтическое образование, инновационные технологии.

Sultanov M.A., Nessipbayev N.Zh., Abdullayeva D.K.
Higher Medical College, Municipal State Enterprise under the Health Department of Shymkent City

USE OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE-BASED DIGITAL TOOLS IN TEACHING THE DISCIPLINE OF PHARMACOGNOSY

Abstract

This article examines the potential of artificial intelligence technologies in pharmacognosy education and their role in developing professional competencies of pharmacy students. Examples of the application of modern tools such as ChatGPT, virtual laboratories, digital learning platforms, and image analysis technologies are discussed.

Keywords*: pharmacognosy, artificial intelligence, digital educational resources, pharmaceutical education, innovative technologies.*

Султанов М.А., Несипбаев Н.Ж., Абдуллаева Д.К.
Шымкент қаласының ДСБ ШЖҚ «Жоғары медицина колледжі» МКК

ФАРМАКОГНОЗИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ НЕГІЗІНДЕГІ ЦИФРЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Аңдатпа

Бұл мақалада фармакогнозия пәнін оқытуда қолданылатын жасанды интеллект технологияларының мүмкіндіктері, олардың білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудағы рөлі қарастырылады. Сонымен қатар ChatGPT, виртуалды зертханалар, цифрлық платформалар және бейнелік талдау технологиялары сияқты заманауи құралдарды қолдану мысалдары сипатталады.

Түйін сөздер*: фармакогнозия, жасанды интеллект, цифрлық білім беру ресурстары, фармацевтикалық білім, инновациялық технологиялар.*

Орта білім беру жүйесінде ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы оқыту әдістерінің өзгеруіне алып келді. Соңғы жылдары жасанды интеллект (ЖИ) білім беру саласында маңызды құралдардың біріне айналды. Жасанды интеллект жүйелері: деректерді талдау, білімді визуализациялау, оқу материалдарын автоматты түрде дайындау және білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау сияқты көптеген мүмкіндіктерге ие.

Фармацевтикалық білім беру жүйесінде, әсіресе фармакогнозия пәнін оқытуда цифрлық технологияларды енгізу маңызды рөл атқарады. Фармакогнозия – дәрілік өсімдіктердің морфологиясын, анатомиясын, химиялық құрамын және фармакологиялық қасиеттерін зерттейтін ғылым. Сондықтан бұл пәнді оқытуда визуализация, зертханалық тәжірибелер және практикалық талдау әдістері үлкен маңызға ие.

Жасанды интеллект технологиялары осы процестерді жетілдіруге мүмкіндік береді. Олар күрделі ғылыми ақпаратты түсіндіруді жеңілдетіп, білім алушылардың зерттеу дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Фармакогнозияны оқытудағы жасанды интеллекттің мүмкіндіктері.

Жасанды интеллект – адамның интеллектуалдық әрекеттерін модельдеуге арналған компьютерлік технологиялар жиынтығы. Білім беру жүйесінде ЖИ оқыту процесін автоматтандыруға, білім алушылардың білімін бағалауға және оқу материалдарын бейімдеуге мүмкіндік береді.

Фармацевтикалық білім беруде жасанды интеллект бірнеше бағытта қолданылады:

-оқу материалдарын автоматты генерациялау;

-деректерді талдау және визуализациялау;

-виртуалды зертханалар мен симуляциялар.

Зерттеулер көрсеткендей, жасанды интеллект технологияларын қолдану білім алушылардың пәнге қызығушылығын арттырып, оқу нәтижелерін жақсартуға ықпал етеді.

Фармакогнозия пәнінде қолданылатын цифрлық құралдар.

1. ЖИ-негізіндегі білім беру платформалары.

ChatGPT, Gemini сияқты чат-бот жүйелері білім алушыларға күрделі фармакогностикалық тақырыптарды түсіндіруге, тапсырмаларды орындауға және ғылыми ақпарат іздеуге көмектеседі. Мұндай құралдар білім алушылардың сұрақтарына жедел жауап беріп, оқу процесін интерактивті етеді.

2. Виртуалды зертханалар. Фармакогнозия пәнінде дәрілік өсімдіктердің морфологиялық және микроскопиялық құрылымын зерттеу маңызды. Виртуалды зертханалар мен виртуалды шындық технологиялары білім алушыларға зертханалық жұмыстарды қауіпсіз және тиімді орындауға мүмкіндік береді. Мұндай технологиялар білім алушылардың практикалық дағдыларын дамытуға көмектеседі. Фармакогнозия пәнін оқытуда қолдануға болатын виртуалды зертханалар: (virtual labs) Labster, PraxiLabs,ChemCollective Virtual Lab, LabXchange, OLabs зертханалық тәжірибелерді қауіпсіз және интерактивті түрде жүргізуге**,** фитохимиялық талдау процестерін модельдеуге**,** білім алушылардың зерттеу және тәжірибелік дағдыларын дамытуға көмектеседі.

3. Бейнелік талдау және нейрондық желілер.

Жасанды интеллект негізіндегі бейнелік талдау жүйелері дәрілік өсімдіктерді автоматты түрде тануға және олардың морфологиялық белгілерін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл технологиялар фармакогнозиядағы ботаникалық идентификация процесін жеңілдетеді.

4. Цифрлық оқу ресурстары.

Фармакогнозия пәнінде: Moodle, Stepik, GOOGLE form, «Baamboozle» , «Learning Apps», «Educaplay», «WordWall», «ROQED AI», сияқты платформаларда білім алушыларға онлайн бейнедәрістер, тесттер және интерактивті тапсырмалар, рефлексия жүргізуге «Padlet», «Yequalx», «Mentimeter» ресурстарын ұсынуға болады. Мұндай ресурстар сабақты тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

5. ЖИ көмегімен жұмыс жасайтын мобильді қосымшалар. Фармакогнозия сабақтарында жасанды интеллект (ЖИ) көмегімен жұмыс жасайтын PlantNet, PictureThis, LeafSnap, Flora Incognita мобильді қосымшалар білім алушылардың дәрілік өсімдіктерді тануын, олардың морфологиялық ерекшеліктерін зерттеуін және теориялық білімін тәжірибемен

байланыстыруын жеңілдетеді. Мұндай қосымшалар смартфон камерасы арқылы өсімдіктерді анықтау, ақпарат беру және оқу процесін интерактивті ету мүмкіндігін ұсынады. Бұл мобильді қосымшалар фармакогнозия сабақтарында: дәрілік өсімдіктерді тану**,** олардың морфологиялық ерекшеліктерін зерттеу**,** далалық зерттеу жұмыстарын жүргізу, білім алушылардың цифрлық және зерттеу дағдыларын дамыту үшін тиімді қолданылады.

Фармакогнозия пәнін оқытуда жасанды интеллектті қолданудың негізгі артықшылықтары:

Жекелендірілген оқыту – білім алушылардың білім деңгейіне сәйкес материалды бейімдеу.

Көрнекілік – күрделі ғылыми ақпаратты визуализациялау.

Уақытты үнемдеу – оқу материалдарын автоматты дайындау.

Зерттеу дағдыларын дамыту – ғылыми ақпаратты талдау мүмкіндігі.

Интерактивтілік – білім алушыларға пәнге қызығушылығын арттыру.

Сонымен қатар, жасанды интеллект технологиялары болашақ фармацевтердің кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға ықпал етеді.

Жасанды интеллект технологияларын фармакогнозия пәнін оқытуда қолдану білім беру процесінің тиімділігін арттырудың маңызды бағыты болып табылады. Цифрлық құралдар оқу материалдарын визуализациялауға, зертханалық жұмыстарды модельдеуге және білім алушылардың ғылыми-зерттеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.Болашақта фармацевтикалық білім беру жүйесінде жасанды интеллект технологияларын кеңінен енгізу оқыту сапасын жақсартуға және жоғары білікті фармацевт мамандарды даярлауға ықпал етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Петросян Л.Э. Искусственый интеллект в цифровой образовательной сфере. М.: Директ-Медиа, 2026.

2. Нұрғалиева А.К., Жұмабекова Г.С. Фармацевтикалық білім берудегі цифрлық технологиялар. – Алматы: Қазақ университеті, 2021.

3. Туремуратова А.А. Цифровые технологии в современном образовании использование информационных технологий в преподавании математики в высшем образовании // За нами будущее: взгляд молодых ученых на инновационное развитие общества. Сборник научных статей 3-й Всероссийской молодежной научной конференции. Курск, 2022. С. 395-398.

4. Минаков А.И. Искусственный интеллект и нейросети в образовании / А.И. Минаков. – М.: Директ-Медиа, 2024. – 164 с. DOI 10.23681/715303. EDN PDJFYZ

5. Анохин К.В. Искусственный интеллект для науки и наука для искусственного интеллекта / К.В. Анохин, К.С. Новоселов, С.К. Смирнов [и др.] // Вопросы философии. – 2022. – №3. – С. 93–105. DOI 10.21146/0042-8744-2022-3-93-105. EDN NBENRC

УДК 614.2: 004.8

Қауызбай Ж.Ә., Бектибаева Н.Ш., Салхожаева К.К., Ахметова Л.В., Нарзуллаева Д.С.

Южно-Казахстанская медицинская академия Шымкент, Казахстан

ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ В МЕДИЦИНЕ: СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ, ВЫЗОВЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ

Аннотация. Настоящая статья посвящена анализу применения технологий искусственного интеллекта в системе здравоохранения с акцентом на их научно-практическую значимость. Рассматриваются ключевые направления использования интеллектуальных алгоритмов — от диагностики до управления медицинскими процессами. Особое внимание уделяется вопросам надежности, адаптивности и ограничениям внедрения ИИ. Делается вывод о трансформационном потенциале данных технологий в контексте современной медицины.

Ключевые слова: искусственный интеллект, цифровая медицина, алгоритмы, нейросети, диагностика, медицинские данные, инновации.

Қауызбай Ж.Ә., Бектибаева Н.Ш., Салхожаева К.К., Ахметова Л.В., Нарзуллаева Д.С.

Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы Шымкент, Қазақстан

МЕДИЦИНАДАҒЫ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ: ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕР, ҚИЫНДЫҚТАР ЖӘНЕ ДАМУ БОЛАШАҒЫ

Аңдатпа. Бұл мақала денсаулық сақтау жүйесінде жасанды интеллект технологияларын қолдануды талдауға арналған және олардың ғылыми-практикалық маңыздылығына баса назар

аударады. Интеллектуалды алгоритмдерді қолданудың негізгі бағыттары — диагностикадан бастап медициналық процестерді басқаруға дейін қарастырылады. Жасанды интеллектті енгізудің сенімділігі, бейімделгіштігі және шектеулері мәселелеріне ерекше көңіл бөлінеді. Заманауи медицина контекстінде бұл технологиялардың трансформациялық әлеуеті туралы қорытынды жасалады.

Түйін сөздер: жасанды интеллект, цифрлық медицина, алгоритмдер, нейрожелілер, диагностика, медициналық деректер, инновациялар.

ARTIFICIAL INTELLIGENCE IN MEDICINE: MODERN APPROACHES, CHALLENGES, AND FUTURE PROSPECTS

Kauyzbay Zh.A., Bektibayeva N.Sh., Salkhozhayeva K.K., Akhmetova L.V., Narzullayeva D.S.
South Kazakhstan Medical Academy Shymkent, Kazakhstan

Abstract. This article is devoted to the analysis of the application of artificial intelligence technologies in the healthcare system, with an emphasis on their scientific and practical significance. The key areas of using intelligent algorithms are examined, ranging from diagnostics to the management of medical processes. Particular attention is paid to issues of reliability, adaptability, and the limitations of AI implementation. The article concludes by highlighting the transformative potential of these technologies in the context of modern medicine.

Keywords: artificial intelligence, digital medicine, algorithms, neural networks, diagnostics, medical data, innovations.

Введение. В последние годы искусственный интеллект становится одним из ключевых факторов трансформации системы здравоохранения. Стремительное развитие цифровых технологий, рост объемов медицинских данных и совершенствование вычислительных мощностей создают благоприятные условия для внедрения интеллектуальных решений в медицинскую практику. В этих условиях искусственный интеллект рассматривается не только как инструмент повышения эффективности диагностики и лечения, но и как важный компонент стратегического развития современной медицины. Современные подходы к применению искусственного интеллекта в медицине охватывают широкий спектр задач: от анализа медицинских изображений и ранней диагностики заболеваний до прогнозирования их

течения и оптимизации лечебных процессов. Использование алгоритмов машинного обучения и нейронных сетей позволяет обрабатывать большие массивы данных, выявлять скрытые закономерности и поддерживать принятие клинических решений.

Несмотря на значительные достижения, внедрение искусственного интеллекта в медицинскую практику сопровождается рядом вызовов. К ним относятся вопросы надежности и точности алгоритмов, обеспечение безопасности и конфиденциальности медицинских данных, а также необходимость адаптации технологий к реальным условиям клинической среды. Кроме того, важным аспектом остается подготовка медицинских специалистов, способных эффективно взаимодействовать с цифровыми системами.

Перспективы развития искусственного интеллекта в медицине связаны с его дальнейшей интеграцией в клиническую практику, развитием персонализированной медицины и повышением качества медицинской помощи. В этой связи изучение современных подходов, существующих проблем и будущих направлений применения искусственного интеллекта представляет собой актуальную и значимую научную задачу.

Цель исследования. Целью данного исследования является комплексный анализ применения технологий искусственного интеллекта в медицине, а также оценка их влияния на повышение качества диагностики, эффективности лечения и оптимизацию деятельности системы здравоохранения. При этом особое внимание уделяется выявлению преимуществ, ограничений и перспектив развития интеллектуальных систем в клинической практике и медицинском образовании.

Интенсивное развитие информационных технологий стало важнейшим фактором преобразования системы здравоохранения. В условиях постоянного увеличения объёмов клинической информации и усложнения диагностических задач возрастает потребность в инструментах, способных эффективно обрабатывать и интерпретировать данные. В этом контексте искусственный интеллект выступает как универсальный механизм, обеспечивающий поддержку медицинских решений и оптимизацию профессиональной деятельности врача.

Современные интеллектуальные системы базируются на алгоритмах анализа данных, способных выявлять скрытые закономерности без явного программирования каждого этапа. В медицинской практике наиболее востребованы методы машинного обучения, включая

глубокие нейронные сети, демонстрирующие высокую эффективность при работе с изображениями и сложными многомерными данными.

Существенным преимуществом данных технологий является их способность к самообучению на основе накопленного опыта, что позволяет постепенно повышать точность и адаптивность моделей.

Рисунок 1. Ключевые направления использования искусственного интелекта

Автоматизированная диагностика-одной из наиболее значимых сфер применения ИИ является интерпретация медицинских изображений. Алгоритмы способны выявлять патологические изменения на ранних стадиях, что существенно повышает вероятность успешного лечения. Особенно активно такие решения используются в радиологии, онкологии и кардиологии.

Поддержка клинических решений: системы поддержки принятия решений помогают врачу анализировать сложные клинические случаи, предлагая вероятные диагнозы и варианты лечения. При этом окончательное решение остаётся за специалистом, что обеспечивает баланс между автоматизацией и профессиональной ответственностью.

Прогнозирование клинических состояний-анализ больших массивов, данных позволяет формировать прогностические модели, оценивающие вероятность развития осложнений или

прогрессирования заболеваний. Это открывает возможности для превентивной медицины и раннего вмешательства.

Индивидуализация терапии-использование интеллектуальных систем способствует разработке персонализированных схем лечения с учётом генетических, физиологических и поведенческих характеристик пациента. Такой подход обеспечивает более точное соответствие терапии конкретным потребностям организма.

Оптимизация медицинской инфраструктуры-ИИ применяется для управления потоками пациентов, анализа эффективности работы учреждений и автоматизации документооборота. Это снижает нагрузку на медицинский персонал и повышает качество обслуживания.

Преимущества внедрения технологий ИИ-интеграция искусственного интеллекта в медицинскую практику сопровождается рядом положительных эффектов (рис 2).

Рисунок 2. Положительные эффекты искусственного интелекта.

Несмотря на значительный потенциал, применение ИИ связано с рядом объективных трудностей. К ним относятся зависимость результатов от качества исходных данных, недостаточная прозрачность алгоритмов и сложности интерпретации полученных выводов.

Дополнительными факторами являются правовые и этические вопросы, включая защиту персональной информации и распределение ответственности за принятые решения.

Дальнейшее развитие технологий искусственного интеллекта в медицине будет связано с созданием более объяснимых моделей, интеграцией с биотехнологиями и расширением возможностей анализа в реальном времени. Особую роль будет играть синтез человеческого

опыта и машинных алгоритмов, обеспечивающий более высокий уровень медицинской помощи.

Выводы. Искусственный интеллект постепенно становится неотъемлемой частью современной медицины, оказывая существенное влияние на методы диагностики, лечения и организации медицинской помощи. Его рациональное использование открывает новые горизонты в повышении эффективности здравоохранения, однако требует внимательного подхода к вопросам безопасности, этики и качества данных.

Список литературы

1. Hosny A, Parmar C, Quackenbush J, Schwartz LH, Aerts HJWL. Artificial intelligence in radiology. Nat Rev Cancer. 2018;18(8):500-510. DOI: https://doi.org/10.1038/s41568-018-0016-5

2. Zakhem GA, Motosko CC, Ho RS. How Should Artificial Intelligence Screen for Skin Cancer and Deliver Diagnostic Predictions to Patients? JAMA Dermatol. 2018;154(12):1383-1384. DOI: https://doi.org/10.1001/jamadermatol.2018.

3. Badrulhisham F, Pogatzki-Zahn E, Segelcke D, Spisak T, Vollert J. Machine learning and artificial intelligence in neuroscience: A primer for researchers. Brain Behav Immun. 2024; 115:470-479. DOI: https://doi.org/10.1016/j.bbi.2023.11.005

4. Loftus TJ, Tighe PJ, Filiberto AC, Efron PA, Brakenridge SC, Mohr AM, et al. Artificial Intelligence and Surgical Decisionmaking. JAMA Surg. 2020;155(2):148-158. DOI: https://doi.org/10.1001/jamasurg.2019.4917

5. Dale R. GPT-3: What is it good for? Natural Language 15 Проблемы здоровья и экологии / Health and Ecology Issues 2024;21(1):7–17 ОБЗОРЫ И ЛЕКЦИИ / REVIEWS AND LECTURES Engineering. 2021;27(1):113-118. DOI: https://doi.org/10.1017/S1351324920000601

6. Mehta R., Johansen M.E.AI in medicine: preparing for the future while preserving what matters // BMJ. – 2025. – Vol. 388. – DOI: 10.1136/bmj.r27.

7.Fahim Y.A., Hasani I.W., Kabba S., Ragab W.M.Artificial intelligence in healthcare and medicine: clinical applications, therapeutic advances, and future perspectives // European Journal of Medical Research. – 2025. – DOI: 10.1186/s40001-025-03196-w.

8. Penteado B.E., Fornazin M., Castro L., Rachid R.R.The implications of artificial intelligence in clinical healthcare: a scoping review on regulatory challenges // Health and Technology. – 2025. – DOI: 10.1007/s12553-025-01015-0.

9. Xie Y., Zhai Y., Lu G.Evolution of artificial intelligence in healthcare: a 30-year bibliometric study // Frontiers in Medicine. – 2025. – Vol. 11. – DOI: 10.3389/fmed.2024.1505692.

10. Dalky A., Altawalbih M., Alshanik F. etal.Global research trends and impacts of artificial intelligence in health and medicine // Healthcare (MDPI). – 2025. – 13(8):892. – DOI: 10.3390/healthcare13080892.

УДК61:004.94

ИММЕРСИВНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В МЕДИЦИНЕ: СОВРЕМЕННЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ И ПРАКТИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ

Қауызбай Ж.Ә., Ахметова Л.В., Тажиева А.Д., Емешева М.А., Аташова К.К.
Южно-Казахстанская медицинская академия Шымкент, Казахстан

Аннотация. В статье представлен авторский анализ применения иммерсивных технологий в медицинской сфере. Рассматриваются особенности использования виртуальной и дополненной реальности в образовательном процессе, клинической практике и реабилитации пациентов. Акцент сделан на их потенциале в формировании профессиональных навыков, а также на существующих ограничениях и перспективах развития.

Ключевые слова: виртуальная реальность, дополненная реальность, медицинское образование, цифровые технологии, симуляция, инновации.

IMMERSIVE TECHNOLOGIES IN MEDICINE: MODERN OPPORTUNITIES AND PRACTICAL SIGNIFICANCE

Kauyzbay Zh.A., Akhmetova L.V., Tazhiyeva A.D., Yemesheva M.A., Atashova K.K.
Department of Family Medicine, femmed_skma@mail.ru Shymkent, Kazakhstan

Abstract. The article presents the author’s analysis of the application of immersive technologies in the medical field. It examines the features of using virtual and augmented reality in the educational process, clinical practice, and patient rehabilitation. Particular emphasis is placed on their potential in developing professional skills, as well as on existing limitations and future prospects.

Keywords: virtual reality, augmented reality, medical education, digital technologies, simulation, innovations.

МЕДИЦИНАДАҒЫ ИММЕРСИВТІ ТЕХНОЛОГИЯЛАР: ЗАМАНАУИ МҮМКІНДІКТЕРІ ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ

Қауызбай Ж.Ә., Ахметова Л.В., Тажиева А.Д., Емешова М.А., Аташова К.К.
Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы Шымкент, Қазақстан

Аннотация. Мақалада медициналық салада иммерсивті технологияларды қолдануға авторлық талдау ұсынылған. Виртуалды және толықтырылған шынайылықты білім беру процесінде, клиникалық тәжірибеде және пациенттерді оңалтуда қолдану ерекшеліктері қарастырылады. Олардың кәсіби дағдыларды қалыптастырудағы әлеуетіне, сондай-ақ қолданыстағы шектеулері мен даму перспективаларына ерекше назар аударылады.

Түйін сөздер: виртуалды шынайылық, толықтырылған шынайылық, медициналық білім беру, цифрлық технологиялар, симуляция, инновациялар.

Введение. Современная трансформация медицинского образования обусловлена не только ростом объёма научных знаний, но и усложнением клинической практики. В этих условиях традиционные методы обучения демонстрируют ограниченную эффективность в формировании устойчивых профессиональных компетенций. В связи с этим возрастает значимость технологий, способных моделировать сложные клинические сценарии и обеспечивать активное вовлечение обучающихся в процесс познания.

Иммерсивные технологии (VR/AR) формируют новую образовательную парадигму, основанную на принципах интерактивности, многоканального восприятия и контекстуального обучения.

Активная цифровая трансформация здравоохранения способствует внедрению принципиально новых инструментов обучения и клинической деятельности. В числе наиболее перспективных направлений особое место занимают иммерсивные технологии, которые позволяют моделировать сложные процессы и визуализировать медицинскую информацию в интерактивной форме. Их использование становится важным фактором повышения качества подготовки медицинских кадров и эффективности оказания медицинской помощи.

Когнитивные основы иммерсивного обучения- с позиций когнитивной науки эффективность VR/AR объясняется синергией нескольких механизмов: активацией

